

Ч. Х. Сперджен

# ҚҰДАЙ УӘДЕЛЕРІНІҢ ҚАЗЫНАЛАРЫ

Күнделікті оқуға арналған



ШЫҒЫС  
СӨҮЛЕСІ

Құдай уәделерінің қазыналары  
*Күнделікті оқуға арналған*

## ОЛ БІЗДІҢ КӨСЕМІМІЗ БОЛАДЫ

Зәбүр 47:15

Біздің өмір жолымызда жолбасшы қажет. Кейде бізге қадамымызды қайда бағыттау керек екенін айтып беретін біреу болса, соған қолдағы барымызды аямай беруге бармыз. Сондай кезде біз дұрыс шешім қабылдауға толықтай даяр болғанымызбен, екі жолдың қайсысын таңдау керек екенін әрдайым да біле бермейміз. Шіркін, бізге не істеу керек екенін біреу әрдайым айтып беріп отырса ғой.

Құдайға шүкір, Жаратушы Иеміз бұндай жағдайда бізге бағыт-бағдар береді. Ол жолды біледі және бізді осы өмірдегі сапарымыздың соңына дейін жетелегісі келеді. Әрине, біз қате немесе жалған жолдың жетегінде жүргенді қаламаймыз, алайда егер біз Жаратушы Иенің Өзінің жетегінде жүрсек, онда ешқашан да бұрыс жолға түспейміз. Егерде Жаратушы Иені Құдайымыз деп білсек, онда Ол біздің жолымызға дұрыс бағыт береді деген нық сенімділікке ие боламыз. Сондай-ақ егер біз Оның заңдарын ұстанып, әрбір басқан қадамымызда тек Соған ғана сүйеніп үйренсек, еш уақытта да қателеспейміз әрі ең дұрыс жолмен жүреміз.

Ол біздің мәңгі Құдайымыз болғандықтан, бізді қолдауын да мәңгі тоқтатпайды. Бұл біз үшін үлкен жұбаныш болып табылады. Ол қазір жердегі өміріміздің соңғы сәтіне дейін бізбен ере жүріп, ал кейін мәңгілікке Өзінің алдына апарғысы келеді. Құдай жетегіндегі бұндай уәде жүрегімізге бүкіл өмірімізді қамтитын нәрселерге: тез арада құтқарылуымызға, өміріміздің соңына дейінгі қорғанышқа және болашақтағы шын бақыттылыққа деген нық сенімділікті ұялатады. Есейген кезде қызығын көріп, қартайған шақта жанымыз тыным табу үшін, бұл игіліктерді жастық шағымыздан-ақ іздеген жөн емес пе?

Сонымен, сапарға шығуды шешпес бұрын, Құдайдан өзімізді жетелеуін өтініп, назарымызды Соған аударайық.

АДАМ ТЕК НАНМЕН ҒАНА ЕМЕС, ҚҰДАЙДЫҢ АУЗЫНАН  
ШЫҚҚАН ӘРБІР СӨЗІМЕН ӨМІР СҮРЕДІ

Матай 4:4

Егерде Құдайдың еркі болса, біз нансыз да өмір сүре алатын едік, айталық Исаның қырық күн бойы нансыз өмір сүргеніндей, бірақ Оның Сөзінсіз өмір сүре алмаған болар едік. Осы сөзі арқылы Ол бізді жаратты, енді осы сөзімен Ол біздің өмірімізді де сақтайды; осы құдіретті сөзімен Ол барлық іске басшылық етеді. Тіршілігіміздің негізгі өзегі – Құдайдың Өзі, ал кейінгісі – нан болып табылады. Ол нанның көмегімен де, оның көмегінсіз де әрекет етуге даяр, сондықтан біз Оны өз іс-әрекетіміздің қайсыбір ерекше түрімен шектеуге тиіс емеспіз. Көрнекті нәрселерді көруге асыртық болмай, назарымызды көрінбейтін Құдайға аударсақ, әлдеқайда дұрыс істеген болар едік! Сенушілердің кедейлік шегіне жетіп, үйде бір үзім нан қалмаған кезде, аштықты сезінбегендері туралы, ал кейбіреуінде күнделікті табыстың қайнар көзі жабылғанда Құдай кенеттен Өзінің көмегін жібергені туралы куәлік келтіргендерін бірнеше рет естіген боларсыздар.

Міне, сондықтан да Құдай Сөзін әбден меңгеріп алуымыз қажет. Тек Соның көмегімен ғана шайтанға қарсы тұра аламыз. Құдай Сөзінен айрылсақ болғаны – жау сол сәтте-ақ жеңеді, өйткені Құдайдың Сөзінсіз біз тез әлсірейміз. Біздің жанымыз рухани азықты қажет етеді, бірақ жанымызға қажетті бұл азық Құдайдың Сөзінен тыс жерде жоқ. Бізге шынайы рухани өмір беретін мұндай азықты әлемдегі барлық кітаптар мен барлық уағыздаушылар жиналса да бере алмайды; біздің жанымызға күш беріп, аузымызға сөз салатын тек Құдайдың аузынан шыққан сөздер ғана. Құдайым, бізге бұл нанды әрдайым да бере берші! Себебі ол біз үшін барлық қымбат тәтті тағамдардан да құнды.

## СЕН ҰЙҚТАП ЖАТҚАН ЖЕРДІ МЕН САҒАН БЕРЕМІН

Жаратылыстың басталуы 28:13

Киелі Жазбада жеке бір адамға арналған уәде жоқ. Уәденің бәрі барлық сенушілерге бірдей арналған. Бауырым, егер сен қандай да бір уәдеге сеніммен үміт артып, содан кейін ол уәдеде жаның тыным тапса, онда сол уәденің саған қатысты екені шүбәсіз. Жоғарыда айтылған жағдайда, біз өзі демалып жатқан жерге ие болған адамды көреміз. Мамық жастық орнына тас жастанып, шаршаған денесін созып, демалып жатқан ол осы жерді дәл осындай жолмен иемденемін деп ойлаған жоқ. Әйтсе де, бұл дәл осылай болды. Ол түсінде барлық ақиқи сенушілер үшін көк пен жерді жалғастыратын ғажайып баспалдақты көрді; әлбетте, ол сол баспалдақтың табаны тиіп тұрған осы жерді жеке меншіктеу құқығына ие болуы керек болды, олай болмаған күнде ол көкпен байланыстың шыңына ешқашан да шыға алмас еді. Құдайдың барлық уәделері Мәсіх арқылы жүзеге асып, «иәға» айналады. Ал енді Иса Мәсіх біздікі болғандықтан, егер Оған нық сеніммен үміт артсақ, онда Құдайдың берген уәделерінің бәрі де біздікі болып табылмақ.

Ей, шаршап-шалдыққан жан, Тәңір Иеңнің Сөздерін жұмсақ жастықтай пайдаланып, тыныштықпен демал! Тек Тәңір Иең туралы ғана ой толға! Иса – нұрға жетелейтін баспалдағың. Қарашы, міне, Құдайдың періштелері де сенің жаның мен Құдайыңның арасындағы байланысты іске асырып, осы баспалдақпен көкке көтеріліп, жерге түсіп жүр, сондықтан да Оның уәдесі – Құдайдың саған сыйлаған үлесі, егер сен бұны түсініп, дәл маған айтылып тұр деген сеніммен қабылдасаң, онда бұған еш талас жоқ.

## СОНДА ҰЙҚЫҒА ҚАУІПСІЗ ЖАТАТЫН БОЛАСЫҢ

Ошия 2:18

Иә, Құдайдың балаларына әлі де осы күнәһар дүниеде өмір сүруге тура келеді. Киелі Жазбадан алынған рақымға толы бұл аяттар бізге *даладағы аңдармен, аспандағы құстармен және бауырымен жорғалаушылармен* арадағы одақтастық туралы айтады. Бұл осы дүниедегі жаулармен, құпия зұлымдықпен, ұсақ-түйек наразылықтармен одақтастық болмақ. Бізді тыныштықтан айыру үшін осы аталғандардың біреуі-ақ жеткілікті, бірақ бұлардың ешбірі де бізде өз мақсатына жете алмауы керек. Уақыты келген кезде, Құдай Ие Өз халқының тыныштығына төнген барлық қауіпті жояды: *Соғыс атаулыны жойып, садақ пен семсерді адамдарға керексіз қыламын*. Құдай қобалжудың барлық қаруларын жойған кезде ғана жан тыныштығы шын мәнінде терең болмақ.

Бұндай қауіпсіздік түпкілікті тыныштық әкеледі. *Өзінің сүйіктісіне бейқам ұйқы сыйлайды*, – дейді Дәуіт пайғамбар. Толық қауіпсіздікті түсіне отырып, Құдайдан жұбаныш тапқан сенуші керемет жан тыныштыққа бөленеді.

Бұл тыныштық шын мәнінде қауіпсіз болып табылады. Тыныштық бір басқа, ал жұбаныш бір басқа. Сенушіге қорқып, сергек отырғанша, тыныштықпен ұйқыға аттанған әлдеқайда қауіпсіз.

*Мені жасыл жайлауға жайып, тұнық суға апарады* дейді Дәуіт пайғамбар тағы бір жырында. Жұбатушымыздың Өзі бізді тыныштандырмайынша, біз еш уақытта да тыным таба алмаймыз.

## МЕН САҒАН ҚУАТ БЕРЕМІН

Ишая 41:10

Қызмет етуге немесе қиыншылық көруге шақырған үндеуді естіген кезде, біз көбінесе өз күшімізді дұрыс бағаламағандықтан, қажетті кезінде, оның біз ойлағаннан әлдеқайда кем екенін көреміз. Дегенмен бізге өзіміз арқа сүйей алатын сөз берілген кезде, бұндай жағдайлар бізді қажытпасын, өйткені бұл сөзде біз не нәрсеге мұқтаж болсақ, соның барлығын иемденесің деген кепілдік бар. Құдайда күштің сарқылмас қоры бар. Ол бізге бұл күштерді сыйлай алады және Ол солай істеуге уәде етті де. Ол біздің жанымызға рухани азық, тәнімізге денсаулық бергісі келеді. Сондықтан да бізге Өзінің күшін сыйлағысы келеді. Құдайдың адамға қанша күш бере алатынын ешқайсымыз да айта алмаймыз. Атап айтқанда, Құдай жанға қуат берген кезде, адамның әлсіздігі бұған бөгет бола алмайтынын байқаймыз.

Біз еңбек еткен уақыттарымыз бен басымызға қайғы-қасірет түскен кездерде, тіпті, өзіміз таңқаларлықтай ерекше күш алғанымызды есімізге түсіре аламыз ба? Қауіп-қатер кезінде біз қорғансыз қалмадық, жақындарымыздан айрылғанда түңілуге берілмедік, өсек-аяңнан Ол бізді қорғады, ал ауырған кезімізде шыдамдылық көрсете білдік. Сонымен, басымызға әдеттен тыс сынақтар түскен кезде, Құдайдың бізге әдеттен тыс күш сыйлайтыны айдан анық. Сонда біз өзіміздің әлсіз де дәрменсіз менмендігіміздің үстінен биікке самғай көтерілеміз. Сол кезде жүрексіздер батылдыққа, ақылсыздар даналыққа ие болып, ал тұйық адамдарға қажетті уақытында айтылатын сөз сыйланады. Әлсіздігіміз бізді қалтырауға мәжбүр етеді, ал Құдайдың уәдесі бізді батылдандырады.

Құдай Ием, *Өзіңнің уәдең бойынша* бізге қуат берші!

## МЕН САҒАН КӨМЕКТЕСЕМІН

Ишья 41:10

Кешегі уәде бізге қажетті істі орындау үшін күш беруге кепілдік берсе, ал бүгінгі уәде өздігімізден әрекет етуге шамамыз болмаған жағдайда берілетін жәрдеммен қамтамасыз етеді. Сондықтан да Иеміз: *Мен саған көмектесемін*, – дейді. Өз бойымыздағы күш сырттан келген көмекпен толықтырылып отырады. Егер Құдайдың еркінде болса, біздің күресімізде одақтастар тауып беруге Оның құдіреті жетеді. Егер Ол бізді адамның қолғабысынан айырса, бұл Оның біздің жағымызда болғысы келетінін білдіреді. Ал бұл біз үшін әлдеқайда жақсы. Біздің даңққа бөленген Одақтасмыз мыңдаған ажалды көмекшілерден әлдеқайда артық.

Құдайдың көмегі бізге дәл уақытында келеді, бұл біз жиі ұшырайтын, ұлы қасіреттер кезінде келетін көмек. Оның көмегі әрқашан да орынды, себебі Ол қолғабысты әркімге қолайлы әрі лайықты түрде береді. Оның көмегі әрқашан да іске жарамды, ал адамның көмегі әрқашан да әбігершілік. Құдайдың көмегі адамның көмегіне қарағанда әлдеқайда мағыналы, себебі Ол ауыртпалығымызды Өзі көтереді және бізді қажетті нәрселердің бәрімен қамтамасыз етеді. Құдай бізбен бірге, сондықтан да біз қорықпаймыз, адамдар бізге не істей алады?

Ол бізге көмектесетіндіктен, Оған бүгін де, болашақта да сенім арта аламыз, сол себепті біздің дұғамыз: *«Құдай Ием! Біздің көмекиіміз болшы!»*, ал рухани тәжірибеміз: *«Әлсіреген бізді Киелі Рух та қолдайды»*, үмітіміз: *«Тауға көзді қадаймын: Қайдан жәрдем келер? – деп»*, ал жырымыз: *«Тәңірім, Сен мені құтқардың!»* – деген сөздер болмақ.



## ӘЛІ БҰДАН ДА ЗОРДЫ КӨРЕСІҢ

Жохан 1:50

Бұл сөз нанымды айғақтардың күшімен Исаны Құдайдың Ұлы ретінде қабылдауға даяр, балаша сенген адамға арналған. Заң мынадай: кім көргісі келсе, сол көреді! Ал көзімізді жауып алсақ, үмітсіз соқыр болып қаламыз.

Біз қазірдің өзінде көпті көрдік. Құдай бізге зерттеуге келмейтін ұлы істерді көрсетті, сол істері үшін біз Оның атын мадақтаймыз, алайда, Оның Сөзінде біз үшін тағы да үлкен ақиқаттар, аса терең тәжірибелер, қарым-қатынастың биік-биік шыңдары мен Құдайға деген қызметтегі үлкен істер бар. Сондай-ақ Оның Сөзінің астарында күштің, сүйіспеншіліктің, даналықтың қайнар көзі жатыр. Егер біз өзімізді Құдайға сеніп тапсыруға тілек білдірсек, осылардың бәрін де көреміз. Жалған ілім шығару қабілеті өте залалды, ал даналықты ажырата білетін қабілет – Құдайдың жарылқауы. Аспан біз үшін ашық болуы керек, ал оған апаратын жол Құдай Ұлы арқылы екені айдан анық, бірақ Періштелердің жоғарғы және төменгі патшалықтар арасында атқарып жатқан қызметін анық ажырата білу қажет. Рухани істерді, тіпті одан да көп нәрселерді көру үшін, көзімізді ашайық. Өміріміздің болашақсыз қалмайтынына сенеміз, бірақ Құдайдың кереметін үсті-үстіне көре беру үшін, рухани өсейік. Сөйтіп, ақыр аяғында ұлы Құдайды еш уақытта да көзімізден таса етпейтін уақытқа да жетеміз.

## ЖҮРЕКТЕРІ ПӘК ТАЗАЛАР БАҚЫТТЫ! ОЛАР ҚҰДАЙДЫ КӨРЕТІН БОЛАДЫ

Матай 5:8

Қалай болған күнде де біз жүрегіміздің таза болуына ұмтылуымыз қажет. Сондай-ақ Киелі Рух арқылы Құдайдың Сөзімен іштей тазалануымыз керек, сонда өзімізді Құдайға толық тапсырудың және Оған бойсұнудың арқасында сырттай да таза боламыз. Бейімділіктер мен ақыл парасаттың арасында тығыз байланыс бар екенін атап өтелік. Егер зұлымдықты жақсы көрсек, онда ненің жақсы екенін түсінуге мүлде қабілетсіз боламыз. Рухымен Киелі Құдайды көрген адам қалай ғана жауыздық әрекеттер мен әдепсіз істерді жақсы көрмек?

Құдайды жерде жүріп көру неткен артықшылық! Оның жер бетін нұландыруы біз үшін қазірдің өзінде-ақ аспан болмақ! Жүрегі тазалар Иса Мәсіхте Әкені көреді. Біз Иса Мәсіхте Құдайдың Өзін көреміз – Оның адалдығы да, сүйіспеншілігі де, нұры да, билігі де, келісімі де бізбен бірге! Бірақ біз мұның бәріне жүрегімізден күнәні қаншалықты аластатсақ, соншалықты мөлшерде ғана қол жеткізе аламыз. Тек Құдайды қастерлеуге ұмтылатын адам ғана: *Менің назарым әрқашан да Құдайда*, – деп шаттана айта алады. Ал Құдай қайраткерінің тілегі мынадай: *Маған Өз салтанатыңды көрсетші!* Біз үшін бұл тілек барлық әділетсіздігімізден толық тазаланғанда ғана орындалмақ. *Оның шынымен қандай екенін көреміз! Оған осындай үміт артқан әркім Мәсіхтің кіршіксіз таза болғанындай, күнәдан арылып, тазарады!* Тәңір Иемізбен қазіргі қарым-қатынастың ләззаты мен болашақта Оның шынымен сондай тамаша екенін көреміз деген керемет үміт өміріміз бен жүрегіміздің тазалығына ұмтылуға түрткі болады. Құдайым, Өзіңді көре алуымыз үшін жүрегімізді тазалашы.

## ЖОМАРТ АДАМ ТОЙЫП ЖЕЙДІ

Нақыл сөздер 11:25

Егер мен шынымен жаныма игілік тілесем, онда маған қор жинаудың мүлде қажеті жоқ, керісінше мен оны кедейлерге таратып бергенім дұрыс. Үнемшілдік пен шектен тыс ұқыптылық – осы дүниелік өмірде молшылыққа жетелейтін жол, бірақ Құдайдың жолы бұлай емес. Құдай Сөзі былай дейді: *біреу аянбай шашып-төгеді және оған тағы да қосылады; ал басқа біреу шектен тыс үнемшіл, әйтсе де кедейлене береді.* Сенімнің жолы мынадай: алу үшін, бер. Мен бұл істе әрқашан да жаттығуым қажет, тек осы жағдайда ғана рақымды сый ретінде, жомарттығымның қарымтасы қайтарылады деп үміттенем аламын.

Менің байып кетуім де мүмкін. Әйтсе де мен еш уақытта да асқан бай бола алмаймын! Асқан байлық әдеттегі жуан адамдардай, менің салмағымды ауырлатып, орнымнан қозғалуым қиындауы мүмкін, сөйтіп бұл менен Құдай жарылқаушылығының дәмін ұрлайды немесе жаныма қауіпті кесел әкеледі. Әлбетте, егер денсаулығымның жақсы болуы үшін қажетті қаражат менде жеткілікті болса, онда мен толықтай қанағаттана аламын, ал егер Тәңіріміздің өзі молшылыққа кепілдік беріп отырса, онда менің риза болуыма толық негіз бар.

Дегенмен, сонымен қатар, мен қатты аңсайтын рухани байлық та бар. Бұл әдеттегідей менің Құдай ісі мен Оның қауымының және жақындарымның игілігі үшін көрсеткен жомарттығымның нәтижесі болып табылады. Бұл жағдайда маған үнемшілдік көрсету қажет емес, олай болмаған күнде менің жан дүнием сөзсіз ашығады. Мен кісінің ауыртпалығын көтерісе білетін жомарт болуым керек, сонда мен Тәңіріме ұқсай бермекпін. Ол мен үшін Өз өмірін бергенде, менің Одан аярым бар ма?

## СУСЫН БЕРЕТІН АДАМНЫҢ ШӨЛІ ҚАНДЫРЫЛАДЫ

Нақыл сөздер 11:25

Егер мен біреудің қамын ойласам, Тәңір Ием менің де қамымды ойлайды және маған қалай да болсын, міндетті түрде сыйын береді. Егер мен мұқтаждықтағы адамға қайырым көрсетсем, Құдай маған да қайырым көрсетеді. Егер мен кішкентай балаларға көңіл бөлсем, Тәңір Ие маған да Өз ұлындай қарайды. Егер мен Оның отарын бақсам, ол мені бағады. Егер мен Оның бақшасын суарсам, Ол менің жанымды жақсы суарылған бақшаға айналдырады. Бұл Тәңір Иемнің уәделері, ал менің міндетім – қажетті шарттарды орындап, уәденің жүзеге асуына жағдай туғызу.

Мен өз қамымды ойлай беріп, тіпті ауруға шалдығып та қалуым мүмкін. Сондай-ақ сезімдерге қатты берілгендіктен, сезімсіз қалып, әлсіздігімді айтып жылай бергендіктен, жылай алмайтын халге дейін жетуім мүмкін. Алайда Тәңірге деген сүйіспеншілікпен төңірегіңе адамдарды жинап, солардың қамын ойлау және сол істегендерің үшін қарымтасын күтпеу әлдеқайда жақсырақ болады. Су құятын ыдысым босап бара жатыр, оны толтыратын жаңбыр жоқ. Бұндай жағдайда мен не істеуім керек? Су ағып, төңірегімдегі солып бара жатқан өсімдіктерді суару үшін шүмекті ашуым керек емес пе? Сол кезде біз не көреміз? Бір ғажабы, ыдысымның шүмегі ашық тұрса да, ол одан бетер толған үстіне тола береді. Яғни, қандай да бір жаңа құпия бұлақ көзі бар. Барлығы тыныш болғанда, бұл бұлақ көзі жабылып тұрған екен, алайда басқалардың шөлін қандыру үшін менің жеке су қорым аға бастағаны сол-ақ екен, Тәңір Ием мені сол мезетте есіне алды. Оның аты мадақталсын!

**МЕН ЖЕРГЕ ЖАҢБЫРДЫҢ БҰЛТТАРЫН ЖІБЕРГЕНДЕ,  
ОЛАРДЫҢ АРАСЫНАН КЕМПІРҚОСАҚ КӨРІNETІН  
БОЛАДЫ**

Жаратылыстың басталуы 9:14

Дәл қазір аспанды бұлттар жиі қаптайды, бірақ біз жер жүзін топан су жайлайды деп қорықпаймыз. Себебі бір кезде Құдайдың бұдан былай жерге топан су қаплатпаймын деп берген уәдесінің белгісі – кемпірқосақты жиі көреміз, сондықтан бұндай қауіптен азатпыз. Құдайдың Өз халқымен бекіткен келісімі мәңгі, біз бұған еш күдіктенбейміз. Қазіргі аспанды қаптаған қайғы-қасірет бұлттары біздің өлімімізбен аяқталады деп ойлаудың бізге не қажеті бар? Осындай негізсіз әрі жөнсіз қауіптенуді шетке қалдырайық! Санамыз қай жерде қайғы-қасірет бұлтын көрсе, сеніміміз дәл сол жерден әрдайым кемпірқосақты көреді. Құдайда өлімнің жебелерін кері қайтаратын садақ бар, бірақ ол әрқашан жоғарыға бағытталған! Бұл доға жебесіз әрі адырнасыз: бұл доға соғысқа емес, керісінше Құдайды түйсінуге арналған. Бұл түрлі-түсті доға қуаныш пен хош иістің белгісі, ол қан төгушіліктің қою қызыл түсіне немесе ашу-ызаның қара түсіне боялмаған. Сондықтан жігерленейік! Құдай Өзінің келісімінің белгісін көрмей қалсын деп біздің аспанымызды ешқашан түнертпейді, тіпті солай болған күннің өзінде де, біз тек Соған ғана үміт арта аламыз. Ол өзгермейтін болғандықтан, өтірік те айта алмайды әрі Өзінің бейбіт келісімін қандай бір жолдармен бізден жасыра да алмайды.

## ТӘҢІР ИЕ МӘҢГІ-БАҚИ ТАСТАМАЙДЫ

Еремияның жоқтауы 3:31

Құдай адамнан біраз уақытқа дейін бетін бұрады, бірақ оны мүлдем тастап кетпейді. Әйел өзінің қымбат бағалы алқаларын бірнеше күн шешіп қоюы мүмкін, дегенмен оларды ұмытып, қоқыспен бірге далаға шығарып тастамайды. Сол сияқты Өзінің сүйгендерінен бас тарту Құдай Иеге мүлде тән қасиет емес, өйткені Ол бұл *дүниедегі Өзінің адамдарын өте жақсы көргендіктен, оларға деген сүйіспеншілігін ақырына дейін ісімен де толық көрсетті*. Кейбіреулердің айтуы бойынша, сенушілердің Құдайдың рақымына бөленуі немесе Оның рақымынан тыс болуы – қаласа торға салып, қаламаса одан шығарып қоюға болатын қоян сияқты. Құдіретті Құдай бұлай істемейді! Құдайдың сүйіспеншілігі – бұл әлдеқайда маңызды да парасатты әрі тұрақты іс.

Ол бізді басынан бастап мәңгілік үшін таңдады, сондықтан Ол бізді мәңгі-бақи сүймек. Ол бізді соншалық жақсы көргендіктен, біз үшін өлді, сол себептен Оның өшпес сүйіспеншілігіне деген сеніміміз нық. Ол Өзінің даңқты Патшалық атағынан бас тарта алмайтынындай, Өзіне сенушілерден де бас тарта алмайды. Сонымен Оның даңқы сенушілерді құтқару ісімен осылайша үйлесті. Жоқ, жоқ! Иса Мәсіх Басшы ретінде Өз мүшелерінен еш уақытта да бас тартпайды, ал Күйеу ретінде Өз Қалыңдығын еш уақытта да шеттетпейді!

Сен өзінді шеттетілгенмін деп ойладың ба? Сенімен некелескен Тәңір Иең туралы саған қалайша осындай жаман ой келді? Мұндай ойларға көңіліңнен орын бермей, оларды сыртқа сілкіп алып таста! *Құдай баяғы заманда ерекше таңдап алған халқынан безген жоқ (Римдіктерге арналған хат 11:2).*

## МАҒАН КЕЛГЕНДЕРДІ ҚУЫП ЖІБЕРМЕЙМІН

Жохан 6:37

Құдайдың Өзіне бас иіп келгендерді қуып жібергені туралы ең болмаса бір оқиғаны білесің бе? Егерде сондай оқиға болған болса, менің де білгім келеді, бірақ мен ондайды әлі бір рет те естіген емеспін, себебі ондай оқиға ешқашан болған жоқ, болмақ та емес. Тозаққа түскендердің ішінен: *Мен Исаға барып едім, бірақ Ол мені қабылдамады* – деп айта алатын бірде-бір жанды таба алмайсың. Мен үшін және сен үшін Иса Өз сөзін бұзды деп ойлау мүлде ақылға қонымсыз. Мұндай жаман күдікті ешкім де әлпештемесін!

Егер біз дәл қазір өзіміздің күнделікті қайғы-қасіретімізбен Исаға келсек, Оның бізді тыңдайтынына және бізден бас тартпайтынына сенімділікті толық сақтай аламыз. Исаға жеткілікті түрде жиі жүгінген сіз және әлі Оған еш уақытта да жүгініп көрмеген сіз де, келіңіздер, Оның алдына бірге барайық! Сонда біз Оның ешкімге де рақымдылық есігін жаппайтынын көреміз.

Ол күнәһарларды қабылдайды және ешкімді де кері қумайды. Біз Оған әлсіздігімізбен, күнәларымызбен, толқымалы сенімімізбен, шамалы білімімізбен, болмашы үмітімізбен келеміз, әйтсе де Ол бізді шеттетпейді. Біз Оған дұғамызбен келеміз, ал бұл дұғамыз өте әлсіз әрі жетілмеген; біз Оған тәубе етіп келеміз, ал бұл тәубеміздің кемшіліктері көш жерден «мен мұңдалап» тұрады; біз Оған мадақтау жырымызбен келеміз, ал бұл мадақтауымыз Оның біз үшін сіңірген еңбегіне мүлде арзымайды. Бірақ соның бәріне қарамастан, Ол бізді қабылдайды. Біз Оған ауру әрі әлсіз болып, әділетсіз де лайықсыз күйімізде келеміз, бірақ Ол бізді еш уақытта да қумайды. Келіңіздер, ағайындар, бізді еш уақытта да қумайтын әрі шеттетпейтін Тәңіріміз Иса Мәсіхке барайық!

**ҚИНАЛЫП ШАРШАП-ШАЛДЫҚҚАНДАР, ЕҢСЕЛЕРІН  
АУЫР ЖҮК БАСҚАНДАР, БАРЛЫҒЫҢ ДА МАҒАН  
КЕЛІҢДЕР! ЖАНДАРЫҢДЫ РАҚАТҚА БӨЛЕЙМІН**

Матай 11:28

Құтқарылған адам тыныштықты тек Исадан ғана табады. Ал құтқарылмағандар тек Исаға келген кезде ғана жігерленеді. Иса оларға жұбанышты осы жер бетінде-ақ беруге уәде етті. Әлемде Құдайдың сыйынан өткен ерікті нәрсе жоқ, сондықтан да бізге сыйламақ болған сыйларының бәрін де қуана қабыл алайық. Бұл сыйды сатып алуға да, қарызға алуға да болмайды, бірақ оны сыйлық ретінде қабылдауға болады. Сіз атақ құмарлықтың, дүниеқорлықтың, тәни құмарлықтың немесе күнделікті өмір қамының соққысының астында азап шегіп қиналудасыз, ал Ол бір нәрсені ғана қалайды – сізді осындай құлдықтан құтқарып, жан тыныштығын сыйлау. Сіз күнәнің, қорқыныштың, күнделікті өмір қамының, өкініштің және өлімнен қорқудың ауыртпалығын көтерудесіз, тіпті солардың ауыр езгісіндесіз, дегенмен егер Иса Мәсіхке жүгінсеңіз, Ол сізді бұл ауыртпалықтан толық азат етеді. Ол сіз көтеретін күнәнің ауыртпалығын Өзі көтерді, енді бұдан былай сіз ол ауыртпалықты көтермейсіз. Бұдан былай күшті езгінің салдарынан ауыр азапталған жанның еңсесі басылмасын деп, Ол бүкіл адамзаттың ауыртпалығын Өзі көтерді!

Иса жан тыныштығын сыйлайды. Бұл шындығында солай! Осыған сенгіңіз келе ме? Сенуге әрекеттенесіз бе? Онда тездетіп Исаға жүгініңіз. Ол туралы ойлап, Құдайдың Ол жөнінде айтқан куәлігіне сеніңіз және барлық бос үміттерден бас тартып, бүкіл өміріңізді Оған сеніп тапсырыңыз. Егер Оған дәл осы жолмен келсеңіз, өзіңізге уәде етілген жан тыныштығына ие боласыз. Сөйтіп бұл жан тыныштығы терең де мызғымас әрі киелі де тұрақты болмақ. Ол сізге шексіз жан тыныштығын сыйлайды. Ол мұны бүгін де Өзіне бас иіп келген әрбір жанға сыйлауға даяр.



**АЛ ЖАРЛЫ МҮЛДЕМ ҰМЫТЫЛМАЙ, ДЕМЕУ КӨРЕДІ.  
КЕДЕЙДІҢ ДЕ ҮМІТІ МҮЛДЕМ ӨШІП ҚАЛМАЙДЫ**

Забур 9:19

Кедейлік – бұл қатал тағдыр, дегенмен үмітін Тәңір Иеге артқан адам сенімімен байиды. Олар өздерін Құдайдың ұмытпағанын біледі; тіпті осы жалған дүниенің игілігін бөлген кезде оларды айналып өткендей болғанымен, олар бөлудің теңесетін уақытын үмітпен күтеді. Елезар байдың босағасындағы иттердің арасында үнемі жата берген жоқ, уақыты келгенде, ол да көкте өз сыйын алды.

Бірақ Құдай бүгінгі күні де Өзінің кедей де болса сенімділік көрсететін балаларын қорғауда. *Мен кедеймін әрі бақытсызбын, бірақ сонда да Құдай менің қамымды ойлауда*, – деді ежелгі замандағы қасиеттілердің бірі. Бұл расында да солай. Құдайдан қорыққан кедейлердің үміті зор болады. Олар Құдайдың алдында адал жүруіне қажеттінің бәрімен Оның Өзі қамтамасыз етеді деп үміттенеді. Негізінде барлығы олардың игілігі үшін болатындықтан да олар үмітсіз емес. Олар өздерінің Иесімен арадағы ерекше тығыз қарым-қатынасына сенім артады. Кезінде Исаның Өзінде де бас паналар жер болмаған. Олар Иеміз қайта келіп, өздерімен даңқын бөліседі деген үмітпен өмір сүреді. Мұндай үміт мәңгі тірі Иса Мәсіхтің атын жамылғандықтан да ешқашан өшпейді. Әділ кедейдің айтқан салтанатты мадақтау әнін бай күнәһар түсіне де, айта да алмайды. Сондықтан егер біздің осындағы дастарқанымыз жұпыны болса, онда өзімізді күтіп тұрған Патшаның дастарқаны туралы ойланайық!

ЖАРАТҚАН ИЕНИҢ АТЫН АТАП  
СЫЫНҒАНДАР ҚҰТҚАРЫЛАДЫ

Жоел 2:32

Мен неліктен Құдайдың атын атап шақырмаймын? Егер Құдай маған сондай жақын болып, менің ең әлсіз әрі дәрменсіз дұғамды да тыңдағысы келсе, онда неліктен біресе ана көршіме, біресе мына көршіме барып жүгінемін? Неліктен мен бір нәрселерді ойлап тауып, жоспарлар мен жобалар құрып отырамын? Неліктен мен сол сәтте-ақ Тәңірден үміттеніп, ауыртпалығымды Оған артпаймын? Тура жол – ең жақсы жол; онда мен неліктен тірі Құдайға сүйенбеймін? Мен құтқарылуды басқа жерден босқа іздеймін, құтқарылуды тек Құдайдан ғана таба аламын, өйткені Оның патшалық мақұлдауы Өз қолында және бұл маған таймас сенім береді. Мен Оның атын атап шақыра аламын ба, жоқ па деп абыржудың маған мүлде қажеті жоқ, себебі *әркім* деген сөз аса кең әрі көлемді. *Әркім* деген сөздің ішінде мен де бармын, өйткені бұл сөз Құдайды шақырған әркімге қатысты. Сондықтан да мен осы үзіндінің нұсқауын назарға алып, бүкіл әлемді қамтыған осындай уәде сыйлаған Тәңір Иемнің атын атап шақырамын.

Мен ұшыраған ауыр азап қашып құтылғысыз, тіпті құтқаратын жолды көрмей де қалдым, дегенмен бұл енді менің ісім емес. Бұл уәдені сыйлаған Құдай оны орындаудың амалдары мен жолдарын да Өзі табады. Ал мен Оған ешқандай кеңестер мен жоспарлар ұсынбай, тек Оның өсиеттеріне бойсұнуым керек. Мен басқарушы емес, тек қана Оның қызметшісімін. Мен Оны шақырамын, ал Ол мені құтқарады!

## ҚҰДАЙ ОҒАН: «МЕН САҒАН ЖАР БОЛАМЫН», – ДЕДІ

Мысырдан көшіп шығу 3:12

Әлбетте, Құдай Өзінің құлын белгілі мақсатпен бір жерге жіберген кезде, оның жолға жалғыз шығуын қаламайды. Егер Құдай кедей әрі жалғыз бақташыны әлемнің ең күшті патшасына қарсы шығуға жіберсе, осы елшілікпен байланысты қорқынышты қауіп-қатер мен оны орындауға қажетті ұлы күш бұл елшілікке тіл тигізіп, әрі оны күлкіге айналдырған болар еді. Ашығын айтқанда, дана Құдай кедей Мұсаға перғауын мен Мысырдың ұшы-қиырсыз соғыс күшін қарсы қоюды жөн көрді деп ойлау ақылға қонымсыз. Құдайдың оны сапарға жіберіп тұрып: *Мен саған жар боламын!* – дегенін есімізге түсірейік. Құдайдың оны тастамайтыны және жалғыз қалдырмайтыны ешбір күдіксіз ақиқат.

Сондай-ақ дәл осы қағида маған да қатысты болмақ. Егер мен Құдайдың тапсырмасын орындауға қарапайым түрде, тек Оның даңқын ғана ойлап, Оның күшіне үміт артып аттансам, онда Оның мені жетелеп, менімен бірге болатыны еш күдіксіз. Ол маған бір тапсырма берсе, көмектесуді Өз міндетіне алады. Маған бұдан артық не керек? Егер мені барлық періштелер мен періштелердің басшылары қорғап жүрсе, онда әрине табысқа жетуге үміттенген болар едім, ал егер Құдайдың Өзі менімен бірге болса, онда табысқа жетерім сөзсіз. Маған еш нәрседен қорықпай, қайғырмай, паңданбай, сондай-ақ селсоқтыққа да берілмей, тек осы уәдеге сай іс-әрекет жасау ғана қалады. Құдай жақтаған адам нәтижесінде қандай қайраткер болмақ! Осындай ортада әрдайым қайраткерлік көрсетіп, Құдайдың тапсырмасын батыл орындаудың әбден оңды екені анық.

ЖАНЫН КҮНӘНЫҢ ҚҰНЫН ӨТЕЙТІН  
ҚҰРБАН ЕТКЕН СОҢ, ӨЗ ҮРІМ-БҰТАҒЫН КӨРІП,  
ҒҰМЫРЫ ҰЗАҚ БОЛАДЫ

Ишяя 53:10

Біздің Тәңіріміз Иса Мәсіх босқа өлген жоқ. Оның өлімі құрбандық өлім болды. Ол біздің орнымызды басушы ретінде өлді, себебі Ол біздің күнәміз үшін жазаланды. Құдай осы мейірлендіру Құрбандығын қабылдағандықтан, Соған сенген адамдарды да құтқарады. Иса осы өлімі арқылы көп өнім әкелетін бидай дәніне ұқсады. Енді Ол арқылы толассыз ұрпақ келуде; Ол мәңгі Әке. Ол енді: *Міне, Мен және Сенің Маған берген балаларың*, – деп айта алады.

Адам өзінің ұлдарымен құрметтеледі, ал Исаның Өз қорамсағы бар, сол қорамсақтағылар *күштінің қолындағы садақтың* оғындай. Әкесінің қандай екенін балаларына қарап білуге болады, сол сияқты Мәсіх те мәсіхшілердің өмірінен көрінеді. Адамның өмірі оның ұрпағында жалғасады. Сол сияқты Исаның жердегі өмірі де сенушілердің өмірінде жалғасып жатыр.

Исаның өмірі жалғасуда, себебі Ол бізден Өзінің мұрасын көреді. Оның назары әрдайым бізге бұрулы. Ол бізді көріп қуанады, себебі Ол бізден Өз еңбегінің жемістерін көреді. Иеміз Өзінің ауыр да азапты құрбандығының нәтижесіне қарап әрдайым қуанатынына және де назарын Өзінің өлімімен даярланған егістіктен еш уақытта да басқа жаққа аудармайтынына қуанайық. Бір кезде біз үшін жылаған көздер, енді бізге қайырымдылықпен қарауда. Иә, Өзіне назар аударғандарға Ол да назарын салады. Сөйтіп енді біздің назарымыз ұшырасатын болады. Бұл неткен қуаныш еді!

**ӨЗ АУЗЫҢМЕН ИСАНЫ ЖАРАТҚАН ИЕМ ДЕП  
МОЙЫНДАСАҢ, ЖҮРЕГІҢДЕ ҚҰДАЙДЫҢ ОНЫ ӨЛІМНЕН  
ҚАЙТА ТІРІЛТКЕНІНЕ СЕНСЕҢ, ҚҰТҚАРЫЛАСЫҢ**

Римдіктерге 10:9

Сонымен, біздің әрқайсымызға Мәсіхті Тәңір Ием деп өз аузымызбен мойындау қажет екен. Сен Оны Тәңір Ием деп мойындадың ба? Құдай өліден қайта тірілткен Иса Мәсіхті мен Құтқарушым деп ашық мойындадым ба, әрі мен мұны Құдайдың еркіне сай жасадым ба? Бұл сұраққа өзімізге-өзіміз адал жауап берейік!

Сонымен, біздің әрқайсымызға шынайы сенім қажет! Алайда, мен Тәңіріміз Исаның өліден қайта тірілгеніне дұрыс сенемін бе? Менің бақытты өмір сүруімнің бірден бір үміті Исада деп сенемін бе? Осындай сенім шын жүрегімнен шыға ма? Осы сұрақтарға Құдай алдында өзімізге өзіміз жауап берейік!

Егер мен Мәсіхті мойындап және Оған сенгенімді дәлелдеуге шынымен қабілетті болсам, онда құтқарылдым. Жоғарыда айтылған аят *құтқарылуың мүмкін* дегенді білдірмейді, керісінше бұл Құдайдың ашық күніндегідей, *құтқарылатыныңа* анық сендіреді. Мен сенуші әрі мойындаушы ретінде, осы уәдені қолыма таяныш етіп, оған сүйене алатынымды Құдайдың алдында қазірдің өзінде-ақ мәлімдейтінімдей, өлім аузында жатқанда да, Ғарасат соты кезінде де ашық мәлімдегім келеді.

Мен күнәнің кесірінен, күнәнің билігінен, күнә үшін жазаланудан, ақырында, күнә атаулының бәрінен құтқарылуым керек. Құдай: *Құтқарыласың!* – деді. Мен бұл сөзге сенемін. Мен құтқарыламын. Мен енді құтқарылдым. Оның даңқы мәңгілік арта берсін!

**ЖЕҢІП ШЫҚҚАН ӘРКІМГЕ МЕН ҚҰДАЙДЫҢ  
ПЕЙІШ БАҒЫНДА ӨСЕТІН, МӘНГІЛІК ӨМІРДІ  
СЫЙЛАЙТЫН АҒАШТЫҢ ЖЕМІСІН ЖЕГІЗЕМІН**

Аян 2:7

Ұрыс кезінде ешкім де майдан даласын тастап қашып кетуге немесе соғысқа қатысудан бас тартуға тиісті емес. Егер патшалық құрғымыз келсе, күресуіміз керек әрі бұл күресті соңғы жауымызды жеңгенше жалғастыра беруіміз қажет. Бұлай істемеген жағдайда бұл уәде бізге тиісті емес, өйткені ол *жеңіп шыққан адамға* тағайындалған. Бізге осы өмірдегі жалған пайғамбарларды және олардың ілімімен ере келген зұлымдықты жеңу керек болады. Сондай-ақ, біз өз жүрегіміздің әлсіздігі мен оның Құдайға деген алғашқы сүйіспеншілікті ұмытуға деген қатерлі бейімділігін де жеңуіміз қажет. Киелі Рухтың Ефестік қауымға айтқанын түгел оқып шығыңыз!

Егер ұрыс майданын берік ұстап тұра алсақ және өзіміздің жеңімпаз Патшамыздың соңынан шынымен ерсек, онда Құдайдың пейішіне кіре аламыз. Сонда біз қолына отты семсер ұстаған періштенің қасынан өтіп, жемісін жеген адамға мәңгілік өмір беретін, күзет қойылған ағашқа келуге рұқсат аламыз. Сол кезде біз күнәнің жазасы болып табылатын мәңгілік өлімнен қашып құтыламыз да, айыпсыздықтың мөрі, ізгі өмірдің жемісі болып табылатын мәңгілік өмірге ие боламыз. Кел, қадірлі жан, жігерлен! Күрестен жалтару – демек, жаңа Едемді жоғалту; жеңіске жеткенше күресу – демек, Құдаймен бірге пейіште жүру.

**СОНДА МЫСЫРЛЫҚТАР МЕНІҢ ЖАРАТҚАН  
ИЕ ЕКЕНІМДІ ҰҒЫНАТЫН БОЛАДЫ**

Мысырдан көшіп шығу 7:5

Кері кеткен халықтарды жөнге салу оңай іс емес. Мысыр елі Жаратқан Иені білмейді, сондықтан да өзінің пұт құдайларын ұсынады. Тіпті олардың: *Жаратқан Ие кім?* – деп сұрауға да батылы барды. Дегенмен, Құдай қалаған-қаламағанына қарамастан, қатыгез жүректің өзін де күйреткісі келді. Әділетсіздердің төбесінен Құдай сотының даңқы көтеріліп, әділетті сот олардың аспанын күңіреткен кезде, олардың егіндерін құртып, балаларын қырған кезде ғана бұл әділетсіздер Жаратқан Иенің құдіретін түсіне бастады. Жер бетінде барлық күдіктенгендерді міндетті түрде тізерлететін әлі де талай жағдайлар болу керек! Тәңір Ие Өзінің атының қамын ойлауға күшті әрі Ол Өзінің атының қамын ойлайтындығын аса ұтымды түрде көрсетеді, сондықтан біз қорлық көргендігімізге бола жасып қалмаймыз!

Құдай халқының құлдықтан құтқарылуы Тәңір Иенің тірі әрі шын Құдай екенін мысырлықтардың білуі үшін, ұлы құрал болып табылады. Мысырлықтар ұшыраған он жазаға Құдай халқының ішінен бірде-бір адам тап болған жоқ. Оның таңдаулы ұрпақтарының ішінен ешкім де Қызыл теңізге батып, өлген жоқ. Таңдаулылардың құтқарылуы мен барлық ақиқи сенушілердің дәріптелуі Құдайдың ең бір қасарысқан жауларын да Оның шын *Құдай* екенін мойындауға мәжбүр етеді!

Уа, шіркін, барлық халықтар Исаның атына бас иіп, Оны *Тәңір Ием* деп мойындамайынша, Құдайдың күші Киелі Рух арқылы Інжілдің уағыздалуымен ере жүрсе ғой!

**ЖАРЛЫНЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАЙТЫН АДАМ БАҚЫТТЫ!  
АУЫР КҮНДЕ ТӘҢІР ОНЫ ҚҰТҚАРЫП АЛАДЫ**

Забур 40:2

Жарлылардың жағдайын ойлап, оларды жүрегінде сақтау – әрбір мәсіхшінің міндеті. Өйткені Иса оларды бізбен қатар қойып: *Мүсәпірлер әрдайым қастарыңда ғой* демеді ме?

Көптеген адамдар ақшасын жарлыларға ойланбастан, асығыс ұсынады, алайда оларға еш нәрсе бермейтіндер одан да көп. Құдайдың құнды уәдесі жарлылардың мүддесін қорғап, олардың жағдайын жете түсініп, солардың игілігі үшін жоспар түзіп және оны ақылмен орындағандарға тән. Кейде біз қамқорлық көрсету арқылы ақша бергеннен де көп жақсылық жасай алатынымыз рас, дегенмен екеуін де істесең тіпті жақсы. Тәңір Ие жарлыларға болысқан әрбір адамға, оның басына қайғы-қасірет түскен кезде мейіріммен қолдаймын деп уәде етеді. Егер біз қазіргі кезде бақытсыздыққа ұшырағандарға жәрдем берсек, онда Құдай бізді де бақытсыздықтан міндетті түрде құтқарады. Егер Тәңір Ие біздің басқаларға қамқорлық көрсетуге әрекеттеніп жүргенімізді көрсе, онда Тәңір Иенің ерекше әрі арнайы қамқорлығына ие боламыз. Әлбетте, тіпті, әрқашан жомарттық көрсетіп жүргенімізбен, қайғы-қасіреттің бізге де келері рас, дегенмен де, егер шынымен есіркеуші болсақ, онда Тәңіріміздің бізді ерекше құтқаруын сеніммен күте аламыз, өйткені Құдай Өзінің сөздерінен және сол сөздерді растап қойған Өзінің мөрінен бас тарта алмайды. Дүниеқорлар өздеріне өздері көмектесуін жалғастыра берсін, ал көмек беруге даяр әрі жомарт сенушілерге Құдай Ие көмек береді. Сіз басқаларға қалай қарайсыз, Құдай да сізге дәл солай қарайды. Сонымен, қалтаңызды босатыңыз!



**СОЛ АДАМ ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫНЫП, ӨРТЕЛЕТІН  
МАЛДЫҢ БАСЫНА ҚОЛЫН ҚОЙСЫН. СОНДА МАЛ  
ОНЫҢ КҮНӘСЫНЫҢ ҚҰНЫН ӨТЕЙТІН ҚҰРБАНДЫҚ  
РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАНАТЫН БОЛАДЫ**

Леуліктер 1:4

Егер қол қою арқылы құрбандық малы, соны шалған адамның өз басының күнәсі үшін берілген құрбандық болып есептелсе, онда Иса бұдан әлдеқайда күшті ақиқи құрбандығымыз емес пе? Өйткені біз осы Құрбандыққа сенімнің қолдарын қойдық қой. Күнәһар пендеге Құдаймен татуласу үшін, өзінің орнына құрбандық малын алып келу мүмкін болса, онда біздің Тәңір Иеміз Иса бұдан әлдеқайда құнды мағынадағы толық та қанағаттандыруарлық өтеушіміз болмас па екен? Кейбіреулер орын басушы құрбандықтың ұлы шындығы туралы дауласады; алайда бұл шындық біздің үмітіміз бен қуанышымыз әрі даңқымыз болып табылады. Бұл шындық біз үшін теңдессіз артықшылық! Құдай күнәміздің құнын өтеу үшін біздің орнымызға Исаның құрбандығын қабыл алды. Осылайша біз өзімізді сүюші Құдайдың Өзімен қабылдандық.

Өмір қамының ауыртпалығы еңсемізді қаншалықты басқанымен, қолымызды Исаның құрбандық өліміне сеніммен қойсақ, бұл қиыншылықтар сол сәтте-ақ игілігімізге айналады! Егер сенуші бір кезде осылай істеген болса, онда ол әрдайым да осылай істей берсін. Егер де ол еш уақытта бұлай жасамаған болса, онда ол бұған қолын шапшаң созсын. Егер ол шынымен қол жеткізгісі келсе, Иса енді оныкі. Енді ол бар салмағымен Оған сүйенсін, өйткені Исаның оныкі екені шүбәсіз ғой! Ол Құдаймен татуласты, оның күнәлары кешірілді, енді ол – Тәңір Иенің меншігінде!

**ӨЗІНЕ АДАЛ ЖҮРГЕНДЕРДІҢ  
ҚАДАМДАРЫН ТӘҢІР ҚОРҒАЙДЫ**

Патшалықтар туралы 1-жазба 2:9

Жол тайғақ, ал біздің аяқтарымыз болса әлсіз. Бірақ Тәңір Ие біздің қадамдарымызды қорғайды. Егер біз өзімізді тіл алғыш сеніммен Құдайға тапсырып, Оның алдында адал жүрсек, Оның Өзі біздің қорғаушымыз болады. Ол періштелеріне бізді қорғауды бұйырып қана қоймай, Өзі де біздің қадамымызды қорғайды.

Өзіне сенім артқандар әділдік киіміне дақ түсірмесін, жандарын жараламасын және өздерін қорлауға жауларына жол бермесін деп, Ол біздің аяғымызды сүрінуден сақтайды.

Ол біздің аяқтарымызды шаршаудан «ісімес» үшін, жалықтыратын ұзақ да ойлы-қырлы жолдармен жүргенде, «іріңдемес» үшін қорғайды.

Ол біздің аяғымызды жарақаттан сақтайды. Ол біздің аяқтарымыз семсердің қырын басқан кезде қансырамасын, улы жыланды басқан кезде уланбасын деп аяқ киімімізді темір мен мысқа айналдырады.

Ол біздің аяқтарымызды бұғаудан босатып алады. Сөйтіп біз зұлым да айлакер жауларымыздың жауыздығының құрбаны болмаймыз.

Біз мұндай уәделермен шаршамай әрі қорықпай ілгері қарай жүре аламыз. Өйткені қадамдарымызды Қорғаушының үстімізден қойған қорғаны өте күшті.

СОНДА ОЛ БАСҚАЛАРҒА БЫЛАЙ ДЕП ЖАРИЯЛАДЫ: «МЕН КҮНӘ ЖАСАП, ӘДІЛ ЖОЛДАН ТАЙСАМ ДА, ҚҰДАЙ МЕНІ АЯП, ІСІМЕ САЙ ЖАЗАЛАҒАН ЖОҚ, ОЛ МЕНІ АЖАЛДАН ҚҰТҚАРДЫ, МЕН ӨМІРДІҢ ҚЫЗЫҒЫН КӨРЕ БЕРЕМІН»

Әйүп 33:27-28

Бұл Құдай қайраткерлерінің тәжірибесінен туындаған ақиқи сөз (Құдайдың уәдесі сияқты). Тәңір Ие кезінде Өзі орындаған әрі бүгінгі күні де орындап жатқан ұлы ісін өмір бойы жалғастыра бермек. Тәңір Иеміз күнеларын шын жүректен мойындап, Өзінен кешірім сұрап келген әркімді қабылдағысы келеді. Иә, Ол өздері жасаған қателіктерінің салдарынан, қайғы-қасіретке душар болған жандарды әрдайым да көріп тұрады.

Осы айтылған сөздерді біз мақұлдай алмаймыз ба? Біз күнә жасамадық па? Керісінше, *Мен күнә жасадым!?* деп айтуға мәжбүр болғанымыз, күнәһар екендігіміздің дәлелі емес пе? Біздің күнәға соншалықты терең батпағанымыз ба? Өмірімізде шын мәнінде ешқандай жетістіктер жоқ екенін, ал алдымызда тек қана мәңгі өлім күтіп тұрғанын мойындауға мәжбүр болғанымыз, күнәға әбден батқандығымыздың дәлелі емес пе? Ондай болса, осы адал мойындауымызбен Иемізге жүгінейік! Ол бізден бұдан артық ешнәрсе талап етпейді әрі бұдан артықты біз орындай да алмаймыз.

Сондықтан да енді Исаның атымен осы уәдені пайдаланайық! Ол бізді алдымызда аранын ашып тұрған тозақтың тұңғиығынан құтқарғысы келеді; Ол бізге өмір мен жарық нұр сыйлағысы келеді. Онда неліктен күдіктенеміз? Құдай кішіпейіл әрі мойынсұнғыш адамды ешқашан да келеке етпейді. Ол тек шын мәнінде Өзінің не ойлағанын ғана айтады. Сондықтан да айыптылар Оның алдына емін-еркін келіп, кешірім ала алады, өлім жазасына лайықтылар қайырым көре алады. Тәңір Ием, біз өзіміздің күнәлі екендігімізді толық мойындаймыз және бізді кешіре гөр деп өтінеміз!

**МЕН ҚҰДАЙ ИЕМІН... ЖАЛҒАН ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ  
БОЛЖАМДАРЫН ЖОҚҚА ШЫҒАРАМЫН**

Ишяя 44:24-25

Бұл сөздер барлық қисынсыз әрі жоқтан өзгеге нанғыш қауіптенулерді жоюы керек! Егерде, тіпті, сиқыршылық пен сәуегейшілікте шындық сияқты бір нәрсе бар болғанның өзінде, бұл Құдай халқын еліктірмейді әрі еліктірмеуге тиісті. Құдай жарылқаған жанды шайтанның бірде-бір жын-перісі қарғай алмайды.

Балағам сияқты құдайсыз адамдар, Құдай халқын мүлде жою үшін, жауыздықпен әр түрлі жаман жоспарлар ойлап табуы мүмкін; алайда олар бұл жоспарларының құпиялығы мен қулық-сұмдығына қарамастан, сәтсіздікке ұшырайды. Өйткені олардың оқ-дәрісі дымқыл, семсерінің жүзі мұқалған. Олар ұрысқа жиналады, бірақ құдіретті Құдай олармен бірге емес, сондықтан да олар босқа әуре болады. Ал біз толық тыныштықта бола аламыз, олар болса өздерінің жауыздықпен салған қармағын кері алуға мәжбүр болады, себебі олар бізді еш уақытта да қолға түсіре алмайды. Олар Белзәбүл шайтанды көмекке шақыра ма, әлде жыланнның зұлымдығын пайдалана ма бәрібір, бұлардың ешқайсысы да ешқандай пайда әкелмейді; сиқырлықтары іске аспайды, ал сәуегейліктері өздерін алдайды. Бірақ бұл біз үшін қандай жарылқаушылық десеңізші! Бұл біздің жүрегімізді қалай жұбатады десеңізші! Нағыз дұға етушілер Құдаймен бірге күреседі, сөйтіп оларға ешкім де қарсы келе алмайды және оларды ешкім де жеңе алмайды. Құдайдың балалары күшқуатты Құдайдан алады, сондықтан да жеңіске жетеді, ал олардың қарсыластарының ешбірінде мұндай күш жоқ, сондықтан да олар жеңіліске ұшырайды. Сол себепті зұлым жауымыздан да, сөздері арбауға толы, ал жоспарлары зұлым әрі зерттеусіз, құпия қарсыластарымыздың ешбірінен де қауіптенудің қажеті жоқ. Олар тірі Құдайға сенім артқан адамдарға еш зиян келтіре алмайды. Құдайдың балалары шайтан мен оның сансыз көп жын-перілеріне қарсы тұрады.

СОЛ ЖЕРДЕ ӨЗДЕРІНДІ АРАМДАП КЕЛГЕН  
ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫН ЕСТЕРІҢЕ ТҮСІРЕСІҢДЕР.  
СОНДА ЖАСАҒАН СҰМДЫҚТАРЫҢА БОЛА ӨЗДЕРІҢЕ  
ӨЗДЕРІҢ ҚАРАБЕТ ЖЕКСҰРЫН БОЛАСЫҢДАР

Езекиел 20:43

Егер біз қайырымды Құдаймен қабылданып, Оның рақымына ие болсақ, онда сол қайырымды Құдайымызға қарсы жасаған барлық қателіктеріміз бен күнәларымызға міндетті түрде өкінеміз. Күнәдан бет бұрып, дұрыс жолға түсудің құндылығы соншалық, оны мөлдір судан да таза гауһар деп атай аламыз; тәубеге келу құтқарылудың жемістерінің бірі ретінде, Құдай халқына уәде етілген. Бізді тәубеге келуге итермелейтін рухты сыйлайтын да және сол тәубемізді қабылдайтын да Құдайдың Өзі. Құдай тәубені қаңыраған *бос қаңылтыр қалбырдың* ішінен алмайды; тәубе Құдай бір кезде Өз халқын тамақтандырған бал татыған тәтті нанға ұқсас. Киелі Қанмен сатып алынған кешірім туралы, сондай-ақ біздің еңбегіміз сіңбеген қайырымдылық туралы ойлар – тас жүректерді де жібітетін ең жақсы амал. Сонда біздің жүрегіміз шынымен де қатыгез болғаны ма? Келіңіздер, сүйіспеншілік келісімі туралы ойланайық, сонда біз күнәмыз үшін өкініп жылап, одан бас тартатын боламыз және оны жек көре бастаймыз. Тіпті өзімізді де жек көре бастаймыз, өйткені Құдайдың соншама шексіз де ұлы сүйіспеншілігіне қарсы күнә жасағанымызды түсінеміз. Сонымен өз хал-жағдайымыздың қандай деңгейде екенін түсінуге және жасаған күнәларымыз үшін өкініп, лайықты түрде тәубе етіп, үйге қайтуымызға (теріс жолдан қайтуымызға) Құдайдың Өзі жәрдем берсін деп өтінейік! О, егер де біз осы қасиетті сәтті басымыздан өткізе алсақ қой! Онда біз көл болып аққан көз жасымыздан қандай жеңілдік табар едік! Қайырымды Құдайым, бұлақтың көзі ашылу үшін жүрегіме Өзің түрткі салшы немесе жүрегімнің «жартасын» соқшы, одан өмір суы тасқындап ақсын!

## ОЛ БАРЛЫҚ КӨЗДІҢ ЖАСТАРЫН СҮРТІП ТАСТАП ЖҰБАТАДЫ

Аян 21:4

Егер біз шынымен сенуші болсақ, онда бұл кезеңге міндетті түрде жетеміз. Ауру-сырқау біржолата тиылады. Құдай көз жасымызды сүртеді. Қазір біз көз жасқа тұншыққан дүниеде өмір сүрудеміз, дегенмен бұл дүние өтіп бара жатыр. Жаңа көк пен жаңа жерді көрдім, – деп жазылған осы тараудың бірінші аятында. Сол жерде біз өзіміздің адамгершіліктен жұрдай болғандығымызды және соның салдарынан туындаған қайғы-қасіретімізді айтып жыламаймыз. Екінші аятты оқып шығып, бұл аяттың Қалыңдық пен Оның некесі туралы не айтатынына назар аударыңыз. Құдайдың Құрбандық Тоқтысының некесі – бұл шексіз қуаныш мезгілі, сол кезде мүлдем көз жасы болмайды. Ал үшінші аятта күнәсінің құны өтеліп, кешірілген пенделерінің арасында Құдайдың Өзі болатындығы туралы айтылған. Оның оң жағында отыру мәңгі шаттық екені және онда көз жасы да болмайтыны айдан анық.

Қайғы-қасірет те, еңіреп жылау мен ауру да болмайтын кездегі жағдайыңызды көз алдыңызға елестетіп көріңізші? Бұл жағдай біздің күткенімізден әлдеқайда даңқты болмақ. Ол жерде жылап-сықтаудан қызарған көздің жасы тиылатын болады! Содан бастап біз ешқашан жыламаймыз. Біздің көз жасымызды сүйіспеншілікке толы Құдайдың Өзі сүрткендей ешкім де сүрте алмайды. Ол осы істі істеу үшін Өзінің жүзін бізге бұрды. *Кешке жылаймын, бірақ таңертең жүрегіме қуаныш орнайды*, – деп жырлаған кезінде Дәуіт пайғамбар.

Жұбатушы Ием, тездетіп келші, себебі қазір ерлер де, әйелдер де – бәрі де жылауға мәжбүр!

**МЕНИҢ СЕНДЕРГЕ БЕРІП ОТЫРҒАН ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІМНІҢ  
БӘРІН БҰЛЖЫТПАЙ ОРЫНДАҒДАР! ЕГЕР ОСЫНЫ  
ІСТЕЙТІН БОЛСАҒДАР, ӨЗДЕРІҢЕ ДЕ, БОЛАШАҚ  
ҰРПАҚТАРЫҢА ДА ЖАҚСЫ БОЛАДЫ. СЕБЕБИ ОСЫЛАЙ  
ЕТКЕНІҢДІ ҚҰДАЙ ИЕЛЕРІҢ ДҰРЫС ДЕП САНАП,  
ҚҰПТАЙТЫН БОЛАДЫ**

Заңды қайталау 12:28

Шын бақыттылыққа қол жеткізу заңды орындау істері арқылы болмағанмен, Құдайдың сенімді құлы бойсұнғыштығы үшін уәде етілген жарылқаушылықтардан құралақан болмайды. Иеміз Иса жазамызды Өз мойнына алған кезде, бізді қарғыстан азат етті және Өзіне бойсұнғандарға уәде етілген жарылқаушылықтардың бірде-бірінен айырмады.

Сондықтан да өзімізге көрсетілген Құдайдың еркін ықыласпен тыңдау бізге аса қажет және назарымызды Оның сөздерінің тек белгілі бір бөлігіне ғана емес, бәріне де аударуымыз керек. Құдайдың бұйрықтарының ішінен өзімізге ұнамдысын іздеп, іріктеумен айналыспай, керісінше алаламай бәрін бірдей құрмет пен сый көрсете отырып қабылдауымыз керек. Әке үшін де, оның балалары үшін де игілікке бастайтын бірден-бір жол осылай болмақ. Құдайдың батасы таңдаулылардың үшінші және төртінші ұрпағына дейін ере жүреді. Егер біз Құдайдың алдында шындықта жүрсек, онда айналамыздағы адамдардың бәрі, біздің Құдай жарылқаған адамдардың ұрпағы екенімізді біледі.

Абыройсыздық пен екіжүзділік өзімізді де, жақындарымызды да Құдайдың жарылқаушылығына жақындата алмайды. Күнәмен және осы күнәһар өмірмен достасу өзімізге де, балаларымызға да еш жақсылық әкелмейді. Керісінше, игілікке тек Құдайдың алдында дұрыс жүрген кезде ғана ие боламыз. Егер шындық пен әділдік бізге алға жылжуға көмектеспеді десек, онда алдап-арбаумен үзілді-кесілді еш нәрсеге қол жеткізе алмаймыз. Тек Құдайға қуаныш әкелетін істер ғана, бізге де қуаныш әкеледі.

МЕН САҒАН ЖАР БОЛЫП,  
ҚАЙДА БАРСАҢ ДА ҚОРҒАЙМЫН

Жаратылыстың басталуы 28:15

Біз өмір *жолымызда* Құдайдың батасына мұқтажбыз ба? Бұл жерде Құдай бізге өте жақсы екі бірдей батаны ұсынып тұр: Құдайдың Өзі бізге жар болатыны және қорғайтыны. Біз бұл баталарға қай жерде болсақ та мұқтажбыз әрі жолға шыққан кезде осы баталарға міндетті түрде ие болуымыз қажет, себебі бұл біздің жеке басымыздың қалауы емес, керісінше бұған біздің парызымыз итермелейді. Егер Құдайдың еркі бізге басқа елге көшуді жүктесе, неліктен біз оған қайғылы жағдай сияқты қарауымыз керек? Сенушілер қай елде өмір сүрсе де, бәрі бірдей бұл дүниеге уақытша келген қонақ немесе келімсек сияқты. Бірақ сонымен қатар, әрбір елде Құдайдың Өзінің таңдаулыларына арналған отаны бар, бұл туралы Киелі Жазба беттерінде көрсетілген әр замандағы қасиеттілердің үлгілері айғақ береді. Біз жердегі патшаның қорғауын елемесек болады, бірақ егер Құдай: *Мен сені қорғаймын*, – десе, онда біз шынымен де толық қауіпсіздіктеміз. Бұл сөз – жиһанкез үшін жарылқанған төл құжат және жолға шыққан адам үшін көктегі серіктес.

Бұл уәде сыйланған адам осы уақытқа дейін әкесінің босағасынан аттап шықпаған, шешесінің еркетайы болды және ағасы сияқты қызықты оқиғалар да іздемеген. Алайда, ол соған қарамастан, алыс елге аттанды. Сонда Құдай да онымен бірге сол жерге аттануға асықты. Оның айтарлықтай жүгі де, серіктестері де болмады. Дегенмен жердегі патшалардың ешбірі де, дәл осы адамдай соншалықты даңқты қорғап-қоршаумен жиһан кезген емес. Тіпті ол ашық аспан астында ұйықтап жатқан кезде де, Періштелер оны қалғымай қорғап тұрды. Сондай-ақ, Құдай Иеміздің Өзі де онымен бірге болды әрі онымен сөйлесті. Құдайға шүкір! Жаратушы Иеміз қайсыбір жерге бар деп бұйырған кезде, біз Құтқарушымызбен бірге: *Орнымыздан тұрып, жолға шығайық!* – деп айта аламыз.



## СИБЫНАТЫН ҚҰДАЙЫМ ҮНІМЕ ҚҰЛАҚ АСАДЫ

Миха 7:7

Достарымыз сенімсіз болуы мүмкін, бірақ Тәңір Иеміз сенімді, Ол кешірілген жаннан жүзін теріс бұрмайды, керісінше оның барлық тілегіне құлақ асады. *Қойныңда жатқаннан аузыңа абай бол... адамның дұшпандары өз үй-іші, –* дейді бір пайғамбар. Тіпті осындай жағдайдың өзінде де ең жақсы Досымыз бізге адал күйінде қалады, сөйтіп Оған өзіміздің барлық қайғы-қасіретімізді айта аламыз.

Біз айналамызды қоршаған адамдармен шайқаспай, Құдайымызға қараған кезде ғана, шынымен ақылды болмақпыз. Туған-туысқандарымыз біздің сүйіспеншілікпен берген кеңесімізді елемеген кезде, өзіміздің Құтқарушы Құдайымызға ерекше сенім артамыз, себебі Ол бізді сөзсіз тыңдады. Ал егер басқа адамдардың бізді аса жаратпай, қудалап не қорлап жатқанын көрсе, Ол одан да жылдамырақ естиді. Сол кезде біз де: *Дұшпаным, қуанба! Мен құласам да, қайтадан тұрамын, –* деп көтеріңкі үнмен айта алатын боламыз.

Біздің жүгінетін Құдайымыз тірі Құдай болғандықтан, Оның бізді тыңдауға құдіреті шынымен жетеді; Ол сүйіспеншілікке толы Құдай болғандықтан, бізді шынымен тыңдағысы келеді; Ол өсиеттің Құдайы болғандықтан, бізді тыңдауға міндетті. Егер әрқайсымыз Оған келіп: *Менің Құдайым!* – деп айта алатындай мүмкіншілігіміз бар болса, онда: *Менің Құдайым мені естиді!* – деп толық сеніммен айта аламыз. Сондықтан да кел, қансыраған жүрек, Тәңір Иең, Құдайыңның алдында жүрегіңдегі бар ауыртпалығыңды төк! Жасырын жерде тіземізді бүгіп, іштей ақырын ғана: *Менің Құдайым мені естиді!* – деп айтайық.

**БІРАҚ МЕНІ ТЕРЕҢ ҚАСТЕРЛЕЙТІН  
СЕНДЕР ҮШІН ӘДІЛДІКТИҢ КҮНІ ШЫҒЫП,  
ҚАНАТТАРЫМЕН СЕНДЕРГЕ САУЫҒУ ӘКЕЛЕДІ**

Малахи 4:2

Құдайдың бұл шапағатты сөзі біздің даңқты Тәңір Иеміз туылған кезде бір рет орындалды, ал Оның екінші келуінде бұл сөз толығымен жүзеге асатын болады. Сондай-ақ бұл сөздің күнделікті өмірімізге де арналғанын ескерейік. Құрметті оқырман, сені қоршаған орта қараңғылықта ма? Есіңде болсын, әйтсе де саған күдер үзудің қажеті жоқ! Сен үшін де міндетті түрде күн шығады. Қараңғылық әбден қоюланған кезде, таңның атуы жақын болмақ.

Жақында шығатын күн, әдеттегі күн емес. Бұл ақиқат Күні – нұрында киелілік бар шындықтың Күні. Жақында бізді қуанту үшін келетін Құтқарушымыз бізге шындықтың жолымен қалай жақындаса, дәл солай қайырымдылық жолымен де жақындауда. Ол заңды бір рет те бұзбайды. Ол бізді міндетті түрде құтқарады. Иса бізге Құдайдың киелілігін көрсеткендей, Өзінің сүйіспеншілігін де көрсетуде. Біздің құтқарылуымыз әбден күдіксіз, себебі бұл шындық, біз тек сол уақыттың тууын күтудеміз.

Біздің өзімізді өзіміз сынауымыздағы ерекше маңызды кезең мынау: *Біз Құдайымыздың атын қастерлейміз бе? Біз тірі Құдайды шынымен құрметтеп, Оның бізге нұсқаған жолдарымен жүреміз бе?* Сонда түн бізге тіпті қысқа болып көрінеді, сөйтіп көп ұзамай таң да атады. Осылайша біздің ауру-сырқауларымыз бен жан күйзелістеріміздің бәрі де өтіп кетеді.

Қазір біз үшін осы Күн шықты ма? Біз Исаның екінші рет келуін күтудеміз бе? Олай болса, осы Күннің нұрында болайық! Бірақ, мүмкін Ол бізден Өзінің жүзін жасыратын болар? Абыржымайық! Осы күннің шығуын әрдайым да күтейік. Күн нұрын бізге қалай шашатын болса, Құтқарушы Мәсіх те Өз нұрын дәл солай шашатын болады.

**СОНДА СЕНДЕР БОРДАҚЫ ТАЙЫНШАДАЙ  
ҚУАНА СЕКІРЕТІН БОЛАСЫҢДАР**

Малахи 4:2

Көктем шығып, күннің көзі көрінген кезде, аурулар да сергіп, таза ауада демалу үшін, бөлмелерінен шығады. Көктем соңынан жаз келіп, күн әбден қыза бастағанда, малдар өзіне азықты биіктеу жайылымнан іздейді. Сол сияқты біз де, егер өзіміздің Тәңір Иемізбен болған қарым-қатынасымызда нық сенімді болсақ, онда қажып-қалжыраудың үңгірін тастап, киелі сенімнің егістік даласында емін-еркін жүретін боламыз. Сөйтіп қуаныш тауына шығамыз және күнәлі өмірге бет бұрған адамдардың тамақтанатын жерінде жүрудің орнына, көкке қарай созылып жатқан, құнарлы жайылымға қарай жақындаймыз.

*Бордақы тайыншадай жайылымға шығу және қуана секіру* – бұл қос уәде. Жан-дүнием, осы уәделерден рақат табуды тіле! Сен не үшін тұтқын боласың? Тұр да емін-еркін адымдап жүр! Алға қарай жүр! Иса Өзінің қойларының емін-еркін кіріп-шығып, жайылым табатыны туралы айтқан; сонымен, жан-дүнием, шық та, шексіз сүйіспеншіліктің ағыл-тегіл мол жайылымына қарай бар.

Сен неліктен Құдайдан берілген рақымшылықтарды пайдаланбай, нәресте күйінде қалып қойғың келеді. Өс! Жас торпақтар тез өседі, ал сенде бұған қоса Өтеушінің ерекше қамқорлығын пайдалану мүмкіндігі бар. Сондықтан да өзіңнің Құтқарушы Тәңір Иенді терең танып білуде және Оның рақымшылығында рухани өсіп жетіл.

Сенің үстіңнен шындықтың Күні әлдеқашан шыққан. Гүлдер жердегі күннің нұрын өзіне қалай сіңірсе, сен де солай Құдайдың нұрын өзіңе әбден сіңір! Жүрегінді Оған айқара ашып, өс, рухани дамы!

КҮНӘЮАР ДҮНИЕДЕ ҚЫСЫМШЫЛЫҚ  
КӨРЕСІҢДЕР; АЛАЙДА БАТЫЛ БОЛЫҢДАР:  
МЕН ОСЫ ДҮНИЕНІ ЖЕҢДІМ

Жохан 16:33

Тәңір Иемнің қысымшылыққа, қайғы-қасіретке қатысты айтқан осы сөздері ақиқат. Сол қысымшылықта менің де үлесім бар екендігі еш күмәнсіз. Астық басатын машина әлі тоқтаған жоқ, сондықтан мен әлі қырманда болған кезімде, оның жақын арада тоқтайтынына үміттенбеймін. Мен жау жерінде үйдегідей жүремін, қуғыншылық кезінде қуанышта боламын, қуаң далада жайлы орналасамын деп үміттенем аламын ба? Жоқ, мен дамыл табатын жер бұл жер емес! Бұл жер тек темір балқытатын пештің және балға мен төстің орны. Менің өмірлік тәжірибем Құдай Иемнің сөздерімен толықтай сәйкес келеді.

Оның маған батыл бол деген бұйрығын ілтипатпен қабылдаймын. Өйткені мен жабырқаңқылыққа соншалықты бейімдімін. Ауыр сынақтардан өткен кезде, батылдықтан айрылып қалуым да оп-оңай. Бірақ мен бұл сезімге жол бермеуім керек. Тәңір Ием маған батыл бол деп бұйырған кезде, Оның сөздеріне бойсұнбай, уайымға жол беруге қалай батылым барады?

Ол мені қалай жігерлендіріп жатыр? Өзінің жеңісімен жігерлендіріп жатыр! Ол: *Мен осы дүниені жеңдім!* – дейді. Оның күресі менікіне қарағанда әлдеқайда ауыр болды. Мен әлі қан төгіп күрескен жоқпын! Ондай болса жеңіске жететініме неге күдік келтіремін? Міне, солай жаным, жаудың бір кезде шындап жеңілгенін біліп қой! Сөйтіп қазір мен жеңілген жаумен күресудемін. Күнәһар дүние, Иса сені жеңген және Ол қазір де мен арқылы Өзінің рақымшылығымен сені жеңеді! Сондықтан мен қуанамын және күнәһар дүниені жеңген өзімнің Иеме мадақтау жырын айтамын.

**МЕН СЕНДЕРДІ ЖЕТІМСІРЕТПЕЙ,  
ҚАЙТА ОРАЛАМЫН**

Жохан 14:18

Иса бізден кеткенімен, бәрібір жетім қалған жоқпыз. Ол біздің жұбанышымыз, бірақ Ол бізден кетті, әйтсе де біз жұбанышсыз емеспіз. Біздің жұбанышымыз, Ол қайтадан оралады деген нық сенімімізде. Осы сеніміміз Исаның арамызда ұзақ уақыт бойы болмаған кезінде, бізді шындықта сақтау үшін әбден жеткілікті. Алайда, Иса қазір бізге келе жатыр. Ол бізге асыға жақындауда; Ол: *Мен келе жатырмын*, – дейді. Оның келуіне ешкім де бөгет бола алмайды және Оның келу уақытын бір сәтке де тоқтата алмайды. Ол: *Қайта келемін!* – деп анықтап айтты. Сондықтан Ол міндетті түрде келеді! Ол біз үшін – Өзінің таңдаулылары үшін келеді. Әзірше қайғы-қасірет көріп жүрген кезімізде әрі Күйеу Жігіт келмейінше, біздің үмітіміз бен жұбанышымыз осы сөзде!

Исаның қайтадан келуін күтудегі қуанышты сезімді жоғалтқан кезде, сары уайымға салынатынымыз сөзсіз. Дегенмен, бізге үміті жоқ адамдардай, қайғырудың қажеті жоқ. Тәңір Иеміз қаһарланған кезде даңқты жүзін бізден біраз жасырды, бірақ Ол бізге сол толық даңқымен қайтадан келеді. Ол бізді белгілі бір уақытқа ғана қалдырып кетті. Өйткені Ол Өзінің қайтадан келетініне кепілдік берді. О, Тәңір Ием! Тезірек келші! Егер Сен бізбен бірге болмасаң, бұл жердегі тіршілік қиын! Біз Сенің жылы шырайлы жүзбен күлімсіреп, қайта келуіңді күтіп күрсінеміз. Сен бізге қашан келесің?! Сенің міндетті түрде келетініңе нық сенеміз. Бірақ Сен бізге тезірек жетуге асықшы! О, Тәңірім, біздің Құдайымыз, кешікпей келші!

**СОНДА ҚАНДЫ КӨРІП,  
СЕНДЕРГЕ СОҚПАЙ ӨТЕ ШЫҒАМЫН**

Мысырдан көшіп шығу 12:13

Құнды қанды көруім, мені жұбататыны ақиқат; дегенмен оны Құдайдың көруі, менің құтқарылуымның шүбәсіз кепілі болып табылары шындық. Оны көруге менің қабілетім жетпей қалған күнде де, Құдайдың періштесі міндетті түрде көреді де соқпай өте шығады. Егер менің сенімім күңгірттеңіп, өзіме тиісті жан тыныштығына қол жеткізе алмасам да, қауіпсіз жағдайдамын, себебі құдіретті Құдайдың көзі еш күңгірттенбейді әрі Ол ұлы Құрбандықтың Киелі қанын әрдайым да көріп тұрады! Бұл біз үшін қандай қуаныш десеңізші!

Құдай Өзінің сүйікті Ұлының өлімінің қаншалықты құнды болғандығының терең мәні мен шексіз толықтығын көреді. Ол бұны көре отырып, шындықтың жүзеге асырып жатқан істері мен Өзінің теңдессіз қасиеттерінің бәрі де мадақталып жатқаны туралы қанағаттана терең ойға шомады. Кезінде Ол Өзінің жасағандарына қанағаттанды, сол себептен де: *Құдай жасағанына қарап, жақсы екенін көрді!* – деп жазылған. Алайда, Ол Өзінің сүйікті Ұлының бойсұнуы, тіпті соңғы демі шыққанша бойсұнуы туралы не айта алар екен? Бейкүнә Исаның Өзін құрбандыққа беруі арқылы әкелген бойсұнудың тәтті хош иісінен Оның қалай рахат тапқанын ешкім де тілмен айтып жеткізе алмайды.

Міне, сол себептен де құтқарылдық деген нық сенімнен жанымыз қалаған тыныштықты табайық! Бізде толық қауіпсіздік сезімін оятатын Құдайдың Құрбандығы мен Құдайдың Сөзі бар: Ол біздің заңсыздықтарымызға соқпай өтіп кеткісі келеді әрі Ол осылай істеуге мәжбүр, өйткені құдіретті Құдай осы заңсыздықтарымыз үшін, Өзінің сүйікті Ұлын аямай, Өтеуші ретінде құрбандыққа берді. Киелі Қанмен бүркілгендердің бәрін мәңгі құтылумен қамтамасыз ету үшін, шындықтың Құдайы сүйіспеншілікпен қолын созуда.

**ЕГЕР ӨЗ ҚҰДАЙ ИЕЛЕРІҢЕ МОЙЫНСҰНАТЫН БОЛСАНДАР,  
ОНДА МЫНА ЖАРЫЛҚАУЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ СЕНДЕРГЕ  
ҚОНЫП, СЕНДЕРДІКІ БОЛАДЫ: ҚАЛАДА ДА, ДАЛАДА ДА  
СЕНДЕРГЕ ОНЫҢ БАТАСЫ ҚОНАДЫ**

Заңды қайталау 28:1-3

Қала машақатқа толы, әрі онда тұратын әркім, қаланың адамды шаршататынын байқайды. Қала шу мен әбігершілікке, тынышсыздық пен ауыр еңбекке толы. Оның азғыруларының да, ол әкелетін бақытсыздықтар мен апаттардың да түрлері көп. Дегенмен, егер қалаға Құдайдың батасымен кірсең, ондағы өмірдің қиыншылықтары саған улы тісін батыра алмайды; егер Құдайдың жарылқаушылығында болсақ, онда біз оның жүктеген міндеттерінен қуаныш тауып, сонда өмір сүруге лайықты күшке ие боламыз.

Қаладағы жарылқаушылық бізді дәріптемейді, тек жамандықтан ғана сақтайды. Ол бізді байытпауы да мүмкін, бірақ әділдікте сақтайды. Біз жүк тиеуші немесе қызметші боламыз ба, іс басқарушы, көпес немесе жоғары мәртебелі төре боламыз ба, бәрібір сол бір қала бізге пайдалы іске деген мүмкіншілікті көптеп ұсынады. Балықты оның шоғырланған үйірінен аулаған жақсы, дегенмен халық аса көп жерде Құдайға қызмет ету көбінесе қиын болады. Бәлкім, біз ауылдық жерде өмір сүрген тыныш деп бағалармыз, бірақ қалада өмір сүруге шақырылған болсақ, әрине, біз мұны орындауға мәжбүрміз, себебі бұл Құдайдың бізге белгілеген ісін жүзеге асыру үшін еркіндік береді. Сонымен, құлағымыз Құдайдың даусын естуге жеткілікті түрде ашық, ал қолымыз Оның тапсырмасын орындауға шапшаң болсын! Бойсұнушылық бата әкеледі. Құдайдың өсиеттерін берік сақтаған адам ұлы сыйға ие болады.

ЕГЕР ҚҰДІРЕТТІ ҚҰДАЙҒА ҚАЙТА ОРАЛСАҢ,  
... ОНДА БӘРІ ДЕ ЖАҚСЫ БОЛАДЫ.

Әйүп 22:23

Елифаз бұл жерде Құдайдың адамдарды сендірген көп сөздерінің басты қорытындысы болып табылатын ұлы шындықты айтып тұр. Құрметті оқырман, күнә сені еліктіріп әкетті ме? Күнәдан қалжырап, бұзылуға айналдың ба? Құдайдың қолы саған қарсы көтерілгендіктен, кедейленіп, рухың күйреді ме? Басыңа осы бақытсыздықтардың бәрін тудырған өзіңнің ақымақтығың емес пе? Олай болса, сенің ең бірінші істеуге тиісті ісің – бұл тезірек Құдай Иеңе қайтадан оралу. Осы адасушылықтан шығарар бірден-бір жол – терең бойсұнушылық пен ақиқи сенім! Бұл сенің міндетің, себебі сен бойсұнушылық көрсетіп, қызмет етуге міндетті болған Құдай Иеңнен жүзінді теріс бұрдың. Құдай Иеңе қайтадан бет бұру – бұл осы жағдайыңнан шығудың ең дұрыс жолы, өйткені Құдаймен қарсыласып өмір сүрген адам бақытты бола алмайды. Сенің ең басты әрі тікелей зәрулігің осы. Әрине, Ол сені жазалау арқылы да Өзіне бет бұрғыза алады, бұған Оның құдіреті жетеді, бірақ Оның сен үшін бұдан бұрын орындап қойған барлық істері, сені жазалау үшін істей алатын ендігі істерінен анағұрлым жоғары ғой.

Міне, Ол саған осындай тамаша уәдені ұсынып тұр! Сенің басыңнан тайған бақытыңды құдіретті Құдайдан басқа ешкім де қайтадан қалпына келтіре алмайды; Егер сен Құдайға қарай бет бұрсаң, Ол саған жәрдем береді. Құдай құдіретті емес пе? Оның ұсынысынан бас тартпа. Егер сен Құдайға наразылық білдіріп, Онымен қарсыласып, қырсықсаң, еңсең бұрынғыдан да төмендеп, ұнжырғаң әбден түсуі мүмкін, ал күнәні мойындап, Құдайға сенім арта отырып, шын жүректен тәубе ету жүрекке жұбаныш әкеледі. Осының бәрін көңіліңе тоқып ал, сонда бәрі де жақсы болады!



## ШЫНДЫҒЫМНЫҢ ОҢ ҚОЛЫМЕН СЕНІ ҚОЛДАЙМЫН

Ишая 41:10

Адамгершіліктен мүлде айырылып қалудан қорқу аса шипалы. Батылдық әрдайым даналықтың белгісі бола бермейді. Кейде бізді Құдай ерекше қолдамаса, құритын уақытымыз таяп қалғандай сезінетін кездеріміз болады. Бірақ, Құдайға шүкір! Міне, Құдайдың осы уәдесінде біз қалағандай, Құдайдың күшті қолының – оң қолының қолдауы бар. Назар аударыңыз: тиісті орнында тұрған көк пен жерді Оның қолы ғана қорғап қоймай, сондай-ақ күш пен шеберлік біріккен оң қолы да қорғауда, бұл Оның мүлтіксіз жетілген түрде көрінетін құдіретті күші. Бірақ бұл осымен ғана шектеліп қоймайды! *Сені шындығымның оң қолымен қолдаймын!* – деп жазылған. Өзінің киелілігін қорғау үшін және Өзінің патшалық үкімін орындау үшін қолданатын қол – Оған сенгендерді қолдау үшін де созылады. Бізді аңдып жүретін қауіп-қатерлер аса қорқынышты, алайда құтқарылу біз үшін қандай ұлы қуаныш болып табылмақ. Құдай қолдаған адамды, тіпті барлық жындар біріксе де құлата алмайды.

Біздің аяқтарымыз әлсіз болуы мүмкін, бірақ Құдайдың қолы құдіретті. Біздің жолымыз да тегіс болмауы мүмкін, бірақ құдіретті Құдай біздің тірегіміз. Сондықтан біз алға қарай батыл жүре аламыз әрі құламаймыз да. Сол себептен де бүкіл дүниені билеп тұрған құдіретті Құдайдан әрдайым қолдау іздейік! Құдай бізден Өз күшін алып қоймайды, себебі Ол әділ. Ол Өз уәдесінде берік тұрады. Ол Өз сөзі мен Өзінің Ұлына адал күйінде қалатындықтан, бізге де адал. Бұған қалайша қуанбасқа! Солай емес пе?

МЕН ОСЫ ҮШТЕН БІР БӨЛІКТІ ОТҚА САЛЫП,  
 КҮМІСТІ БАЛҚЫТЫП, ТАЗАЛАҒАНДАЙ ТАЗАРТАМЫН,  
 ӘРІ АЛТЫНДЫ ОТТА СЫНАҒАНДАЙ СЫНАЙМЫН.  
 ОЛАР МЕНІҢ АТЫМА СИЫНАДЫ, МЕН ОЛАРҒА ЖАУАП  
 БЕРЕМІН. МЕН: ОЛАР МЕНІҢ ХАЛҚЫМ – ДЕП,  
 ОЛАР: ЖАРАТҚАН ИЕ – СИЫНАТЫН ҚҰДАЙЫМЫЗ  
 ДЕЙТІН БОЛАДЫ

Зәкерия 13:9

Құдайдың рақымы бізді қымбат бағалы құнды тасқа айналдырады, нәтижесінде бізді балқытатын от пен темір пеш қажет болады. Біз бұлардан қорқамыз ба? Жоқ әлде, тек тыныштығымыздың бұзылмауы үшін ғана, өзімізді далада шашылып жатқан жәй тастай, түкке тұрғысыз деп санағанын артық көреміз бе? Бұл жаман жағын таңдап, жасымық көжеге бола келісім мұрасынан (тұңғыштығынан) бас тартқан Есаудың ісіндей болмақ. Жоқ, мейірімді Құдайым, бізден жүзінді бұрмауың үшін, бізді темір балқытатын пешке салуыңа қуана-қуана келісеміз.

Сен салған от бізді өлтірмейді, тек тазалайды. Бізді оттан өткізу аса қажет, дегенмен бізді онда қалдыру керек емес. Құдай Өзінің таңдаулыларын күмістей қастерлейді, сондықтан да оларды әр түрлі қоспадан тазалайтын қиын істі Өз мойнына алады. Егер біз шынымен ақылды болсақ, онда Құдайдың тазалау ісіне қарсыласпай, оны қуана қабылдаймыз. Сөйтіп біздің дұғамыз өзімізді балқытушы оттан құтқаруды сұраудың орнына, жаман қоспалардан тазалауын өтіп нуден тұратын болады.

Құдайым, шын мәнінде Сен бізді сынап жатырсың! Біз оттың қатты жалынынан балқып-ақ қалдық. Бірақ бұл Сенің жолың ғой, ал Сенің жолың ең жақсы жол. Бізді сынақ кезінде Өзің сақтап, тазалау ісін аяқтай гөр, сонда біз мәңгілікке Сенікі боламыз!

**СЕН БАРЛЫҚ АДАМДАРҒА КӨРІП-ЕСТІГЕНІҢ  
ТУРАЛЫ КУӘ БОЛЫП ТҰРАСЫҢ**

Елшілердің істері. 22:15

Пауыл Құдайдың көктен қалай сөйлейтінін көріп-есту үшін Құдайдың жеке Өзімен таңдалып алынған. Құдайдың бұл таңдауы ол үшін ұлы артықшылық болды, алайда бұл артықшылық тек оның жеке басымен ғана шектеліп қалған жоқ. Оған басқаларға да, тіпті барлық адамдарға ықпал етуге тура келді. Пауылға Інжіл үшін бүкіл Еуропа борышты.

Біздің әрқайсымыз мүмкіншілігімізге байланысты Құдайдың өзімізге ашқанына куә болуымыз керек; егер біз бұл құнды ашыруды адамдардан жасыратын болсақ, өзімізге күшті қауіп-қатер төнетінін ескерейік. Әлбетте, біз алдымен көріп-естуіміз керек, олай болмаған күнде, бізде айтатын да еш нәрсе болмайды, бірақ егер куә келтіру қабілетіне жеткен болсақ, онда куә келтіру тілегімен жалындап тұруымыз қажет. Куә болу біздің жеке ісімізге айналу керек: *Сен куә болып тұрасың!* Бұл іс Мәсіх үшін орындалуы керек: *Сен Оған куә болып тұрасың!* Куәлік ету өміріміздегі барлық басқа нәрселерден тыс, тұрақты болуы керек. Біз тек өзіміз баурай алатын таңдаулы адамдардың алдында ғана емес, сонымен қатар жастар мен қарттардың, байлар мен кедейлердің, жақсылар мен жамандардың да алдында куә болуымыз керек. Біз мылқаулық рухымен байланған адам сияқты үнсіз отыра алмаймыз, себебі жоғарыда айтылған сөздер біз үшін әрі уәде, әрі бұйрық болып табылады. Сонымен Тәңір Иеміздің: *Сен куә боласың!* – деген сөзін ұмытпайық.

ҰРПАҚТАРЫҢНЫҢ ҮСТІНЕ РУХЫМДЫ ТӨГІП,  
ОЛАРҒА ЖАРЫЛҚАУЫМДЫ ЖАУДЫРА БЕРЕМІН

Ишя 44:3

Біздің балаларымыз Құдайдың Рухына ие, бірақ жаратылысынан бастап емес әрине, біз бұны анық байқаймыз. Біз балаларымыздың болашағы үшін әрдайым қауіптенеміз, өйткені олардың өмірінен қауіптенуге мәжбүр ететін көп жағдайларды көреміз, сөйтіп бұл жағдайлар бізді мазалайды және солар үшін дұға етуімізге түрткі болады. Егер ұлымыз теріс жолда жүрсе, Құдай оны дұрыс жолға сала көрсе екен деп бар ынтамызбен дұға етеміз және қыздарымыздың ханша болғанынан гөрі, жай дұға етуші әйел болуын қуана қуана қолдаймыз. Сондықтан да бұл сөздер бізді аса жігерлендіруі керек. Бұл сөздер: *Қорықпа, құлым!* – деген сөздерден кейін айтылған және бұл сөздер қорқыныш қаншалықты қатты болса да сейілте алады.

Қайырымды Құдай Өзінің Рухын сыйлауға әрқашан да даяр, тіпті Оны ағыл-тегіл етіп, молынан төккісі келеді. Өзінің Рухы бізге шынайы әрі мәңгі жарылқаушылық болып көрінуі үшін, Құдай бізге Оны күдіретті күшімен сыйлауға даяр. Біздің балаларымыз Құдай Рухының осы ағыл-тегіл төгілуіне қатысып, өз өмірлерінде шындыққа айналдырулары керек. Сонымен балаларымыздың бірі: *Мен Құдай Иенікімін!* – десе, ал басқасы Жақыптың атымен аталатын болады.

Бұл Құдайдың көптеген уәделерінің бірі ғана. Біз осы уәденің күшін пайдаланып Оның алдына өтінішпен келе аламыз. Сондықтан да біз белгіленген уақыттарда және ерекше жолдармен өз балаларымыз үшін дұға етуіміз керек емес пе? Біз оларға жаңа жүрек сыйлай алмаймыз, бірақ Киелі Рух бұны істей алады. Ал бізге ол туралы сұрау опонай. Көктегі Әкеміз ата-аналардың дұғаларына рақымдылық көрсетеді; бүгінде біздің жақындарымыздың арасында құтқарылу кемесінен тыс қалған біреу-міреу бар ма? Егер бар болса, қайырымды Құдайдың қолы оларды да бізбен бірге осы кемеге енгізбейінше тыным таппайық!

**КӨРИНІП ТҰРҒАН МЫНА ЖЕРДІҢ БӘРІН МЕН САҒАН  
ЖӘНЕ СЕНІҢ ҰРПАҒЫҢА МӘҢГІЛІККЕ БЕРЕМІН**

Жаратылыстың басталуы 13:15

Бұл ерекше уәде және ол айрықша мәнді жағдайларда берілген. Ыбырамның от басында келіспеушіліктер туындай бастады. Сол үшін ол Лутқа: *Арамызда дау-жанжал туғызбай-ақ қояйық, біз ағайынды адамдармыз ғой!* – деді. Сондықтан да ол тек ынтымақшыл жандарға ғана берілетін осы уәдеге ие болды. Жан тыныштығын беруші, қайырымды Құдай Өзінің рақымын татулық іздеп, әрі сол татулықты сақтауға ұмтылғандарға қуана-қуана жариялайды. Егер Құдаймен бұрынғыдан да тығыз жақындықта болуды қаласақ, татулық жолына жақын болуымыз керек.

Ыбырам өзінің жас немере інісі Лутқа қалаған жерін таңдауға ерік берген кезде, қандай кең пейілділік көрсетті. Егер біз татулықты сақтау үшін өз мақсат-мүддемізден бас тартсақ, Құдайымыз уақыты келгенде, оның қарымтасын бірнеше есе көбейтіп кері қайтарады. Ру басы көз жетер жердің бәрін өз меншігім деп санауға ерікті еді, өйткені Тәңір Ие бұл жерді оның өзіне және оның ұрпағына мұралыққа белгілеп қойған болатын. Ал ол болса осы жерге шынымен ие болатын уақыттың келуін күту керек болды және ол солай істеді де. Біз де сеніммен дәл осылай істей аламыз. Құдайдың келісімінің арқасында, бүгінде шексіз көп жарылқаушылықтар біздің меншігімізде. Енді бәрі де біздікі! Егер Құдайға ұнамды болсақ, онда Ол жан-жағымызға көз тастап, қазіргінің де, болашақтағының да – бәрінің де шынымен біздің меншігімізде екенін көре алуымызға Өзі жәрдем береді! Біз Мәсіхтікіміз, ал Мәсіх Құдайдікі.

## ДАЛАДА ДА СЕНДЕРГЕ ОНЫҢ БАТАСЫ ҚОНАДЫ

Заңды қайталау 28:3

Біз Құдаймен оңашада болсақ та, өзіміз оңаша отырсақ та, далада жүрсек те, Ол бізбен жиі ұшырасады. Бізді айнала қоршаған жасыл бұталар мен ағаштар осы қуанышымызға куә бола алады. Міне, сондықтан біз осындай жарылқаушылықтарға мүлде басқаша қарай аламыз.

Осындай жарылқаушылыққа өзінің егінін жинаған кезде, Боғоз да ие болды, ал жалшылары болса, оған ізгі тілектер айтып, қошемет көрсетті. Соқа ұстағанның бәріне Құдай Иеміз батасын беріп, олар табысқа кенеле берсін! Әрбір егінші Құдайдың даусына құлақ салуды шынымен қаласа, осындай баталар мен уәделерге ие болады.

Түпкі атамыз Адам-ата сияқты біз де егістікке жұмыс істеуге аттанамыз. Бірінші адамның күнәсі үшін бүкіл жер бетін қарғыс атқан болса, енді екінші Адам арқылы батаға шынымен ие болатынымыз туралы шындық біз үшін жұба-ныш болмақ.

Біз қазір егістік даласына еркіндікте емін-еркін қимылдау үшін барамыз әрі Құдай Иенің бұл қимылымызды жарылқайтынына және бізге денсаулық беретініне нық сенеміз. Сөйтіп, Құдай сыйлаған денсаулықты Оның даңқы үшін қолдансақ дейміз.

Біз егістік даласына табиғатты танып-білу үшін барамыз; көзге көрінетін дүниені зерттегенде, осы дүниеде Құдайдың батасын сұрай отырып, адамның пайдасына жаратпайтын бірде-бір нәрсе жоқ екенін түсінеміз. Ақырында, біз далаға өлікті жерлеу үшін барамыз. Сөйтіп біздің кезегіміз келгенде басқа адамдар да бізді далаға, Құдайдың осы егістігіне жерлеуге алып барады. Біз екі жағдайда да: моланың алдында жыласақ та, оның ішінде тыным тапсақ та Құдайдың батасымен жарылқанғанбыз.

КІМ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ СЕНІМІН ЖҮКТЕСЕ,  
РАҚЫМЫ ТӘҢІРДІҢ ОНЫ ҚОРШАМАҚ

Зәбүр 31:10

Құдайға сенім артқаны үшін берілетін сыйлық неткен тамаша еді! Құдайым, осы сыйлықты маған толығымен берші! Саған сенім артатын адам басқа адамдардай емес, өзін күнәһармын деп мойындайды, бірақ ол үшін де Құдайдың қайырымы молынан төгілуде. Ол Өзінің бұған лайықты ешқандай еңбек сіңірмегенін біледі, алайда Құдайдың қайырымы оған жақын келіп, оның үй ішін соның өзіне бола ең ықпалды жолмен қорғайды. О, Құдайым, маған осы қайырымыңды сыйлашы, өйткені мен Саған сенім артамын ғой.

Қарашы, сен қандай күзетпен қоршалғансың! Әскерлердің патшаны қорғап тұратыны сияқты, сені де Құдайдың қайырымы қорғап-қоршап тұр. Сені алдыңнан да, артыңнан да, жан-жағыңнан да қайырымдылықтың атты жасақшылары күзетеді, себебі сен Иса Мәсіхтің қол астыңдасың. О, жан-дүнием, сен қазір керемет жағдайдасың! Сені ауа қалай қоршап тұрса, Тәңір Иеңнің қайырымдылығы да дәл солай қоршап тұр. Әділетсізге ағыл-тегіл мол қайғы-қасірет, ал сен үшін соншама көп қайырымдылық даярланып қойылған. Сол себептен сенің өмірінде ұшырасқан қырсықтар еске алуға да тұрмайды. Дәуіт пайғамбар кезінде былай деп жырлаған: *Иемізге қуаныңдар, әділдер шаттаныңдар! Шын жүректен адалдар, қуанып ән салыңдар!* Осы өсиетке бойсұнғанда, менің жүрегім Құдайдың құшағында шаттыққа кенелуге тиісті. Сөйтіп мен де өз қуанышымды елдерге жариялағым келеді. Құдайым менің, Сен мені Өз қайырымыңмен қалай қоршасаң, мен де солай Сенің құрбандық орныңды алғыс жырымен қоршағым келеді.

## ЛАЙЫМ ТӘҢІР ИЕ БІЗДІ ЕСКЕРІП, ЖАРЫЛҚАЙДЫ

Забур 113:20

Мен өз мөрімді Құдайдың осы уәдесінің алдыңғы сөйлеміне-ақ қойған болар едім. Ал сіз ше, осылай істемес пе едіңіз? Иә, Құдай бізді ұмытпайды, біздің қамымызды ойлайды, бізді жұбатады. Біз Оның Өзінің жетегінде екенімізді Ол ұмытпайды әрі біздің кіші-гірім мәселелеріміздің өзін де жадынан еш шығармайды. Ол бізді өмір бойы ұмытпайды, біз әрқашан да және үздіксіз Оның есінде боламыз. Біз бұны басымызға ерекше сынақтар түскен кезде анығырақ байқаймыз және қазір де осы қайырымдылықты еске ала отырып, асқан ризашылықпен: иә, Құдайымыз бізді шынымен де ұмытпайды! – деп шаттана дауыстағымыз келеді!

Екінші сөйлем алдыңғы сөйлемнің қисынды нәтижесі болып табылмақ. Құдіретті Құдай өзгермейтін болғандықтан, Ол бізді бұрын қалай ұмытпаған болса, болашақта да дәл солай ұмытпайды. Оның бізді жадында сақтауы жарылқаушылық сияқты. Бірақ, бұл жерде тек соңғы нәтиже мен біздің санамызбен қорытындылауымыз ғана айтылып тұрған жоқ, сондай-ақ Құдай сендірген түсініктеме: батаның Киелі Рухтың беделімен берілетіні де айтылған. *Бізді жарылқайды!* Бұл батаның мәні ұлы әрі зерттелгісіз. Құдайдың уәдесінің жан-жақтылығы оның көлемінің шексіз кең екендігін көрсетеді. Ол бізді Өзінің жеке Құдайлық болмысымен жарылқайды және осылайша мәңгі жалғастыра береді. Сондықтан да әрқайсымыз: *Жан-тәніммен Жаратқан Иені мадақтаймын!* – дейтін болайық.



**ӨЗІМНІҢ ЛАУЛАҒАН ҚАЮАРЫМДЫ ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРМАЙМЫН, ЕФРЕМДІ ҚАЙТАДАН ҚҰРТПАЙМЫН.  
МЕН ҚҰДАЙМЫН, ПЕНДЕ ЕМЕСПІН**

Ошия 11:9

Құдай Өзінің адамды аяйтын ізгілігін, міне, осылай жариялады. Оқырман осы сәтте Құдайдың рақымынан тыс, ауыртпалықта болып, елдің бәрі оны төніп келе жатқан жазамен қорқытуы мүмкін. Жоғарыда айтылған Құдайдың уәдесі сені түңілушіліктен сақтасын! Тәңір Ие сенің қандай жолдармен жүргеніңді түсінуге және күнәларыңды мойындап, тәубе етуге шақырады. Егер Ол адам болғанда, онда сөзсіз сенен бас тартқан болар еді. Егер Ол адамның болмысымен әрекет етуді қаласа, онда сені бір сөзбен-ақ немесе бір соққымен-ақ жойып жіберген болар еді, дегенмен Ол бұлай істеген жоқ, *өйткені аспан жерден қандай биік болса, Өзін құрметтегендерге жаудыратын Оның рақымы да сондай зор.*

Сен Құдай қаһарланады деп дұрыс ойлайсың, дегенмен Ол мәңгі қаһарланбайды. Егер күнәні тастап, Исаға бет бұрсаң, Құдай саған қаһарын төкпейді. Ол айтқанын орындайды, себебі Ол адам емес, Ол – Құдай. Бәлкім, сен қылмыс пен зұлымдыққа белшеңнен батып кеткен боларсың, бірақ соған қарамастан, сен әлі де кешірім ала аласың. Сенің ісің қатыгез адамға емес, әрі тіпті жәй әділ адамға да емес, Құдайдың Өзіне түсіп отыр. Саған ешкім де төзбеген болар еді! Сен өзіңнің қайғыға батқан әкеңнің шыдамын тауысқандай, тіпті періштенің де шыдамын тауысқан болар едің, бірақ, міне, Құдай саған ұзақ шыдап тұр. Оған жақындап кел, ең болмағанда осы жерде Оны сынап көр! Өз күнәңді мойында, Оған сеніп, өзіңнің зұлымдық жолыңнан қайт, сонда құтқарыласың!

**АЛ СЕНДЕР КҮШТІ БОЛЫҢДАР! МОЙЫМАҢДАР!  
ЕҢБЕКТЕРІҢНІҢ ЖЕМІСІН ӘЛІ ДЕ КӨРЕСІҢДЕР**

Шежіренің екінші кітабы 15:7

Құдай Өз халқы үшін ұлы істер жасады, бірақ ол өте әлсіз халық болып шықты. Оның аяқтары Құдай жолында жиі сүрініп, аса батылсыз болды. Сондықтан да Құдай оларға Иуда Менімен тығыз байланыста болған кезде ғана Мен Иудамен бірге боламын, ал Иуда Мені тастаған кезде, Мен де Иуданы тастауға мәжбүр боламын деп ескертуі қажет болды. Сондай-ақ бауырлас патшалық туралы және осы патшалықта бүліншілік шыққан кезде, олардың қандай жағдайға ұшырағандары туралы, сонымен қатар Ефрем күнәсін мойындап, тәубеге келген кезде, Құдай оған Өзінің рақымын қалай көрсеткені туралы Иуданың есіне салды. Құдіретті Құдай оны өмір жолында қуаттап, әділдікте нығайтуға ниет етті. Бізбен де дәл осылай болу керек. Біз Құдайға қолымыздан келгенінше, бойымыздағы бар күш-қуатымызбен қызмет етуіміз керек. Өйткені Ол бұған әбден лайықты.

Егер біз Құдай ісін табанды жігерлілікпен атқаратын болсақ, ең ұлы сыйға ие боламыз. Біздің Құдай алдында істеп жатқан ісіміздің пайдасыз емес екенін жақсы білеміз. Шала-шарпы істелген іс сыйға ие бола алмайды, бірақ біз Құдайға деген қызметімізге бүкіл жан-тәнімізбен берілсек, уақыты келгенде соның тамаша нәтижесін көреміз. Бұл сөз осы жолдарды жазған адамға күшті дауыл кезінде ұсынылып, ашық желкендердің астында батыл жүзіп, өзінің құнды жүгімен діттеген жеріне қауіпсіз жетесің деген сенімді ой берді.

**ӨЗІН ҚҰРМЕТТЕЙТІНДЕРДІҢ ҚАЛАУЫН ОРЫНДАП,  
ЖАЛБАРЫНҒАН ДАУЫСТАРЫН ЕСТІП, ҚҰТҚАРАДЫ**

Зәбур 144:19

Бізде бұл тілекті тудыратын Құдайдың Киелі Рухы, сондықтан да Ол бұны орындайды. Бұл Оның біздегі өмірі, ол біздің зарлы өтініш жасауымызға түрткі болады, сондықтан да Құдай осы зарымызды естиді. Құдайдан қорқатындар – Оның киелі ықпалында жүрген адамдар, сондықтан да олардың тілегі Құдайды мадақтап және Оның аясында мәңгі қуану. Киелі Жазбаның қайраткерлері сияқты, олар да тілек қайраткерлері болып табылмақ, сондықтан да Құдай Ие олардың тілегін орындайды.

Құдайға ұнамды тілек – бұл Құдайдың рақымшылығымен өсіп шыққан сабанның кішкене бір талы сияқты. Көктегі диқан оны дән толық піскенше күтіп баптайды. Құдайдан қорыққан адамдар Құдайға ұнамды, таза өмір сүріп, басқалар үшін пайдалы әрі оларға үлгі болғысы келеді, осылайша олар өздерінің Құдайының даңқын шығарады. Сөйтіп олар өздері үшін күн көріске қажеттіні, ауыртпалық кезінде жәрдемді, қиын жағдайларда Құдайдың басшылығын, бақытсыздық жағдайларда азаттықты қалайды. Кейде оларды бақытсыздықтар бас көтертпейді, сонда бұл тілектердің күшті болатыны соншалық, тіпті олар кішкентай балалардың аурудан жылағанындай, зар еңіреп жылайды, сол кезде Тәңір Ие олардың өміріне қызу кірісіп, жоғарыда айтылған сөздерге сай, тілегінің бәрін орындап, оларды құтқарады.

Иә, егер біз Құдайдан қорықсақ, онда бізге басқа бір нәрседен қорқудың қажеті жоқ; егер біз Құдайдан зар еңіреп тұрып сұрасақ, құтқарылатынымыз шүбәсіз. Құрметті оқырман, осы сөзді тіліңе салып, оны аузыңда күні бойы сақта, сонда ол сен үшін бал татыған нанға айналады.

МЕН САҒАН АУЫРТПАЛЫҚ ТҮСІРІП КЕЛДІМ,  
БІРАҚ БҰДАН БЫЛАЙ ОҢДАЙДЫ ІСТЕМЕЙМІН

Нақұм 1:12

Қайғы-қасіреттің барлығының да шегі болады. Қайғы-қасіретке жол беретін де, оны шеттететін де Құдайдың Өзі. Егер сіз әбден қажып: *Бұл қайғы-қасіреттің шет-шегі бар ма?* – деп өтініп сұрасаңыз, онда қайғы-қасіретіміздің осы болмашы өміріміз өткен кезде ғана толық аяқталатыны туралы ойлаңыз. Сонымен, Тәңір Иемізді шыдамдылықпен күтеміз және Оның еркін төзімділікпен орындаймыз!

Дегенмен, Құдай Иеміз Өзінің біз арқылы орындалуға тиісті ниетіне толық қол жеткізген кезде, бізден жазалау дүресін осы жер бетінде-ақ алшақтататын уақыты болады. Егер Ол бізді аңдаусыздығымыздан құтқарған болса, онда бұдан былай соққыға ұшыратпайды. Егер де қайғы-қасірет біздегі игіліктің сыйлары Құдайды мадақтау мақсатымен пайдаланылсын деп, бізді сынау үшін жіберілген болса, онда біз бұл қайғы-қасіреттің куәлігіміз Құдайдың даңқы үшін болған кезде ғана аяқталатынын білеміз. Құдайға тиісті барлық даңқты Оның Өзіне бермейінше, бұл қайғы-қасіреттерді тоқтатуды тілеу керек емес деп ойлаймын.

Бәлкім, бүгінде біздің өміріміз бұрынғыға қарағанда біршама тыныш болар. Дегенмен, мүлде тыныш теңіздің толқындарының жотасына аспан құстары отырған кезде, өршеленген толқындардың қай кезде жоғары көтерілерін кім білсін? Ұзақ қайғы-қасіреттен кейін, Құдай «астық басуын» тоқтатады, ал «бастырылған астықты» Ол Өз қамбасына құяды. Бүгін қалай қайғылы болсақ, ұзаққа созылған осы қайғы-қасірет басымыздан біржолата өтіп кеткеннен кейін, дәл солай бақытты боламыз. Құдіретті Құдайға түнді күндізге айналдыру, тіпті де қиын емес. Құдай бұлттарды қалай жіберген болса, оларды дәл солай оп-оңай сейілте де алады. Жігерленейік! Алдымызда бізді жақсылық күтіп тұр. Сонымен, болашаққа көз тастап, Иемізге алғыс жыр айтайық!

МЕН, ЖАРАТҚАН ИЕ СЕНДЕРДІ ӘРҚАШАН  
ЖЕТЕЛЕП ЖҮРЕМІН

Ишяя 58:11

Саған не жетіспейді? Сен адасып кеткен жоқсың ба? Әлде, қапас орманда қалып қойып, одан шығар жолды таба алмай жүрсің бе? *Қорықпай, қарап тұрыңдар, сонда Құдай Иенің сендерді бүгін қалай құтқаратынының көресіңдер.* Ол жолды жақсы біледі, егер Одан өтініп сұрасаң, сені осы жолмен жетелейді!

Әр күннің азабы мен әуресі өзіне жеткілікті. Осындайда Құдайдың басшылығының еш уақытта да аяқталмайтынын сезіну неткен керемет! Біз өз бетімізбен жүріп, ескі табиғи болмысымызбен кеңескен кезде, Құдайдың жетегінен бас тартамыз. Егер біз өз еркімізден бас тартсақ, өмір жолындағы әр қадамымызды Құдайдың Өзі бақылап, өміріміздегі әрбір жылдың әр күні мен әр сағатына дұрыс бағыт беріп отыратын болады. Егер біз Оның өзімізді жетелеуін қаласақ қана, Ол бізді жетелейді. Егер өз жолымызды Тәңір Иеге тапсырсақ, Ол біздің сол жолдағы жүрісімізге дұрыс бағыт береді.

Бұл уәденің кімге берілгеніне назар аударыңызшы! *Ашыққанға жаныңды бересің...* деген алдыңғы аятты оқыңыз. Біз басқа адамдардың қайғысына ортақтаса білуіміз керек, олардан құтылғанша асығып, бір үзім қатқан нан бере салмай, керісінше әрдайым да өзгеріссіз, өзімізге басқалардың қалай қарағанын қаласақ, оларға да солай қарайық. Жақынымыз бақытсыздыққа ұшыраған жағдайда, оларға қамқорлық көрсетсек, онда Тәңір Ие де біздің қамымызды аянбай ойлайды әрі біздің тұрақты кеңесшіміз болып, дәл біз мұқтаж болған нәрсені береді. Біздің бақытымызға қарай, Иса сараң адамдардың, сондай-ақ кедейлерге қысым көрсетушілердің көсемі емес, керісінше тек қайырымдылық пен сүйіспеншілік көрсететіндердің ғана көсемі. Бұлар еш уақытта да өз жолдарында қателеспейтін жиһанкездер.

**ЖАРАТҚАН ИЕ ӨЗІН ҚАСТЕРЛЕЙТІНДЕРДІ,  
ҮЛКЕНДІ-КІШЛІ БӘРІН ДЕ ЖАРЫЛҚАЙДЫ**

Зәбүр 113:21

Бұл жігерлендіру сөздері жердегі игіліктерге кедей, төменгі топтағы адамдарға арналған. Біздің Құдайымыз болмашы ғана дүние-мүлкі, шамалы ғана қабілеті, болар-болмас қана ықпалы бар мүсәпір адамдарға көз қырын салып, оларға аса қамқорлық көрсетеді. Құдай біз түкке тұрғысыз деп ойлайтын ұсақ-түйек нәрселердің де қамын ойлайды, Ол Өзінің жаратылысының ең кішкентайына да, тіпті жерге құлаған торғайға да назарын аударады. Құдай алдында құнсыз еш нәрсе жоқ, өйткені Ол Өз жоспарын жүзеге асыруда, тіпті ең болмашы деген амалдарды да қолданады. Адамдардың ішіндегі ең кішісі, өзінің ең бір кішкене ісі үшін Құдайдан бата сұрасын; сонда ол көп ұзамай, болмашы ғана жағдайдың өзінде-ақ үлкен бақытқа қол жеткізуге болатынын біледі.

Құдайдан қорқатындардың арасында үлкен де, кіші де бар. Кейбіреулер нәресте, ал басқа біреулері алып болып табылады. Бірақ бұлардың бәрі де – олардың әлсіз сенімдері де, абыржыған үміттері де Құдайдың батасымен жарылқанған. Киелі Рухтың кез келген сыйында, тіпті ол нүктедей ғана кішкене болса да, жарылқаушылық бар. Оның үстіне Тәңіріміз Иса Мәсіх үлкеннің де, кішінің де күнәсінің құнын Өзінің асыл Қанымен өтеді. Сондай-ақ Ол кішкентай қозыларды да, ересек қойларды да қорғауды Өз міндетіне алды. Бірде-бір ана нәрестесін көзінен таса етпейді; керісінше бала неғұрлым кішкентай болса, соғұрлым ерекше қамқорлықпен қорғайды, себебі ол әлі кішкентай. Құдайдың ісі әрдайым кіші нәрседен басталады. Егер Иеміз бір нәрсені жоғары бағалайтын болса, Ол әрдайым кішкене нәрседен бастайды.

МЕНІ АРЫСТАН МЕН АЮДЫҢ ШЕҢГЕЛІНЕН  
 ҚҰТҚАРЫП АЛҒАН ЖАРАТҚАН ИЕ,  
 МЫНА ФІЛІСТІРДЕН ДЕ ҚОРҒАЙТЫН БОЛАДЫ

Патшалықтар туралы 1-жазба 17:37

Егер біз бұл сөздерді тікелей түсінетін болсақ, уәде емес сияқты, ал мағынасы бойынша қарастырсақ, шынында да уәде болып табылады, себебі құдіретті Құдай оны ақтағандықтан, бұл сөз күшіне енді. Дәуіт пайғамбар бұрын да өзінің басына әр қилы қиыншылықтар түскен кезде, Өзін Құдайдың талай құтқарып алғанын негізге ала отырып, Оның маған қазіргі қауіпті жағдайларда да жәрдемдесері сөзсіз деп қорытындылады. Құдайдың барлық уәделері Мәсіх арқылы жүзеге асып, *иәга* айналады, және біз *аумин* деп Мәсіхтің атымен Тәңірдің ұлылығын мадақтаймыз, сондықтан да Тәңір Ие сенушілеріне қатысты Өзінің бұрынғы іс-әрекеттерін қайталап отырады.

Сонымен, кел бауырым, Жаратушы Құдайыңның бұрынғы жасаған қайырымын есіңе түсір! Бұрын болса біз өз күшімізбен құтқарыламыз деп, тіпті үміттен де алмас едік. Бірақ, міне, Құдай бізді құтқарды. Ол бізді құтқаруын қазір де жалғастырып жатқан жоқ па? Біз Оның міндетті түрде құтқаратынына сенімдіміз. Міне, сондықтан да біз Құдайдың барлық жауларымен күресуге асығамыз. Құдай бізбен бірге. Ол қазір де бізбен бірге және бізге: *Сені қалдырмаймын, тастап кетпеймін* – демеді ме? Ондай болса, несіне қалтырап-дірілдейміз? Сонда басымыздан өткендердің бәрі түс болғаны ма? Өліп қалған арыстан мен аюды еске алыңыз! Бұл філістірлік кім еді? Әрине, ол бүгінде өзгеріссіз емес, ол арыстан да, аю да емес, ал Құдай өзгерген жоқ, Ол әлі сол күйінде және біздің құтқарылуымыз – бұл қай жағдайда болса да Оның абыройы үшін істелген іс. Ол бізді жабайы жыртқыш аңдар мен алып філістірліктің қолынан өлсін деп құтқарған жоқ. Ал, сондықтан да жігерленейік!

АЛ ЕГЕР МЕНІМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА ТҰРЫП,  
СӨЗДЕРІМ ӨЗДЕРІҢМЕН БОЛСА, ҚАЛАҒАНДАРЫҢНЫҢ  
БӘРІН ӘКЕМНЕН СҰРАҒДАР, АЛАСЫҢДАР

Жохан 15:7

Әрине, біз өмірімізді Мәсіхке арнауымыз үшін, Онымен тығыз байланыста болуымыз қажет; біз Оның осы уәдесінің сыйына ұмтылу үшін де Онымен тығыз байланыста болуымыз қажет. Мәсіхпен тығыз байланыста болу – демек, Оны қандай бір басқа сүйіспеншілікке бола немесе тағы да басқадай бір нәрсе үшін тастап кетпеу, керісінше саналы да нақты түрде, жүрегің сүйіспеншілікке толған қалпыңда, Оған адал берілген күйінде қалу әрі Онымен өз еркіңмен қарым-қатынаста болу. Басқаша айтқанда, Иса Мәсіхті ешқашан да, ешкімге де, еш нәрсеге де айырбастамау. Бұтақ әрдайым да діңіне жақын бола бермейді, бірақ ол діңнен үнемі нәр алып тұрады және сол арқылы жеміс беруге қабілетті болады. Ақиқи сенушілердің барлығы да белгілі бір мөлшерде Мәсіхпен тығыз байланыста болады; дегенмен бұдан да жоғары мөлшер бар, сөйтіп біз құдіретті Құдайдың тағының алдына барып, шексіз күш алмайынша, сол мөлшерге жетуге, яғни Құдайды терең танып-білуге ұмтылу қажет. Мәсіхтің кеудесіне басын сүйеп жатқан Жохан сияқты, Мәсіхпен байланысы тұрақты, Онымен тығыз қарым-қатынаста жүрген адамдар ғана қалағанының бәрін сұрай алады.

Ол үшін жүрегіміз сүйіспеншілікке толып, жан-дүниеміз сенімде терең орнығып, үмітіміз Құдайдың Сөзімен бірігіп, біте қайнасып кетуі қажет. Өйткені адам Жаратқан Иесімен бірігуі керек қой, бұлай болмаған жағдайда дұғада айтылған сөз бойынша, құдіретті күшті бізге сеніп тапсыру өте қауіпті болар еді. Шектеусіз өкілдікті өзі туралы: *Мен өз еркіммен, өз күш-қуатыммен өмір сүріп жатқаным жоқ, қайта бойымда Мәсіх өмір сүруде*, – деп айта алатын адамға ғана сыйлауға болады. О, сендер, Онымен қарым-қатынастарыңды үзушілер, қандай ұлы күшті жоғалтудасыңдар! Егер сендер дұғамыз күшті болсын десендер, онда Жаратқан Ие сендермен, ал сендер Онымен тығыз байланыста болуларың керек!



**АЛ ЕГЕР МЕНІМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА ТҰРЫП,  
СӨЗДЕРІМ ӨЗДЕРІҢМЕН БОЛСА, ҚАЛАҒАНДАРЫҢНЫҢ  
БӘРІН ӘКЕМНЕН СҰРАҒДАР, АЛАСЫҢДАР**

Жохан 15:7

Егер біз өзіміздің не айтқанымызды және қалай айтқанымызды Исаның тыңдағанын қаласақ, Оның да бізге не айтқанын және қалай айтқанын тыңдауымыз қажет екеніне назар аударыңыз. Егер біз Мәсіхті тыңдамасақ, онда Ол бізді де тыңдамайды. Біз Оны қандай шамада тыңдасақ, Ол да бізді сондай шамада ғана тыңдайды. Сондай-ақ біздің естігендеріміз жүрегімізге ұялап, бізде өмір сүріп, күш пен билік ретінде, үнемі біздің ішкі жан-дүниемізде болуы керек. Біз Иса үйреткен шындықты, Ол сыйлаған өсиеттерді, сондай-ақ Оның Киелі Рухының біздегі әрекетін қабылдауымыз қажет, бұлай болмаған жағдайда Оның рақымшылық тағының алдында бізде ешқандай да күш болмайды.

Егер біз Иеміздің сөздерін қабылдасақ және Оның сөздері өзімізбен болса, алдымыздан қандай шексіз егістік даласы ашылмақ! Біз өз еркімізді дұғада білдіруіміз керек, өйткені біз өз еркімізді Құдай Иенің әміріне бағындырдық. Тек сонда ғана біз Илияс пайғамбар сияқты Құдай қайраткері боламыз, әрі игіліктің кілтін қолдануды үйреніп, жарылқаушылық бұлтын ашып-жаба алатын боламыз. Мұндай бір мәсіхші жәй мәсіхшінің мыңына татиды. Сондықтан да біз көнгіш болып, Тәңір Иеден сұрағанымызды алып, Қауым мен осы дүние үшін өтініш етуді қалаймыз ба? Ондай болса, сүйікті Құдайымыздың дауысына құлақ түріп, сөзін жүрегімізде сақтап, әрі оларға ұқыптылықпен бойсұнайық. Ең әсерлі жолмен дұға еткісі келген адам ықыласпен тыңдауы керек.

## СЕНДЕР ҚҰДАЙ ИЕМІЗДІҢ ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ДЕП АТАЛАСЫҢДАР

Ишяя 61:6

Бұл уәде барлық сенушілерге берілген. Егер біздің күнделікті өміріміз Құдайдың арқасында ие болған артықшылықтарымызбен сай келсе, онда Құдай біздің жолымызды ең жарық нұрымен нұрландырады. Адамдар біздің киелі қызметке шақырылғанымызды көріп, бізді Жаратқан Иеміздің киелі қызметкерлері деп атайтын болады. Біз де басқа адамдар сияқты еңбек етіп немесе саудамен айналыса аламыз, бірақ бұған қарамастан, біз тек қана Құдайдың қызметкерлері болып қала береміз. Біздің ең басты міндетіміз – әрдайым дұға ету, мадақтау және куә болу құрбандығын алып келу, сондай-ақ өзімізді тірі Құдайға Иса Мәсіх арқылы толықтай арнау болып табылмақ.

Егер біздің басты мақсатымыз осы болса, онда осы мақсаттан тыс барлық басқа нәрселерді, бұдан жоғары іске шақырылмаған адамдарға қалдырайық. Өйткені Иса: *Ал өлгендерді жерлеуді өлілерге қалдыр* деп бұйырды. *Жат жерліктер сендерге қызмет етіп, отарларыңды бағып, егіншілерің мен жүзімшілерің болады* деп жазылған ғой. Олар қаржылық және ғылыми мәселелер мен міндеттерді шешіп, оларды сынаққа алуы мүмкін; ал біз өзімізді Иса Мәсіх сияқты, тұрақты діни қызметке тағайындалғандарға лайықты бір қызметке ғана арнаймыз.

Ішінде өзімен қоса киелі міндеттемесі де бар осындай даңқты уәдені қабылдайық та, Жаратқан Иемізге күні бойы қызмет ету үшін, киелілердің киімін киейік.

ШЫНШЫЛ СӨЗ МӘНГІЛІККЕ КҮШІНДЕ ҚАЛАДЫ,  
АЛ ӨТІРІК СӨЗ КӨПКЕ ҰЗАМАЙДЫ

Нақыл сөздер 12:19

Шындық тұрақты. Уақыт оны сынақтарға салады, алайда шындық сынақтарға төтеп бере алады. Егер мен дәл қазір шындықты айтқаным үшін азап шегіп жүрсем, маған бір ғана нәрсені – сыйды күтуге даярлану қажет. Егер мен Құдайдың шындығына сеніп және оны жариялауға ұмтылсам, онда мен расында көптеген кедергілер мен қарсылықтарға ұшырауға тиіспін, дегенмен маған олардан қорқудың қажеті жоқ, өйткені ақырында шындық бәрібір де жеңіп шығады ғой.

Жалғанның уақытша жеңісінің соңында қандай өкініш күтіп тұр десеңізші! *Өтірік өрге баспайды*. Ол бір түнде өсіп, сол түнде қайта солып қалған өсімдікке ұқсайды, оның өсуі қаншалықты тез болса, солуы да соншалықты тез болатыны анық. Керісінше, мәңгі өлмейтін адам жанының ешқашан да өзгермейтін Құдайдың шындығына негізделген Ізгі хабардың өзгермес шындығын мойындауы мен оны қорғауы өте беделді! Бір көне мақал былай дейді: *Шындықты айтқан адам шайтанды әшкерелейді!* Құдайдың шындығын айтқан адам тамұқтың барлық жын-перілерін әшкерелеп, қазіргі кезде де өтіріктің уын шашып жатқан жыланның ұрықтарын жоятыны әбден рас.

О, жүрегім, адамзатқа рақымшылық пен шындық кім арқылы келсе, соның жағында болу үшін кішкене істе қалай әділ болсаң, үлкен істе де солай әділ болудың қамын ойла!

ОЛ СУЫҚ ХАБАР АТАУЛЫДАН ҚОРЫҚПАЙДЫ,  
ТӘҢІРГЕ СЕНГЕН ЖҮРЕГІ ЕШ ҚОБАЛЖЫМАЙДЫ

Забур 111:7

Белгісіздік өте жаман нәрсе. Үйімізден хабар келмесе, бір нәрседен қауіптеніп, тіпті қорқа бастаймыз, сол кезде *егер үйден хабар жоқ болса, мұның өзі жақсы хабар* деген жұбатұшы сөздер бізді жігерлендіре алмайды. Осындай уайымқайғы кезінде, бірден-бір ем – сенім болып табылмақ; Құдай Өзінің Рухымен жанымызға қуаныш ұялатады, сонда біздегі қорқыныштың бәрі жойылады.

Бұл жерде жыршының айтып тұрған жүректің беріктігіне үнемі әрі бар ынтамен ұмтылу қажет. Бұл – Құдай Иенің қайсыбір уәдесіне деген сенім емес, керісінше бұл – бізге ешкімнің де еш жаманшылық жасай алмайтынына берік сенетіндігіміздің жалпы көрінісі болып табылады.

Демек, қазір бізге белгісіз нәрсенің бәрі, бұрыннан белгілі болған нәрселер сияқты кесімді түрде осы шындық пен сенімділікте болмақ. Ертеңгі күн қалай болу керек болса, солай болсын, біздің Құдайымыз – ертеңгі күннің де Құдайы. Бізді әлі өзімізге белгісіз қандай оқиғалар күтіп тұрса да, біздің Иеміз барлық белгісіз де, белгілі де жағдайлардың Құдайы болып табылады. Біз бір кезде өзімізді Тәңір Иемізге сеніп тапсырдық, сондықтан да енді басымыздан не өтуі керек болса, соның бәрі де жүзеге асын. Тіпті, басымызға ең ауыр қайғы түссе де, біздің Құдайымыз өзіміз үшін ең ұлы әрі ең жақсы Құдай болып қалады. Сондықтан егер біреу қоңырауды сыңғырлатып, мазаласа немесе түн ішінде жедел хабар келіп, оятса, қауіптенбейік те, қорықпайық та. Жаратқан Ие тірі, онда несін қорқамыз?

СЕБЕБІ КӨКТЕ ӨЗДЕРІҢЕ АРНАЛҒАН,  
ОДАН ӘЛДЕҚАЙДА ҚҰНДЫ,  
МӘНГІЛІК ДӘУЛЕТТІҢ БАР ЕКЕНІН БІЛДІҢДЕР

Еврейлерге арналған хат 10:34

Біздің жердегі мүлкіміз аса маңызды емес, шын мәнінде ол еш нәрсеге жарамсыз. Бірақ, міне, Құдай бізге даңқты елдегі ақиқи игілікті сыйлауды уәде етті әрі бұл уәде ұлы сендіруші күшке ие. Сондықтан біздің ол жерде мәңгі жойылмайтын мүлкіміз бен мұрамыздың сақталып тұрғанын анық білеміз. Иә, ол қазірдің өзінде-ақ біздің меншігімізде. *Аспандағы сұңқардан қолдағы сары шымшық артық*, – дейді халық мақалы. Алайда, бүгінде сары шымшық та, сұңқар да біздің қолымызда. Аспан Патшалығы енді біздікі. Біздің оған құжаттармен расталған құқығымыз бар, бізде оған кепілдеме бар және оның алғашқы жемістері де бар. Аспан Патшалығы біз үшін сатып алынып, бізге уәде етілгендіктен, оған енді шын мәнінде ие екенімізді жақсы білеміз.

Өзімізді болашақта жердегіден әлдеқайда артық жақсы мүліктер күтіп тұрғанын біле тұра, қазіргі шығындарға шынымен көне алмағанымыз ба? Біз қалтамыздағы ақшамызды жоғалтуымыз мүмкін, дегенмен біздің басты қазынамыз қауіпсіздікте. Біз көлеңкені жоғалтуымыз мүмкін, ал басты маңызды нәрсе мәңгі жоғалмайды, өйткені біздің Құтқарушымыз тірі және Оның біз үшін даярлап қойған жері бар, ол жоғалған жоқ. Сонымен, сол ең жақсы ел мен ең жақсы игілік бар және ол бізге ең жақсы өсиеттің күшінің арқасында берілді; сондықтан да жігерленіп, Құдай Иеге: *Сені көкке көтере дәріптеп, Сенің атыңды мәңгі-бақи даңқтаймын*, – деп айталық!

**ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН МЕЙІРІМДІЛІК  
ӨМІРЛІК ҮЛЕСІМ БОЛАДЫ**

Забур 22:6

Бұл қайғы отында әбден сыналып болған шындық. Жақсылық пен мейірімділік бізді қорғау үшін арнаулы әскери бөлімін құрып алып, бізге күнделікті ілесіп жүрген екі күзетші сияқты. Бүгінгі ерекше күн әдеттегі күндердің бірі болғандықтан, осы екі қорғаушы Періште бүгін де бізбен бірге. Бізді ең қажетті нәрселермен әрдайым қамтамасыз ететін жақсылық пен барлық күнәларымызды жуып-шаятын мейірімділік – апалы-сіңлілі егіздер сияқты. Олар бүгін де әрбір қадамымызды қадағалап, бізбен бірге жүреді және мұны бұдан былай да күнделікті әрі өміріміздің соңына дейін жалғастыра бермек. Сондықтан бүгін Тәңір Иеге шын жүректен беріле қызмет етіп, Оған мадақтау жырын бұрынғыдан да көбірек әрі жақсырақ айтайық. Бүгінде біздің Құдай ісіне төтенше сый әкелуге немесе кедейлерге көмек беруге жағдайымыз келе ме? Құдай сүйіспеншілігінің ойлап тапқыштық күшін қолдана отырып, осы күнді мәңгі ұмытылмайтын күнге айналдырайық!

**ЖАРАТҚАН ИЕҢІЗ СӨЗІН ТЕРЕҢ ҚАСТЕРЛЕП  
ОРЫНДАЙТЫҢДАР, ОНЫҢ МЫНА АЙТҚАНДАРЫНА ДЕН  
ҚОЙЫҢДАР: «СЕНДЕРДІ МАҒАН БОЛА ЖЕК КӨРІП,  
ШЕТТЕТІП КЕЛГЕН БАУЫРЛАСТАРЫҢ: «ЖАРАТҚАН ИЕ  
ӨЗІНІҢ САЛТАНАТТЫ ҰЛЫЛЫҒЫН ПАШ ЕТІП АЛСЫН!  
СОНДА МҮМКІН ҚУАНҒАНДАРЫҢДЫ КӨРЕТІН  
ШЫҒАРМЫН», – ДЕП МЫСҚЫЛДАП ЖҮР.  
БІРАҚ ОЛАР ӨЗДЕРІ МАСҚАРА БОЛАДЫ»**

Ишяя 66:5

Бұл сөздер оқырмандардың тек біреуіне ғана қатысты емес. Тәңір Ие осы аят арқылы оқырмандардың барлығын бірдей жігерлендіргісі келеді. Келіңіздер, өздері жақсы көрген ортадан заңсыз қуылған жандар үшін дұға етейік! Құдайымыз бүгін оларға үлкен қуаныш сыйласын!

Біздің бұл сөзіміз Құдайдың Сөзін қастерлейтін, ақиқи әділ адамдарға арналады. Әдетте, бұларды өз бауырлары жек көреді, сөйтіп оларды адалдығы мен Құдайға берілгендігі үшін өз орталарынан шығарып тастайды. Осының бәрі олар үшін әбден ауыр, оның үстіне, оларды қудалайтындар осы ісімізбен Құдайды мадақтап жатырмыз деп ойлайды. О, қазіргі өмірде Құдайдың атымен аталып, бірақ шайтанның пайдасы үшін қаншама көп нәрселер істеліп жатыр десеңізші! Тілі бұрынғыдан да бетер улы болуы үшін, Құдайдың атын қолданатын ежелгі жыланның зұлымдығы, міне, осындай. Құғынға ұшыраған сенушілер өздеріне тек қайырымды Құдай ғана қорған бола алады деп үміттенеді. Ал Құдай болса өзінің таңдаулы балаларына қорғаушы ретінде, міндетті түрде болысады. Сөйтіп бұл Құдайдан қорыққандар үшін толық азаттық болса, ал оларды қудалағандар үшін толық масқаралық болып табылады. О, Құдайым, осы сөздерді біздің өмірімізде де, елдер келеке етіп жүрген басқа адамдардың өмірінде де орындашы.

**АЛ СЕНДЕР ҚАЙЫР БЕРГЕНДЕ, ОҢ ҚОЛЫҢНЫҢ  
НЕ ІСТЕГЕНІН СОЛ ҚОЛДАРЫҢ БІЛМЕСІН,  
СОНДА ЖАСАҒАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТАРЫҢ ҚҰПИЯ  
БОЛМАҚ. ҚҰПИЯ ІСТЕРДІҢ БӘРІН КӨРЕТІН ӘКЕЛЕРІҢ  
СЕНДЕРГЕ СЫЙЫН БЕРМЕК**

Матай 6:3-4

Құдайдың жарылқаушылық уәдесі кедейлерге қайыр-садақаны басқа кісі көрсін деп берген адамға қатысты емес. Ондай адамдар өз сыйын жерде-ақ алып қояды, сондықтан олар басқа сыйды күте алмайды.

Істеген жақсы ісімізді, тіпті өзімізден өзіміз жасырайық. Кедейлерге көмегіңді жиі әрі шамаңның келгенінше бере отырып, осы көмегіңді өзіңнің ұдайы ішіп жүрген тамағыңдай есептеуге неге болмасқа. Қайыр-садақа бер, бірақ мұны іштей: Мен қандай жомарт едім! – деп өзінді жұбату үшін істеме және өзіңе өзің осылайша сый беруге әрекет етпе! Барлық ісіңді еш уақытта да қателеспейтін Құдайға тапсыр. Ол бәрін көріп тұр және лайықты сый беру үшін, Өзінің кітабына сенің барлық ісіңді жазып қояды. Қайырымды істі жасырын жасаған адам жарылқанған! Оның жасырын жасаған игі істері өзіне ерекше жарылқаушылық әкеледі. Жасырын желінген нан патшалардың мерекелік асынан да дәмді. Бірақ біз бүгін осы бір үзім құнды нанмен басқаларды қалай қамтамасыз етеміз? Егер біз игі қайырымдылық пен кісінің қайғысына шын жүректен ортақтасудың нағыз тойын жасасақ қана оларды осындай құнды нанмен қамтамасыз ете аламыз!

Құдай Ие қайыр-садақаны жасырын бергендердің осы жерде де, аспанда да сыйсыз қалмауының қамын ойлайды. Бұл сый міндетті түрде өз уақытында және лайықты түрде сыйланады, өйткені Құдайдың біз үшін ең жақсы сыйды таңдайтыны сөзсіз! Бұл уәденің мәнінің қаншалықты ұлы екендігін тек мәңгілікте ғана білетін боламыз!



## ӨЛІМДІ КҮТПІ ОТЫРА БЕРУДІҢ БІЗГЕ ҚАЗЖЕТІ НЕ?

Патшалықтар туралы 4-жазба 7:3

Қымбатты оқырман, егер сен әлі де күнәнді мойындап, теріс жолдан қайтып, құтқарылмаған болсаң, саған жарылқаушылық әкелетін сөз айтқым келеді. Патшалықтар туралы 4-жазбадағы 7 тараудың 3-11 аяттарында айтылған алапеспен ауырғандар туралы оқиғаны оқып шық. Олардың жағдайы сенікіне ұқсас. Егер сен қазіргі өзің тұрған орнында қалып қойсаң, онда өлі күйінде қаласың. Егер сен белгісіз абыржушылықта отыруды жалғастыра түссең, онда өзіңнің құрығаныңа көзің жеткен кезде, сені ешкім де аяй алмайды. Егер құтқарылмай тұрып өліп кетсең, мен сені қатты аяр едім. Иса Мәсіхке сеніп, Оны жүрегіне қабылдағанның бәрі құтқарылған. Неліктен сен осы мүмкіншілікті қолданғың келмейді? Құдіретті Құдайдың қайырымын сынап көр! Құдайдан мәңгіге ажырау қандай сұмдық жағдай! Егер сен жармаса алатындай бір ғана кішкентай сабанның талы болса, онда сақтану түйсігі, соған қол созуға түрткі болуы керек. Егер сен Құдайды іздесең, Ол саған Өзін табуға мүмкіншілік береді. Иса Өзіне келгендердің ешқайсысын кері итермейді. Егер Оған сенсең, рухани апатқа ұшырамайсың. Керісінше, алапеспен ауырған осы бейшара адамдардың сириялықтар тастап кеткен қостан жинағанынан әлдеқайда көп рухани қазынаға тап боласың. Киелі Рух сені Тәңір Иенің алдынан тезірек шығуға жігерлендіре көрсін, сонда сенімің бекер болмайды. Сөйтіп сен құтқарылған кезде, Фолғота айқыш ағашында болған қуанышты хабарды, құтқарылуыңның қуанышын басқаларға да айт. Құдайдан алған жан тыныштығыңды 9-шы аяттағы: «... Бұл күн – қуанышты хабардың күні. Егер біз кідіріп, таңның атуын күтсек, онда айыпты боламыз. Жүріңдер, барып, басқаларға хабарлайық» – деп төрт алапес айтқандай, сен де өзіңнің құтқарылғандығыңды Құдайдың қауымына барып, жарияла және Оның халқымен қарым-қатынасқа түс. Қайырымды Құдай сені дәл бүгін, әлі күн батпай тұрғанда құтқарсын, яғни рақымдылық уақыты аяқталмай тұрып құтқарсын.

**МЕНІ ҚҰРМЕТТЕМЕГЕНДІ,  
МЕН ДЕ ҚҰРМЕТТЕМЕЙМІН**

Патшалықтар туралы 1-жазба 2:30

Құдайды мадақтауды сен өміріндегі ең ұлы мақсатқа және Оның алдындағы жүріс-тұрысыңның басты қағидасына айналдырдың ба? Олай болса, Ол да сені мадақтайды! Адамдар бізді біраз уақытқа дейін көтермелемеуі мүмкін, дегенмен Құдай бізді өте ұтымды түрде көтермелейді. Нәтижесінде, егер адам, тіпті, әр түрлі қорлықтарды бастан өткізуге тура келсе де, Құдайдың еркіне сай іс-әрекет етсе ғана нағыз даңққа ие болуға апаратын ең дұрыс жол Құдайдың жалғыз Өзі ғана болып табылады.

Ели өз от басында Құдайды дұрыс басшылықпен мадақтамады, сондықтан да оның балалары Құдай Иені өздерінің қызметіне лайықты мінез-құлықпен дәріптемеді. Міне, сол себептен Құдай да оларды мадақтамады, тіпті бүкіл халықтың үстінен басқа басшы сайлап, сол от басына сеніп тапсырған қызметті алып қойды. Егер мен қалай болған күнде де өз жақындарыма игілік көрсетілуін әрі олардың адамгершілігінің артуын көргім келсе, онда маған міндетті түрде Тәңір Иені барлық жағдайларда табандылықпен барынша мадақтау керек. Құдай әділетсіздің осы дүниелік даңққа жетуіне жол беруі мүмкін, дегенмен Ол сыйлайтын құндылықтар – абырой мен даңқты, сондай-ақ мәңгі өмірді Өзін киелі бойсұнушылықпен мадақтауға ұмтылғандар үшін сақтайды.

Құдайымның даңқын көтеруім үшін бүгін не істесем екен? Мен Оның даңқталуына сөзіммен де, күнделікті өмірдегі жүріс-тұрысыммен де өз үлесімді қосуым қажет. Сондай-ақ мен Ол үшін ерекше қызмет етіп, Оны іс-әрекетіммен де құрметтеуім керек.

## ӘДІЛ АДАМНЫҢ ҮЙІН ОЛ ЖАРЫЛҚАЙДЫ

Нақыл сөздер 3:33

Әділ адам Құдайдан қорқады, сондықтан ол өзінің де, жақындарының да үстінде жайылып тұрған Құдайдың панасынан шықпайды. Сондықтан да оның үйі – сүйіспеншілік орны, киелі тәрбие беретін мектеп және аспанның нұры бар жер болып табылады. Оның үйінде Құдайдың аты күнделікті мадақталатын құрбандық орны бар. Міне, сондықтан да күдіретті Құдай оның үйінің даңқын көтереді. Бұл кедейдің жұпыны үйі бола ма, әлде мырзаның салтанатты сарайы бола ма бәрібір, Құдайдың батасы үйдің көлеміне қарап емес, сол үйде өмір сүретін адамдарға байланысты беріледі.

Көбіне Құдайдың батасы иелері Құдайдан қорыққан үйге жауады, дегенмен сол үйдің ұлы немесе қызы, тіпті, қызметшісі де үйге үлкен бата алып келе алады; бұл бата от басының барлық мүшелеріне ортақ. Күдіретті Құдай Өзінің алдында әділ жүрген, от басының бір немесе бірнеше мүшелері үшін ғана сол үйді қорғап, жарылқап, бүкіл отбасын қамтамасыз етеді. Оларды осы халге жеткізген де Оның рақымы. Егер Иса Бетаниядағы апалы-сіңлілі екі әйелдің үйінде қонақта болғандай, біздің де тұрақты қонағымыз болса, онда біз Құдай жарылқаған адамдармыз.

Сөйтіп, өзіміздің барлық істерімізде – іскерлік қарым-қатынасымызда, басқа адамдар туралы пікірімізде, жақындарымызға қатысты мінез-құлқымызда, Құдай алдындағы жүріс-тұрысымызда және жалпы бүкіл өмірімізде әділ болуға назар аударайық. Себебі әділетті Құдай теріс іс-әрекеттерді жарылқай алмайды.

**СЕНДЕ, УА ЖАРАТҚАН ИЕ,  
ЖЕТІМДЕР РАҚЫМ ТАБАДЫ**

Осия 14:4

Басқа сенімдердің бәрінен бас тартып, бір ғана Құдайға үміт арту үшін ең тамаша негіз, міне, осы. Бала өзінің табиғи қорғаушысынан айрылып, Құдайды іздеген кезде, қайырымды Құдай оның қамқоршысы болады. Сол сияқты адамдар да өздері үміт артқан нәрсенің бәрінен айрылса, тек Құдайға ғана үміт артатын болады және Одан өзіне қажеттінің бәрін де ала алады. Ол жетімдердің назарын тек Құдайда ғана шынымен ие болатын әкелікке, яғни Өзіне аударады және Ол расында олардың қамын ойлайды. Осы жолдарды жазып отырған адам басқа бір нәрсеге емес, құдіретті Құдайдың күшіне сенудің не екенін біледі. Сөйтіп ол ешбір сенімді, тіпті бұл сенімді болған оқиғалар қаншалықты берік дәлелдесе де және ол күдіксіз табысқа жетсе де бәрібір, көрінбейтін, бірақ мәңгі тірі Құдайға деген сеніммен салыстыруға болмайтынына куә болуға әзір.

Бүгінде көптеген балалар әкелері барына қарамай, әкелері жоқ дегенмен Құдайдың панасында нағыз бай болып жүрген жетімдерден артық жағдайда емес. Осы жалған дүниеде саған қаншалықты тілектес болса да, Құдайсыз өмір сүріп жатқан ешқандай досыңның болмағаны дұрыс. Жақсы көрген адамыңнан айрылу өте қиын, дегенмен қайырымды Құдай бізбен бірге қалып, біз үшін игіліктің бұлағы болып тұрған кезде, біз шынында да жетім емеспіз. Бүгінде әкесінен айрылған балалар да, сондай-ақ өмірде көзге көрініп тұрған тірегінен айрылғандардың бәрі де Құдайдың рақымына толы осы сөзді жақсылап ұғып алсын! Ізгі Құдай, бізге Сенің қайырымдылығыңа ие болуға мүмкіншілік берші! Біз дәрменсіздігіміз бен қайырымға мұқтаж екенімізді сезінген сайын, Сенің сүйіспеншілікке толы Сөзіңе нақты түрде жүгіне бастаймыз.

## ЖАРАТҚАН ИЕ ТҰТҚЫНДАРДЫ АЗАТ ЕТЕДІ

Забур 145:7

Құдай бұл уәдесін орындады! Киелі Жазбадағы сансыз көп мысалдарды еске алайық. Ол бұл істі әлі де жалғастыруда. Ол мыс тиекті бұзып, темір бұғауды үзеді. Сонда мыңдаған жерден тұтқындар босап шығады да жарыққа жақындап, азаттыққа қол жеткізеді. Ал Иса тұтқындар қамалған қапастың ашылатынын оларға әлі де жариялауда. Жақында қақпалар біржолата ашылып, бұғаулар шешіліп жерге түсетін уақыт келеді.

Құрметті оқырман, егер сен қазір қайғы-қасіреттің, күдік пен қорқыныштың бұғауында қамығып жүрген болсаң, Ол сені де қуана-қуана азат етеді. Саған азаттық сыйлау Иса үшін ұлы қуаныш. Исаға сені азат ету ұлы қуаныш болса, ал сен үшін азаттыққа ие болу қуаныш. Темір бұғауларды үзуге сенің шамаң жетпейді, бұны Тәңір Иенің Өзі істейді. Тек Оған өзінді сеніп тапсыр, сонда ғана Ол сенің азат етушің болады! Тас қорғандар мен темір бұғауларға қарамай, Оған сенім артшы! Егер сен Исаға, Оның ерікті рақымы мен сені құтқара алатын толық билігіне сенуді қаласаң, шайтан сені ұстап тұра алмайды, күнә сені бұзылмайтын бұғаумен біржолата байлай алмайды, тіпті торығушылық та сені қажыта алмайды.

Жауға қарсылық көрсет, сөйтіп жоғарыда ұсынылған: *Жаратқан Ие тұтқындарды азат етеді!* – деген сөздер сенің азат болу жырың болсын.

## ӨНІМ ЖИНАЙТЫН СЕБЕТІҢ МЕН ҚАМЫР ИЛЕЙТІН ЫДЫСЫҢ ЖАРЫЛҚАНЫП, МҰҚТАЖДЫҚ КӨРМЕЙСІҢ

Занды қайталау 28:5

Біздің бойсұнушылықпен істеген әрбір ісіміз табысты болмақ, себебі мұндай ұмтылысқа Құдай батасын береді. Қоймада ұзақ уақыт сақтауға арналған жемістермен қатар, тез арада қолдануға арналған жемістер де сақталады және олардың екеуі де бірдей Құдайдың жарылқауына мұқтаж. Бәлкім, біздің дүние-мүлкіміз бен табысымыз шамалы ғана шығар. Мүмкін, көбінесе таңғы асымыз жұтаң және жұмысқа аттанарда алатын түскі тамағымыз да жұпыны болар. Бірақ бұл жайт бізді абыржытпауы керек, себебі қоймаларың жарылқанған деген Құдайдың уәдесі бар емес пе? Егер арамьзда біреу әрең күнелтіп жүрген болса, бұл жағдайда ол Израил халқына ұқсайды: өйткені Құдай кезінде өз халқын күнделікті тек бір күнге ғана жететін азықпен қамтамасыз етіп отырған. Алайда Израил мұқтаждық көрді ме? Ал біз ше? Біз мұқтаждық көріп жүрміз бе?

Егер бізде қандай да бір шешілмеген іс болса, онда сол істі Құдайдың жарылқауы үшін, Оған әлдеқайда көбірек мұқтаж болмаймыз ба! Молшылықпен қоса, оған ие болу қамы, оны игеру мен сақтау және қолдану қамы пайда болады; егер Құдай біздің дүние-мүлкімізді жарылқамаса, онда соның қамын ойлаудан әбден қажитын боламыз, сөйтіп осы дүние-мүлкіміз біздің құдайымызға айналып, ал оның қамын жеуіміз – өзімізді қажытып, кеміруші құрт болады.

О, Құдайым, біздің мал-мүлкімізді жарылқай гөр! Біз оны Сенің даңқың үшін қолдана алатындай жағдайға жетейікші! Жердегі құндылық жанымызға еш уақытта да қауіп төндірмеуі үшін, бізге осы дүниелік мал-мүліктің бәрін өзінің тиісті орнында ұстауға және оларды орнымен пайдалануға жәрдем берші.

**БІРАҚ МЕН ӨЗДЕРІНДІ АПАРҒАН ҚАЛАНЫҢ  
АМАН-ЕСЕН БОЛУЫНА АТСАЛЫСЫҢДАР, ЖАРАТҚАН  
ИЕДЕН СОНЫ ТІЛЕП СИЫНЫҢДАР. СЕБЕБІ, ҚАЛА  
АМАН-ЕСЕН БОЛСА, СЕНДЕР ДЕ АМАН БОЛАСЫҢДАР**

Еремия 29:7

Осы аяттағы өсиетке сай, бұл дүниеде қонақ ретінде жүрген біз, Құдайдың құлдары өзіміз өмір сүріп жатқан ортадағы халықтардың тыныштығы мен амандығына әрдайым қолғабыс етуге ұмтылуымыз керек.

Әсіресе, өз халқымыз бен өзіміз тұрған қаланы Құдайдың жарылқауын сұрап, өтінішпен дұға жасауға ұмтылуымыз қажет. Өз отаны үшін өтініш еткен мұндай дұға әрбір сенуші үшін маңызды әрі өте орынды. Келіңіздер, өз отанымызда және бүкіл жер жүзінде тыныштық орнасын деп шын ниетпен дұға етейік! Әр түрлі келіспеушіліктердің салдарынан көшелерімізде қан төгіске жол беріліп жатса немесе шет елдермен болған ұрыстар кезінде батыл әскерлерімізден айрылып жатсақ, мұндай бақытсыздықтан бәріміз де азап шегіп жылаймыз. Сондықтан тыныштықтың бұзылмауы үшін дұға етіп, Құдайдың талаптарының орындалуына шын жүректен қолғабыс етейік, өйткені адамдар Құдайдың талаптарын орындаудың күшімен басқа елдің де адамдарымен татулықта болады.

Сөйтіп бізге тыныштықпен қоса бейбітшілік те уәде етілген. Біз осы уәдеге ие бола отырып, басқа халықтар үшін де қызмет етуіміз керек, яғни олардың да тыныштығы үшін дұға етуіміз керек. Бұл дұрыс та, себебі тек осындай жағдайда ғана біз өз балаларымызды Құдайдан қорқуға және Інжілді бөгетсіз жариялауға тәрбиелей аламыз. Нақ сол үшін өзіміздің күнәларымызды мойындаймыз және Исаның атымен халқымыз үшін Құдайдан кешірім мен жарылқаушылық сұрап, отанымыз үшін көп дұға етеміз.

МЕН – ӨЗІМЕ КЕЛГЕН ӘРКІМ ҚАРА ТҮНЕКТЕ  
ҚАЛМАСЫН ДЕП, ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН «ҚҰДАЙ НҰРЫМЫН»

Жохан 12:46

Бұл өмір – қара түнек; біздің бүкіл адамзатты қармаған осы қапастан азат болып, сенім арқылы нұрда болуымыз үшін жер бетіне Иса келді.

*Әркім* – деген сөз бұл өте кең ұғымды білдіреді, бұл сөз сені де, мені де қамтиды. Егер Исаға сенім артсақ, онда біз бұдан былай өлім көлеңкесі түсіп тұрған қараңғы шатқалда жүрмейміз, керісінше еш уақытта да батпайтын күннің жылы нұрына енеміз. Ондай болса, неліктен бұл нұрға қазір-ақ енбеске?

Кейде аспанымызды бұлт қаптауы да мүмкін, әйтсе де, егер Исаға сенім артсақ, қараңғылықта қалмаймыз. Өйткені Ол бізге ашық күннің жарық нұрын сыйлау үшін келді. Ол жер бетіне бостан босқа келген жоқ? Егер бізде сенім болса, онда біз нұрлы күннің жарығының игіліктеріне кенелеміз, міне осылардан жанымыз рақат тапсын! Иса бізді өлімге апаратын тәни болмыстың қараңғылығынан, рухани сауатсыздықтан, күдіктен, күнәдан және қорқыныштан азат ету үшін келді. Сөйтіп Оның бекер келмегенін, керісінше жарығы мен жылуын қатар беретін, арайлап атқан күндей болып келгенін сенушілердің барлығы да білуі қажет.

Қымбатты оқырман, еңсенді басқан уайымды сілкіп алып таста! Қараңғыда қалып қоймай, нұрға кел! Сенің үмітің де, қуанышың да Исада. Исаға қара, тек Соған ғана қара, сонда сен күн шыққан кезде қуанған құстардай, Құдай тағының алдындағы періштелердей қуанасың.



**МЫНА ЖИНАЛҒАН ӘСКЕР ДЕ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ  
ҚҰТҚАРУ ҮШІН СЕМСЕР МЕН СҮҢГІНІ КЕРЕК  
ҚЫЛМАЙТЫНЫНА КӨЗ ЖЕТКІЗЕТІН БОЛАДЫ, СЕБЕБІ  
БҰЛ СОҒЫСТЫ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ӨЗІ ЖҮРГІЗЕДІ! ОЛ  
СЕНДЕРДІ БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗҒА ТАПСЫРАТЫН БОЛАДЫ**

Патшалықтар туралы 1-жазба 17:47

Егер бұл ұрыстың Құдайдікі екендігі рас болса, онда біз жеңіске жететінімізге, сонымен бірге Құдайдың күші анық көрінетін жеңіске жететінімізге ешқандай күдіктенбеуіміз керек. Дегенмен адамдар, тіпті сенушілердің өздері де, Тәңір Иені жиі ұмытады. Сондықтан егер *бүкіл өмірдің Бастауы* – құдіретті Құдай Өз ниетін адамдардың күшінің көмегінсіз-ақ орындауға қабілетті екенін көрсеткісі келіп тұрса, онда бұл нағыз баға жетпес мүмкіндік болмақ. Бұл мүмкіндікті міндетті түрде пайдаланып қалу қажет. Тіпті Құдай халқы да сырт көзге көрініп тұрған жетістіктерге көп мән береді. Алайда қолында семсері жоқ екеніне қарамай, Құдайдың жауды толық жеңетінін білген адамның сенімі нағыз ұлы сенім екеніне назар аударыңыз.

Егер әділдік пен шындық үшін күресетін болсақ, онда біз дарындылық пен байлықтың немесе көзге көрнекті күштің басқа да бір түрінің пайда болуын күтпейік, керісінше бұлақтан алынған жәй таспен және кәдімгі тас салып ата-тын сақпанмен жауға қарсы шығатын болайық! Егерде бұл біздің күресіміз болса, онда бізде бұндай сенімділік болмас еді, бірақ егер Исаның артында тұрып, тек Соның ғана күшімен күрессек, кім бізге қарсы тұра алады? Сонымен жүрегімізде батылсыздықтың ізі де қалмасын, сөйтіп тайсалмастан жауға қарсы шығайық, себебі Құдай бізбен бірге! Ондай болса бізге кім қарсы тұра алады?

## САПАРҒА ШЫҚҚАНДА ШАТТАНЫҢДАР

Заңды қайталау 33:18

Көне Өсиеттегі баталар бізге де қатысты, себебі біз Құдайға рухқа кенеліп, шындықпен сиынатын және үмітін өзінің табиғи болмысына артпайтын, ақиқи Құдай халқы болып табыламыз. Забулон қуана алады, себебі Құдай оның жолын жарылқағысы келеді. Бұл жарылқаушылықта бізге де тиісті уәде жасырылғанын білеміз. Сөйтіп біз де жолға шыққанда, қуануға себеп табылады деп күте аламыз.

Біз жолға пісіп жетілу үшін шығамыз, ал Құдайдың құдіретті күші мен көрегендігі біздің қорғанымыз болып табылмақ. Біз жолға жиһан кезу үшін шығамыз, ал Құдай құрлықта да, теңізде де әрқашан бізбен бірге. Біз жолға ұлы тапсырманы орындау үшін, Ізгі хабарды таратуға шығамыз, ал Иса: *Міне, Мен дүниенің ақырына дейін әр күні сендермен бірге боламын*, – деді. Біз күнделікті жолға шығып, әрқайсымыз өз ісімізге кірісеміз және оны қуанышпен орындаймыз, себебі таңертеңнен бастап, қас қарайғанға дейін Құдайдың өзімізбен бірге екенін білеміз.

Кейде бізді үйден шығар кезде қорқыныш билейді, өйткені алдымызда не күтіп тұрғанын білмейміз, бірақ осы аят арқылы берілген батаның бізге үлкен жігер берері сөзсіз. Біз болашақ сапардың алдында тынышталып, жүгімізді жинай бастаған кезде, осы сөздерді де жол қабымызға салайық, ол біздің шаттана ән салуымызға түрткі болуы үшін, тіпті, оны тілімізге де салып алайық! Сөйтіп, өз зәкірімізді ән-жырмен көтеріп, кемеге кірейік! Осылайша қуанышты халыққа қосылып, бүкіл жол бойы Иемізді шат жүреппен мадақтайық!

**СОНДА МЕН: УА, ӘЛЕМНІҢ ӘМІРШІСІ ҚҰДАЙ!  
МЕН СӨЗ АЙТУДЫ ДА БІЛМЕЙМІН, ӘЛІ ТЫМ ЖАСПЫН  
ҒОЙ! – ДЕДІМ, БІРАҚ ЖАРАТҚАН ИЕ МАҒАН:  
ӨЗІҢ ТУРАЛЫ ТЫМ ЖАСПЫН ДЕП АЙТПА. СЕБЕБІ МЕН  
СЕНІ КІМГЕ ЖІБЕРСЕМ БАРЫП, АЙТ ДЕГЕНІМНІҢ  
БӘРІН ЖЕТКІЗЕСІҢ! – ДЕП БҰЙЫРДЫ**

Еремия 1:6-7

Еремия жас болды, сондықтан да Құдай оған ұлы тапсырма жүктеген кезде неге соншама қорыққаны, әрине белгілі, әйтсе де ол: *Мен әлі жаспын!* демеуі керек еді. Оған өзінің шын мәнінде кім екенін Құдайға ескертудің қажеті жоқ еді. Керісінше, өзінің Құдай сөзін жеткізу үшін таңдалғанын түсінгенде, мұндай ойлар шетке ысырылып қалу керек болатын. Оған айтатын сөздерді ойлап табудың және бұл сөздерді қайтып айтсам екен деп жұптау да керек емес еді, сондай-ақ оған тыңдаушыларды іздеудің де қажеті болмады, оның міндеті – тек Құдай тапсырған ғана сөздерді, тек Құдай жіберген жерде ғана айту болды. Еремияның халыққа жеткізетін бұл хабары оның өзінің күшімен емес, керісінше Құдайдың күшімен жеткізілуі керек еді.

Қазір осы жолдарды оқып отырған жас уағызшылар немесе оқытушылар, сендердің бастарыңнан да осындай жағдай өтіп көрді ме? Құдай сенің әлі жас екеніңді жақсы біледі, сондай-ақ Ол сенің мәсіхшілік біліміңнің де, тәжірибеңнің де шамалы екенін біледі. Дегенмен, Оның еркі сені жіберу болса, онда көктен келген шақырудан абыржып, бас тартпа. Құдай сенің әлсіздігің арқылы Өзінің күшін көрсетіп, даңқталғысы келеді. Егер жасың жүзде болса, саған осы жылдардың көмегі болар ма еді? Егер сен барлық даналыққа ие болсаң, онда тәкаппарлыққа бой ұруың оп-оңай болар еді. Өзіңе сыйланған жақсы хабарды берік ұстан, сенің даналығың, міне, осы! Бар деген бұйрықты орында, сенің саналылығың, міне, осында!

ШЕШЕСІНІҢ НӘРЕСТЕСІН ЖҰБАТҚАНЫНДАЙ,  
МЕН ДЕ СЕНДЕРДІ ЖҰБАТПАҚПЫН

Ишя 66:13

Құдай сыйлайтын жұбаныш – бұл жүзеге асқан мейірімділік! Баласының қайғысы анасының жанына қалай батады! Ол баласының бар ауыртпалығын өзіне алуға әрекет етіп, қалай кеудесіне басады! Бала анасына бар сырын айта алады, ешкім де оның қайғысына анасындай ортақтаса алмайды. Тіпті, ол есейген кезінде де, барлық жұбатушылардың арасында анасын көбірек жақсы көреді.

Егер Тәңір Ие адамдарға анасындай жақындаса, Оның теңдессіз жақсылығы бізге қаншалықты терең мағынада ашылмақ. Біз Оның Әке екендігін айдан-анық білеміз, алайда ол бізге ана да болғысы келеді екен. Бұл шындық бізді киелі сенімге, бұлтарыссыз үмітке жетелеп, сенімді тыныштықта болуды міндеттемей ме? Егер Құдайдың Өзі жұбататын болса, онда ауыртпалық ұзаққа созылмайды. Сондықтан, тіпті қолымыздан еңіреп жылау мен күрсінуден басқа ешнәрсе келмесе де, Оған бар қайғы-қасіретімізді айтайық! Ана баласын көз жасына бола жек көрмейді ғой, сол сияқты Құдай да көз жасымыз үшін бізді жек көрмейді. Ол біздің қателіктеріміздің зардаптарын да жояды, тек Ол бұны туған анамыздан гөрі, әлдеқайда мүлтіксіз түрде орындайды. Қайғы-қасіретімізді өз бетімізше көтеруге, тіпті, әрекет те етпей-ақ қояйық, себебі бұл әрекетіміз соншама қайырымды әрі ізгі Құдайға құрмет көрсетпегендік болар еді. Сондықтан әр күнді сүйіспеншілікке толы Құдайымызбен бірге бастайық. Неліктен Онымен осылайша қарым-қатынаста болуға ұмтылмасқа, өйткені ана өз балаларынан шаршамайды ғой!

**ҚҰДАЙ МЫНАНЫ АЙТАДЫ: МЕН ОЛАРДЫ АЛЫСТАҒЫ  
ЕЛДЕРГЕ ӘРІ БӨТЕН ХАЛЫҚТАРДЫҢ АРАСЫНА  
ШАШЫРАТЫП ЖІБЕРСЕМ ДЕ, ӨЗІМ СОЛ ЕЛДЕРДЕ БІРАЗ  
УАҚЫТҚА ОЛАР ҮШІН КИЕЛІ ОРЫН БОЛЫП КЕЛЕМІН**

Езекиел 11:16

Біз қауымда Құдайға қызмет етуге тікелей қатыса алмай қалсақ та, бәрібір Құдайдың киелі ғибадатханасынан ағып келіп жатқан жарылқаушылық бұлағынан бөлініп қалмағанымызды білуіміз керек. Тәңір Ие Өзінің таңдаулыларын арнайы тапсырмамен жіберген жерде, өздерін қуылғандай сезінбесін. Құдай сол жерде де олармен бірге болып, олардың өз жеріндегі салтанатты жиылыстарында алған баталарының бәрінің де орнын толтырғысы келеді. Жиһан кезуге шақырылғандар, осыны көңілдеріңе түйіп алыңдар.

Құдай Өз халқына баспана болып табылмақ. Сөйтіп Құдай халқы жаудан қашқанда, сонда барып паналайды. Сондай-ақ Құдай өз халқына бата болып табылмақ. Ол өз халқымен бірге, сондықтан, тіпті, егер олар далада, ашық аспан астында ұйықтаса да, ұйқысынан оянып: *Құдай шынымен осы жерде деп айта алады.* Құдай өз халқы үшін, Көне Өсиеттегі Киелінің шусыз тыныш тұрағы болған ең киелі деп аталған бөлме сияқты, тыныштық орны болғысы келеді. Сондықтан олар әрқашан сабырлы болып, кез келген зұлымдықты қорықпай қарсы алулары керек.

Құдайдың Өзі Иса Мәсіхте қайырымдылық орны болып табылады. Жаңа Өсиеттің кемесі де, Харонның аса таяғы да, аспаннан жауған тәтті нан – манна да, Заң жазылған тақталар да – бәрі де біздің Құтқарушы Тәңір Иеміз Иса Мәсіхте бар. Құдайдың аясында біз аспан игіліктеріне толы киелі ыдысқа ие боламыз. Бізге бұдан басқа не керек? О, Құдайым! Осы уәденді әрдайым да орындап, біз үшін киелі де тыныш орын бола берші.

МЕНЕН ҮЙРЕНІП, ҚАБЫЛДАҒАН ТӘЛІМДІ,  
 ӘРІ ӨМІРІМНЕН КӨРІП, ЕСТІГЕНДЕРІҢДІ ІСКЕ АСЫРА  
 БЕРІҢДЕР! СОНДА ТЫНЫШТЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ –  
 ҚҰДАЙ СЕНДЕРГЕ ЖАР БОЛАДЫ

Філіптіктерге арналған хат 4:9

Егерде адамдар біреуге дәл Пауыл сияқты толық еліктей алса жақсы. О, егер де Құдай бүгін бізге Өзіне еліктеуге рақым етсе ғой және бүгін ғана емес әрдайым да солай жалғастыра берсе ғой, шіркін!

Егер біз бүгінде Құдайдың қолдауымен Пауылдың үйреткенін істесек, онда осы уәдеге ұмтыла аламыз! Ал бұл неткен ұлы уәде еді! Тыныштықты сүйетін, тыныштықты орнататын, тыныштықпен тыныстанатын Құдай бізге жар болады! *Сендерге амандық тілеймін!* – бұл Иеміздің мейірімді жарылқаушылығы, бірақ бәрінен бұрын, *тыныштықтың қайнар көзі – Құдайдың Өзі бізге жар болатындығы* біз үшін әлдеқайда маңызды. Өйткені тек осындай жағдайда ғана біз таза бұлақ пен тасқын суға және күннің сәулесіне шынымен ие боламыз. Егер тыныштықтың қайнар көзі – Құдай бізбен бірге болса, тіпті, сырт жағдайлар бізге қаншалықты қауіп төндірсе де, адам ақылынан асқан Құдайдың тыныштығында рақатқа бөленеміз. Адамдар өзара дауласып және бір-бірімен соғысып жатса, біз татуластырушы бола аламыз және татуластырушы болуымыз қажет те. Бірақ бұлай істеу тыныштықтың негізін салушы Құдай бізбен бірге болған жағдайда ғана қолымыздан келеді.

Нағыз тыныштық шындықтың жолынан табылады. Біз тыныштықтың орнауына өз үлесімізді қосамыз деп ойлап, сенімімізді жоғалтып, шындықтың жолын тастап кетсек, өзімізді өзіміз алдағанмыз. Ең алдымен таза жүрек, ал содан кейін татулықты сүйгіштік – даналық пен тәжірибеліліктің реті, міне, осындай. Пауылға еліктейік, сонда тыныштықтың Құдайы осы ұлы елшімен бірге болғандай, бізбен де бірге болады.

## ОЛАРДАН ҚОРЫҚПА! СЕНІ ҚҰТҚАРУ ҮШІН САҒАН ЖАР БОЛАМЫН

Еремия 1:8

Бойыңды қорқыныш билеп, әлсіреген кезінде саған күнәға бату қауіпі төнеді. Тәкаппарлық қаншалықты қауіпті болса, қорқақтық та соншалықты қауіпті. Осыны жақсы білуге тиіссің. Даниел пайғамбардай болуға тәуекел ет! Біздің ұлы Патшамызға батыл жауынгерлер қызмет етуі керек!

Осы аят арқылы Құдайдың бізді батылдыққа қалай шақырып тұрғанын байқашы! Кім Құдаймен бірге болса, Құдай да сонымен бірге болады. Ұрыс басталған кезде, Құдай еш уақытта да сені тастап кетпейді. Сені адамдар қорқытып жүр ме? Егер сен ажалды адамның алдында қалтырайтын болсаң, онда кім болғаның? Жұмыс орныңнан айрылып қаласың ба? Сен қызмет етіп жүрген Құдай Өзінің қызметкерлеріне нан мен су тауып бере алады. Неліктен сен Оған сенім арта алмайсың? Адамдардың мазаққа айналдырғаны сай-сүйегінді сырқыратып жатыр ма? Осының бәрін де Мәсіхтің аты үшін көтер! Тіпті, бұған қуан!

Құдай шыншылдармен, әділдермен және киелілермен әрқашан да бірге және оларды міндетті түрде құтқарады! Ол сені де құтқарады. Құдай таңдаған үш жас жігіттің жалындап жанып тұрған пештен қалай шыққанын ойлап көрші! Сенің жағдайың осы жігіттердің жағдайына қарағанда, соншама үмітсіз емес қой, тіпті олай болған күнде де, Құдай Ие сені бұл жағдайдан алып шығып, жеңіс сыйлаған болар еді. Қорқыныштан сақтан! Тынышсызданудан қорық! Қас жауың сенің өз көкірегіңде. Тізерлей жығылып: *Ешнәрседен қорықпаймын, себебі мен Құдайға үміт артамын*, – деп дұға ет!

## ӘДІЛ АДАМНЫҢ МІНӘЖАТЫ ОҒАН ҰНАЙДЫ

Нақыл сөздер 15:8

Бұл сөздер де Құдайдың уәдесі сияқты жарылқанған, өйткені бұл бүкіл заманалар бойына сақталатын шындық туралы айғақ береді. Құдай әділдердің дұғасына рақымдылық көрсетеді. Сондықтан біздің бірінші міндетіміз – әділ болу. Оңға да, солға да бұрылмай, сенімді де адал күйде қалып, екі жүзділікпен кібіртіктемей, зұлымдыққа жол беріп сабырсыз болмай, қатаң тазалық пен турашылдықта тұзу тұру қажет! Егер біз қулық-сұмдық және айлакерлікпен өзімізге өзіміз жәрдем бергіміз келсе, онда Құдай бізге жәрдем бермейді. Егер біз қисық жолдармен жүрсек, онда көп ұзамай-ақ дұға ете алмайтынымызға көзіміз жетеді, ал егер дұға етуге әрекет етсек, көктің біз үшін жабық екенін байқаймыз.

Егер біз әділеттілікпен іс-әрекет етсек және өзімізге ашылған Құдайдың еркін орындасақ, онда көбірек әрі сеніммен дұға етеміз! Егер біздің дұғамыз Құдайға қуаныш әкеліп жатса, онда Оған ұнамды нәрсеге сараңдық жасамайық! Ол біздің дұғамыздағы сөйлем құрылысының мәнерлілігіне де, рухани білімімізге де, тіліміздің шешендігіне де көңіл аудармайды. Бұл қағидалардың сақталмағандығын адамдар ғана бетімізге басады. Әке ретінде, Ол балаларының тұтығып жасаған дұғасына да, жаңа туылған ұлдары мен қыздарының былдырына да рақым етеді. Егер Құдай Иеміз біздің дұғамыздан қуаныш тауып жатса, онда өзіміз неге одан қуаныш таппаймыз? Құдайдың рақымшылық тағының алдына өз хабарымызды алып келейік! Иеміз бізге дұға етуге жеткілікті негіз бен ұмтылыс береді, сондықтан Оған алғыс айтуға тиіспіз.



## ЖАРАТҚАН ИЕ РАҚЫМ МЕН ДАҢҚ СЫЙЛАЙДЫ

Забур 83:12

Рақымдылық – бұл қазіргі кезде біз мұқтаж болып тұрған ұлы құтқару ісі және ол барлық адамдар үшін де қол жетерліктей ашық. Бұл Құдайдың бізге берген сыйы. Сыйдан өткен ерікті іс бар ма екен? Бүгінде біз сақтайтын, қуаттайтын, білім беретін және қанағаттандыратын рақымға мұқтажбыз. Құдай бізге осы уақытқа дейін күнделікті рақым көрсетті және Оның рақымы болашағымызға да толық жетеді. Егер бізге рақымдылық аз көрсетілсе, айып өзімізден, себебі құдіретті Құдайдың күші әлі кеміген жоқ, әрі Ол бізге оны ағыл-тегіл мол сыйлауға даяр. Біз оны қанша қажет болса, сонша сұрай аламыз, оның үстіне бізге оны бермейді деп қорқудың қажеті жоқ, бізге ешқашан да: *Жоқ!* – деп айтылмайды. Ол рақымын әрбір адамға ағыл-тегіл мол етіп береді әрі еш уақытта да одан айырмайды.

Құдай бізге алтын бермеуі мүмкін, бірақ Ол міндетті түрде рақым көрсетеді; Ол бізге байлық ұсынбауы мүмкін, бірақ рақымдылық сыйлағысы келеді. Әрине, Ол бізге сынақтар жібереді, бірақ соған сай рақымдылық та көрсетеді. Ол бізді еңбек етуге де, қайғы-қасірет шегуге де шақыруы мүмкін, бірақ шақырумен қоса, осының бәріне қажетті рақымдылықты да жібереді.

Жоғарыда айтылған: ... *және даңқ сыйлайды!* деген сөздері *және* деген сөздің мәні неде? Біз даңққа әлі мұқтаж емеспіз, шынын айтқанда, оған әлі жарамаймыз да, дегенмен уақыты келгенде оған міндетті түрде ие боламыз. Рақымдылық нанын жегеннен кейін, даңқтың шарабын ішудің де кезі келеді. Даңққа бөленетін Киелілердің Киелісі деп аталған бөлмеге бағыт ала отырып, қазір біз үшін рақымдылық болып табылатын ғибадатхананың дайындық бөлмесі арқылы өтіп баруымыз қажет. *Және даңқ сыйлайды* деген сөз адамдардың қуаныштан шаттана ән салуына жетерлік себеп болып табылады. Тағы бір ғана, қысқа ғана бір кезең, сосын – мәңгі даңққа бөлену!

**АЛ ЕНДІ, БҮГІН ДАЛАДА ӨСІП ТҰРҒАН,  
ЕРТЕҢ ОТҚА ТАСТАЛАТЫН ШӨПТІ ҚҰДАЙ  
СОЛАЙ КИІНДІРСЕ, СЕНДЕРДІ, ӘЛБЕТТЕ,  
ОДАН БЕТЕР КИІНДІРМЕЙ МЕ, СЕНІМІ АЗДАР!**

Матай 6:30

Киім – құнды нәрсе, сондықтан кедей сенушілер жаңа костюмді қайдан аламын деп уайымға берілуі мүмкін. Міне, аяқ киімнің табаны да қажалып бітті, енді аяқ киімді қайдан алмақ? Бірақ, міне, біздің сенімді Құдайымыз бұл жетіспеушіліктерді қалай жоятынын қараңыз. Көктегі Әкеміз дала шөптерін аса сәнділеп киіндірген кезде, Өзінің сүйікті балаларын киіндіре алмай ма? Оның бұлай істейтініне біз әбден сенімдіміз! Рас, біздің киімімізде жамау болуы мүмкін, дегенмен киімсіз болмаймыз.

Бір кедей уағызшы киімінің тозығы жетіп жыртылып, әрең тұрғанын көрді, бірақ ол Құдайдың қызметкері ретінде Тәңір Иенің оған Өзінің зерлі киімін беруін күтті. Бірде былай болды, осы жолдарды жазып отырған адам өзінің досы қызмет ететін қауымға барған кезде, оған уағыз айту ұсынылды, сонда оған осы уағызшы үшін ерікті қайыр-садақа жинау керек деген ой келді, сөйтіп ол зерлі киімге осылайша ие болды! Бұл туралы көп айтудың қажеті жоқ, қайырымды Құдай Өзіне қызмет ететіндердің киімдері туралы да ұмытпайтынына көздері жеткен бұдан басқа да көптеген жағдайларды көріп жүрміз. Адам ата мен Хауа ана күнә жасағаннан кейін, оларға киім қажет болған кезде Құдай оларды киіндірді және Оның түпкі ата-бабамызға сыйлаған киімі олардың өздері жасаған киімінен әлдеқайда жақсы болды.

**СОНДА ӨЗ ЖОЛЫҢДА ҚАУІПСІЗ ЖҮРЕСІҢ  
ЖӘНЕ АЯҒЫҢ ДА СҮРІНБЕЙДІ**

Нақыл сөздер 3:23

Егер біз Исаның сенімді ізбасарлары ретінде, шындық жолымен жүрсек, онда Ол осы жолда бізге Өз қорғанын қояды. Күннің жарығында жол жүрген адам, патшаның қорғауында болады. Әрбір адамның жолы – бұл өмірге бейімделу, егер біз осы жолмен Құдайдың алдында әділ жүріп, Оның өсиетін бұзудан қорықсақ, онда Ол бізді жаманшылықтан міндетті түрде қорғайды. Біз жолға көп шығын шығармай-ақ жиһан кезуіміз мүмкін, бірақ қауіпсіз жиһан кеземіз. Біз жас адамдарша жүгіре алмауымыз мүмкін, дегенмен жақсы адамдардай жүре аламыз.

Бір таңқаларлығы, Құдайдан алшақтау қауіпі өзімізде екендігі. Себебі, біздің әлсіз аяқтарымыз сүріншек келеді. Түбімізге жетпей қоймайтын осы сүріншектікті толық жеңу үшін өнегелі болуға Құдайдан күш сұрайық! Көптеген адамдар сүрінеді, өйткені аяғының астындағы тастарды көрмейді. Құдайдың рақымы біздің күнәні көруімізге және оны айналып өтуімізге жағдай туғызады. Бұл уәде бізге ықпалды әсер ететін болсын; Құдай Өзінің таңдаулыларын қорғайтынына сенейік.

Бәрінен де қауіптісі – біздің өз бейғамдығымыз! Бірақ Иеміз Иса бізге: Сергек болып, дұға етіңдер! – деп ескертеді.

О, егерде осы соңғы уақытты бірде-бір рет сүрінбей өткізуге Құдай Өз рақымын берсе ғой! Біздің аса өрескел түрде құлдырамағанымыз мүлде жеткіліксіз; сондай-ақ Оған өзімізді мінсіз сақтайтын Құдай ретінде табынып, кішкене де қате жасамау үшін де дұға етуіміз керек.

## КІШПЕЙІЛДІЛЕРГЕ РАҚЫМЫН ШАШАДЫ

Жақып 4:6

Бойсұнған жүректер рақымдылық іздейді әрі оны табады да. Бойсұнған жүректер рақымдылықтың мейірімді ықпалына бағынады, сондықтан да олар оған үсті-үстіне ие бола береді. Бойсұнған жүректер рақымдылық тасқындап аққан аңғарды іздейді және содан ішеді де. Бойсұнған жүректер рақымдылыққа риза болады және сол рақымдылығы үшін Құдайды даңқтайды, сондықтан Құдай да бұлардың даңқын көтереді.

Құрметті оқырман, кел де өзіңнің қарапайым орныңды тап! Құдай сені ұлы етіп өзгертуі үшін өзіңді төмен ұста! Бәлкім, сен: *Менің бойсұнуым әлі жеткілікті дәрежеде емес шығар деп қорқамын*, – деп күрсінетін боларсың. Бұны саған сендегі нағыз бойсұнушылық айтқызуы мүмкін. Кейбіреулер өздерінің бойсұнғандығын мақтаныш етеді, алайда бұл менмендіктің ең жаман түрі. Біз, бишара әрі көңіл бөлуге тұрмайтын лайықсыз пенделер бойсұнғыш болуымыз керек, бізде бойсұнғыш болуға тиісті екендігімізге негіз болатын себептер жетерлік. Сондықтан да өзімізді өзіміз көтермелемейік. Бойсұнайық, себебі біз бойсұнушылықтың алдында күнәліміз. Егер бойсұнсақ, қайырымды Құдай бізге Өзінің рақымдылығын сездіреді. Рақымдылық бізді бойсұндырады және осы бойсұнушылық арқылы Құдай рақымдылықты одан да көп мөлшерде сыйлаудың себебін табады. Сонымен, кейін жоғары көтерілу үшін, қазір төмендейік! Құдай бізді байыту үшін, Оның алдына рухымыз жарлы болып, құралақан барайық. Өйткені Құдайдың кешірімі мен рухына мұқтаждығын мойындағандарға Құдай риза. Бұдан былай бойсұнуға мұқтаж болмау үшін және Құдайдың рақымы бізді көтере алуы үшін бойсұнайық!

**ШЫНДЫҚТЫ КӨРМЕЙТІН ХАЛҚЫМДЫ МЕНІҢ  
ӨЗДЕРІ БІЛМЕГЕН ЖОЛМЕН ЖЕТЕКТЕЙМІН**

Ишая 42:16

Соқырларды жетелейтін шексіз даңқты Құдай туралы ойлаңыз. Бұл жетелеуде қандай шексіз мейірбандық бар десеңші! Соқыр адам жолды таба алмайды, себебі ол оны білмейді. Тіпті, ол бұл жолды білгеннің өзінде, оған бұл жолмен жүру қиын болар еді; ал оның білмейтін жолмен жалғыз жүруі турасында сөз етпей-ақ қойсақ та болады. Біз табиғатымыздан рухани соқырмыз, сондықтан да құтқарылу жолын көрмейміз, әйтсе де Құдай бізді осы жолмен жетелеп, Өзіне алып келеді де, біздің көзімізді ашады. Сондай-ақ біз болашағымызды да білмейміз, тіпті, алдағы өміріміздің бір сағатын да алдын ала біле алмаймыз. Алайда Тәңір Ие бізді жердегі кешіп жатқан өміріміздің соңына дейін жетелегісі келеді. Оның аты мәңгі мадақталсын!

Біз құтқарылуға қандай жолмен қол жеткізе алатынымызды түсінбейміз, бірақ Құдай бұны біледі және біз қауіп-қатерге душар болмау үшін, Өзі жетелеп жүргісі келеді. Өзін де, өз жолын да Құдайға толық тапсырып, қайырымды Бақташыға сенген адамдар бақытты. Құдай оларды өмір бойы жетелеп жүреді; Құдай оларды даңққа бөлейтін үйіне алып келіп, Өзі жетелеп алып жүрген жолды көрсін деп, көздерін ашқан кезде, олар ұлы Жарылқаушыға ризашылық әнін шырқайтын болады. Құдайым, бүгін Өзіңнің бишара соқыр балаларыңды жетелеші, өйткені олар өз жолдарын білмейді!

**АЛ ЖАРАТҚАН ИЕ СЕНІМДІ, ОЛ СЕНДЕРГЕ КҮШ,  
ЖІГЕР БЕРІП, ЭЗЭЗІЛДІҢ ӘРЕКЕТІНЕН САҚТАЙДЫ**

Салоникалықтарға арналған 2-хат 3:3

Көбінесе, адамдарға сенім жетіспейтіні сияқты түсінік те жетіспейді. Өмірде ақылсыз да, зұлым да адамдар әлі бар. Олармен айтысып-тартысуға немесе тату-тәтті тұруға әрекет етуден мүлде пайда жоқ. Шын мәнінде олардың ойлағандары арамдық және сөйлеген сөздерінде шындық жоқ. Сонда не істеу керек? Бізге олармен әуреленудің қажеті бар ма? Жоқ, Жаратқан Иеден алшақтамайық, өйткені Ол сенімді! Ол уәдесін еш уақытта да бұзбайды. Оның бізге қойған талаптары әділетсіз емес, Ол біздің талаптанып, Өзіне ұмтылғанымыздан жалтармайды. Біздің Құдайымыз сенімді әрі адал.

Ол бізді әділетсіз адамдар жоя алмайтындай етіп қуаттайды; Ол қорғап тұрғанда, бізге шынымен ешкім де қауіп төндіріп, зиян жасай алмайды. Адамдармен таласып-тартысудың қажеті болмайтын және қайғымызға шынымен ортақтасатын Тәңіріміз Исаның аясында жасырына алатын жағдайларда қандай жарылқаушылық бар еді! Иса Мәсіхте бізге деген мейірімді де адал жүрек және тұрақты сүйіспеншілік бар, сондықтан осы түсінікте тыным табайық. Құдай Өз рақымдылығының шешімін бізде, Өзінің құлдарында міндетті түрде орындайды, сондықтан бізге қорқыныштың, тіпті, көлеңкесіне де жол беруге болмайды, өйткені қорқыныш адамды уайым-қайғыға батырады. Адамдар немесе шайтан жасайтын жаманшылықтардың ешбірі де бізден Құдайдың қорғаны мен қамқорлығын ұрлай алмайды. Бүгін де Құдайдан бізді нығайтуын және Өзінің рақымдылығында сақтауын сұрайық!

**ОТЫРҒАН КЕЗДЕ ЕШТЕҢЕДЕН ҚОРЫҚПАЙСЫҢ,  
ЖАТҚАН КЕЗІНДЕ ҰЙҚЫҢ ТӘТТІ БОЛАДЫ**

Нақыл сөздер 3:24

Бәлкім, Тәңірге менің оқырмандарымның ішінен біреуді ұзақ па, әлде қысқа ма мерзімге төсекке таңуға тура келген болар. Сол адам: *Жатқан кезде, ұйқың тәтті болады!* – деген уәдені көңіліне түйіп алсын деп тілеймін.

Кешке төсекке жатқан кезде, осы сөздер біздің жастығымызды мамыққа айналдырсын. Ұйықтап жатқанда біз өзімізді қорғай алмаймыз, алайды қайырымды Құдай бізді түнде де қорғайды. Құдайдың панасында жатқан адамның қауіпсіздігі өз ордасында жатқан патшалар мен олардың әйелдерінің қауіпсіздігінен де артық болады. Оның үстіне, егер біз жатар кезде барлық уайымдар мен қам көрулерді және атаққұмарлықты өзімізден шешіп тастасақ, онда қорқақтар мен дүниеқорлар еш уақытта да көрмеген рақатты көріп, демаламыз. Сөйтіп, біз өзімізді мазалайтын түстер көрмейміз, тіпті егер бұндай түстерді көрсек те, оның әсерінен тез құтыламыз.

Егер біз тәтті ұйқыға батып, осылай демалатын болсақ, дұрыс істейміз. Петір келесі күнге өлім жазасына кесілгеніне қарамай, сондай тәтті ұйықтады және тәтті ұйықтағаны соншалық, Періштеге оны бүйірінен түртіп оятуға тура келді. Азап шегушілер де отқа жағылар алдында дәл осылай ұйықтады... Ол Өзінің достарына тыныш ұйқы береді.

Тәтті ұйықтау үшін біздің іс-әрекетіміз бен ой-ниетіміз, мінез-құлқымыз бен сүйіспеншілігіміз жұмсақ әрі нәзік болуы аса қажет.

## АУЫРЫП ЖАТҚАНДА ТӘҢІР ОҒАН КҮШ БЕРЕДІ

Зәбүр 40:4

Бұл уәденің кедейлерге болысқан адамдарға арналғанына көңіл аударыңыз! Сен де кедейлерге болысасың ба? Онда осы сөздерді жақсы меңгеріп ал, олай болмаған жағдайда, оларға болысуға асық!

Қарашы, кедейлерге болысып, олардың қамын ойлаған адамды Құдай қалай жарылқайды. Мәңгі сүюші Құдай оның жанына қамқор болып, жұмсақ жастықтай қолымен ауру денесін сүйемелдейді. Осындай бейнеде Құдай бізге қандай мейірімді әрі тілектес болып көрінбек! Ол біздің әлсіздіктеріміз бен ауруларымызға қандай жақын! Пұтқа табынушылардың құдайларында осындай қасиеттер бар ма? Бұндай сөздер тек біздің Құдайымызға ғана тән; жалғыз біздің Құдайымыз ғана әділдерге қайырым көрсетеді. Егер Ол бір қолымен жазаласа, екінші қолымен жазаланғанды қолдайды. О, жарылқанған әлсіз жан, егер сен Иеміздің кеудесіне құлап, әрі сол жерден тыным тапсаң ғой! Рақымдылық ең жақсы құтқарушы амал болса, ал Құдайдың сүйіспеншілігі – кез келген ауруды жеңу үшін ең дұрыс қозғаушы амал болып табылады. Тіпті, сүйегіңе терің ғана жабысып, ыңыршағың шығып тұрса да, Оның берген жан тыныштығы сені денсаулығы мықты адамдай етеді. Ешқандай жау құдіретті Құдаймен күшін теңестіре алмайды, ешқандай да нығайтушы амал Оның уәделерімен тең келмейді, ешқандай да шарап Оның сүйіспеншілігімен теңесе алмайды.

Егер оқырмандардың біреуі кедейлерге қатысты өзінің міндеттерін елемей жүрсе, ол бүгін-ақ өзінің неден айырылғанын көруге әрекет етсін және дереу олардың досына әрі жәрдемшісіне айналсын.



ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАҢДАР,  
СОНДА ОЛ ДА СЕНДЕРГЕ ЖАҚЫНДАЙДЫ

Жақып 4:8

Біз Құдайға қаншалықты жақындасақ, Ол да бізге соншалықты қайырымдылықпен ашыла бермек. Адам ақсқан ұл ақырында өз әкесіне келген кезде, әкесі оның алдынан өзі жүгіріп шықты. Үркек көгершін кемеге қайта оралған кезде, Нұх пайғамбар қолын созып, оны кемеге қайта кіргізді. Сүйікті жары күйеуін сағынған кезде, күйеуі жарына қарай сүйіспеншілікті қанат қылып ұшады емес пе? Сонымен келіңіз, өзімізді соншалықты мейірімділікпен күтіп, қарсы алатын Құдайға келейік!

Ишя пайғамбардың кітабының 58 тарауындағы 9 аятқа көңіл аудардыңыз ба? Онда Құдай Өзін Өз халқының еркіне тапсырып: Міне, Мен! – дейді. Ол бізге осы сөздерімен: Маған не айтқыларың келеді? *Сендер үшін не істейін? Мен сендерді жарылқау үшін жауаптарыңды күтемін!* – дегісі келетіндей. Олай болса, неге біз Оған жақындауға қорқамыз? Құдай бізді кешіруге, жарылқауға, шайтанның шырмауынан азат етуге дайын. Құдайға жақындау үшін әрдайым да Оған ұмтылуымыз керек. Егер Оған жақындасақ, онда ең басты әрі негізгі істі бітіргеніміз! Ал егер адамдарға жақындасақ, онда көп ұзамай-ақ олар бізден шаршап, бізді тастап кетуі мүмкін. Біз тек Тәңір Иені ғана іздеген кезде, Оның мәңгі өзгермейтіндігіне көз жеткізу мүмкіншілігіне ие боламыз. Сөйтіп, Тәңір Ие жауап ретінде, толық әрі жарылқанған қарым-қатынас арқылы бізге бұрынғыдан да бетер жақындай түседі.

**ЖАРАТҚАН ИЕ СЕНДЕРДІ «ҚҰЙРЫҚ» ЕМЕС,  
«БАС» ҚЫЛАДЫ**

Заңды қайталау 28:13

Егер біз Құдай Иемізге бойсұнсақ, Ол жауларымызға Өзінің батасы біздің үстімізде екенін дәлелдейді. Егер заң бойынша өмір сүргендерге осындай уәде беріліп отырса, онда бұл Жаңа Өсиеттегі Құдай халқына одан бетер тікелей қатысты, өйткені Иса бізден барлық қарғысты алып, бізге сыйланған жарылқаушылықты одан ары күшейтті емес пе?

Сенушілердің ісі киелі ықпалдың арқасында адамдарға басшылық ету мүмкіншілігінен тұрады. Біз адамдар әр жаққа бір тартқылайтын, құйрық сияқты болмауымыз керек. Біз бұл өмірдің ықпалына жол бермеуіміз керек, бірақ өз замандастарымызды Мәсіхке әкелуіміз қажет. Егер Құтқарушы Құдай бізбен бірге болса, онда біздің алдымызда тек Інжілді жақсы көру ғана емес, сонымен қатар оны бүкіл қоғамның тағына көтеру міндеті де тұр. Иеміз Иса Өзінің таңдаулыларын бас дін қызметкерлері етпеп пе еді? Біз Құдайға сенбейтін пәлсапашылардан үйренудің орнына, оларды жөнге салуымыз қажет. Мәсіхте біз патша болмадық па? Онда қалай ғана біз күнәлі әдеттер мен пендешілік пікірлердің құлы болып қалмақпыз?

Құрметті достар, бізде Мәсіхке қызмет етуге деген шыннайы көзқарас қалыптасты ма? Көпшілік адамдар бұл сұраққа жауап бермей, үнсіз қалады, себебі олар әлі мүлдем қорқақтарға айналмаса да, бәрібір қорқады. Адамдардың Тәңіріміз Исаның атын соңғы орынға ысырып тастауына жол береміз бе? Біздің сеніміміз артымызда құйрық сияқты сүйретіліп жүруі керек пе? Керісінше, сеніміміз біздің өзімізде және басқа адамдарда белгілі күшке айналу үшін, алдымызда жүруі керек емес пе?

МЕН САҒАН ЖАР БОЛАМЫН. ЕШКІМ ДЕ САҒАН  
БАС САЛЫП, ЗИЯН КЕЛТІРЕ АЛМАЙДЫ

Елшілердің істері 18:10

Пауыл Қорынт қаласындағы жүктелген тапсырманы орындағанша, қалың топтың ашуы мен наразылығын Құдай Өзі тоқтатып тұрды. Иудейлер оған барынша қарсылық көрсетіп, қанша балағаттағанымен, Інжілдің уағыздалуына және пұтқа табынушылар мен басқа да тыңдаушылардың Құдайға тәубе етуіне бөгет жасай алмайды. Құдайдың ең қатыгез деген адамның үстінен де Өз билігін жүргізетіні еш шүбәсіз. Адамдар Оған қарсы наразылық білдірген кезде, Ол Өзін одан бетер мадақтайды. Ал олардың наразылығын тоқтатқан кезде, Оның рақымдылығы бұрынғыдан да айқын білінеді, өйткені Ол бәріне де тиым салуға құдіретті. *Құдайым, бір кезде Қызыл теңізді қақ жарып өткендей, Сенің халқың өтіп кеткенше, Сенің қуатты қолдарыңның құдіреттілігінен олар тастай қалшып қатып қалсын.*

Сонымен, егер өз парызыңызды орындап жүргеніңізді білсеңіз, онда тәни қорқынышқа жол бермеңіз! Сіздің орныңызда Исаның Өзі болса қалай істер еді, сіз де дәл солай істеп, тура жүріңіз! Сонда сізге қарсы келгендердің бәрі де бүгілген қамыс пен бықсып жатқан зығырдай болмақ. Кейде адамдардың өмірінде қорқынышқа себеп табылады, себебі олардың өзі абыржуда, алайда алып жолындағы өрмекшіні қалай жойса, батыл сенім де барлық қауіпті дәл солай жоятын болады. Егер Құдай жол бермесе, бізге ешкім де жамандық жасай алмайды. Ол бір ауыз сөзімен шайтанды қуып шыққан кезде, оның жын-перілеріне қалай ғана тыйым салмас екен? Сіз олардан қауіптеніп жүргенде, керісінше олар сізден қауіптеніп жүруі мүмкін. Сондықтан да алға жүріңіз, сонда жау күткен жеріңізден достар табатын боласыз.

**ЕШ НӘРСЕНІ УАЙЫМДАМАЙ, БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙДА  
ӨТІНІШТЕРІңДІ ҚҰДАЙҒА СИЫНЫП, ТІЛЕКПЕН,  
ШҮКІРШІЛІКПЕН БІЛДІРІңДЕР! СОНДА ҚҰДАЙДЫң  
АДАМ АҚЫЛЫНАН АСҚАН ТЫНЫШТЫҒЫ  
СЕНДЕРДІң ЖҮРЕКТЕРІң МЕН ОЙ-САНАЛАРЫңДЫ  
МӘСІХ ИСАДА САҚТАЙДЫ**

Філіптіктерге арналған хат 4:6-7

Ешқандай уайым болмасын, тек дұға ғана болсын; ешқандай қорқыныш болмасын, тек Құдаймен қуанышты қарым-қатынас қана болсын. Тілектеріңізді жаныңыздың қорғаны болған қайырымды Құдайдың алдына алып келіңіз! Оған өтініштің екі үлесін және мадақтау мен даңқтың бір үлесін алып келіңіз! Күдіктеніп дұға етпеңіз, керісінше алғыс айтып, сеніммен дұға етіңіз! Есіңізде болсын, тілектеріңіз әлдеқашан орындалып қойған, сондықтан да Құдайға Оның рақымдылығы үшін алғыс айтыңыз! Оның сізге ұсынып тұрған рақымына ризашылықпен жауап беріңіз! Одан еш нәрсені де жасырмаңыз! Тілектеріңіздің бірі де кеудеңізді қорғасындай езбесін! *Тілектеріңіздің бәрін Құдайдың алдына жайып салыңыз!* Адамдардан көмек сұрамаңыз! Өз Құдайыңызға, сізді Иса арқылы жақсы көрген көктегі Әкеге жүгініңіз!

Бұл сізге Құдайдың тыныштығын сыйлайды. Сіз өзіңіз ие болған бұл тыныштықты түсінуге, тіпті, ақылыңыз жетпейді. Құдай Өзінің шексіз сүйіспеншілігімен сізге бар игілігін көрсетеді. Сонда жүрек пен сезім Иса Мәсіх арқылы тыныштықтың теңізіне терең бойлайды. Өмірде немесе өлімде, қайыршылықта немесе өсек-аянда болсын, сіз әрқандай қатал жел мен қараңғы бұлттан жоғары көтеріліп, әрқашан да Исамен тығыз байланыста болуыңыз керек. Осындай сүйіспеншілікке толы мінез-құлыққа ие болғыңыз келмей ме? Құдайға былай деңіз: «Иә, Құдай Ием, мен Саған сенемін, бірақ мені күмәнді ойларымнан азат етші деп өтінемін!»

**АЯҚ АСТЫНАН ПАЙДА БОЛҒАН ҮРЕЙГЕ БОЙ АЛДЫРМА  
 НЕМЕСЕ ЗҰЛЫМДАРҒА ШҮЙІЛГЕН АПАТТАН ҚОРЫҚПА.  
 ӨЙТКЕНІ ЖАРАТҚАН ИЕ СҮЙЕНІШІҢ БОЛЫП,  
 ТҰЗАҚҚА ТҮСУДЕН САҚТАЙДЫ**

Нақыл сөздер 3:25-26

Құдайдың соты басталған кезде, Ол Өзінің таңдаулыларын бұл сотпен қорқытқысы келмейді, керісінше, Өзінің әділдерін қорғауды ойлап, оларға қайткенде де қайғы-қасірет әкелмеудің қамын ойлайды.

Алайда Құдай олардың да өз тарапынан батылдық көрсетуін қалайды. Иә, олар Құдайдың өздерімен бірге екендігіне қуанышты, бірақ олар бұны өздерінің рухының Құдаймен бірге екендігімен дәлелдеуі керек. Өйткені Құдай Иеміз аяқ астынан келуі мүмкін, сондықтан кенеттен болған еш нәрсе де оларды састырмауы қажет. Айғай-шу мен зұлымдықтың өршеленген толқындарының ортасындағы сабырлы тыныштық – Құдай сүйіспеншілігінің құнды сыйы.

Әділетсіздердің көтерген у-шуы бұл дүние үшін нағыз бақытсыздық емес екенін анық көру үшін, Құдай Өзінің таңдаулыларының ажырата білу сыйына ие болуын қалайды. Зұлымдықтың түп-тамыры – күнә; ал күнә үшін жазалау қоғамды бұзылудан сақтайтын тұз сияқты. Құдай халқы күнә шығатын тозақтан емес, сол тозаққа жетелейтін күнәдан қорқуы керек.

Олар Құдай сыйлаған ұлы жан тыныштықты сақтауы керек. Шайтан мен жыланның ұрпағы зұлымдыққа толы, дегенмен Құдайдың жетегінде жүргендердің ешбірі де олардың қастандығына ілікпейді. Исаға сенуші алға жүр, үмітің тек Құдайда ғана болсын!

**БҰЛ ЖОЛМЕН ЖҮРГЕНДЕР,  
ТІПТІ, ТӘЖІРИБЕСІЗ БОЛСА ДА АДАСПАЙДЫ**

Ишяя 35:8

Исаның ізінен еру жолы түзу әрі анық, сондықтан тіпті ең тәжірибесіз деген адамның өзі де, егер ол әрдайым осы жолмен жүріп жүрген болса, ешқашан да адаспайды. Бұл өмірдің даналары әрдайым бұрылыс пен қалтарыс жолдарды айналып өтіп жүреді, дегенмен бұған қарамастан, олар да абайсызда қателіктер жасайды, әрі көбінесе мақсаттарына жете алмайды. Осы дүниелік даналық алыстан болжай алмайды, ал егер адамдар осы дүниенің даналығына сай өмірді өзіне жол ретінде таңдаса, оларға ойлы-қырлы таулар мен қараңғы шатқалдар арқылы жүруге тура келеді. Ал Құдайдың даналығымен жүріп, игілік көрген жандар Құдайдың нұсқауына ергеннен артық жақсы еш нәрсені білмейді, сондықтан да олар Құдайдың ғажап қорғанының астында, салтанатты жолдармен жүреді.

Құрметті оқырман, еш уақытта да жалған жолдар мен күдікті іс-әрекеттер арқылы қиыншылықтан құтылудың жолын іздеме. Шындық пен тазалықтың салтанатты жолында бол, сонда сен ең жақсы жолмен жүретін боласың. Бір орында шыр айналып, айлалы амалдарды ойластыру қажет емес. Әділ бол және еш нәрседен де қорықпа! Исаға бағын, басқаға көңіл аударма! Егер ең жаман зұлымдықтан жалған жолмен құтылуға болатындай көрініп, соған әрекет етсең, онда алдыңғыдан да жаман зұлымдыққа тап болатының есінде болсын. Құдай жолы – ең жақсы жол. Осы жолмен жүр. Тіпті, адамдар сені ақымақ деп есептесе де, тек осы жолмен ғана жүр, сонда ғана сен шынымен дана боласың!

**ОСЫЛАРДЫ ОРЫНДАП, ӨЗІНДІ СОҒАН АРНА;  
БӘРІ ДЕ БҰДАН СЕНІҢ АЛҒА БАСУЫҢДЫ КӨРЕ АЛСЫН**

Тимотеге 1-хат 4:15

Бұл шындығында Құдайдың уәдесі. Біз Жаратқан Иеміз үшін істеп жүрген ісімізге шын жүректен беріліп, Оның Сөзінің байыбына барып, терең ойланған кезде, табысқа жетеміз және бұл айналамызды қоршаған адамдардың бәріне де айқын болмақ. Киелі кітапты асықпай оқып, ондағы жазылғандар туралы байыпты түрде ойланып-толғанудың арқасында ғана біз Құдайдың Сөзінен күш аламыз. Нағыз табысқа көп жұмысты ұқыпсыз істегеннің нәтижесінде емес, керісінше істейін деп отырған іс жөнінде көп ойланып-толғанудың арқасында жетеміз. Шынайы ықылас салынбай, тығыз-таяң істелген кез келген іс әрқашан табыссыз аяқталады.

Егер біз өзімізді Құдай мен байлықтың немесе Мәсіх іліміне сай өмір мен күнәһар болмысымыздың арасында саудаға салсақ, онда ешқашан да табысқа жетіп, алға баспаймыз. Сондықтан өз ісімізге толық берілуіміз керек, бұлай болмаған жағдайда, Аспан Патшалығына қатысты істерде тек бишара саудагер болып қана қаламыз.

Біз Ізгі Хабарды уағыздап жүрміз бе? Ондай болса күшімізді болмашы істерге жұмсамай, уағыздауға тырысайық. Бізде ақшалы істермен және пайдасыз құмарлықтармен ортақ не болуы мүмкін? Біз мәсіхшілерміз бе? Ондай болса, Исаға қызмет етуді күнделікті еңбегімізге әрі өміріміздің бірден-бір мақсатына айналдырудың қамын ойлайық? Біз Исамен тығыз байланыста болып, Оған толықтай берілуіміз қажет, әйтпесе табысқа да, жетістіктерге де ешуақытта жете алмаймыз. Ал егер жетістіктерге қол жеткізе алмасақ, онда Қауымға да, бұл жалған дүниеге де еш ықпал ете алмаймыз.

СЕНІҢ ЖҮРЕГІҢ ЖҰМСАРЫП, ҚҰДАЙДЫҢ АЛДЫНДА  
БОЙСҰНЫП, МЕНІҢ ОСЫ ЖЕР МЕН ОНЫҢ  
ТҰРҒЫНДАРЫНА, ОЛАРДЫҢ ҚАРҒЫСҚА ҰШЫРАП, АУЫР  
ЖАҒДАЙҒА ТҮСЕТІНІН АЙТҚАНЫМДЫ ЕСТІП, ҮСТІНДЕГІ  
КИІМІҢДІ ЖЫРТЫП, МЕНІҢ АЛДЫМДА ЖЫЛАДЫҢ,  
СОНДА МЕН СЕНІҢ ҮНІҢДІ ЕСТІДІМ, ДЕЙДІ ТӘҢІР ИЕ

Патшалықтар туралы 4-жазба 22:19

Көптеген адамдар алдын ала берілген ескертулерге мән бермегендіктен, апатқа ұшырап жатады. Ал Құдайдың сөзін қастерлеген адам бақытты. Жосия патша дәл солай етті, сондықтан да Құдай Өз халқын аяп, оларды күнәлары үшін бақытсыздыққа душар етпек болған райынан қайтты. Сіз де өз халқыңыз үшін осылай шын жүректен қайғырасыз ба? Осындай уайым сіздің де жаныңызды жегідей жей ме? Онда сіз де бақытсыздық келген кезде, аяшылық көресіз. Құдай осы дүниенің күнәлары үшін күрсініп әрі қайғырған әрбір адамды айыра таниды. Жоюшы-Періште Құдайдың таңдаулылары жасырынғанша, семсерін қынабында ұстауға бұйрық алды, ал Ол таңдаулыларды Құдайдан қорқатындығына және Оның Сөзін қастерлеушілігіне қарап ажыратады. Уақыт қауіп төндіруде ме? Бүгінде ырымшылдық пен сенімсіздік өрши түсуде ме? Құдай сотының жазасын ойлап, қалтырайсыз ба? Онда жоғарыда айтылған уәдеден жаныңыз тыным тапсын. Құдай сіздің де үстіңізден Өзінің қорғаушы қолын созғысы келеді. Дегенмен, ең дұрысы – Тәңір Иеміздің келуі, сонда қайғылы күндеріміз бітіп, ұлы қуанышқа кенелетін боламыз.



**ТІПТІ СІЗДЕРГЕ МЫНАНЫ ДА АЙТАМЫН:  
БІЛЕУШІНІҢ ҚҰДІРЕТ ИЕСІНІҢ ОҢ ЖАҒЫНДА  
ОТЫРЫП, АСПАНДАҒЫ БҰЛТТАРМЕН КЕЛЕ  
ЖАТҚАНЫН КӨРЕТІН БОЛАСЫҢДАР! – ДЕДІ**

Матай 26:64

О, Құдайым, Сен Өз қудалаушыларыңның алдында қылмыскердей тұруға мәжбүр болған кезінде, қалай қорландың! Алайда, Сен назарыңды сол кездегі бойсұнуыңның шегінен тыс, Өзіңнің болашақ даңқыңа салдың. *Дегенмен, кейін даңққа бөленемін* – бұл қандай тамаша сөздер еді! Мен Сенің алдын ала болжау қабілетіңе еліктеуді қалаған болар едім, сөйтіп осы өмірдегі бишаралық күйімде, ауру немесе қорлану кезінде: *Дегенмен, кейін даңққа бөленемін!* – деп айтқым келеді. Кейін Құдай Исаға әлсіздіктің орнына – құдіретті күш берді, масқаралықтың орнына – даңққа бөледі, балағаттаудың орнына – адамдарды Оған табындырды. Сенің тәжіңнің нұрын айқыш ағашың күңгірттендіре алмады, дәл солай түкіріктер де Сенің жүзіңнің көркін бұзған жоқ. Керісінше, Өзіңнің көрген азабыңның арқасында одан да жоғары көтеріліп, даңқың бұрынғыдан бетер асқақтады.

Сонымен, мен *кейін даңққа бөленетініме* үміт арта отырып, болашақ жеңісімнің алдында қазіргі қайғы-қасіретімді ұмытуды қалаған болар едім. Тәңір Ием, мені Құдай Әкенің сүйіспеншілігі мен шыдамдылығының өрісіне жетелеп, Сенің атың үшін мені балағаттаған кезде күдіктенбеуге күш берші. Кейін даңққа бөленетініме тереңірек мән беріп, ал бүгінгі күнім туралы азырақ ойлауға жәрдем берші. Жақында мен Сенің алдыңа барып, даңқыңды көретін боламын. Сондықтан мен ұялмаймын, керісінше өзіме-өзім: *Дегенмен, кейін даңққа бөленемін!* – деп жігерленемін.

## КҮШСІЗДЕРДІ ҚОЛДАЙ ГӨР

Зәбүр 9:33

Біздің Құдайымыз Өзінің құлдарын ұмытпайды және оларды Өз сүйіспеншілігінен айырмайды. Ол бізді уақытша ғана емес, мәңгіге таңдап алды. Ол бізді шақырған кезде, болашақта қандай болатынымызды да білді және күнәларымызды аппақ қардай етіп жуды. Сондықтан Оның жаман істеріміз үшін, бізден бас тартпайтынын анық білуіміз керек. Бұған қарсы бір нәрсе ойлау күнә болар еді.

Ол бізді Өзімен болған қарым-қатынасынан айырғысы келмейді және бізді ұмытпайды да. Егерде Ол бізді бір сәтке ұмытса, біз сол кезде-ақ жойылып кеткен болар едік. Міне, сондықтан да Ол: *Мен сені ұмытпаймын!* – дейді. Адамдар бізді ұмытады! Тіпті, жадында ризашылықпен сақтауы керек болғандар да бізді ұмытады. Қайырымдылық жасаған адамдарымыз, өзімізге қарсы шығады. Сонымен адамдардың тұрақсыз жүрегінде бізге тұрақты орын жоқ. Ал Құдай Өзінің адал құлдарының бірде-бірін ұмытпайды. Ол бізбен Өзінің біз үшін орындаған ісі арқылы бірігеді. Ол бізді мәңгілік жақсы көріп, біз үшін өте үлкен құн төлегендіктен, бізді ұмыта алмайды. Иса бізден Өз еңбегінің жемісін ғана көреді, сондықтан да Ол бізді еш уақытта ұмытпайды. Көктегі Әке бізден Өз Ұлының Қалыңдығын көрсе, ал Рух бізден Өз ісін көреді. Сөйтіп біз бүгін де Құдайдың көмегін көріп, Одан күш-қуат алып отырамыз. О, егерде біз Құдай Иемізді еш уақытта да ұмытпасақ қой, шіркін!

**ҚАЙҒЫРАСЫҢДАР, БІРАҚ ҚАЙҒЫЛАРЫҢ  
ҚУАНЫШҚА АЙНАЛАДЫ**

Жохан 16:20

Шәкірттердің ерекше қайғыруының себебі, Иесінің өлімі мен енді Оның бұдан былай өздерімен бірге болмайтындығында еді. Дегенмен, Ол өліден қайта тіріліп, шәкірттеріне келіп көрінген кезде, олардың қайғысы қуанышқа айналды. Дәл осылай басқа қасиеттілердің қайғысы да өзгереді, тіпті олардың қайғысы ең ауыр болса да және олар әрдайым да қайғының көзі болып қалатындай көрінсе де, уақыты келгенде олардың қайғысы қуанышпен алмасатын болады.

Сонымен, қайғы қаншалықты көп болса, қуаныш та соншалықты көп болмақ. Егер бізге қайғы-қасіреттің ауыртпалығын көтеруге тура келсе, онда құдіретті Құдайдың күші Өз кереметін жасап, оларды ағыл-тегіл мол қуанышқа айналдырады. Қайғы-қасірет қаншалықты ащы болса, жұбаныш та соншалықты тәтті болмақ; өмірімізде Мәсіх жолындағы азаптарымыздың молая түскеніндей, Ол арқылы көретін жұбанышымыз да ағыл-тегіл мол болады. Сол сияқты бастан өткізген қайғы-қасіретті еске алу, тек хош иісті сезімді ғана ұлғайтады. Егер алмасты қара темірмен көмкерсе, жарқырап көзге анық көрінеді.

Келіңіздер, Құдайдың осы уәдесінен жүрегімізге жұбаныш алайық! Қазір мен қатты қамыққаныммен, бір сәттен соң қайта қуанамын. Иса маған қайғы-қасіретімнің көктегі сауықтырушы амалдың арқасында қуанышқа айналатынын айтады. Мен бұның қалай орындалатынын білмеймін, бірақ сенемін және қуанышты алдын ала сезіп, жырлай бастаймын. Рухтың жабырқаңқылығы ұзаққа созылмайды, жақында Құдайды күні-түні мадақтайтын бақытты адамдар тобына қосыламын, сол кезде өзімді ұлы қасіреттен құтқарған рақымдылық туралы мәңгі жырлайтын боламын.

МЕН ҚАЙТА ТІРІЛЕМІН, СОНДЫҚТАН СЕНДЕР ДЕ  
МӘҢГІЛІК ӨМІРГЕ ИЕ БОЛАСЫҢДАР

Жохан 14:19

Иса Өзіне сенгендердің өмірін де Өзінің жеке басының өміріндей нақты етті. Егер басшы тірі болса, оның мүшелері де тірі болу керек. Егер Иса өліден қайта тірілмеген болса, онда біз де күнәларымыздың салдарынан өлі болар едік, бірақ Ол қайта тірілгендіктен, барлық сенушілер де Онымен бірге тірілді. Оның өлімі күнәларымызды жойып, бізді өлім жазасының тұтқынында ұстаған бұғауды бұзды. Оның қайта тірілуі біздің ақталғандығымыздың дәлелі. Біз азат болдық, сөйтіп Құдай қайырымдылығы: *Тәңір Ие сенің де күнәңді Өз мойнына алғандықтан, сен енді өлмейсің!* – деп куәландырады.

Иса Өзінің таңдаулыларының өмірін де Өз өміріндей мәңгі етті. Ол тірі болған кезде біз қалай өлмекпіз, өйткені біз енді Онымен біртұтаспыз ғой? Ол енді өлмейтін болғандықтан, өлім енді Оның үстінен билік жүргізе алмайды, олай болса біз де енді өзіміздің ескі күнәларымызды жерлеген молаға қайта оралмай, Тәңір Иемізбен бірге жаңаша өмір сүреміз. Құрметті оқырман, егер басыңа ауыр сынақтар түсіп, бірде болмаса бірде жау қолы жеңеді-ау деп қауіптенсең, сені жұбатуға ерік бер! Егер рухани өмірің Мәсіхпен бірге Құдайда жасырылған болса, онда сен енді оны еш уақытта жоғалтпайсың. Сен өз Иеңнің мәңгі өлмейтініне күдіктенбейсің ғой, сондықтан да Ол өлімге жол береді деп ойлама, өйткені сен Онымен мәңгі біріккенсің! Оның өмірі сенің өміріңнің тірегі болып табылмақ, сондықтан да қобалжымай, тірі Құдайыңның құшағында жүрегің тыныштық тапсын!

**СОЛ ТҮНІ ИЕМІЗ ПАУЫЛДЫҢ ЖАНЫНДА ПАЙДА БОЛЫП:  
БАТЫЛ БОЛ! МАҒАН ИЕРУСАЛИМДЕ КУӘ БОЛҒАНЫҢДАЙ,  
РИМДЕ ДЕ КУӘ БОЛУҒА ТИІСТІСІҢ, – ДЕДІ**

Елшілердің істері 23:11

Сен Тәңір Иең туралы куәлік келтіріп жүрсің бе? Бәлкім, сен қазір қауіпті жағдайда боларсың? Онда сен өз ісінді аяқтамайынша, өлмейтініңді ойла! Егер құдіретті Құдай сені әлі де куә болуың керек деп белгілесе, өзіңе тиісті істі толық орындамайынша көз жұмбайсың. Жаратқан Иенің қолданбақ болған құралын кім күйретпек?

Ал егер Ұстазың үшін еңбек етіп бітсең, қайғырма, себебі Ол сені мәңгілік мекеніңе, жауларыңның қолы жетпейтін жерге апарып қоюды қалайды. Сенің Иса туралы куә болуың – ең маңызды ісін және бұл істі аяқтамайынша, саған ешкім де бөгет бола алмайды; сондықтан да ойың дұрыс болсын! Аяусыз айтылған өсек-аяндар мен кекті бұрмалаулар да, достарыңның өзіңнен бас тартуы мен сенім артқан адамыңның опасыздығы да, тіпті қандай жағдайлар болмасын – бұның бәрі Құдай Иенің өзіңе қатысты ниетіне бөгет бола алмайды. Басыңа қайғы-қасірет түскен кезде Құдай Ие сенің жаныңда болып: *Сен Мен туралы куә келтіруің керек*, – дейді. Сабырлы болып, Құдай Иеңмен байланыста екеніңе қуан!

Дегенмен, егер сен тап қазір бұл уәдеге мұқтаж болмасаң, онда жақында ол саған өте қажет болуы мүмкін. Бұл уәдені жүрегінде сақта! Басқа жерлерде Ізгі хабарды тарату ісімен айналысып жүргендер мен Құдай Сөзі үшін қудаланғандар үшін дұға етудің қажеттігін ұмытпа. Сенің дұға арқылы Құдай оларды қорғасын.

ТАҒЫЛЫМЫҢДЫ СҮЙГЕНДЕРДІҢ ЖАНДАРЫ ЖАЙЛЫ,  
ӨМІР ЖОЛЫНДА ОЛАР СҮРІНІП, ЖЫҒЫЛМАЙДЫ

Зәбүр 118:165

Осы ұлы Кітапқа деген ақиқи сүйіспеншілік бізге ұлы Құдайдан келген зор жан тыныштығын сыйлайды. Сөйтіп бұл біз үшін ұлы қорған болмақ. Әрдайым Құдай заңына сай өмір сүрейік, сонда Ол бізге басқа ешкім де, ешнәрсе де бере алмайтын жан тыныштығын береді. Киелі Рух Жұбатұшы ретінде, Сөз арқылы әрекет етеді және жүрегімізге жан арпалысын тоқтататын игілік пен мейірімділікті төгеді.

Әрдайым Құдай Сөзіне сай өмір сүрген адам сүрінбейді. Ол күнделікті өзінің айқыш ағашын, яғни ауыртпалықтарын қуанышпен мойнына алады. Сондай-ақ ол отты сынаққа да даяр, бұл сынақ оны қатты састыратындай, соншалық жат болып та көрінбейді. Ол көптеген адамдардың сүрінгеніндей, жақсы табыстар мен жетістіктерге де сүрінбейді және кейбіреулер сияқты бақытсыздыққа душар болғанда мүлде сары уайымға салынып та кетпейді, себебі ол осы өмірдің құбылмалы жағдайларынан жоғары тұрады. Егер Құдай оған сенімнің қандай бір ұлы құпиясын ұсынса, бұндай құпиямен танысқан басқа адамдар: *Бұл жанға бата-тын қатал сөз ғой, бұны кім көтере алады?* – деп күйінген кезде, ақиқи сенуші оны үн-түнсіз қабыл алады. Себебі ол бұл құпияны түсінудегі қиыншылықты өзі бедел тұтып, қуана бас иетін, Құдай заңы алдындағы мәртебелі қорқынышпен жеңді. Құдайым, бізде осындай сүйіспеншілік пен татулықты және осындай тыныштықты қалыптастыршы!

**ЖЫЛАН ЖАСАП АЛ ДА, ОНЫ БАҚАННЫҢ БАСЫНА  
БЕКІТП ҚОЙ! ЖЫЛАН ШАҚҚАН ӘРКІМ СОҒАН ҚАРАСА,  
ТІРІ ҚАЛАТЫН БОЛАДЫ**

Руларды санау 21:8

Қылмыскерлер қатарына есептелген Иса, біздің алдымызда айқыш ағашта асылып тұр – бұл Інжілдің болашағын көрсететін даңқты бейне. Біздің оған назар аударуымыз – жердегі күнә жыланының шаққан жерін емдейді, әрі тез емдейді. Оған қараған адам тірі қалады. Өзінің күнәлары үшін қайғырған күнәһар: оған қараған адам тірі қалады деген сөздерге назар аударсын. Исаға қараған әрбір адам, бұның әбден рас екендігіне көзі жетеді. Бұған менің де көзім анық жетті! Мен Исаға қарадым да шынайы өмірге ие болдым! Бұның мүлде анық екендігін мен білемін. Оқырман, егер Исаға қарасаң, сен де шынайы өмірге ие боласың. Рас, күнә жыланының уы сені зақымдайды, сонда саған басқа үміт жоқтай болып көрінеді. Иә, басқа үміттің жоқ екендігі анық. Дегенмен, Құдай ұсынған: *Жылан шаққандар соған қарап, тірі қалады!* – деген емнің саған шипа болатыны шүбәсіз.

Мыс жылан сау адамдар үшін көрікті нәрсе ретінде жасалған жоқ; ол жылан шаққан адамдарға қызмет етуге арналып жасалынған болатын. Иса ақиқи Құтқарушы ретінде, нағыз күнәһарлар үшін өлді. Егер жыланның улы тілі сені маскүнемге немесе ұрыға, азғындыққа берілген адамға немесе Құдайға тіл тигізушіге айналдырса, онда ұлы Құтқарушыға назар аудару сені осындай аурулардан емдейді және Құдайдың жолымен жүріп, Онымен бақытты қарым-қатынаста болуыңа жәрдем береді. Оған қара да өмір сүре бер!

**БҰДАН БЫЛАЙ ОЛАР БІР-БІРІНЕ: ЖАРАТҚАН ИЕНІ  
ТАНЫ, – ДЕП АЙТПАЙДЫ ЖӘНЕ СОЛАЙ ҮЙРЕТПЕЙДІ ДЕ,  
СЕБЕБІ ОЛАРДЫҢ БӘРІ, ҮЛКЕНІ ДЕ, КІШІСІ ДЕ МЕНІ  
ЖАҚЫННАН ТАНИТЫН БОЛАДЫ!**

Еремия 31:34

Егер біз бір нәрсені білмесек, бұны Құдайдың білетіні айдан анық! Бүгінде бұл уәде біздің тұрмыстағы жеке тәжірибемізде өзін ақтай алды, ал бұл кіші-гірім уәде емес. Арамыздағы ең кіші деген сенушінің өзі Иса Мәсіх арқылы Құдайды таниды. Қалағанымыздай толық білмесек те, бәрібір Құдайды шынымен білеміз. Біз Ол туралы ілімді ғана емес, Оның Өзін де білеміз. Ол біздің әрі Әкеміз, әрі Досымыз. Біз Онымен жеке таныспыз. Біз Оған: *Ием менің, Құдайым менің!* – деп айта аламыз. Біз Құдаймен тығыз байланыста боламыз және Онымен болған киелі қарым-қатынаста көптеген қуанышты сағаттарды бастан кешіреміз. Біз енді Құдайға бөтен емеспіз және Оның құпиясы бізге ортақ.

Бұл бізге табиғаттың заңының үйрететінінен әлдеқайда жоғары. Бізге Құдайды танытқан адам баласы емес, керісінше Әкені тануға бағыт көрсеткен Иса Мәсіхтің Өзі. Сонымен, егер Өзін танып білуге Құдайдың Өзі бізге жол ашса, онда бұл бақытқа кенелдіруші бұлақ көзі емес пе? Құдайды танып білу – бұл мәңгілік өмір. Біздің Құдайды жеке танып білуіміз – жаңа өмірге оянғанымыздың дәлелі. Сондықтан да жан-дүниеміз Құдайды танып білгеніне қуанып, Құдайды күні бойы мадақтасын!



**МЕН ОЛАРДЫҢ ӘДІЛЕТСІЗ ІСТЕРІН КЕШІРІП,  
КҮНӘЛАРЫН ЕНДІ ҚАЙТЫП ЕСІМЕ АЛМАЙМЫН!**

Еремия 31:34

Егер біз Құдайды шынымен білсек, күнәларымыз кешіріледі. Себебі біз Оны заңсыздықтарымыздың жанынан өтіп кететін, рақымдылықтың Құдайы ретінде білеміз. Бұл біз үшін неткен қуанышты хабар еді!

Ал Құдайдың бұл уәдесінің қалай айтылып тұрғанын қараңызшы: Құдай біздің күнәларымыз бен қылмыстарымызды бұдан бұлай есіне алмауды уәде етеді! Құдай біздің істеген күнәларымызды ұмыта ала ма? Иә, Құдай оларды ұмытқым келеді дейді және Ол Өзінің айтқан сөздеріне жауапты. Ол бізді еш уақытта күнә жасамаған адамдай көргісі келеді. Құнын өтеп азат етудің ұлы Құрбандығы біздің күнәларымызды толық жойды, сондықтан бұл күнәлар енді Құдайдың алдында жоқ. Адам ата өзінің мінсіздігімен қабылданғандай, бүгін де әрбір сенуші Иса Мәсіхтің әділдігі арқылы мінсіз деп қабылданады; тіпті одан да артық дәрежеде қабылданады, өйткені Адам атада пендешілік әділдік болса, Исаны қабылдағандар Құдайдың әділдігіне ие болады.

Ұлы Құдай бізді жазаламау үшін және жек көрмеу үшін, күнәларымызды есіне алғысы келмейді. Сол сияқты, құны төленген күнә да, күнә болудан қалады, осылай Құдай Ие де Өз халқының жауыздығын ұмытты.

Егер біз күнәларымыз бен кемшіліктеріміз үшін қайғырып, өкінсек, бұл тірі тұрған кездегі біздің міндетіміз, бірақ, сонымен қатар, Құдай оларды еш уақытта есіне алмайтынына да қуанайық. Бұл жағдай біздің күнәні жек көруімізге мүмкіншілік береді. Құдайдың ерікті кешірімі, бұдан былай Оны бойсұнбаушылығымызбен ешқашан да ренжітпеуге мәжбүр етеді.

**БІЗДІҢ ӨТКІНШІ ТӘНІМІЗДІ ӨЗІНІКІ СИЯҚТЫ  
САЛТАНАТТЫ ТӘНГЕ АЙНАЛДЫРАДЫ**

Філіпіліктерге 3:21

Көбіне бізді аурулар қинағанда, ойлауға немесе дұға етуге қабілетсіз болып қаламыз, сонда тәніміздің шын мәнінде өткінші екенін сеземіз, ал тәніміз тудырған құмарлықтар бізді еліктірген кезде, *өткінші* деген сөздің мүлде қатал анықтама емес екенін мойындаймыз. Біз тәніміз ауырып қиналғанда, жуасимыз. Себебі тәні азап шегіп жатқан сенуші күнәлы құмарлықтарына берілмейді. О, егер біз шынымен бойсұнсақ қой!

Дегенмен, біздің Құтқарушымыз Иса Мәсіх бұның бәрін өзгертеді. Біз Оның Өз тәніне ұқсайтын боламыз. Сөйтіп бұндай өзгеріс Исаға шынымен сенгендердің бәрінің де өмірінде орындалуы керек. Қайта туылған рухымыздың қажеттілігіне лайықталу үшін, жан-дүниеміз сенім арқылы өзгереді, ал тәніміз жаңарады. Біз бұл ұлы өзгерістің қашан болатынын айта алмаймыз, дегенмен бұл туралы ойлау басымыздан қазіргі өтіп жатқан сынақтар мен тәни ауруларды көтеруге жәрдем беруі керек. Көп ұзамай, біз Иса сияқты боламыз. Сол кезде бас аурулары мен ісінген мүшелер, сөніңкі көздер мен жабығыңқы көңіл-күйлер болмайды! Ол кезде қарт адамдар әлсіздіктен қалт-құлт етіп тұрмайды және ауру адам қайғы-қасіреттің шырмауында болмайды. Сондықтан, тіпті біздің тәніміз де қайта тірілуге деген үміттен тыным табуы қажет!

## ОЛ ТАҢДАДЫ ҮЛЕСІМІЗДІ БІЗ ҮШІН

Забур 46:5

Жауларымыз бізге қатал тағдырды даярлаған болар еді, дегенмен Құдай бізді олардың қолына бермеді. Қайырымды Құдай бізге тиісті үлесімізді бөліп беріп, Өзінің шексіз даналығымен тиісті орнымызды анықтайды. Біздің рухымыздан әлдеқайда парасатты Рух біздің тағдырымызды белгілейді. Барлық жерде тәртіп – бұл Құдайдың ісі және бұның бәрі дәл осылай болып жатқанына өте қуаныштымыз. Тіпті, бізге лайықты нәрсені біздің орнымызға Құдайдың Өзі таңдағанын жөн көреміз. Егерде біз Құдайға шынымен мойынсұнсақ, онда әрине, барлық істің Құдайдың еркіне сай орындалуын қалар едік.

Біз санамыздың шектеулі екенін түсінеміз, сондықтан да тағдырымызға басшылық жасауды көксемейміз. Сөйтіп, жүрісімізді өз пікірімізге сай бағыттағаннан гөрі, оны Құдайдың Өзі бағыттаған кезде, өзімізді қауіпсіз әрі жеңіл сезінеміз. Сөйтіп, қайғы-қасіретке толы қазіргі өмірімізді және белгісіз болашағымызды Әкеміздің, Құтқарушымыздың әрі Жұбатушымыздың қолына қуана-қуана тапсырамыз. Сонымен, бүгін жан-дүниеміздегінің бәрін Құдайға айтып, тілектерімізді Оның алдына алып келейік! Егер осы уақытқа дейін өз еркімізбен жүрсек және өз ақылымызға сай әрекет етуді қалап, қиқар болған болсақ, онда бүгін осы аңдаусыз тілектерімізден бас тартып, басшылықты Иеміздің қолына берейік және: *Менің орныма Сен таңда!* – деп айтайық. Сөйтіп, ерікті жан ретінде, өз өмірімізге Құдайдың шексіз үстемдік жүргізуін тілейік.

## ӘДІЛДЕРДІҢ АҢСАҒАНЫ ОРЫНДАЛАДЫ

Нақыл сөздер 10:24

Әділдердің тілегі дұрыс болғандықтан, Құдай оларды ешқандай зарарсыз орындай алады. Егерде Құдай әділетсіз адамға осындай уәде беретін болса, онда бұл сол адамның өзіне де, оны қоршаған ортаға да жақсылық әкелмеген болар еді. Сонымен, Құдайдың өсиеттерін орындайық, ал Ол әділ жолмен біздің тілектерімізді саралап, Өз жұмысын жүргізеді.

Әділдер Құдайдың еркіне лайықсыз нәрсені қалаған кезде, Құдай олардың бұл қалауын орындай алмайды. Бұндай тілек дұрыс болып табылмайды, бұл жай жаңылыс, сондықтан оның орындалмағаны жақсы. Құдайдың алдына дұрыс тілек алып келінуі керек, сонда Ол оған жоқ деп жауап бермейді.

Егерде Иеміз біздің тілегімізді қысқа мерзімнің ішінде орындамаса, әйтсе де бүгінгі уәде осы тілегімізді жалғастыра түсуімізді қолдайды. Бірақ Ол біздің тілегіміздің орындалуынан үзілді-кесілді бас тартса да, Оған ризашылық білдіреміз, өйткені Ол Өзінің еркіне сай емес болған жағдайда ғана бізге жауап беруден бас тартады.

Кейбір нәрселер туралы мүлде батыл сұрай аламыз. Біздің басты тілегіміз – жүректің әділдігі, Иеміз үшін қызметке жарамдылық және Аспан Патшалығына баруға даярлық. Бұл тәннен гөрі, рақымдылықтың тілегі, осы өмірдің еркіне сай жүретін адамнан гөрі әділ адамның тілегі болмақ. Біздің тілектеріміз Өзінің еркіне сай келген кезде, Құдай оларды сығымдамай, молынан орындайды. Ізгі ісің Тәңір Иенің қатысымен істелсін, сонда Ол жүрегіңнің қалауын орындайды.

СОЛ КҮНІ ЖЫЛҚЫЛАРДЫҢ ҚОҢЫРАУШАРЫНДА  
ДА «ЖАРАТҚАН ИЕГЕ БАҒЫШТАЛҒАН»  
ДЕГЕН ЖАЗУ БОЛАДЫ

Зәкәрия 14:20

Барлық нәрселер Құдайға арналып, тіпті жылқылардың жасауында да *Жаратқан Иеге бағышталған* деп жазылатын кез, ақиқатында бақытты әрі шат-шадыман қуанышты уақыт болмақ. Бұл уақыт мен үшін келіп те қалды! Мен бәрін Құдайыма арнауды қаламас па едім? Мен киімімді киіп-шешкен сайын, Тәңірім Иса Мәсіхтің әділдігін есіме алып тұрсам еді. Мен Тәңірім Иса Мәсіх үшін еңбектенуім керек. О, егерде бүгін менің киімдерім дін қызметкерінің киімі болып, тамағым – Тәңірімнің құпия кешкі асы, үйім – Құдайдың үйі, дастарханым – Құрбандық орны, сөздерім – құрбандық, ал мен өзім – дін қызметкері болсам еді! Тәңірім, Өз уәдеңді орындашы, бұдан былай менде әдепсіз әрі былғаныш ешнәрсе болмасын.

Мен Тәңірімді сеніммен күтемін. Егер мен бәрі де дәл осылай болады деп сенсем, онда осыған сай іс-әрекет жасаймын. Мен Исаның меншігінде болғандықтан, мендегі бар нәрсенің есебін Тәңірімнің Өзі жасасын, өйткені бұның бәрі Оған тиісті. Мен бүгін қолымдағы барды пайдаланып, мендегі бар дүниенің шынымен Құдайыма тиісті екенін дәлелдеуді шештім. Азаннан кешке дейін бәрін түгел қуанышты әрі Киелі қағидаға сай тәртіпке салғым келеді. Менің жан-дүнием қуаныштан қоңырауша сыңғырлау керек. Сол қуанышымды паш ету үшін, тіпті, аттарыма да қоңыраушар тағып қойуым керек. Осылайша күмбірлете күй шертіп, шарықтата ән салатын ерік қасиеттілерден басқа кімде бар? Дегенмен менің шерткен күйім де, салған әнім де, жан-дүниемнің шаттық қоңырауы да – бәрі де: *Жаратқан Иеге бағышталған* деп жарияланып, киелілікте болуы керек!

**ЕГЕР АДАМНЫҢ ӨМІРІ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ЖАҒЫМДЫ  
БОЛСА, ОЛ ТІПТІ СОЛ АДАМНЫҢ ДҰШПАНДАРЫН ДА  
ОНЫМЕН БЕЙБІТ ӨМІР СҮРГІЗЕДІ**

Нақыл сөздер 16:7

Сонымен, мен өз жолдарымның жалғыз ғана Құдайыма ұнамды болуына ұмтылуым керек. Сол кезде менің жауларым да пайда болады, бәлкім мен ақиқи дұрыс нәрселердің бәрін орындауға қаншалықты көп ұмтылған сайын, олар да соншалықты айқындала түсер. Дегенмен бұндай жағдайда маған қандай уәде берілген еді? Адамдар бізге ашуланған кезде, Құдай мадақталады және олардың ашуын Құдайдың Өзі басады.

Жаудың маған зиян жасауына кедергі болуға және оның ашуын басып, досқа айналдыруға Құдайдың күші жетеді. Бұған Құдай Сөзі де, шәкірттердің өмірі де айғақ. Құдай, тіпті, мәсіхшілердің қас жауы болған адамды да Өзінің қызметшісіне айналдырады. Мысалы, елші Пауылдың өміріндегі ұлы өзгерісті есіңізге алыңыз!

Жауларын Құдайдың Өзі тыныштандырып, әдепті адамға айналдырған адам бақытты. Менің дұғам соңғы жау деп аталған өлімді шексіз тыныштықта күтіп алу туралы болмақ. Бүгінде мен өзімнің барлық істерімде Құдайдың жарылқаушылығына ие болудың қамын ойлаймын. О, егер мен сенімге және жүректің әділдігіне ие болсам ғой, өйткені Ұлы Құдай осыған рақым етеді!

МЕН МҰСАҒА ҚАЛАЙ ЖАР БОЛСАМ,  
САҒАН ДА СОЛАЙ ЖАР БОЛЫП, СЕНІ НЕ ЖАЛҒЫЗ  
ҚАЛДЫРЫП, НЕ ТАСТАП ТА КЕТПЕЙМІН

Ешуа Н. 1:5

Біз бұл сөзді барынша жиі мысалға келтіреміз; бұл Жаңа Өсиеттегі: *Сені тастамаймын, сенен біржолата кетпеймін!* – деген сөзге негіз болмақ.

Құрметті достар, күреске толы өмір әлі алдымызда, дегенмен Құдай шынымен бізбен бірге. Біз ұлы әрі батылсыз халыққа басшылық жасауға шақырылдық па? Егер шақырылсақ, онда бүкіл даналық осы уәдеде және біз оған мұқтажбыз. Бізге зұлым да қуатты жаулармен күресу қажет пе? Олай болса, беріктік пен ерлікті, батылдық пен жеңісті осы уәдеден аламыз! Біз ұлы мұраны қабылдауға тиіспіз бе? Онда дәл осы тудың астында жеңіс пен мақсатқа қол жеткізуіміз керек. Тәңірдің Өзі бізбен бірге! Егерде Құдай бізді тастап кетсе, бұл біз үшін ұлы бақытсыздық болар еді, дегенмен еш уақытта да бұлай болмайтындықтан, мазасыздықтың дауылы Құдайдың сенімділік толқынының тыныштығымен басылады. Құдайдың бізден бас тартуы мүмкін емес. Қалай болған күнде де, Ол әрдайым да біздің жағымызда болады. Достарымыз бізді тастап кетуі мүмкін, себебі олардың көмегі көбіне сырт көзге ғана, ал Құдай шынымен сенімді. Иса мәңгі өзгермейді, Ол Киелі Рухы арқылы бізбен тығыз байланыста болады.

Кел, жүрегім, Құдайға деген үмітпен тыныштыққа бөлен. Сенің үстіңе қара бұлттар шоғырлануы мүмкін, бірақ Құдай Иең оларды сейілтіп жібереді. Құдай мені тастағысы келмейтіндіктен, сенімім де мені тастамайды, ал Ол менен бас тартқысы келмейтін болғандықтан, мен де Одан бас тартпаймын. Тек сенімде тыныштық табайық!

**ӨЙТКЕНІ ТӘҢІР ИЕ БЫЛАЙ ДЕЙДІ: ӨЗ ҚОЙЛАРЫМДЫ  
ӨЗІМ ІЗДЕП, ОЛАРДЫ ӨЗІМ ТАУЫП АЛАМЫН**

Езекиел 34:11

Ол бұны Өзінің таңдаулылары бақташыны да, отарды да білмей, адасқан қойлардай болып жүрген кезде істейді. Құдай Өзінің таңдаулыларын қандай керемет жолдармен табады! Иса іздеуші Бақташы ретінде де, құтқарушы Бақташы ретінде де ұлы. Әкесі Оған сыйлағандардың көпшілігін жау еліктіріп, тозақтың қақпасына жақындатқанымен қайырымды Иеміз оларды іздеп табады және оларға болысады. Ол бізді де іздеп тапты, сондықтан Оның бүгінде біз дұға етіп жүргендерді де іздеп табатынына үміттенеміз; Иә, Иеміз оларды да іздеп табады!

Егер Оның отарындағы кейбіреулер шындықтың жайлауынан кетіп қалса, Ол тағы да бар күшін сала іздейді. Олар өрескел адасуларға, қасіретті күнәларға және қайғылы қайырымсыздыққа берілуі мүмкін; дегенмен Көктегі Әкенің алдында кепілдік ететін Иеміз олардың бірде-бірінің Өзінен алшақтап кетіп, жоғалуына жол бермейді. Өзінің құдіреті мен рақымдылығы арқылы Ол солардың ізінен еріп ұзақ елдерге, жоқшылық жерлерге барады, жаман аты шыққан үңгірлер мен торығудың тұңғиығына түседі. Ол Өзіне Әкесі сыйлағандардың бірде-бірін жоғалтпайды. Иса үшін ең абыройлы іс – отарын түгел сақтау әрі құтқару. Егер мен: *Мен адасып, жоғалған қой сияқтымын*, – деп мойындауға мәжбүр болсам, бұл уәде мен үшін нағыз бата болар еді!



**СЕНІМІ АРҚЫЛЫ КҮНӘСЫНАН АҚТАЛҒАН КІСІ  
ШЫНАЙЫ ӨМІРГЕ ИЕ БОЛАДЫ**

Римдіктерге арналған хат 1:17

Мен Құдайдан еш ажырамаймын. Мен Иеме, өзімнің Құдайыма сенемін және осы сенім менің өмірімді сақтайды. Мен өзімді күнделікті өмірінде әділ жүргендердің қатарына қосқым келер еді, бірақ мен, тіпті, мүлде жетілген болсам да, өз әділдігіммен өмір сүруге әрекет етпеген болар едім. Мен тек Ием Исаның ісіне жармасып, тек Саған деген сеніммен ғана өмір сүрген болар едім. Тіпті денемді Тәңірім Иса үшін өртеуге бере алатын болсам да, өз батылдығыма сенбей, Құдайға деген сеніммен әрекет еткен болар едім.

Сезімдер мен тілектерге немесе істерге сүйенгеннен гөрі, сеніммен сүрген өміріміз әлдеқайда қауіпсіз әрі бақытты өмір. Жүзім бұтақшалары сабағынан тыс, өз бетінше өскенінен гөрі, сабағында болған кезде жақсы өсіп, жеміс береді; бірақ жүзім бұтақшаларының сабағынан тыс өз бетінше өсуі мүмкін бе? Исамен бірлікте болып, барлық нәрді Одан алу – бұл мүлде тамаша әрі қасиетті нәрсе. Егер, тіпті, әділ адамның өзі дәл осылай өмір сүруі керек болса, онда мен бишара күнәһарға неге солай өмір сүрмеске? Құдайым, мен Саған сенемін! Мен Саған толық сенуге мәжбүрмін! Саған сенім арту – бұл менің өмірім. Осы сеніммен мен өмірімнің соңына дейін қалғым келеді.

**ЖАУЛАРЫҢ СЕНІҢ АЛДЫҢДА ҚҰЛДЫҚ ҰРЫП,  
СЕН ОЛАРДЫҢ ЖЕЛКЕЛЕРІН АЯҒЫҢМЕН ТАПТАЙСЫҢ**

Заңды қайталау 33:29

Біздің ежелгі жауымыз – шайтан, ол әуел бастан-ақ өтірікші болатын, дегенмен оның айлакерлігі соншалықты, біз де Хауа анамыз сияқты оған сенуге өте бейімбіз.

Ол бізге сендер рақымдылықтан айырылып, сенімдеріңді аяққа басып, өлімге душар боласыңдар дейді. Дегенмен біз Тәңіріміз Исаға деген сенім арқылы түзу жолмен жүріп, Исаның Өзіне Әкесі сыйлағандардың ешбірін де жоғалтпайтынын дәлелдейміз. Жау бізге бір үзім нандарың болмай, балаларың аштан өлетін болады деп мәлімдейді: дегенмен жауларын да азықтандырған Құдай бізді ешқашан ұмытпайды, тіпті ұмытпақ тұрмақ Ол бізге *дұшпандарымыздың көз алдында дастарқан жаяды.*

Шайтан біздің құлағымызға Құдай сендерді төніп келе жатқан қайғы-қасіреттен құтқармайды деп сыбырлайды, әрі егер сендер Оған тағы да біраз жүк артсаңдар, көтере алмайды деп те қорқытады. Өтірікші! Құдай Иеміз бізді еш уақытта да ұмытпайды. *Кәне, құтқарып көрші, көрейін!* – деп табалайды өтірікші жау, дегенмен Құдай дер кезінде жәрдемге келіп, оның үнін өшіреді.

Шайтан бізді өлімнен қорқуға итермелейді әрі бұған өзі әбден масаттанады. Егер өлім тасқыны күшейе түссе, сен не істемексің? Дегенмен бұл жерде де өтірікші өзін көрсетеді, ал біз болсақ бұл тасқыннан да өтіп, жеңіс жырын жырлаймыз! Себебі Мәсіх – біздің өміріміз, ал өлім біз үшін ұтыспен тең!

ЖАРАТҚАН ИЕ ЗАҒИПТАРДЫҢ КӨЗІН АШАДЫ,  
ТӘҢІР БҮКІРЕЙГЕНДЕРДІ ТУРА ТҰРҒЫЗАДЫ

Зәбүр 145:8

Мен бүкірмін бе? Жақсы, онда мен Құдай Иемнің алдында Оның рақымға толы осы сөзін есіме аламын. Оның бүкірейгендерді түзететін әдісі мен дағдыланған ісі, уәдесі мен қуанышы, міне, осындай. Мен қазір азап көріп жүрген бұл бүкірлік күнәһарлықты түсінудің салдары ма? Онда Исаның ісі мені қайта қалпыма келтіріп, маған жан тыныштығын сыйлауға арналады. Құдайым, Өзіңнің қайырымдылығың үшін мені қайта қалпыма келтірші.

Өліммен қалай бетпе-бет кездесем деп уайымдайсың ба? Жоқ, әлде көп қаржы жоғалтып қиналудамысың? Бұл жағдайда да Жұбатушы сені жұбату міндетін Өзіне алады. Кие-лі Үшбірліктің бір Тұлғасы Жұбатушы болғаны біз үшін қандай жақсы еді! Даңқты Құдайдың сені Өзінің ерекше қамқорлығына алғаны – бұл – шынында да ақиқи жұбаныш.

Арамызда кейбіреулердің бүкірейгендігі соншалық, оларды бұл әлсіздігінен тек Иса ғана азат ете алады және азат еткісі келеді де. Біздің денсаулығымыз жақсарып, өміріміз үміт пен бақытқа толы болу үшін, Ол бізді қайта қалпымызға келтіре алады. Ол бұрынғы сынақтарда да дәл осылай істеген және сол сүйіспеншілікке толы игілікті ісін әлі де қайталағысы келеді. Бүгінде бүкірейген және өмірі қайғы-қасіретке толы бізді Ол міндетті түрде қайта қалпымызға келтіреді, ал енді бізді қорлағандарды әлі-ақ масқаралайды. Құдайдың көмегімен қайтадан қалыпқа келу біз үшін қандай құрмет пен даңқ еді! Құдайдың қайтадан қалыпқа келтіру күшін сезіну үшін, шынында, бүкір болуға тұрады!

**ҚҰЛАҒЫ БАРЛАР КИЕЛІ РУХТЫҢ ҚАУЫМДАРҒА  
АЙТҚАНЫН ЖАҚСЫЛАП ТЫҢДАП АЛСЫН! ЖЕҢІП  
ШЫҚҚАН ӘРКІМ ЕКІНШІ ӨЛІМНЕН ЗИЯН КӨРМЕЙДІ**

Аян 2:11

Иеміз кенеттен келіп қалмаса, бізге бірінші өлімді бастан өткізуге тура келеді. Оны қорқынышсыз күтуге даяр болайық, өйткені Иса өлімді біз үшін қараңғы үңгірден өтумен тең етті.

Алайда, бірінші өлімнен емес, екінші өлімнен, яғни жанның денеден емес, адамның толығымен Құдайдан біржолата айырылуынан қорқу керек. Нағыз өлім осы болмақ. Бұл өлім тыныштық пен қуанышты, бақыт пен үмітті өлтіреді. Егер Жаратқан Ие бізді қалдырса, онда біздің шынымен қалдырылғанымыз. Бұндай өлім табиғи өлімнен әлдеқайда жаман; бұл өлім – рухани өмірдің құндылығын көрсететін өмірсіз тіршілік.

Егер біз Құдайдың қайырымдылығы бойынша, рухани соғыста соңына дейін күресіп, жеңсек, онда екінші өлім апат болу туралы есімізге салып, суық қолын жүгірте алмайды. Бізде өлім мен тозақтың алдында қорқыныш болуы мүмкін емес, себебі біз мәңгі солмайтын өмір тәжіне ие боламыз. Күресу үшін бізге кім күш береді? Мәңгілік өмір біздің өмір бойғы күресімізге лайықты. Екінші өлімнің азабынан құтылу үшін, өмір бойы күресуге тұрады.

Құдайым, біз жеңіске жету үшін сенім берші! Сондай-ақ, тіпті, күнә қыр соңымыздан қалмай, шайтан басқан ізімізді аңдып жүрсе де, бізге зақым келмейтініне нық сенуге күш берші!

**МЕНИҢ КИЕЛІ ҮЙІМДЕ ӘРҚАШАН ТАМАҚ БОЛУ ҮШІН  
ӨНІМДЕРІҢНІҢ ОННАН БІРІН ҚОЙМАЛАРҒА ӘКЕЛІП  
КӨРІҢДЕР, – ДЕЙДІ ЖАРАТҚАН ИЕ. – ОСЫЛАЙША,  
МЕНИҢ СЕНДЕР ҮШІН «АСПАН ҚАҚПАЛАРЫН» АШЫП,  
ӨЗДЕРІҢЕ АҒЫЛ-ТЕГІЛ МОЛ ЖАРЫЛҚАУ  
ЖАУДЫРАТЫНЫМА КӨЗ ЖЕТКІЗЕСІҢДЕР!**

Малахи 3:10

Көпшілік адамдар осы аяттарды оқиды да және бұған сүйенеді де, бірақ осы уәдемен тығыз байланысты қойылған шартқа көңіл аудармайды. Егер біз Құдайымызға және Оның ісіне адал болмасақ, аспан қақпаларының ашылуын күтпеуіміз керек. Егерде әр мәсіхші Құдайға тиесілі үлесін әрдайым беріп тұрған болса, онда қайырымдылық мақсатына қажетті қаражат жетіспеушілігі ешқашанда болмас еді деп батыл айтуға болады.

Көпшілік адамдар кедей, өйткені олар Құдайды тонайды. Құдайды тонау жоқшылыққа ұшыратады. Көптеген қауым мүшелері Құдайдың рақымшылығын жете түсінбейді, сондықтан олар Құдайға тиісті үлесті бермей, өздеріне өздері зиян келтіреді. Осылайша Құдайдың рақымшылығын бағаламау салдарынан, олардың уағыздаушылары ашығуда. Егерде Құдайдың қызметшілерінде тәніне керекті тамақ жоқ болса, онда олардың уағыздарында біздің жанымызға берілетін тамақтың жоқтығына таңданудың қажеті жоқ. Егерде қауымдарда қаражат жетіспей, осыдан Құдайдың ісі тежеліп жатса, онда біз жанымызға керекті рухани азықты қалайша күтпекпіз?

Ойланып көрші! Соңғы кездері сен Құдайға не бердің? Құтқарушы Құдайыңа тиісті үлесін бермей, сараңдық білдіріп, дүниеқоңыздық көрсеткен жоқсың ба? Бұлай болмауы керек! Бұдан былай жарлыларға көмектесе отырып, Құдайға тиісті үлесті беріп тұр. Оның ісіне адал бол! Сонда Оның ақ батасын молынан иеленесің.

ӘДІЛ АДАМ ЕШКІМНІҢ АЛА ЖІБІН  
АТТАМАЙ ӨМІР СҮРЕДІ, ТІПТІ АРТЫНДА  
ҚАЛАТЫН БАЛАЛАРЫ ДА БАҚЫТТЫ!

Нақыл сөздер 20:7

Отбасының қамын ойлау әрине дұрыс, бірақ та ең дұрысы – өз мінез-құлқымыздың өзгеруінің қамын ойлау. Егерде біз Құдай алдында таза жүрсек, болашақ ұрпағымызға көп мал-мүлік қалдырғаннан артық байлық қалдырамыз. Әкенің Құдайға ұнамды өмірі – балаларына қалдырған ұлы мұра болмақ.

Әділ адам мұрагерлеріне өзінің үлгісін қалдырады, сол үлгі мұрагер үшін шынайы байлықтың қазынасы болып табылады. Көптеген адамдар өміріміздің табысты болу себебі ата-анамыздың жақсы үлгі көрсетуінің арқасы деп куәлік етеді.

Әкесі балаларына өзінің жақсы атын қалдырады. Адамдар біздің өздері жақсы пікірдегі кісінің баласы екенімізді білгенде, біз туралы да жақсы пікірде болады. Шіркін, барлық жас адамдар аттарына кір келтірмей, таза сақтаса ғой!

Әке ең алдымен балаларына өзінің дұғасы мен оны еститін Құдайдың ақ батасын қалдырады. Міне, осы жағдай біздің ұрпағымызды басқа адамдардан ерекшелендіріп тұрады. Біз өлгеннен кейін де балаларымызға батасын беріп, қайырым көрсетуге Құдайдың құдіреті жетеді.

Біздің Құдайға ұнамды өміріміз бала-шағамыздың құтқарылу қаруына айналуы мүмкін. Олар біздің сеніміміздің шынайылығын өміріміз арқылы растайтынымызды көргенде, басқаша болуы мүмкін еместігін түсінеді де, міндетті түрде Исаға келеді. Тәңірім, осы сөз менің отбасымда орындалсыншы!

## ҚҰДАЙ ИЕҢ СЕНІҢ ІСТЕП ЖҮРГЕН ЖҰМЫСТАРЫҢНЫҢ БАРЛЫҒЫН ДА ЖАРЫЛҚАЙДЫ

Заңды қайталау 15:18

Көне Өсиеттегі заң бойынша әрбір қожайын өзінің құлын тиісті қызметін өтеп біткеннен кейін, қолына ақысын беріп, уақытында бостандыққа жіберу керек болды. Мұны ол адал жүректен қуана-қуана істеу керек болды, себебі тек сонда ғана Құдай оның игілікті ісіне ақ батасын беруге уәде еткен. Осы аят және Мәсіхтің бүкіл заңы бізді жұмысшыларымызға жақсы қарауға міндеттейді. Біз Тәңірдің өзімізге қалай қарайтынын естен шығармай, соны негізге ала отырып, басқаларға да мейірімділікпен қарауға тиіспіз. Қайырымды Құдайдың балаларының кең пейілді болғаны жөн. Егер бізге қызмет еткендерге қысым көрсетсек, Құдай біздің істерімізге батасын береді деп қалайша күтпекпіз?

Бұл аятта кең пейілділерге қандай ғажап та ұлы бата ұсынылып отыр! Егер істеген істеріміздің бәрі де батаға лайықты болса, онда шынайы батаға ие болғанымыз. Құдай бізге бұл батасын кейде сыртқы жағдайымыздың аман-есендігі арқылы, кейде жан-дүниеміздің қанағаттануы арқылы, кейде Оның мейірімі мен рақымын сана-сезіммен түсіну арқылы көрсетеді – бұл Оның ең озық батасы. Құдайдың киелі алақанында ерекше қамқорлық пен сүйіспеншіліктің қоршауында екенімізді түсіндіруге де, сезіндіруге де Оның құдіреті жетеді. Осының барлығы біздің жердегі өмірімізді болашақ өмірдің қуанышты бастамасына айналдырады. Құдайдың батасы – жердегі байлықтан әлдеқайда зор. *Тәңірдің батасы байытады және өзімен бірге қайғы әкелмейді (Нақыл сөздер 10:22).*

## ЖАРАТҚАН ИЕ МЕН ҮШІН ОСЫНЫ ІСТЕЙДІ ДЕ

Забур 137:8

Менің жан-дүниемде Өз ісін бастаған Құдай, оны аяқтайды да. Құдай маған қатысты жағдайдың барлығының да қамын ойлайды. Құдай барлығының үстінен – қазір жақсы болып тұрған жағдайдың үстінен де, әлі кемеліне келмеген жағдайдың үстінен де қырағылықпен қарап тұр және Ол мұның бәрін сақтап қалып, соңына дейін жеткізгісі келеді. Мен үшін бұл қандай жұбаныш десеңізші! Мен өз бетімше бұл ізгілікті істі аяқтай алмас едім. Мен күнәдан күнделікті бас тартып жүрсем де, Құдай маған көмек беріп тұрған кезге дейін ғана табандылық көрсете аламын. Егерде Құдай мені тастап кетсе, онда менің бұрынғы бүкіл тәжірибем түкке тұрмай, жолда өлерім сөзсіз еді. Бірақ, Құдай мені жарылқауын әлі де жалғастыруда.

Ол менің сенімімді, мінез-құлқымды және өмірімдегі басқа да істерімнің бәрін жетілдіреді. Ол мұны істейді де, өйткені Ол менде Өз ісін бастады. Менің жүрегіме Құдайға деген ұмтылысты Ол Өзі орнатты және оны белгілі бір дәрежеге дейін жеткізіп те қойды. Ол ісін ешқашан да аяқсыз қалдырмайды, өйткені бұл Оның даңқын шығармайды және бұлай істеу Оған жат нәрсе болып табылады. Ол Өзінің ізгілікті ниетін қалай жүзеге асыру керек екенін жақсы біледі. Менің жек көрінішті табиғатым мен әзәзіл Оған қалай да болса қарсы шығуға ант бергенімен, Оның жарылқайтынына еш күмәндәнбаймын. Ол менде бастаған ісін аяқтайды және мен Оны мәңгі даңқтап өтемін. Тәңірім, Сенің ізгілікті ісің бүгін менде кішкене де болса алдыға жылжысыншы!



**ОРТАЛАРЫҢДА ТҰРЫП, АРАЛАРЫҢДА  
ЖҮРЕТІН БОЛАМЫН. МЕН ОЛАРДЫҢ ҚҰДАЙЫ,  
ОЛАР МЕНІҢ ХАЛҚЫМ БОЛМАҚ!**

Қорынттықтарға арналған 2-хат 6:16

Біз бұл жерден өзара алмаспалы екі мүддені көріп отырмыз. Олар бір-бірімен тығыз байланысып тұр. Құдай Өз халқының еншісі болса, халқы Құдайдың еншісінде. Киелілер Құдаймен байланыста жоғарғы дәрежені иеленсе, ал Құдай үшін олар зор қазына болып табылады. Осыны терең түсінген әрбір сенуші үшін бұл уәдеде жұбаныштың қаншалықты қазынасы жатыр десеңізші!

Бір-бірінің мүддесін көздеген осы жағдай оларды бір-бірінің қамын ойлауға итермелейді. Құдай әрқашанда Өзі таңдап алған халқының қамын ойлайды, ал олар болса әрдайым Құдайға ұнаудың қамын ойлайды. Бүгін Тәңір мен үшін бәрін де істегісі келеді; ал мен Ол үшін не істей аламын? Менің ойларым Құдайға асыға ұмтылуы керек, өйткені Ол менің қамымды ойлайды. Мен ойларымның шынайы түрде Оған ұмтылуына көңіл аударамын және ойларым Оған ұмтылып тұрған сияқты болған сырт көрініске риза бола алмаймын.

Осылайша біз өзара алмасып тұратын қарым-қатынаста боламыз. Құдай менімен, мен Онымен тығыз байланыста боламыз; Ол менімен бірге жүрсе, мен Онымен бірге жүремін. Бұл қандай керемет ізгілікті қарым-қатынас болмақ!

Шіркін, Құдайға Жаратушым ретінде қарап, Оған сенім арта алатындай қасиетім болса ғой. Оған қызмет етіп, Оның ізгілікті еркіне сай болсам ғой. Шіркін, мен Құдайымды Киелі Рухқа кенеліп, шынайы сүйсем ғой! Оны қастерлеп және Оған бағынышты болсам ғой! Менің жүрегімнің қалауы осындай! Егер қолым осыған жетсе, онда Аспан Патшалығына лайықты болғаным. Құдайым, Иса үшін маған көмектесші! Өзінді Жаратушы ретінде тануға көмектесе отырып, менің Құдайым болшы!

**ЕШҚАШАН ЖАМАНДЫҚҚА ЖАМАНДЫҚ ІСТЕП  
ҚАЙЫРАМЫН ДЕУШІ БОЛМА! ЖАРАТҚАН ИЕГЕ  
ҮМІТ АРТ, СОНДА ОЛ САҒАН КӨМЕКТЕСЕДІ**

Нақыл сөздер 20:22

Асығыстық үстінде ағаттық жасама! Ашуыңды бас! Өзің үшін өзің өш алу мақсатымен ештеңе айтпа және ешқандай әрекет те етпе! Егер өзінді қорғау үшін, қолыңа таяқ алсаң, онда шынында да ақымақтық істейсің және бұдан сенің Тәңіріміз Исаның Рухына кенелгендігің көрінбейді. Ең дұрысы – кешіру әрі сол қорлықты мүлдем еске алмау. Егер көрген әділетсіздігіңді жүрегіңде сақтап, қайтсем өш аламын деп ойлаумен болсаң, онда ескі жараның аузын қайта ашып, үстіне жаңасын қосасың. Сондықтан ең дұрысы – кешіру және ұмыту.

Мүмкін сен қалайда бір әрекет істеуім керек, әйтпесе болмайды деп ойлайтын шығарсың, олай болса саған ұсынылып тұрған мына өсиеттегідей істе: *Жаратқан Иеге үміт арт, сонда Ол саған көмектеседі!* Бұл кеңес саған тегін беріліп тұр, бірақ бұл барлығынан да бағалы. Сабырлық сақта! Жаратқан Иеге үміт арт. Барлық қайғы-мұңыңды Оның алдына әкел, сонда ғана жан-дүниенің сергиді. Бұл аятта тағы да: *Ол саған көмектеседі!* деген уәде бар. Құдай саған бостандық берудің жолын қайтсе де табады. Мұны қалай істейтінін сен де, мен де айта алмаймыз. Бірақ Ол бәрібір саған көмектесудің жолын табады. Өзіңе жамандық істеген адамнан қайтсем де өшімді аламын деп, онымен бекерден бекер араздасып, ашу үстінде өзінді өзің ластауыңнан гөрі, саған Құдайдың көмегі әлдеқайда пайдалы. Бұдан былай ашуды таста! Ісінді мәңгілік Тергеуші – Иса Мәсіхке тапсыр!

ЖЕҢІП ШЫҚҚАН ӘРКІМДІ МЕН «ЖАСЫРЫЛҒАН  
МАННАМЕН» ТАМАҚТАНДЫРАМЫН

Аян 2:17

Жүрегім менің, сені жігерлендіріп, қасиетті күресте шаршамау керек екенін есіңе салуға рұқсат ет, өйткені сені күтіп тұрған сый – өте зор және бұл мәртебелі жеңіс. Құдай айдалада көшіп-қонып жүретін Исраил халқына аспаннан манна деген тәтті нан жаудырғандай, бүгін де Өзімен тығыз байланыста жүргендерге рухани нәр сыйлауда. Көктен келген бұл нәр біздің қосымыздың айналасына түсті және мәңгілік отанына бара жатқан жиһанкездерге арналған бұл тамақ әрқашанда жеткілікті. Алайда, Иса Мәсіхте бізді бұдан да жоғарғы дәрежелі рухани өмір тосып тұр. Иса Мәсіхте бізге ешкім де, ешқашан да дәмін татып көрмеген рухани азық дайындалған. Кезінде алтын ыдысқа салынған осы тәтті ұнтақ Киелі үйдің ең киелі бөлмесінде жүз жылдап сақталса да, еш бұзылмаған. Оны ешкім көрген жоқ, өйткені ол ыдыспен бірге Киелі үйдің ең киелі бөлмесінде жасырулы болатын. Дәл осылай сенушінің ең жоғарғы рухани өмірі Мәсіхпен бірге Құдайда жасырылады. Жақында бұл біздің еншімізге біржолата тиеді. Біз Иеміз Исаның қайырымының арқасында жеңіске жеткеннен кейін, патшаның дастарханынан ас ішіп, қымбат бағалы азықпен тамақтанатын боламыз. Бұл азық бір кезде шөл далада исраилдықтарға тәтті ұнтақ нан болғандай, қазір біз үшін *асыл ұнтақ нан* болмақ. Біз барлық жағдайда да – мейлі ең ұлы мақсаттарымызда болсын немесе күнделікті ұсақ-түйек істерімізде болсын Иса Мәсіхке мұқтажбыз әрі Оған тәуелдіміз. Ол бізге күресуге жәрдем береді, бізге жеңіс сыйлайды. Сондай-ақ Исаның Өзі біздің сыйымыз болып табылмақ. Құдайым, маған жеңіске жетуге жәрдем берші!

ТАУ-ТӨБЕЛЕРІҢ ӘН ШЫРҚАП, ДАЛАДАҒЫ КҮЛЛІ  
АҒАШТАР СЕНДЕРГЕ ҚОЛ СОҚПАҚ

Ишя 55:12

Күнәміз кешірілген кезде, еңсемізді басқан үлкен ауыртпалықтан құтылып, жүрегімізде ақиқи қанағат пайда болады. Иеміздің күнәсінің құны өтелгендерге сыйлайтын қуанышының ұлылығы сондай, ол ернеуінен асып төгілгенде, бүкіл табиғат адамның игілігі үшін хош иіске толмақ. Бізді қоршаған әлемде асыл әуендер көп және сол әуенді тек жаңарған жүрек қана естіп, әнге айналдыра алады. Жаратылыс – бұл музыкалық аспап, ал игілік көрген адам өз уақытында оның керекті тетігін табады да саусақтарымен аспаптың ішегін арлы-берлі шерте бастайды, сонда бүкіл әлем Құдайдың даңқы үшін үйлесімді әуенмен жаңғырығады. Ормандағы ағаштар мен бақтағы және даладағы күллі гүлдер жарқын да сазды үнмен әуендеткен кезде, тау-төбелер ән шырқап, хордың бас құрамды бөлігін құрайды.

Құдай Сөзі біздің арамызда әрекет етіп, адамдарды құтқарған кезде, айналамыздағылардың бәрі де ән шырқап, сайран салып жатқандай болады. Біз жас сенушінің куәлік келтіруі мен тәжірибесі мол қасиеттілердің айғақ куәліктеріне құлақ түргенде, қатты шаттанғандықтан, Құдайды еріксіз мадақтай бастаймыз, сол кезде тау-төбелер мен орман-далалар біздің мадақтау жырымызды іліп әкетіп, күллі дүниені аса зор оркестрге айналдырады. Құдайым, мамырдың осындай қуанышты күнінде, бізді бозторғайдың шаттыққа толуындай, мадаққа толы, Өзіңнің толық үнді әлеміңе жетелеші.

**ӨЗІНІҢ ЕСКІ КҮНӘЮАР БОЛМЫСЫН  
ҚАНАҒАТТАНДЫРУШЫ СОЛ БОЛМЫСҚА ТӘН  
РУХАНИ ӨЛІМДІ ОРАДЫ. АЛ КИЕЛІ РУХҚА ҚЫЗМЕТ  
ЕТУШІ ОСЫ РУХҚА ТӘН МӘНГІЛІК ӨМІРДІ ОРАДЫ**

Ғалататтықтарға арналған хат 6:8

Тұқым себу сырт көзге бекер іс сияқты болып көрінеді, себебі топыраққа жақсы дән себеміз және оны одан кейін еш уақытта да көре алмаймыз. Ал рухқа себу, одан өткен таңғажайып қиял сияқты болып көрінеді, себебі біз өзіміздің тілектерімізден бас тартып, оның орнына еш нәрсе ала алмайтындай боламыз. Дегенмен, егер біз Құдай үшін өмір сүруге тырысып, Оның еркіне бойсұнсақ және Оның даңқын арттыруға өз үлесімізді қосып, рухқа сепсек, онда бекер сеппегеніміз; біздің сыйымыз мәңгілік өмір болмақ. Біз бұған осы жұмыр жерде-ақ жүріп қуанамыз, өйткені Құдайды танып білеміз, Онымен қарым-қатынаста боламыз әрі бұған қуаныштымыз да. Осы өмір ағысы барған сайын тереңдеп әрі кеңейе түсетін тасқын сияқты ағып, Құдайдың мәңгі шаттық мұхитына барып тоғысады. Сөйтіп Онымен мәңгі бірігетін боламыз.

Бүгінде біз ескі күнәһар тәни болмысымызға сеппейік, себебі оның орымы шірік болмақ, кез келген тән ақырында шіріп жоқ болады, алайда біз өзіміздің ескі табиғатымызбен күресте киелі жеңіспен жабдықталып, тек қана өзіміздің мадақтауға лайықты Құдайымыздың даңқын көтеруге тырысайық және Оның Рухының жетегіне мойынсұна еріп, ең жоғары, ең таза әрі ең киелі мақсаттар үшін өмір сүрейік. Егер біз мәңгілік өмірді орасақ, бұл неткен ғажап өнім болмақ! Онда біз мәңгілік шаттықтың қандай тамаша бауларын жинамақпыз! Бұл ору мерзімі неткен даңқты мереке болмақ! Құдайым, Өзіңнің Ұлың үшін осындай орушы болуға жәрдем берші!

**СЕН ТҰТ АҒАШТАРЫНЫҢ ҮСТІНЕН ҚАДАМДАРДЫҢ  
ДЫБЫСЫН ЕСТІГЕН КЕЗДЕ ДАЙЫН БОЛ!  
БҰЛ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ФІЛІСТІРЛЕРДІҢ ӘСКЕРІН  
ШАБУҒА АЛҒА ШЫҚҚАНЫН БІЛДІРЕДІ**

Патшалықтар туралы 2 – жазба 5:24

Қиямет-қайым күнінің жақындап қалғанын білдіретін белгілер бар. Осы белгілер бізге де Құдайдың екінші рет келуіне даяр болуға түрткі болуы керек. Құдайдың Рухы қалаған жерінде болады және біз Оны сеземіз. Сол кезде бізге бұрынғыдан да зор күш жинап, тас түйін бекитін уақыт келеді. Сонда біз оңтайлы сәтті пайдаланып, қолдан келгенше сол асыл мүмкіншілікке барынша жармасып, оны қолдануымыз қажет. Біздің міндетіміз – осы өмірдегі күнәні әрқашан да жеңіп отыру, бірақ егер алдымызда Құдайдың Өзі жүрсе ғана біз күресте ерекше батыл бола аламыз.

Жел ағаштардың бұтақтарының үстімен жылжып отырды және бұл соғысқа даярланып отырған жауынгерлер үшін шабуылға шығындар деген ескерту еді; бұл жорықта олардың жауларын Құдай Иенің Өзі жоймақ болды. О, егерде Құдай бүгін бізге көптеген басқа да достарымызбен бірігіп, Өзі туралы айтуға мүмкіншілік берсе ғой! Сергек болайық және үміттендіретін мүмкіншіліктің сәті түскенде, оны дер кезінде қолданайық! Кім білсін, мүмкін бүгінгі күн біреуге Ізгі хабар айтып, адам жанын тозақтан құтқаратын күн шығар! Құлағымызды түріп, желдің шуылын тыңдайық және жүрегіміз ескертуге бойсұнуға даяр болсын! *Бұл Жаратқан Иенің ... алға шыққанын білдіреді*, – деген уәде біздің өзімізді қайраткердей көрсетуге жетерліктей себеп емес пе? Алдымызда Құдайдың Өзі жүретіндіктен, бізге бір орында тұра беруге болмайды.

**МЕНІҢ БАҚЫТСЫЗДЫҒЫМА ҚУАНБА, УА ДҰШПАН! МЕН  
ҚҰЛАСАМ, ҚАЙТА ТҰРАМЫН, ТҮНЕКТЕ ОТЫРСАМ ДА,  
ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ӨЗІ МАҒАН НҰРЫН ТӨГЕДІ**

Миха 7:8

Бұл жерде адам сезімінің әбден қорланып, аяққа тапталғаны туралы айтылады. Адам жанының жауы – шайтан біздің шамымызды біраз уақытқа өшіруге күші жететіні даусыз, дегенмен Құдай Иемізде бізге арналған белгілі бір үміт бар; тек егер біз Оған сенім артып, адал да таза күйімізде қалсақ қана көп ұзамай жабырқаңқылық сезімі мен түнектен құтыламыз. Иеміз күлкіні тез-ақ наразылыққа айналдырады, сондай-ақ Ол қайғыны да дәл сондай жылдамдықпен салтанатты мадақтау әнге айналдыра алады.

Егер адам жанының ұлы жауы, бізден әлдеқайда жақсы адамдарды жеңіп, біздің де үстімізден қысқа бір мерзімге үстемдік етсе уайымдамаймыз, өйткені біз оны қысқа уақыт ішінде жеңеміз!

Біз құласақ та, бәрібір тұрамыз, себебі біздің Құдайымыз құлаған жоқ. Құдай Өзі бізді қайтадан тұрғызады. Біз қысқа бір мерзімге қараңғылыққа еніп кеткенімізбен, онда мүлдем қалып қоймаймыз, өйткені біздің Құдайымыз нұрдың қайнар көзі, сондықтан Ол көп ұзамай бізге қуанышқа толы күнді сыйлайды. Сондықтан түңілмейік те, күдіктенбейік те! Рухани өмірдің ырғағы арбаның дөңгелегі сияқты, бір айналғанда астыңғы жағы үстіне қарай шығады. Бүгінде күлгендерге қасірет, өйткені олардың мақтанышы жек көрінішке айналған кезде, олар қайғырып, жылайтын болады! Алайда барлық қайғырғандар жарылқанғандар, себебі оларды Құдайдың Өзі жұбатады!

**СОНДА ҚҰДАЙ ИЕЛЕРІҢ СЕНДЕРДІ  
ҚҰЛДЫҚТАН ҚАЙТАРАДЫ**

Занды қайталау 30:3

Құдай халқының тұтқынға түсуі олардың күнәларының салдарынан. Осылайша олар өздерін өздері тұтқынға жібертеді. Бұл аса ащы жеміс және ол әдеттен тыс ащы тамырдан пайда болады. Егер Құдайдың баласы күнәға берілсе, егер оны шайтан өз бұғауында ұстаса, егер ол оның бостандығы мен дұғадағы күшін және Тәңір Иеміздегі достарын ұрласа, бұл қандай қатал құлдық өмір болмақ! Осындай құлдыққа түспеу үшін сергек болайық!

Дегенмен, егер осындай жағдай бола қалса, үмітімізді үзбейік! Біз құлдықта мәңгі-бақи болмаймыз. Бізді жауымыздың қолында мәңгі қалдырмас үшін, Тәңір Иеміз Иса бізді құтқаруға аса үлкен құн төледі. Азаттыққа апаратын жол былай дейді: *Тәңір Иеңе, өзіңнің Құдайыңа қайтып кел!* Бастапқыда қай жерден құтқарылу тапқан болсақ, дәл сол жерден оны қайтадан таба аламыз. Егер біз өз күнәларымызды Мәсіхтің Айқыш ағашының түбінде мойындап тәубеге келген болсақ, онда дәл сол жерден кешірім мен құтқарылу табамыз. Оның үстіне, Құдай біздің Өзінің даусына құлақ түргенімізді және Оның бізге берген бұйрықтарына толық бойсұнғанымызды қалайды, егер біз Оның талаптарын шын жүректен және жан-тәнімізбен орындайтын болсақ, онда құлдықтағы уақытымыз өте тез бітетін болады.

Көбінесе рухтың жабырқаңқылығы мен жан-дүниенің қайғы-қасіреті, пұт құдайларымызды тастап, тірі Құдайға бойсұнушылықпен бас иісімен-ақ жойылады. Бізге тұтқынға түсуге болмайды. Біз бүгін-ақ Мәсіхтегі азаттыққа қайтадан келе аламыз.



**КҮНӘУАРЛАРҒА ҚЫЗҒАНА ҚАРАУШЫ БОЛМА, ӘРҚАШАН  
ЖАРАТҚАН ИЕНІ ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚАСТЕРЛЕУШІ БОЛ!  
ӘЛІ БӘРІ ДЕ АЛДА, СЕН ӨЗ ҮМІТІҢНЕН АЛДАНБАЙСЫҢ**

Нақыл сөздер 23:17,18

Біз әділетсіздердің бақытты екендігін көрген кезде, кейде оларға қызығуға бейімбіз. Олардың қуанышты у-шуы құлағымызға шалынып, жүрегімізді қинаса, олар бізден гөрі жақсы өмір сүреді деген жеңіл ой келеді. Бұл ой аңдаусыз әрі теріс. Егерде оларды жақсы білсек, әсіресе олардың өмірінің ақыры не болатыны туралы ойласақ, оларды аяған болар едік.

Қызығуға немесе қызғануға қарсы амал – күн қаншалықты ұзақ болмасын, Құдайдың үнемі бізбен бірге екенін сезініп, Оны күні бойы мадақтау және Онымен тығыз қарым-қатынаста өмір сүру. Ақиқи сенім адам жанын әлдеқайда жоғары деңгейге көтереді, онда ой-пікірлер парасатты және тілектер де таза. Біздің өмірімізде Аспан Патшалығының қалаулары қаншалықты мол болса, осы дүниенің қалаулары соншалықты кем болады. Құдайдан қорқып, Оны қастерлеу қызғаныш атаулының бәрін қуады.

Болашақ туралы байсалды ойлар қызғанышқа үлкен соққы береді. Әділетсіздердің байлығы мен атақ-даңқы – бұл тек әуре-сарсаңға толы молшылық. Мұндай сән-салтанат тек қысқа мерзімге ғана жарқырайды да, кейін тез сөнөді. Табыстан табысқа жетіп жүрген күнәһар мейлі аман-есен болсын, мейлі жазаға тартылсын бәрібір түбі жақсы болмайды. Ал Құдайдан қорқып, Оны қастерлейтіндердің өмірінің соңы – тыныштық пен шаттық әрі олардың қуанышын ешкім де ұрлай алмайды; сондықтан да қызғанышты тастап, жүрегіңді қанағаттанушылық пен ризашылыққа толтыр!

**СОЛ ҚАЛАДАҒЫ ЗАТТАРДЫҢ ЕШҚАЙСЫСЫН  
АЛУШЫ БОЛМАҢДАР! СОНДА ЖАРАТҚАН ИЕ ӨЗИҢ  
ЛАУЛАҒАН ҚАЮАРЫН БАСАДЫ. ОЛ САҒАН РАҚЫМ МЕН  
МЕЙІРІМ КӨРСЕТІП, АТА-БАБАЛАРЫҢА АНТ ЕТКЕНДЕЙ,  
АДАМДАРЫҢНЫҢ САНЫН КӨБЕЙТЕДІ**

Занды қайталау 13:17

Халық пұтқа табынушылардың қалаларын қиратып, кез келген олжаны және пұтқа табынушылықпен арамдалған нәрселердің бәрін де қарғыс атқан заттар ретінде отқа жағып, жоюға тиісті болды. Мәсіхшілер де кез келген күнәмен дәл осылай істеуі керек; тіпті жалғыз ғана әдет болса да, егер ол жаман әдет болса, оған жол бермеуіміз керек. Бізге күнәнің кез келген түрімен: тәнге не жанға, әлде рухқа қатысты бола ма, бәрібір талғаусыз күресу қажет.

Біз бұндай жаманшылықтардан бас тарту Құдайдың қайырымына ие болуға көмектеседі деп ойламаймыз, керісінше бұған еш уақытта да елеусіз қалдыруға болмайтын Құдайдың рақымының жемісі ретінде қараймыз.

Егер Құдай бізге күнәларымызды аямауға жәрдем берсе, демек Оның бізге ұлы қайырымдылық көрсеткені. Егер біз жаман әдеттерімізді тастағымыз келмей, қайғырсақ, онда Құдай бұдан былай біз үшін қайғырмайтын болады. Егер біз күнәға деген қарсылығымызды екі есе күшейтсек, онда қайырымды Құдай бізді жарылқауын да соншалықты көбейтеді. Егер: *Сол қаладағы заттардың ешқайсысын алушы болмаңдар!* деген кеңесті орындасақ, яғни күнәлардан бас тартсақ, онда бізге Иса Мәсіхтегі тыныштық пен рухани өркендеудің және қауіпсіздік пен қуаныштың жолы міндетті түрде ашылады. Құдайым, бізді бүгін тазалашы! Күнәдан бар ықыласымен шындап бас тартқан адамдардың үлесі міндетті түрде қайырымдылық пен амандық, өркендеушілік пен қуаныш болады.

**СЕНДЕР ДЕ МЕНІҢ ЖҮЗІМДІГІМЕ БАРЫҢДАР!  
ТИІСТІ АҚЫЛАРЫҢДЫ ТӨЛЕЙМІН**

Матай 20:7

Мәсіхтің жүзім бағында егде адамдар үшін де жұмыс бар. Күн еңкейіп, кәрілік те таяп қалды, бірақ соған қарамастан, Ол біздің еңбек еткенімізді қалайды. Құдайдың рақымы қандай ұлы еді! Егде тартқан әрбір адам осы ұсынысты қуана қабылдауы керек емес пе! Қазір егде тартқан адамды ешкім де қызметке алғысы келмейді; олар жұмыс іздейді, алайда жұмыс иесі олардың ақ шашына қарап, жоқ, болмайды деп, басын шайқайды. Ал Иса болса адамдарға қартайған шағында да еңбекке жол ашып, жақсы еңбек ақы төлеуге уәде етеді. Міне, бұл шынымен қайырымдылық. Құдайым, қарттардың бір сағатқа да кешікпей, тездетіп Өзіне қызмет етуге кірісуіне жәрдем берші!

Бірақ Құдай еңбекке жарамсыз, кәрі адамдарға сый береді ме? Бұған еш күдік келтірме! Құдай оларға тиістіні бергісі келетінін айтады. Тек олар Оның егістігінде еңбек етуді қаласа болғаны. Құдайдың оларға бұл жерде – рақымшылық, ал көкте – даңқ сыйлайтыны еш шүбәсіз. Қазір Құдай оларға жұбанышты, ал болашақта тыныштықты уәде етеді; қазір әр күнге жеткілікті күшті, ал кейін өлімнің түні жақындаған кезде, даңққа бөлеуді уәде етеді. Осының бәрін Иеміз Иса жастайынан қызмет еткендермен қатар, Өзіне егде тартқан шағында бет бұрып, қызмет еткендерге де сыйлағысы келеді.

Мен бұл сөздерді әлі де құтқарылмаған егде тартқан адамдарға айтуды және Құдайдан оларды Иса үшін жарылқауын өтініп сұрауды қалар едім. Алайда мен бұндай адамдарды қайдан табамын? Ол үшін маған айналама зер сала қарап, оларға осы Ізгі хабарды қуанышпен жариялау қажет.

## ЖҮРЕГІМІЗ ШАТТАНАДЫ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ, СЕНІМ АРТАМЫЗ ОНЫҢ КИЕЛІ ЕСІМІНЕ!

Забур 32:21

Сенімнің тамырынан шынайы қуаныштың гүлі өсіп шығады. Алғашында, бәлкім, қуана алмаспыз, дегенмен уақыты келгенде сөзсіз қуанамыз. Біз қайғы-қасірет кезінде Құдайға үміт артамыз, сонда Ол шынымен біздің сенімімізге сай береді, сөйтіп біздің сеніміміз Иемізде өз сыйын алып, Иемізбен байланыста екенімізге қуана бастаймыз. Күдік бақытсыздық тудырады, ал үміт әрдайым да қуанышқа бөлемек.

Жыршының нық сенімділікпен айтып отырған осы сөздері киелі үміттің қолына берілетін ақиқи уәде болып табылады. О, егерде осы уәдені меңгеретіндей Құдайдың рақымына ие болсақ қой! Егер біз қазір қуануға қабілетсіз болсақ, қамықпайық; осы қиыншылық жағдайларға қарамастан, болашақта сөзсіз қуанамыз, сөйтіп егде тартқан адамдардың Құдайының шынымен біздің Құдайымыз екендігінің шүбәсіздігіндей, болашақта қуанатынымыз да еш шүбәсіз.

Құдайымызға бұрынғыдан да жиі үміт артып үйрену үшін және бұрынғыдан да көбірек әрі тезірек қуану үшін, Оның киелі есімі туралы ойланайық! Біздің Құдайымыз киелі, әділ, ақиқи, қайырымды, сенімді әрі тұрақты. Осындай Құдайға үміт артпауға бола ма? Оның құдіреті күшті, сондықтан да неліктен Оған қуана-қуана сенбеске? Иә, тек жалғыз Соған ғана сенім артамыз!

*Тыныштық Иесі* тыныштық сыйлайды; *Құдай Ие* – біздің *ақтаушымыз*, Ол бізді ақтап алады. Ол бізді *Өзіне мәңгілікке жақындатады*, сөйтіп *Құдайым* – *менің ұраным* деген сөздермен біз кез келген жауды жеңеміз.

**СОНДЫҚТАН ДА БІЗ: ЖАРАТҚАН ИЕ МЕНІҢ  
ҚОЛДАУШЫМ, МЕН ЕШТЕҢЕДЕН ҚОРЫҚПАЙМЫН:  
АДАМДАР МАҒАН НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ? –  
ДЕП НЫҚ СЕНІММЕН АЙТАМЫЗ**

Еврейлерге 13:6

Құдай бізді тастамайтындықтан әрі бізден біржолата безіп кетпейтіндіктен, біз қолдағы барға қуануымыз керек. Құдай біздің Жаратушы Иеміз болғандықтан, біз ешқашан доссыз да, қазынасыз да, баспанасыз да қалмаймыз. Бұндай нық сенімділік жүрегімізге адамдарға тәуелді болмау сезімін ұялатуы керек. Қолымызда осындай аса зор қазына болғандықтан, біз қайтсек адамдарға жағамыз деген жағымпаздық ойлардан аулақ боламыз. Сөйтіп қарсыластарымыздың алдында қорқынышсыз батыл сөйлейміз.

Құдайдан қорыққандарға басқа бір нәрседен қауіптенудің қажеті жоқ. Біздің Құдай алдында жүріп, Оған зор құрметпен бас игендігіміздің себебінен, тіпті, ең бір өркөкірек кудалаушының төндірген қауіп-қатерінің өзі бізге желдің гуілінен артық әсер етпеуі қажет. Біздің заманымыздағы адамдар Елшілердің замандастарының бөгет жасағанындай, бөгет жасай алмайды. Адамды азаптап және өртеп өлтіретін әдістер қазір қолданылмайды. Римнің алып діни қызметкері енді жиһангерлерді отқа жаға алмайды. Егер жалған ұстаздардың шәкірттері Иса Мәсіхтің ақиқи шәкірттерін қорлап әрі мазақтауға әрекет етсе, оған таңданбаймыз, өйткені бұл дүниенің адамдары жоғарыдан туылып, рухани жаңарғандарды жақсы көрмейді. Сонымен, не істеуіміз керек? Бізге осы дүниенің мазағын көтеру қажет. Олар біздің сүйегімізді күйрете алмайды. Сондықтан Құдайдың көмегімен батыл болайық, егер бұл өмірдің адамдары наразылық білдірсе, білдіре берсін, біз одан қорықпайық!

**ТОНАУШЫЛАР ТОБЫ ШАБУЫЛДАП ҒАДТЫ  
ЫҒЫСТЫРАДЫ, БІРАҚ ОЛ БАРЛЫҚ ЖАУЛАРЫН  
ДА ӨКШЕЛЕП ТЫҚСЫРАДЫ**

Жаратылыстың басталуы 49:19

Арамыздағы кейбіреулер осы уәде сыйланған адамдарға ұқсайды. Бір кезде біздің жауларымыз сансыз көп болды және олар бізді жауынгерлердің қалың тобындай қоршады. Иә, кейде, тіпті, олар бізді біраз уақытқа жеңіп, өздерінің осы уақытша жеңісіне қуанып шаттанды. Осылай олар тек отбасылық мұраның бірінші бөлігі шынымен біздің еншіміз екендігін дәлелдеді, өйткені жау әскерлері Мәсіхтің халқын алғашында жеңуі керек. Бұл жеңіліс өте ауыр, егер біз бұл уәденің екінші бөліміне, Әкеміздің: *Бірақ ол оны өкшелеп тықсырады* деп берген батасына сенбейтін болсақ, онда шынымен үміт үзген болар едік. Бұл дүниенің адамдары: *Егер соңы жақсылықпен бітсе, демек бәрінің де жақсы болғаны!* деп дұрыс айтады. Соғыс турасында оның бастапқыдағы табысына немесе жеңілісіне қарап жоруға болмайды, керісінше тек ұрыстың соңғы нәтижесіне ғана қарап қорытындылай аламыз. Құдай Ие жеңісті шындық пен әділеттілік жолдарының соңында сыйлайды және бұл жеңіс мәңгілік жеңіс, өйткені бұдан кейін еш нәрсе де өзгермейді әрі бұдан басқа еш нәрсе істеудің қажеті де жоқ.

Бізге әрдайым сабырлық сақтап, даңқты Құтқарушымызға байсалды түрде сенім арта отырып, қайырымды істерде жаттыға беру керек. Тәңіріміз Мәсіх біз қашан: *Орындалды!* деп айтпайынша, бізді еңбек пен қиыншылыққа төтеп, жаудың шабуылына тойтарыс беретіндей, жұмыр тасқа айналдыратын киелі өнерге үйретсін. Құдайға шүкір! Жеңіс! Жеңіс! *Өз жолдарының соңында ол жеңіске жетеді!* – деген уәдеге біз сенеміз.

**КІМ ІНЖІР АҒАШЫН КҮТП-БАПТАСА, СОЛ ОНЫҢ  
ЖЕМІСІН ЖЕЙДІ, КІМ ӨЗ ҚОЖАЙЫНЫНЫҢ ҚАМЫН  
ОЙЛАСА, СОЛ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНЕДІ**

Нақыл сөздер 27:18

Кім інжір ағашын өсірсе, сол өз еңбегінің ақысы ретінде оның жемісін алады және кім жақсы қожайынға қызмет етсе, сол сыйға атақ-даңқ алады. Ақиқатында Иеміз Иса барлық қожайындардың ішіндегі ең жақсысы, сондықтан Ол үшін болмашы бір нәрсе болса да істеудің өзі ақиқи ұлы атақ. Кейбір қожайындар бар, оларға қызмет ету – олар үшін жабайы алма ағашын өсіру және қызметіңнің ақысы ретінде, сол ағашта өскен жабайы алманы жеу, ал Иеміз Исаға қызмет ету – Ол үшін аса тәтті інжір беретін інжір ағашын өсіру. Оған қызмет ету – бұл шын мәнінде қуаныш, осы қызметте болу – рухани өсу, осы қызметтегі табыс – рақымшылық, ал осы қызмет үшін берілетін сый – көктегі атақ-даңқ.

Ұлы даңққа біз тек інжір ағашының жемісі піскен кезде ғана ие боламыз, бірақ бұл болашақ өмірде жүзеге асатын іс. Біз жердегі ісімізді бітірген кезде, бүгінде бізге қызмет етіп жүрген Періштелер үйімізге алып барады. Қазіргі Иса тұрып жатқан көктегі орын – біздің даңқты мекен-жайымыз, ал мәңгі бақыттылық – біздің даңқты үлесіміз және біздің сол бақытты қарым-қатынасымыз Иеміз Иса Мәсіхтің Өзімен бомақ. *Кім өз қожайынының қамын ойласа, сол құрметке бөленеді!* деген уәденің толық мәнін кім түсіне алар екен.

Құдайым, Иеме қызмет етуге жәрдем берші! Сен Өзің мені құрметке бөлейтін сәтке дейін, әрдайым Оның даңқы туралы ойлауға жәрдем берші! Киелі Рух мені бойсұнған әрі шыдамды еңбеккерге және қызметкерге айналдырсыншы!

**ЖАҢА ҚАСТАРЫҢНАН КӨККЕ КӨТЕРІЛІП,  
ҚҰДАЙ ҚАБЫЛДАҒАН ИСА КӨЗ АЛДАРЫҢНАН КӨККЕ  
ҚАЛАЙ КЕТСЕ, ТУРА СОЛАЙ ҚАЙТЫП КЕЛЕДІ**

Елшілердің істері 1:11

Иеміздің бірінші келуін біз әрдайым Милад күні (Исаның дүниеге келген күні) мерекелейміз; бүгін назарымызды Оның екінші рет келетіні туралы уәдеге аударайық! Бұл уәде Оның бірінші рет келгені қалай шүбәсіз болса, екінші рет келуі де дәл солай шүбәсіз екенін білдіреді. Ол бірінші рет келгенде адамдарға қызмет ету үшін қорланып, Өзін төмен тұтып келсе, енді Өзінің сол еңбегінің жемісін жинау үшін қайтадан келетіні еш шүбәсіз. Басын өлімге тігіп, азап шегу үшін келген Иса Мәсіх, енді билік жүргізу үшін келуден тіпті қорықпайды.

Осы үміт біздің жүрегімізге қуаныш береді, себебі біз Оның қуанышымен бөлісеміз. Бүгінде біз әлі белгісіздік жағдайда өмір сүріп жатырмыз, сондай-ақ Оның осы жерде қорлық көргеніндей, біз де қорлық көрудеміз; Иса Мәсіх қайтадан келген кезде, Оның бізге ашылғанындай, біз де ашыламыз. Ертеде көз жұмған қасиеттілер Ол келген кезде қайтадан тіріледі. Жала жабылып, қараланғандар мен жек көрінішті болғандар Оның Әкесінің Патшалығында күндей жарқырайтын болады. Қасиеттілер патшалар мен дін қызметкерлері ретінде келген кезде, олар үшін қайғы-қасірет күні аяқталады. Ұзақ тыныштық пен жарқын өмір және Мыңжылдық Патшалықтың нұры ғасырлар бойғы куәліктер мен рухани күрестер үшін берілген ағыл-тегіл мол сый болып табылмақ.

О, Иеміз тезірек келсе еді! Ол келе жатыр! Ол қазір жол үстінде және бізге асыға тез жақындауда! Оның келе жатқандығын білдіретін дыбыс біздің жүрегімізге қуанышты әуендей естіледі!



**КЕЛІҢДЕР, ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ҚАЙТА МОЙЫНСҰНАЙЫҚ!  
ОЛ БІЗДІ ЖАРАҚАТТАП ЕДІ, ЕНДІ ЖАРАҚАТЫМЫЗДЫ  
ЖАЗАДЫ, БІЗДІ ҰРЫП-СОҒЫП ЕДІ, ЕНДІ СОНЫҢ  
ЖАРАЛАРЫН ТАҢАДЫ**

Ошия 6:1

Құдайдың әдісі осылай, Ол алдымен жарақаттайды, содан кейін емдейді. Оның жүрегінің ақиқи сүйіспеншілігі мен қолының шүбәсіз айықтыру өнері осылайша мәлім болады. Ол алдымен жаралайды, кейін сол жарақатты таңып байлайды, олай болмаған күнде бұл әлдеқандай бір белгісіз іс болар еді. Таурат заңы Інжілдің алдында болып, оған жол салды, сол сияқты зәрулік сезімі де біздің қалаулы тілектерімізді жүзеге асыру сезіміне жол салады. Сен қазір Рухтың күйретуші қолының астында өмір сүрудемісің? Сен құлдықтың рухын қабылдағандықтан, енді саған құтқарылу қажет пе? Алайда бұл шынайы айығуға және жарақатты таңып байлауға жетелейтін даярлық болып табылмақ. Ал толық құтқарылуды Інжіл жүзеге асырады.

Күдіктенбе, қадірлі жан, бірақ өзіңнің барлық ашық жараларыңмен, ауру-дерттеріңмен Жаратқан Иеңе келіп жүгін. Сені тек Сол ғана емдей алады және Ол осыны істеген кезде қуанады. Негізінде Иеміздің жердегі қызметі қайғы-қасіретке толған жүректерді таңып байлау болды. Сонымен, бөгелмей, бір кезде өзің алшақтап кеткен Құдайыңа тез арада кел! Оған өзіңнің ашық жараларыңды көрсетіп, жараларың қансырап кетпес үшін, Оның тездетіп сауықтыру ісіне кірісуін өтініп сұра. Дәрігер денені ауру қансырасын деп тіле ме? Әрине, жоқ! Жаратқан Иеміз біздің ескі үйімізді, кейін жаңасын жасауға қарсы болу үшін бұза ма? Ол әбден шошып қалған бейшара жанның азабын бекерден бекер ұлғайта ма? Жоқ, әрине. Бұндай ойлар сенен алшақ болсын!

## МЕНІ МОЙЫНДАЙТЫНДЫ ҚҰТҚАРАМЫН

Забур 90:14

Бұны маған Жаратқан Иенің Өзі айтып тұр ма? Егер мен Оны мойындасам, онда осының бәрін Құдай Ием маған айтып тұр. Құдайға шүкір, мен Құдайға бөтен емеспін! Мен Оны тексердім әрі сынадым, сондықтан қазір мен Оған сенемін. Мен Оны күнәні жек көретін Құдай ретінде білемін, өйткені мені жетелеген Рухтың күші Оның істелген жаманшылықты еш уақытта да көзден таса қалдырмайтынына көзімді жеткізді. Сондай-ақ мен Оны күнәларды Иса Мәсіхте кешіретін Құдай ретінде мойындаймын, себебі Ол менің барлық қылмыстарымды кешірді. Мен Оның есімі – Сенімді екенін білемін, себебі Ол мені еш уақытта да жалғыз қалдырып кеткен жоқ, тіпті мен қайғы-қасіретке әбден батқан кезімде де Ол мені тастаған жоқ.

Осыны білу – рақымшылықтың сыйы, ал Құдай Оны рақымшылықтың екі сыйының бірі – жоғарылауды көрсету үшін негіз етті. Бұл ағыл-тегіл мол төгілген рақымшылық. Назар аударыңыз, жоғарыға тырмысып шығу аса қауіпті; алайда бізді Құдайдың Өзі жоғарылатқан кезде, жағдайымыз тым қауіпсіз болады. Ол бізді ұлы қызмет пен арнайы тәжірибелер үшін, қызметтегі табыс пен Өзінің еңбеккерлеріне басшылық ету үшін және балаларға қамқорлық үшін жоғарылатуға құдіретті. Егер бұлай істемесе, бәлкім Ол бізді Өзімен тығыз қарым-қатынаста болу мен Оның Сөздеріне терең бойлау арқылы және қасиетті жеңіс пен мәңгі даңқты алдын ала сезу арқылы көтеретін болар. Құдай бізді жоғары қойған кезде, шайтан ол жерден бізді құлата алмайды. О, егерде ең болмаса бүгінгі күнгі ісіміз дәл осылай болса ғой!

## ҚАЙЫРЫМДЫЛАР БАҚЫТТЫ! ҚҰДАЙДЫҢ ҚАЙЫРЫМЫ СОЛАРҒА ТҮСЕДІ

Матай 5:7

Егер кім біреудің күнәсін кешіргісі келмесе, соның күнәлары кешіріледі әрі кім кедейлерге жәрдем бергісі келмесе, ол өзі мұқтаждықта болған кезде, оған жәрдем беріледі деп ойлау дұрыс емес. Құдай бізді өз өлшемімізбен өлшейді, сондықтан мейірімсіз мырза және қатыгез сенуші болғандардың бәрі уақытында Құдай Иенің де оларға солай жауап қайтаратынына көз жеткізетін кез келеді. *Мейірім көрсетпеген адам мейірімсіз сотталмақ!*

Бүгін кешіруді үйренейік! Біреудің ауыртпалығын көтере білейік! Жылы шырайлы да момын әрі мейірімді болайық! Жақындарымыздың іс-әрекетін қатал сынамайық, саудада қулық жасамайық, дауласып, ала ауыздық тудырмайық, ашушаң болмайық, сонда бізді ешкім әшкерелей алмайды. Біздің мейірімділікті қуана-қуана қабылдағымыз келетіні сөзсіз, сондықтан өз кезегінде мейірімге лайықты болу үшін, өзіміз де басқаларға мейірімді болайық! Бақыттылыққа ұмтыла алуымыз үшін қажетті шарттарды орындайық. Әлде жылы шырайлы болу міндеті ұнамсыз ба? Әлде жылы шырайлы болғаннан гөрі адам төзгісіз ашуланшақ болған жақсы ма? Жоғарыда келтірілген уәдеде үлкен жарылқаушылық бар. Сондай-ақ бұл уәде біз үшін мейірімге лайықты болуға мүмкіндік беретін ең зор сый. Бұндай уәдені бізге шексіз рақымға толы Құдайдан басқа кім сыйлай алар еді? Құдай Ие біздің барлық күнәларымыз бен айыптарымызды кешірді, ал біз болсақ, өзіміз сияқты ажалды адамдарға болмашы ғана мейірім көрсетеміз!

## МІНСІЗ АДАМ ЖАҚСЫЛЫҚҚА ИЕ БОЛАДЫ

Нақыл сөздер 28:10

Нақыл сөздер кітабы – бұл уәделер кітабы. Құдай халқы Оның уәделерін мақалға айналдырған. Бұл аятта да біз үшін аса қайырымды уәде бар. Біз көп жақсылықтарға тек болашақта ғана ие бола аламыз деп ойлауға үйренгенбіз, дегенмен бұл уәдеде жақсылыққа қазірдің өзінде-ақ ие екендігіміз туралы айтылған.

Жаудың ешқандай зұлымдығы мен шабуылы бізді апатқа ұшырата алмайды; жолдан тайдырушы өзі қазған орға өзі құлайды. Ал бізге уәде етілген мұра сондай шүбәсіз болғандықтан, бізді одан ешкім, еш уақытта айыра алмайды. Сондай-ақ адасып, жолдан тайып та кете алмаймыз және бұл мұраны жоғалта да алмаймыз.

Сонымен біз не нәрсеге иеміз? Мәсіхтің асыл Қанының арқасында біздің ар-ұжданымыз таза және Құдайдың өзгермес сүйіспеншілігіне иеміз. Біздің дұғамыз, тіпті, қайғы-қасірет кезінде де Құдайдың күшіне ие. Құдай біздің болашағымызды болжап, жоғарыдан сергектікпен қарап тұрады. Сондай-ақ Құдайдың Періштелері де бізге әрдайым қызмет етумен болады. Бірақ бәрінен де маңыздысы, Құдайдың Рухы біздің бойымызда. Осының бәрі шындығында біздікі! Қазіргі де, болашақтағы да – бәрі де біздікі! Иса біздікі! Құдайға шүкір! Бізде игіліктің соншалықты көп екенін ескеріп, ешқандай наразылық білдірмейік және бекерден бекер күйзелмейік, сараңдық жасап, азапқа да түспейік! Құдайымызбен қарым-қатынаста өмір сүріп, Онымен бірге екенімізге қуанайық. Киелі Рух, осы істе бізге жәрдем берші!

СОЛ ЖЫЛДАРЫ ШЕГІРТКЕ ...  
ЖЕГЕНДЕРІНІҢ ОРНЫН ТОЛТЫРАМЫН

Жоел 2:25

Бүгінде күрсіне еске алып отырған, босқа өткен жылдардың *орнын* қалай да *толтыру керек*. Бізге ағыл-тегіл мол рақымдылық сыйлауға Құдайдың құдіреті жетеді, сондықтан де ендігі қалған өмірімізде Құдайсыз өмір сүрген жылдарымыздың *орнын толтыра* алатындай еңбек ете аламыз.

Бәрін де зым-зия жоқ қылатын жою мен жалқаулық «шегірткесіне» біз қазір сұмдық апат ретінде қараймыз. О, егерде ол бізге енді еш уақытта да жақындармаса ғой! Ал міне, енді Иеміз Өзінің қайырымдылығымен оны бізден мүлдем алшақтатты. Сондықтан да біз Оған қызмет етуге ынталымыз. Оның киелі аты мадақталсын! Біз әлі де рухани рақымдылықтың көптеген жемісін бере аламыз, сонда біздің бұрынғы өнімсіздігіміз жойылады. Құдайдың рақымымен біз өзіміздің күйінішті тәжірибемізді басқаларды ескерту үшін қолдана аламыз. Сондықтан бұрынғы жаман қылықтарың мен кемшіліктеріңді қайталамай, керісінше бойсұнушылықта, балаша сенімде, күнәні мойындап тәубе етуге жетелейтін әділдікте терең тамыр жайып, беки аласың. Сөйтіп егер сен тым сергек, аса ынталы және өте мейірімді болсаң, бұрынғы өкінішті шығындарың жетістікке айналады. Осылай Құдай сүйіспеншілігінің кереметінің арқасында, босқа өткен жылдардың *орны толады*. Сонымен, осының бәрі біз үшін тіпті аса ұлы игілік болып көрінбес пе екен? Осы мақсатқа сеніммен ұмтылайық әрі сол үшін өмір сүрейік, сонда әлсіздігі айғақ болып, тәни менмендігінен айыққаннан кейін, әлдеқайда пайдалы болған Петір сияқты біз де бұл мақсатқа қол жеткізе аламыз. Құдайым, Өзіңнің рақымдылығыңмен бізге қолғабыс етші!

СОЛ СЕБЕПТІ ЖАРАТҚАН ИЕ БЫЛАЙ ДЕДІ: «ЕГЕР ТЕРІС ЖОЛДАН ҚАЙТСАҢ, ОНДА МЕН СЕНІ ҚАЙТАДАН ҚЫЗМЕТШІМ БОЛУҒА ТАҒАЙЫНДАЙМЫН. ЕГЕР АЙТАТЫНДАРЫҢ ҚҰР БОС ЕМЕС, МӘНДІ СӨЗДЕР БОЛСА, СЕН МЕНІҢ ХАБАРЛАРЫМДЫ ЖЕТКІЗЕТІН БОЛАСЫҢ»

Еремия 15:19

Байғұс Еремия! Бірақ неліктен біз оны байғұс дейміз? Зарлы пайғамбар Құдайдың ең таңдаулы қызметкерлерінің бірі болды әрі Құдай оны көптеген басқа адамдардан артық көрді. Оны адамдар жек көретін, себебі ол шындықты айтушы еді. Ол үшін сондай тәтті болған сөздер оны тыңдаушыларына тым ащы болып естілді, алайда бұған қарамастан, ол өз Құдайының алдында өте сыйлы болды. Ол әрдайым сенімділік таныт деген әмірге бағынды, сондықтан да Құдай Ие онымен қарым-қатынасын одан ары қарай жалғастырып, онымен сөйлесе алды. Еремия пайғамбар сол кездегі өздерін сенушімін деп атағандарды Тәңір Иенің атымен електен өткізіп, оларға шындықты батыл айтуы керек болды; міне, сол кезде Құдай оған: *Сен Менің хабарларымды жеткізетін боласың!* деп уәде берді.

Қандай құрмет! Әрбір уағызшы, тіпті әрбір сенуші де өз өмірінде осы уәденің орындалуына ұмтылуы керек емес пе? Құдай біз арқылы сөйлесе, бұл неткен керемет! Сонда біз таза шындықты айтамыз әрі билікпен сөйлейтін боламыз. Сонда біздің сөздеріміз нәтижесіз болмайды, керісінше бұл сөздерді қабылдағандарға бата болып тиіп, көздеген мақсатына жетеді; ал бұл сөздерден бас тартқандар, бұны өз басының өліміне істейді. Біздің аузымыз көптеген адамдарға рухани азық ұсынуы керек. Біз қалғығандарды оятып, өлілерді шынайы өмірге шақыруымыз керек.

Құрметті оқырман, Тәңір Иеміздің қызметкерлерінің бәрі де осындай болуы үшін, сен де дұға ет!

**МЕН СЕҢІҢ АЛДЫҢДА ЖҮРІП ОТЫРЫП, ЖОЛЫҢДАҒЫ  
ТАУ-ТӨБЕДЕЙ КЕДЕРГІЛЕРДІ ТЫП-ТИПЫЛ ЕТП,  
ТЕГІСТЕЙМІН. МЫҚТЫ ҚОЛА ҚАҚПАЛАРДЫ БЫТ-ШЫТ  
ҚЫЛЫП, ТЕМІР ЫСЫРМАЛАРЫН ДА СЫҢДЫРАМЫН**

Ишяя 45:2

Бұл сөздер Кир деген патшаға арналған еді, дегенмен бұл Құдайдың барлық қызметкерлері үшін мәңгілік ұлы мұра болып қалмақ. Тек сеніммен алға басайық, сонда Ол біздің алдымыздағы жолды тегістейді. Ол біздің алдымызда жүріп, адамзаттың қулық-сұмдығы мен шайтанның зұлымдығының қисық-қыңыр жолдары мен бұрылыс-бұлттарыстарын тегістейді, сөйтіп бізге олардың бұралаңдаған бұрыс жолдарымен жүрудің қажеті болмайды. Ол қола қақпаларды быт-шыт қылып бұзады және темір ысырмаларын да сындырады. Бұл үшін бізге дуалдарды бұзатын мықты сайманның да, оларды шетке ысырып тастайтын машиналар да қажет емес; Құдайдың қолынан келмейтіні жоқ. Ол біз үшін бәрін де істейді әрі Оның еркімен біз күтпеген әлі талай оқиғалар болады.

Тек қорқақ әрі жасқаншақ болмайық. Міндетті борышты өтеу жолымен жүрейік, өйткені Құдай Ие: *Мен сенің алдыңда жүріп отырамын!* – деді. Не үшін? – деп сұрау біздің ісіміз емес. Біздің ісіміз – шешім қабылдап, ілгері қарай басу. Бұл Құдайдың ісі әрі Ол бізді осы істі орындауға қабілетті етеді, себебі Ол барлық кедергілерді Өзі жояды. Кезінде Ол: *Мықты қола қақпаларды быт-шыт қылып бұзамын!* – демеп пе еді? Оның ниетіне бөгет жасап, шешімдерін бұза алатын біреу бар ма? Құдайға қызмет ететіндерге көмектің шексіз бұлақ көзі ашық! Сенушілер үшін жол ашық! Бұл жол, тіпті, олар адамдардың көмегінен айырылған жағдайда да ашық. Осы уәдеден көргеніміздей, Құдай: *Алдыңда жүріп отырамын!* деген кезде, біз Оның көмектесетініне күдіктенбейміз!

## БҰЛТТАР ТОЛҒАН КЕЗДЕ СУЫН ЖЕРГЕ ЖАУДЫРАДЫ

Уағыздаушы 11:3

Бүгінде біз неліктен аспанды қаптаған бұлттардан қорқамыз? Рас, олар біраз уақыт бізден күнді жасырады, дегенмен бұдан күн сөніп қалған жоқ, көп ұзамай ол нұрын қайтадан төгеді. Ал сол кезде көмескі бұлттар жаңбырға толысады, сөйтіп бұлттар қаншалықты қою болса, соншалықты мол жаңбыр жауып, тіпті соңы қатты нөсерге айналуы ықтимал. Бұлтсыз жаңбыр жауады ма?

Біздің қайғы-қасыретіміз бізге әрдайым да жарылқаушылық алып келеді, болашақта да солай болмақ. Сонда нұрлы рақымдылыққа апаратын жолдардың соншалықты қапас болғаны ма? Жоқ, енді біраз шыда, сонда бұлттар өздерін судан босату үшін жерге жаңбыр жаудырады, сөйтіп нәзік өсімдіктерді жандандырады. Құдайымыз қаһарланып, бізді қайғы-қасіретпен суаруы мүмкін, дегенмен қайғыға мүлде батырып жібермейді; жоқ, Ол бізді Өзінің қайырымдылығымен қайтадан жандандырады. Иеміздің сүйіспеншілік хаты бізге жиі қара жиекті конвертте келеді. Оның күймелері бізді азапқа душар еткенімен, оларға да жақсылықтар тиелген. Оның жазалау шыбығында хош иісті гүлдер шешек атып, нәрлі жемістер піседі. Сондықтан да бұлттарға бола уайымдамай, керісінше ән салайық, өйткені сәуірдегі бұлттар мен нөсерлердің арқасында мамырда жайнаған гүлдер өспек!

Құдайым, бұл бұлттар – Сенің қасиетті шапаныңның етегі! Онда сенің осындай бұлтты, қапас күндерге қалай жақын болғаның! Алайда Сені біз тек сүйіспеншіліктің көзімен ғана көріп, қуана аламыз. Ал сенім бұлттардың жаңбырды қалай төккенін және оның тасқыны төңіректегінің бәрін қалай жандандыратынын көреді.



**ЖҮРСЕМ ДЕ ҚАҚ ОРТАСЫНДА ҚИЫНШЫЛЫҚТЫҢ,  
СЕН МЕНІ АМАН-ЕСЕН САҚТАП ҚАЛАСЫҢ.  
ҚАЮАРЛЫ ЖАУЛАРЫМА ҚАРСЫ ҚОЛ СОЗЫП,  
ҚҰТҚАРЫП ҚАЛАДЫ МЕНІ ҚҰДІРЕТТІ ОҢ ҚОЛЫҢ**

Зәбүр 137:7

Қайғы-қасіреттің қақ ортасында жүру бақытсыздық па? Жоқ, бұл жарылқанған жүріс, себебі бұл жүрісте ерекше уәде жатыр. Маған Құдайдың уәдесі сыйланса, қайғы-қасіреттермен не болмақ? Құдай Ием мені бұл жерде неге үйретеді? *Сен мені аман-есен сақтап қаласың!* Менің өмірім өзгеріп, күшім мен сенімім ұлғаяды. Естен тануға жақындап қалған кезде, суық ауамен тыныстану бізді жандандыратындай, тек қайғы арқылы ғана бізді қайта жанданатын жағдайлар жиі болып тұрады емес пе?

Осындай кездерде біздің жауларымыз, әсіресе негізгі жауымыз кектене түседі! Бізге қолымызды сермеп, жауларымызбен шайқасу қажет пе? Жоқ, ең жақсысы, біздің қолдарымыз Құдайға қызмет етсін! Сонда Құдайымыз Өзінің ұзаққа созылатын қолдарын қолданады әрі біз, тіпті, қаншалықты әрекет етсек те, Ол біздің жауларымызды бізден гөрі жақсы жеңіп шығады. *Кек алу – Менің ісім, есесін Мен қайтарамын* дейді Құдай Ие. Ол бізді Өз күшімен және Өзінің даналығымен құтқарады. Сонда біз не істеуіміз керек?

Қадірлі жан, бұл уәде туралы Құдаймен сөйлес, сонда ол сенің сенімділігіңнің салтанатты әні болып, жалғызсырағанда жұбанышыңа айналады! Қайтадан жандану үшін дұға ет, ал қалғанының бәрін сен үшін аянбайтын Құдай Иеңе тапсыр!

## ӨЙТКЕНІ ҚҰТҚАРАДЫ ЖАЛБАРЫНҒАН ЖАРЛЫНЫ, ӘРІ ЖЕБЕУШІСІ ЖОҚ ЖӘБІРЛЕНГЕН АДАМДЫ

Забур 71:12

Жарлы зар еңіреп жылайды! Ол басқа не істей алсын? Құдай оның зарын естиді. Егерде сен, жарлы оқырман, қазірден-ақ өтініп сұрай бастасаң дұрыс болар еді! Мұң-зарыңды достарыңа шақпа! Өйткені олардың саған көмек көрсетуге мүмкіншілігі бар болса да, олар бұны тек Құдай Ие өздерін осыған талаптандырған кезде ғана істейді. Сондықтан да ең дұрыс жол – тікелей Құдай Иеге келіп, Оның алдында зар еңіреу. Міне, тек осылай ғана ең жақсы жүйріктер шығуы мүмкін: басқа біреулерге емес, керісінше тікелей Құдайыңа жүгір!

Сен кейде: *Менің досым жоқ, көмекшім жоқ!* – деп наразылық білдіресің. Егер сенің балаларың да, достарың да болмай, бір ғана Құдайға үміт артатын болсаң, тіпті жақсы! Сенің осы екі есе мұқтаждығың екі есе өтінішке айналсын! Тіпті, уақытша нәрселер туралы да Құдайыңнан сұрай аласың, себебі Ол Өз балаларының қамын уақытша жағдайларында да ойлайды. Құдайың сенің зарыңды естіп, барлық басқа жағдайлардан әлдеқайда ауыр рухани қайғыларыңнан да құтқаруға даяр.

Жарлы достым, өзіңнің жомарт әрі бай Құдайыңды сынап көрші! Дәрменсіз адам, Оның жәрдеміне сүйен! Ол сенің көңіліңді қалдырмайды және Ол сені еш уақытта ұятқа да қалдырмайды. Құдайдың алдына жарлы ретінде кел, сонда Ол саған жәрдем беруден бас тартпайды! Оның рақымынан басқа нәрселердің бәрінен бас тартып, кел! Иса – Патша! Ол сені шынымен бақытсыздықта өлтіреді деймісің? Сен осыны көз алдыңа елестете аласың ба?

**ҚҰДАЙ ИЕЛЕРІҢ УӘДЕ ЕТКЕНДЕЙ СЕНДЕР  
ҮШІН ӨЗІ СОҒЫСЫП ЖҮРЕТІНДІКТЕН, ӘРБІР  
ЖАУЫНГЕРІҢ ЖАУДЫҢ МЫҢ ЖАУЫНГЕРІН  
ҚАШЫРА АЛАТЫН БОЛАДЫ**

Ешуа 23:10

Адам басын санаудың қажеті не? Тіпті, егер қарсы жақта мыңдаған адамдар тұрса да, Құдаймен болған бір адам сол мың адамға татиды. Кейде біздің көмекшілеріміз өте көп болғандықтан, Билер кітабында айтылғандай, Құдай олар арқылы әрекет жасай алмайды. Онда Құдайдың қолбасшысы ұрысқа апаратын жауынгерлерінің санын бірте-бірте кеміту арқылы, өзінің күшін арттырмайынша, еш нәрсе де орындалмады. Құдай жауынгерлерге зәру емес. Ол Өз халқын құрмақ болған кезде, жалғыз Ыбырайымды шақырып алып, оны жарылқады. Тәкаппар перғауынды жеңбек болғанда, Ол бір адамнан ғана тұратын армияны пайдаланды, оның үстіне оның тілі де мүкіс еді. Киелі Жазба бізге құдіретті Құдайдың көбіне қатал тәртіпті офицердің басшылығында жақсы жаттыққан әскерлерден гөрі, үмітін Өзіне толық артқан жеке адамдарды қолдануды жөн көретіні туралы көптеген мысалдар ұсынады. Құдай Ие жаудың едәуір басым болуына жол бергенімен, соңында бәрібір оны жеңіп шығады! Егер Құдайдың бізбен бірге екендігіне нық сенімді болсақ, онда адамдардың қалың тобы бізге түк емес? Күзетші ит бір қора қойды алдына салып қуа алады. Бауырым, егер Құдай сені бір іске жұмсаған болса, онда Өзінің жоспарын іске асыруға Оның күші жетеді. Сондықтан осы уәдеге сүйеніп, батыл бол!

ЖАРАТҚАН ИЕ ... ӨЗІНІҢ «ҚАЗЫНАСЫН» –  
«АСПАННЫҢ ҚАҚПАЛАРЫН» АШАДЫ

Заңды қайталау 28:12

Бұл Құдайдың аспаннан жаңбыр жіберетіні туралы берілген уәде болатын. Иә, Құдай оны дер кезінде жібереді. Алайда жаңбыр – бұл тек Құдайдың Өз халқын жігерлендіру үшін беретін сыйының бір белгісі ғана. О, шіркін, Құдайдың мұрасының бәрін жігерлендіру үшін, жаңбыр ағыл-тегіл нөсерлетіп жауса ғой!

Біз, бәлкім, Құдайдың қазынасы тек ұлы пайғамбарларға ғана ашылатын болар деп ойлайтын шығармыз, бірақ бұл дұрыс емес, өйткені бұл уәде Оның халқының арасындағы адал құлдарының бәріне де тиісті, сондай-ақ ол бүгінде біздің де әрқайсымызға тиісті болмақ. Сенуші достым, *Жаратқан Ие саған Өзінің «қазынасын» – «аспанның қақпаларын» ашады.* Сен де өзің үшін ашық тұрған аспанды көре аласың және оған қолыңды созып өз үлесіңді ала аласың, ал кейін өзіңді қоршаған бауырларыңа тағайындалған үлеске де қол жеткізесің. Егер Мәсіхпен тығыз байланыста тұрып, Оның сөзі жан-дүниенде терең орын алған болса, қалағаныңды сұра, өтінішің қабылданбай қалмайды.

Осы күнге дейін сен Құдайдың қазыналарын білмедің, дегенмен Ол саған оларды міндетті түрде көрсетеді. Әрине, сен Оның ұланғайыр рақымы мен байлығына әлі толық кенелген жоқсың, дегенмен Ол сені міндетті түрде Өз сүйіспеншілігінің өрісіне қарай жетелейді, сонда саған Исаның Өзі ашылады. Осының бәрін тек Тәңірдің Өзі ғана орындай алатынын ұмытпа; міне, осы аятта айтылған уәде де саған арналған. Егер сен бар ынтаңмен Оның даусына құлақ салсаң әрі Оның еркіне бойсұнсаң, онда барлық рухани байлықтар Иса Мәсіх арқылы саған да қатысты болады.

## ҚҰДАЙЛАРЫҢ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТІҢДЕР, СОНДА ОЛ НАН-СУЫҢДЫ ЖАРЫЛҚАЙДЫ

Мысырдан шығу 23:25

Неңдей құнды уәде десеңізші! Жаратқан Иеге қызмет ету – бұл шын мәнінде ұлы қуаныш! Бірақ Құдайдың батасы әрқашан біздің үстімізде екенінің ақиқаттығы одан да өткен үлкен жетістік емес пе? Егер біз өзімізді Құдай Иеге толықтай арнасақ, біздің күнделікті іс-әрекеттеріміз де, дүние-мүлкіміз де Оның батасына ие болмақ. Иеміз Иса Мәсіх нанды алып оған батасын берді, сондықтан біз бүгінгі күні Құдай жарылқаған нанды жеп жатырмыз. Иса суға батасын бергенде, ол шарапқа айналды! Қазіргі ішіп жүрген суымыз, біз үшін адамның *көңілін көтеретін* шараптан әлдеқайда жақсы; оның әр тамшысында жарылқаушылық бар! Құдайдың жарылқаушылығы Оның халқының бәрінің де үстінде, соның ішінде біздің де үстімізде әрдайым болмақ!

Егер бізде тек нан мен су ғана болса, не болар еді? Бірақ бұл Құдайдың батасы дарыған нан мен су емес пе! Бізге нан да, су да уәде етілген! Құдай оларды жарылқау үшін, олар міндетті түрде бізде бар болуы керек: *Сонда Ол нан-суыңды жарылқайды*. Біз Құдаймен бірге дастарханға отырған кезде, Одан бата сұрап қана қоймай, сол батаны басқаларға да бере аламыз. Ол Иеміздің Кешкі Асын қабылдау рәсімінде жейтін нанды ғана емес, сондай-ақ отбасының дастарханындағы нанды да жарылқайды. Өзіне жақсы қызмет еткендерге, Ол да жақсы қызмет етеді. Дастарханға берілетін батаға біздің еңбегіміз сіңбеген, бұл – Құдайдың рақымының арқасы; Біз Оның рақымдылығының арқасында қызмет етіп жүрміз және Оның рақымдылығының арқасында жарылқанған нан жеп, су ішіп отырмыз!

**ЕГЕР ОСЫ ҚАСИЕТТЕР СЕНДЕРДІҢ БОЙЛАРЫҢДА БОЛСА  
ЖӘНЕ МОЛАЯ ТҮССЕ, ОНДА РУХАНИ ӨМІРЛЕРІҢ  
ПАЙДАСЫЗ, ӨНІМСІЗ БОЛЫП ҚАЛМАЙ, ҚАЙТА, ИЕМІЗ  
ИСА МӘСІХТІ ЖАҚЫНЫРАҚ ТАНЫП БІЛЕ БЕРЕСІҢДЕР**

Петірдің 1-хаты 1:8

Егер біз Иеміздің атын Оған жеміс әкеліп мадақтағымыз келсе, онда кез келген табысты жемістің белгілі бір қосымша шарттармен байланысты екенін білуіміз керек, өйткені біз өзімізде жоқ нәрсені бере алмаймыз ғой. Біз бәрін барлық істің негізі болып табылатын сеніммен бастап, оған білімді және ұстамдылық пен шыдымдылықты қосуымыз керек. Бұған қоса бізде Құдайдан қорқу мен бауырластық сүйіспеншілік болуы қажет. Бізде осының бәрі болған кезде, көп пайдалы іс-әрекет жасайтынымыз сөзсіз. Сонда біз жәй білгір емес, керісінше Құдай Сөзін нағыз орындаушылар боламыз. Біз осындай қасиетті нәрселерді молынан иеленуіміз керек, бұлай болмаған жағдайда жеміс бере алмаймыз. Жеміс – бұл өмірдің молшылығы, ал біз ойдағыдай жеміс беру үшін, алдымен өзіміз әбден толысуымыз керек.

Біз едәуір қабілетті әрі тұрмысы да жақсы адамдарды білеміз, алайда оларға адамдарды жақсы аулаудың еш сәті түскен емес. Мұқият бақылаудың нәтижесінде, оларға мол жеміс беруге қажетті рақымдылықтың белгілі бір мөлшері жетіспейді деп қорытындыладық. Адамның өзі қандай болса, ісі де сондай болмақ. Егер жақсы еңбектенсек, өзіміз де жақсы болуымыз керек. Осы сөздер жеміссіз мәсіхшілерге, тіпті, менің өзіме де сыпайы ишара болсын!

## БӘРІ КИЕЛІ РУХҚА КЕНЕЛЕДІ

Елшілердің істері 2:4

Егерде бәріміз Киелі Рухқа еркіндік берсек, қандай ағыл-тегіл мол батаға ие болар едік! Сөйтіп мұндай тазаланудың әбден толысқан жемісін санап шығу мүлде мүмкін болмас еді. Шынайы өмір, жұбаныш, нұр, тазалық, күш, тыныштық сияқты рақымдылықтың басқа да көптеген қазынасын сол рақымдылықты туындататын Киелі Рухтың бізге қатыстылығынан ешқандай бөлектеуге болмайды. Ол сенушіні қасиетті қызметке бөлектеп, оған өз қызметін дұрыс орындауға рақымын берген кезде, қасиетті зәйтүн майымен майлады. Шындықта тазалайтын жалғыз су ретінде, Ол бізді күнәнің билігінен босатып, Құдаймен бірге өмір сүру үшін тазартады. Сөйтіп Оған ұнайтын істерді қалауға және оны жүзеге асыруға түрткі салады. Нұр ретінде, Ол бәрінен бұрын бізге және бізде Тәңіріміз Иса Мәсіхті ашты және осы шындық жолымен жетелеуде. От ретінде, Ол бізді барлық қоспалардан тазалайды әрі тазаланған ішкі дүниеміздің толық нұр шашуына жол береді. Бұл – құрбандық жалыны, осы жалынның жәрдемімен біз Құдайға лайықты рухани қызмет көрсету үшін өмірімізді Оған ұнамды, толықтай бағышталған, тірі құрбандықтай арнаймыз. Ол көктің шығы ретінде, құрғақ жерді суарып, біздің өмірімізді өркендетеді. Осындай таңғы шық, туар күннің тамаша бастамасы болар еді. Көгершін ретінде, мейірімді сүйіспеншілік қанаттарымен Өзінің кемесіндегі сенушілердің үстінен қалықтап ұшып жүреді, ал Жұбатушы ретінде, балаларының жан тыныштығын бұзатын барлық уайымын жояды.

**ИСА ОЛАРҒА: ШӘКІРТТЕРІМ БОЛЫП СОҢЫМНАН  
ЕРІҢДЕР! МЕН СЕНДЕРДІ БАЛЫҚ АУЛАҒАНДАРЫҢ  
СИЯҚТЫ БҰДАН БЫЛАЙ АДАМДАРДЫ ЖИНАП  
ӘКЕЛЕТІН ЕТЕМІН, – ДЕДІ**

Марқа 1:17

Жақындарымызға пайдалы болсақ екен деген ынталы тілегіміз Мәсіхтің соңынан ерген кезде ғана орындалуы мүмкін. Біз Исаның қызметкерлері болуға жиі ұмтыламыз және адамдарды Иемізге әкелу үшін, тіпті, өз өмірімізді құрбан етуге де даяр болар едік. Алайда, біздің Исаның еш уақытта да қолданбайтын әдістерін қолдануға даяр екендігімізде қауіп бар. Сонымен, жаудың сыбырлауына жол береміз бе? Егер оған жол берсек, онда қанша ау салсақ та, балық ұстай алмаймыз. Егер шынымен табысқа жеткіміз келсе, Иса ауды қалай салады, біз де дәл солай салуымыз керек. Адамды өршітуші әдістер мен әңгімелер және тағы да басқа сол сияқты келеңсіз іс-әрекеттер Исаға еліктеуді білдіре ме? Иеміз Иса тыңдаушыларды Өзіне осындай жолмен қаратады деп ойлайсыздар ма? Алайда бүгінде арамызда келеңсіз әдістерді пайдаланып жүргендер де бар емес пе! Бірақ бұндай жолмен қол жеткізген табысты Иса соңғы күні ескермейді!

Біз Ізгі хабарды өзіміздің Ұстазымыз сияқты уағыздауымыз керек, себебі тек осындай жолмен ғана адамдарды шынымен құтқаруға болады. Біз Иеміздің ілімін уағыздауға әрі ерікті Інжілді жариялауға міндеттіміз, өйткені адамдарды тек осылай ғана құтқаруға болады. Біз мейірімділікпен, батылдықыпен әрі сүйіспеншілікпен уағыздауымыз керек, себебі адамдардың жүрегіне Құдай Сөзін жеткізе білудің құпиясы осында. Біз Киелі Рухқа үміт артып, Құдайдың майлауымен қызмет етуіміз керек. Исаның соңынан ере отырып, бізге Оның алдына түсіп кетудің немесе Онымен қатарласа жүгірудің қажеті жоқ, бірақ бәрінен де бұрын біз адам аулаушы болуымыз керек!



**МЕН АЛДАРЫҢНАН ХЕВТІКТЕР, ҚАНАХАНДЫҚТАР МЕН  
ХЕТТІКТЕРДІҢ ЗӘРЕЛЕРІН ҰШЫРАТЫН ҚОРҚЫНЫШТЫ  
(ЕСЕКАРАНЫ) ЖІБЕРІП, ОЛАРДЫ АЙДАП ШЫҒАРАМЫН**

Мысырдан көшіп шығу 23:28

Бізге есекараның не екендігі туралы әңгімелесудің қажеті жоқ. Бұл Құдайдың Өз халқының жеңісін жеңілдету үшін, оның алдынан жіберген әскері. Біздің Құдайымыздың Өз халқына болысып, әлі ұрыс басталмас бұрын жауға зор шығын келтіріп, оларды жеңіп беретін әр түрлі амалдары бар. Ол көбінесе, шындыққа қарсы шыққандарды, сол шындықты қорғап жүргендердің еш көмегінсіз-ақ абыржытып тастайды. Ауа Құдай халқының жауларын жазалайтын құпия күштерге толы. Жоханның Аян кітабынан *жер әйелге көмектесті* деп оқимыз.

Сонымен, еш уақытта да қорықпаймыз. Біз күреске шыққанда, бізге қарсы шығуға тиісті әскерлердің шықпай қалатын кездері жиі болып тұрады. *Сендер үшін Жаратқан Иенің Өзі шайқаспақ. Ал өздерің тек тыныш тұрсаңдар болғаны.* Құдайдың жіберген есекаралары біздің қаруымызға қарағанда әлдеқайда көп іс бітіруі мүмкін. Біз жеңіске Құдайдың қолданған амалдарымен қол жеткізуді, тіпті, армандай да алмас едік. Дегенмен біз Құдайдың бұйрығына бойсұнып, халықтарды Исаға бас идіру үшін, күреске аттануымыз керек, сонда Құдайдың алдымызда жүріп, бізге жол даярлайтынын көреміз, сөйтіп соңында біз: Құдай Өзінің оң қолымен және Өзінің қасиетті күшімен жеңеді! – деп батыл айта аламыз.

**ӨЗІНІҢ ЖАЛҒЫЗ ҰЛЫН АЯМАЙ, ОНЫ БІЗ ҮШІН  
ӨЛІМГЕ ҚИҒАН ОЛ ҰЛЫМЕН БІРГЕ БІЗГЕ  
ҚАЖЕТТІЛЕРДІҢ БӘРІН ДЕ ҚАЛАЙША СЫЙЛАМАЙДЫ?**

Римдіктерге 8:32

Бұл сөздер құрылысы бойынша Құдайдың уәдесі болып көрінбегенмен, мағынасы бойынша уәде деп айтуға болады. Иә, шындығында көптеген уәделер бар. Құдай бізге оларды алтынмен аптап, күміспен күштеген лағыл, зұбаржат, гауһар сияқты асыл тастарды бергендей, үйіп-төгіп берсе де, бізде әрқашан күмәнді сұрақ туындайды және оған жауап таба алмаймыз, тіпті бұл сұрақ жүрегімізге қорқыныш ұялатуы да мүмкін. Алайда бізге Исаны сыйлаған Құдай Ие, енді бізден несін аясын? Құдай айқыш ағашқа керіліп, көк пен жердің арасын жалғастырған Иса арқылы бізге қажеттінің бәрін берді.

Енді менде тағы қандай мұқтаждық бар? Мен тек осы аятқа сай сұрауым керек. Мен бұған шындап әрі бар ынтамен ұмтылуым керек, әйтсе де Оған қысым жасап, Оның еркіне сай емес нәрсені қолынан зорлықпен тартып алатындай болмауым керек. Ол адамға керектіні онсыз да аямай бергісі келеді. Ол бізге сүйікті Ұлын Өз еркімен сыйлады. Сонымен, құрметті жан, Өзінің жалғыз Ұлын аямаған Көктегі Әкеңнің саған қалған нәрселерді де сөзсіз беретініне сенбейсің бе? Егерде сен Құдайдан бірнәрсені зорлықпен талап етсең, Құдайдың құдіретіне сенбейтіндігіңді көрсетесің әрі сенің бұл аянышты дұғаңда мүлдем күш жоқ. Алайда, міне, Оның сүйіспеншілігі бұлақтай атқылауда. Ол ернеуінен асып төгіліп сені қажетті нәрсенің бәрімен қамтамасыз етпек.

**АЗЫҒЫҢДЫ СУДЫҢ БОЙЫМЕН ЖІБЕР,  
КӨП КҮННЕН КЕЙІН ОЛ ӨЗІҢЕ ҚАЙТЫП КЕЛЕДІ**

Уағыздаушы 11:1

Біз істеген жақсылықтарымыз үшін, тез арада сый берілуін күтпеуіміз керек! Дәл сол сияқты бізге сый беруі мүмкін екенін білетін орындар мен адамдарға да жақсылық жасауда күш салуды шектемеуіміз керек. Мысырлық адам ұрықтық дәнді Ніл өзеніне тастайды. Бұл сырттай қараған адамға, дәнді босқа шығындау сияқты болып көрінуі мүмкін. Дегенмен, мерзімі жеткен кезде, тасқын сулар тартыла бастайды да, күріш немесе басқа да ұрықтар құнарлы балшыққа батып кетеді және көп ұзамай өнім береді! Сондықтан бүгін-ақ Мәсіхтің жақсы дәнін себе бастайық, тіпті мейірімсіздерге де, рақметі жоқ жақсылықты білмейтіндерге де жақсылық жасайық! Лай сулар жер қыртысына түскен үмітті жасыруы мүмкін, бірақ біздің Құдайдағы еңбегіміз ешуақытта да бекер болмайды.

Біз азығымызды судың бойымен жіберуге міндеттіміз, сонда Құдайдың: *Көп күннен кейін ол өзіңе қайтып келеді!* деген уәдесін орындауына мүмкіншілік береміз. Ол Өз сөздерін орындауды кешеуілдетпейді. Біз сепкен Құдайдың жақсы Сөзі міндетті түрде өніп шығады, тек Оны іздеп табу керек! Бүгін болмаса да, әйтеуір бір күндері өзіміздің не сепкенімізді түсінеміз, сонда жақсы өнім жинаймыз. Тек шыдамдылықта жаттыға жүріп, себуіміз керек, себебі тек осындай жағдайда ғана Құдай бізге Өз шыдамын көрсетеді. *Көп күннен кейін*, – дейді Киелі Жазба, ал кейбір жағдайларда бұл күндер айларға, тіпті жылдарға айналуы мүмкін, бірақ Құдайдың сөздері ақиқат күйінде қалады, өйткені Оның барлық уәделері Мәсіх арқылы жүзеге асып, *иәға* айналады; сондықтан *аумин* деп, Мәсіхтің атымен Тәңірдің ұлылығын мадақтаймыз! Осы өсиетті құрметпен сақтаудың қамын ойлаңыз!

АЛ ЕНДІ ОЛАРДЫҢ САҒАН САЛҒАН ЕЗГІСІН  
МОЙНЫҢНАН ШЕШІП, СЫНДЫРЫП,  
БҰҒАУЛАРЫН ҮЗІП АЛЫП ТАСТАЙМЫН

Нақұм 1:13

Құдай Өз халқына ассириялықтардың біраз қысым көрсетуіне жол берді, алайда, міне, олардың билігіне тыйым салынатын уақыт та келді. Дәл сол сияқты шайтан да кейбір жандарды өзінің бұғауында ұстап, оларға ауыртпалық түсіріп, жиі қысым көрсетеді. Дегенмен, Құдай бүгінде үмітін үзе бастағандарға өте тез келеді, себебі осы уәдеде: *Ал енді олардың саған салған езгісін мойныңнан шешіп, сындырып, бұғауларын үзіп алып тастаймын* деп айтылған.

Сонымен, құдіретті Құдай: *Ал енді олардың саған салған езгісін мойныңнан шешіп тастаймын!* деп азаттықты дәл қазір беретінін айтады. Тез арада құтқарылатыныға сен, сонда саған сенімің бойынша қазір-ақ беріледі. Егер Құдай бүгін десе, онда саған ешкім де *ертең* деп айтпасын.

Құдай құтқаруын қалайша толығымен жүзеге асыратынын байқашы: саған салған езгіні мойныңнан шешіп қана қоймай, оны сындырады, ал бұғауларын босатып қана қоймай, оларды үзіп, біржолата алып тастайды. Бұл жерде жаудың қайтып оралмайтынына кепілдік беретін Құдайдың күші көрсетілген. Шайтанның езгісі қиратылған, сондықтан енді оның салған ауыртпалығы біздің еңсемізді төмен баспайды. Енді ол ешкімді де ұстап тұра алмайды, өйткені оның салған бұғаулары үзілді. О, егерде біз Иса жүзеге асырған құнды әрі мәңгі құтқарылуға толық сенім арта алсақ қой! *Сонымен егер Құдай Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе ғана, шынымен азат боласыңдар!* Құдайым, кел де, Өз сөзің бойынша тұтқындарыңды азат етші!

МЕНИҢ ҚУАТЫМ ЖАРАТУШЫ ТӘҢІР ИЕДЕН БАСТАУ  
АЛДЫ. ОЛ МЕНИҢ АЯҒЫМДЫ ЕЛІКТІКІНДЕЙ ЖЫЛДАМ  
ҚЫЛЫП, ТІПТІ ТӨБЕЛЕРДІ БАСТЫРАДЫ

Аббақұқ 3:19

Құдайдың бұл қайраткерінің нық сенімі Құдайдың уәдесіне ұқсас, өйткені сенімнің осылайша айғақ етуі Құдайдың шешімі болып табылмақ. Пайғамбар жарлылық пен аштықтың ең шегіне жеткен уақыттарын басынан кешіруге мәжбүр болды, дегенмен ол сол қиыншылықтардан сүрінбей өтті, өйткені Құдай оған шыдауға қабілет пен күш берді. Кейінірек ол күрестің шыңына шығуға шақырған үнді естіп, бұл көтерілуден бұрынғы қайғы-қасіреттің тұңғиығына түскеннен кем қорықпады. Қараңыз, Құдай оған бұл үшін күш берді! Оның күші Құдай Иеден бастау алды. Біздің күшіміз құдіретті Құдайдың Өзі екені туралы ойлап көріңізші!

Құдайдың оған мықты аяқ бергеніне назар аударыңыз. Елік құз бен тастың үстінде еркін секіреді және әрқашан да тепе-теңдік күйін сақтайды. Құдайымыз бізге өзіміз жүруге тиісті ең ауыр жолмен сүрінбей жүру үшін, Өзінің рақымын сыйлағысы келеді. Құдайсыз болсақ, сөзсіз апатқа ұшырайтын жерлерде, біз толығымен Оның панасында болу үшін, Ол біздің аяқтарымызды осындай құздарда қатайтады.

Бәлкім, жақында Ол бізді бұдан әлдеқайда жоғары жерлерге шақыратын болар. Сонда бізге биік шыңға, *өзгеріп, салтанатты түрге енетіндер* жиналатын Құдайдың тауына көтерілуге тура келеді. Бізді Құдайдың тауына көтеретін сенімнің аяқтары қандай керемет еді!

ОЛАРДЫ ӨЗІМНІҢ ЕРЕКШЕ ҚЫМБАТ ХАЛҚЫМ  
РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАП АЛҒАНЫМДА ОЛАР МЕНІКІ  
БОЛМАҚ! – ДЕЙДІ ӘЛЕМНІҢ ИЕСІ

Малахи 3:17

Бір кезде Өзіне Әкесінің ұсынған тізіміне сай екендігіне көз жеткізу үшін, ұлы Патшамыздың патшалық тәжінің құндылықтарын біржолата есептейтін күн келеді. Қадірлі жан, сен сол кезде Исаның құндылықтарының арасынан табыласың ба? Біліп қой, егер Ол сен үшін қымбат болса, онда сен де Ол үшін қымбат болып табыласың, сөйтіп егер Ол қазір сенікі болса, *сол күні* сен де Оның меншігі боласың!

Малахидің заманында Құдайдың таңдаулылары, әдетте, Құдайды өздеріне меншіктеп сөйлейтін. Олардың сөздері Құдайға ұнамды болғаны соншалықты, Ол бұл сөздерді жаздырып қоюды жөн көрді және сол жазбалардан кітап құрап, оны Өзі сақтады. Олардың сөздері Құдайға ұнамды болғандықтан, өздері де ұнамды болды. Қадірлі жан, біраз аялдап, өзіңе: егер Иса менің сөздеріме құлақ түрсе, Оған ұнамды болар ма еді? – деген сұрақ қойып көрші. Сенің аузыңнан шыққан сөздер Құдайдың даңқын арттырып, бауырларыңа өнеге боларлық сөздер ме? Осы сұраққа өзіңе өзің шынайы жауап берші!

Иеміз бізді Өзінің патшалық тәжіндегі құндылықтар деп жариялаған кезде, біздей бейшара пенде, қандай атақ даңққа ие болады десеңізші! Бұл даңқ барлық қасиеттілерге тән. Иса: *олар Менікі* – деп қана қоймай, сондай-ақ: *Олар Менікі болады!* – дейді. Ол күнәміздің құнын төлеп, бізді азат етті. Ол бізді тауып алып, Өз патшалығына апарып енгізді және Өз бейнесіне ұқсатып өзгертті, сондықтан Ол енді бізді бар күшімен қорғайды.

**ДҰШПАНДАРЫМ КЕШКЕ ДАЛАҒА ШЫҒЫП, ИТТЕЙ ҰЛЫП,  
ҚАЛАНЫ АРАЛАП ЖҮРЕДІ! АЛ СЕН БАСЫМА ПӘЛЕ  
ТҮСКЕНДЕ, ҚОЛДАП-ҚОРҒАП, МАҒАН ПАНА БОЛДЫҢ,  
СОНДЫҚТАН ҚҰДІРЕТІҢДІ ӘН ҚЫЛЫП,  
РАҚЫМЫҢДЫ ТАҢЕРТЕҢНЕН ПАШ ЕТЕМІН**

Зәбүр 58:15,17

Құдай иттерге билік жүргізе алады ма? Оларды үргізбеуге Оның құдіреті жете ме? Иә! Мұса пайғамбардың кітаптарының бірінде: «... олардың адамдары түгіл, малдарына қарсы иттер де үрмейтін болады ...» деп жазылған (Мысырдан көшіп шығу 11:7). Егер Құдай иттерді үнін өшіруге мәжбүр етсе, онда Ол ит мінезді адамдарды да, сол сияқты тозақтың қақпасының алдындағы ең үлкен иттің де үнін өшіруге мәжбүр етеді, сонда біз қорқынышсыз өз жолымызбен жүре береміз!

Құдай иттерге тілдерін қозғауға ерік берсе де, азу тістеріне ерік бермейді. Олар ұлып, жан түршігерлік шу көтеруі мүмкін, дегенмен біреуге шынымен зиян келтіруге мүлде шамасы келмейді. Олар қанша үрсе де, біз Құдайдың күші мен қайырымдылығын мадақтай береміз. Әйтсе де, тыныштық болған қандай тамаша! Жауларыңның арасында жүріп, Құдайдың оларды бізбен тату болуға мәжбүр ететінін білу неткен керемет десеңші!

О, егер де Құдайдың осы сөзі бүгін мен үшін де шындық болса еді! Иттердің ұлуы мені үрейлендіре ме? Олай болса, мен бұл туралы Иеме айтамын. Құдайым, ит менің тыныштандыру үшін істеген әрекетіме құлақ аспайды; Өзіңнің салмақты да маңызды сөзіңді айтшы, сонда ол жуасып, тынышталуға мәжбүр болады! Маған жан тыныштығын берші. О, Құдайым, Менімен әділетсіздердің арасындағы айырмашылықты көруім үшін, Өзіңнің рақымды қолыңды анық көрсетші.

**ЖАЛБАРЫНЫШЫМА ҚҰЛАҚ АСТЫ ТӘҢІР ИЕМ,  
МІНАЖАТЫМДЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ ЖАРАТҚАН ИЕМ**

Забур 6:10

Бұл рас! Менің өмір тәжірибем де осыны растайды! Мен Құдай адал әрі ақиқат деген сөздердің астына өз мөрімді қоя аламын. Ол Өз құлдарының дұғасын ғажап түрде әрі сансыз көп рет тыңдады. Ол қазір де менің тілегімді естиді. Ол жүзін менен теріс бұрмайды. Оның аты мәңгі мадақталсын!

Бір кезде Дәуіт пайғамбар нық сеніммен жырлаған осы уәденің маған да тән екені еш шүбәсіз. Жаратқан Иеме мен де қолымды сеніммен созамын. Тәңір Ием менің де дұғамды қабылдайды. Ол менің дұғамды ұмытпайды. Ол Өзінің сүйіспеншілікке толы даналығымен дұғама дәл керек уақытында жауап береді. Өзімнің болмашы дұғамды ұлы Патшаның алдына алып келемін, Ол мені толық тыңдап, өтінішімді мейірімділікпен қабыл алады. Жауларым мені тыңдағысы келмейді, бірақ Ием тыңдайды. Олар менің зарлы дұғамды келемеждейді, дегенмен Тәңір Ием бұлай етпейді, керісінше менің дұғам Оның құлағына кіріп, жүрегіне бойлайды.

Бейшара күнәһар пенде үшін бұл қандай жылы қабылдау еді! Біз Исаны қабылдағаннан кейін, Құдайымыз бізді және біздің дұғамызды Оның атымен қабыл алады. Оның ұлы да сенімді есімі мадақталсын! Оның есімі еркіндік бергендіктен дұғаларымыз алтын қақпалар арқылы бөгетсіз өтеді. Құдайым, мені дұға етуге үйретші, себебі сен менің дұғаларымды естисің!



СОЛАРҒА МӘҢГІЛІК ӨМІР БЕРЕМІН, ОЛАР ЕШҚАШАН  
ҚҰРЫМАЙДЫ, ЕШКІМ ОЛАРДЫ МЕНІҢ ҚОЛЫМНАН  
ТАРТЫП АЛМАЙДЫ

Жохан 10:28

Біз қасиеттілердің мәңгі құтқарылғанына сенеміз, өйткені олар Мәсіхтің меншігі. Ал Ол Өз Қанымен күнәларының құнын өтеп, мәңгілік өмір сыйлаған Өзінің қойларын еш уақытта да жоғалтпайды. Бұл өмір мәңгілік болғандықтан, оның шегі жоқ. Егер рухани өмірдің аяқталар шегі болса, онда оның мәңгі емес, уақытша екендігі анық болар еді. Алайда, Құдай Ие бізге мәңгілік өмір туралы айтады, ал мәңгілік деген сөз – шет-шегі жоқ, бітуі мүмкін емес деген ұғымды білдіреді.

Құдайдың одан әрі қарай: *Олар ешқашан құрымайды!* деп анық айтқан сөздеріне назар аударыңыз. Осы сөздердің белгілі бір мәні бар және бұл сенушілердің ешқашан құрымайтынына кепіл болмақ. Тіпті қасарысқан сенбеушілік те бұл сөздердің мәнін жоққа шығара алмайды.

Ол істі аяқтау үшін, таңдаулылары Өзінің қолында екенін мәлімдеп, оларды қолынан жұлып аламын деп ойлаған жауларының бәріне ұран тастайды. Бірақ бізді Оның қолынан жұлып алу, тіпті, тамұқтың төресінің де қолынан келмейтін нәрсе. Біз құдіретті Құтқарушының қолында толық қауіпсіздіктеміз.

Сонымен, бізге Құтқарушының құдіретті қолында тыным тауып, ескі тәни болмысымыздың кез келген жемісінен, пендешілікке салынудан бас тарту керек.

АЛ ЕГЕР КЕЙБІРЕУЛЕРІҢ ДАНАЛЫҚҚА МҰҚТАЖ  
 БОЛСАҢДАР, ҚҰДАЙДАН СҰРАҢДАР, ОЛ БЕРЕДІ ДЕ;  
 ТӘҢІРІМІЗ ЕШ ЖАЗҒЫРМАЙ-АҚ БӘРІНЕ  
 ЖОМАРТТЫҚПЕН БЕРЕ САЛАДЫ

Жақып 1:5

*Егер кейбіреулерің даналыққа мұқтаж болсаңдар...* Шындығында *егер* деген сөз жоқ, себебі әрбір адамға, соның ішінде маған да даналықтың жетіспейтініне толық сенімдімін. Шындығында мен не білемін? Мен өз жолыммен қалай жүруім керек? Қалай мен басқаларды жетелеймін? Құдайым, мен шынымен де әр түрлі жөнсіздіктің жиынтығы ғанамын әрі менде ешқандай даналық та жоқ!

Сен: *Құдайдан сұраңдар!* – дейсің. Құдайым, міне, мен енді Сенен даналық сұрап отырмын! Міне, мен Сенің аяғыңа жығылып, мені осы күннің қиын істері үшін, тіпті, жай қарапайым істері үшін де Өз даналығыңмен қаруландыруыңды өтінемін, себебі мен не істеу керек екендігін және қалай істеу керек екендігін білмеймін. Егер Сен мені жанашылықтан сақтамасаң, мен ең қарапайым деген істің өзінде-ақ ағаттық істеуім мүмкін.

Мен істей алатын және істеуге тиісті нәрселердің бәрінде де дұғаның көмегінің зор екендігі үшін Саған алғыс айтамын. Сенің мейірімің қандай ұлы еді! Себебі мен тек сенім бойынша ғана дұға ете аламын, ал Сен жауабына даналық бересің. Сен мені жақсы тәрбиеге саласың және Сен ашушаң ұстаз немесе кемшілігімді бетіме басып, ұялтушы тәрбиеші емессің. Сен бұл тәрбие үшін ақы сұрамайсың, керісінше әрдайым да даналық жетіспейтін ақылсызға ақыл беріп тәрбиелейсің. Құдайым, мен Саған *жомарттықпен бере салады* деген кесімді де анық сөзің үшін алғыс айтамын. Өз балаңның осы дүниелік данышпандар еш түсіне алмай жүрген құнды даналықты бүгін-ақ түсінуін қалайтыныңа сенемін. Сен маған Өз Сөзің бойынша жетекшілік жасап, ақырында Өз даңқыңа бөлегің келеді! (Забур 72:24).

МЕН СЕНДЕРГЕ ҚАРАПАЙЫМ ДА  
КІШПЕЙІЛДЕРДІ ҚАЛДЫРАМЫН. ОЛАР ЖАРАТҚАН  
ИЕГЕ ҮМІТТЕРІН АРТАТЫН БОЛАДЫ

Софони 3:12

Шындық бай адамдардың арасында жойылса да, сенімге бай, осы өмірдің кедейлерінің ортасынан өз отанын табады. Жаратқан Иенің Өзіне адал болып қалғандары бүгінгі күні де баршылық. Бірақ мен солардың бірі бола алар ма екенмін?

Бәлкім, олар кедей әрі мүсәпір болғандықтан, Жаратқан Иенің атына үміт артуды үйренетін болар. Ақшасы жоқ адам несиеге қайдан ақша ала алатынын жақсылап ойлауы керек. Атағынан айырылған адам, егер басқа Біреудің атына – ең жақсы атқа – Жаратқан Иенің атына сүйенсе, ақылды іс істегені. Құдайда Өзіне тоқтаусыз үміт артатын халық әрдайым да болады және олар кедей әрі мүсәпір болмақ. Бұл дүние өз балаларын қаншалықты көтермелесе де, Құдайға адал адам бүкіл халық үшін шексіз мол бата болуы мүмкін. Олар халықты күнә арқылы келетін бұзылудан сақтайтын тұз сияқты.

Сөйтіп, тағы да әрқайсымыздың жүрегімізде: мен солардың бірі бола аламын ба? – деген сұрақ пайда болады. Күнә мені қаралай ма, ол менің төңірегімдегі басқаларды да қаралай ма? Мен өзім туралы: рухым жарлы, рухани кедеймін деген пікірдемін бе? Мен Құдайға үміт артамын ба? Бұл ең басты сұрақ. Иса бізге Құдайдың атын және Оның тұлғасы мен болмысының мәнін ашады; мен Оған үміт артамын ба? Егер солай болса, онда мен бұл дүниеде белгілі бір қызмет үшін өмір сүрудемін. Құдайым, маған осы қызметті дұрыс атқаруға жәрдем берші!

**ОЛАР ЖАЙЫЛЫП НӘР ТАБАДЫ,  
ЕНДІГӘРІ ОЛАРДЫ ЕШКІМ ҮРКІТПЕЙДІ**

Софони 3:13

Кеше біз Құдай оларды өлі дүниеде тірі ұрық ретінде, белгілі бір уақытқа қалдырған, қамыққан кедей халық туралы ой бөлістік. Пайғамбар олар туралы: бұл адамдар жамандық істемейді, өтірік те айтпайды, оларды әскери атағы да, қызметі де, байлығы да қорғамайды, олар әділетсіздердің зор үміт артқан қаруын да қолдана алмайды, сондай-ақ олар өздері мен өз мүдделерін күнәмен және қулықпен қорғамайды, – деді.

Енді не болмақ? Сонда олар өлуі керек пе? Жоқ, ешқашан да! Оларға құнарлы жайлауда жайылып, нәр табуға және ештеңеден үрікпеуге мүмкіншілік берілген, олар қауіп-қатерден азат және зұлымдықтан да қорықпайды. Қойлар – өте әлсіз жаратылыс, ал қасқырлар – өте қауіпті жау, дегенмен қазіргі заманда қойлар қасқырларға қарағанда әлдеқайда көп. Оның үстіне, қойлардың ісі үлкен табысқа жетуде, ал қасқырлардың ісі зиян шегуде. Қойлардың отары жазық даланы қаптайтын кез де келеді, сонда бірде-бір қасқыр қалмайды. Қойларды азықтандыратын, оларға қамқор болып, жан тыныштығын беретін бақташысы бар екендігі ақиқат болып қалмақ. Енді оларды адамның бейнесінде келсе де, шайтанның бейнесінде келсе де ешкім үркітіп, қорқыта алмайды. Егер Жаратқан Ие жақын тұрса, Оның отарын кім үркіте алады? Сонымен, Иса біздің жанымызға тыныштық пен дамыл беретін болғандықтан, құнарлы жайлауда жан тыныштығына бөленейік.

## ҚОРЫҚПА, ЕНДІ ҚАЙТЫП ҰЯТҚА ҚАЛМАЙСЫҢ

Ишая 54:4

Біз Құдайға сенім артқанымыз үшін ұятқа қалмаймыз. Білгірлер мен сыншылар сеніміміз арқылы жанымыз тыным табатын Киелі Жазбаға шабуыл жасауы мүмкін, бірақ Құдай Өзінің кітабының қателеспейтінін әрі оның әрбір жағдайға сай дәл сөйлейтінін жылдан жылға анықтай түседі. Жай қатардағы сенуші болу атақсыз қалу дегенді білдірмейді; Құтқарушы Исаға деген сенім – бұл әрбір адамның басындағы даңқты тәж әрі ол кеудеге таққан кез келген орденнен артық.

Біз Құдайға артқан үмітімізде ешқашан да масқара болмаймыз. Бәрі де дәл Құдай Иенің айтқанындай болады. Ол бізді бағады, жетелейді, жарылқайды, сөйтіп жан тыныштығына алып келеді. Иеміз келген кезде, қайғы-қасіретіміз үзілді-кесілді бітеді. Сонда бізге алдымен тірі үмітті, ал кейін оған керектіні сыйлаған Құдайымызбен мақтанатын боламыз!

Біз өз сүйіспеншілігімізде ұятқа қалмаймыз. Иса біздің сүйіспеншілігімізге лайықты, сондықтан да Оған жүрегімізді бергеніміз үшін, бізге қызаруға тура келмейді. Даңқты Досымыздың бізге сырттай қарап жүруі – Оның жолын шаттана ұстанғандығымыздың дәлелі. Азап шегіп өлгендерді Мәсіх үшін өлдің деп ешкім бетіне басып, сөкпейді. Мерзімі келгенде Мәсіхтің жаулары мәңгі жексұрын болуға бұйырылса, ал достары барлық қайта өзгергендердің тарапынан даңққа ие болады, себебі Мәсіх үшін қорлық көру, кезінде олар үшін Мысырдың барлық байлығынан да қымбат болды.

**ЖАРАТҚАН ИЕ БЫЛАЙ ДЕДІ: СОНДЫҚТАН  
ОЛАРДЫҢ АРАСЫНАН ШЫҒЫП, БӨЛЕК ТҰРЫҢДАР,  
АРАМ НӘРСЕЛЕРІНЕ МҮЛДЕМ ЖОЛАМАҢДАР!  
АЛ МЕН СЕНДЕРДІ ҚАБЫЛДАЙМЫН!**

Қорынттықтарға арналған 2-хат 6:17

Біз күнәһар дүниеден неғұрлым бөлектенген сайын, соғұрлым көбірек қауіпсіздік жағдайда боламыз. Құдай Өз халқының күнәһарлардан мүлде бөлек болғанын қалайды. *Олардың арасынан шығыңдар!* – деп бұйырады Ол Өз халқына. *Мәсіхшілер әлемі* – орасан зор әлем, сондықтан Киелі Жазба оны толығымен есепке алмайды, ол әлі де ескі күнәһар болмысының қалауымен өмір сүретін мәсіхшіні рухани ауру деп пайымдайды. Мәсіхтің жауларымен ымыраға келушілердің бәрін біз солардың қатарына қоса аламыз.

Біздің қауіпсіздігіміз жаулармен өзара келісімге келгенімізге байланысты емес, керісінше өзіміздің ең жақсы Досымызбен тығыз қарым-қатынаста болғанымызға байланысты. Егер біз Онымен тығыз қарым-қатынаста болсақ, онда осы өмірдің адамдарының келемеждеуіне, өсек-аяңына және қорлауына қарамастан, толық қауіпсіздікте боламыз. Біз бұл өмірдегі адамдардың жаман ықпалынан, сенімінің жоқтығынан, менмендігінен, тынымсыздығынан және ластығынан қорланудамыз.

Құдай олардың күнәлары үшін, соғыстар мен ашаршылықтар жіберген кезде, бізді қауіпсіздікте сақтайды.

Құдай Өз құлы Ыбырайымды Халдей еліндегі Ур қаласынан алып шықты. Бірақ, ол жарым жолда біраз аялдап қалды және батаға қайтадан жолға шығып, өзіне көрсетілген елге жеткен кезде ғана ие болды. Ол қас жаулардың қоршауында қалғанына қарамастан, толық қауіпсіздікте болды. Ал Лут достарының арасында болғанымен, керісінше үнемі қауіпті жағдайда болды. Біздің қауіпсіздігіміз бұл дүниенің арам нәрселеріне жоламай, олардан бөлініп шығып, Құдаймен бірге жүруімізге байланысты.

**МЕН ЖАРАТҚАН ИЕМІН, ОНЫҢ ҚОРҒАУШЫСЫМЫН, МЕН  
ОНЫ ӘРКЕЗДЕ СУАРАМЫН; ОҒАН БІРЕУ БАСА-КӨКТЕП  
КЕЛМЕУ ҮШІН, МЕН ОНЫ КҮНІ-ТҮНІ КҮЗЕТЕМІН**

Ишья 27:3

Құдай Өзінің Сөздерін қызметкерлерінің көмегін қолданбай, Өзі айтқан кезде, сенуші жан үшін ерекше салмақты болмақ. Құдай Өз жүзімдігін Өзі қорғайды. Ол оны ешкімге сеніп тапсырмай, тек қана Өзі сергектікпен бақылап отырады. Құдайдың Өзі қорғағандар, нағыз қауіпсіз жағдайда емес пе?

Біз жігерлендіруге әр күні ғана емес, әр сағатта, тіпті сәт сайын мұқтажбыз. Бізге қалайда рухани өсу қажет! Әрбір өсімдік қалайда жемісті болып, жаңа әрі мол өнім беруі керек!

Алайда, міне, Құдайдың егістігіне тұлкінің кішкене күшіктері мен жабайы шошқалар сияқты бүлдірушілер келеді. Сол себепті де Құдай бізді күні-түні Өзі қорғайды. Онда бізге кім зиян келтіре алмақ? Біз неліктен қауіптеніп, қорқамыз? Ол бізді күтіп баптайды, суарады, қорғайды, бұдан басқа бізге не керек!

Құдай Иеміз бұл аятта: *Мен... Қорғаушымын, Мен... күзетемін*, – деп екі рет айтады. Біздің Құдайымыздың осы *күзетемін* деген ұлы сөзінде қандай шындық, қандай күш, қандай сүйіспеншілік бар десеңші! Оның еркіне кім қарсы келе алады? Ол: *Күзетемін!* деген кезде, күдікке орын қалар ма екен? Осы *күзетемін* деген сөзбен қаруланған біз сансыз көп күнеларға және өлім мен тозаққа қарсы тұруға қабілетті бола аламыз. Құдайым, Сен маған: *Мен күзетемін* дегенде, мен Саған: *Ал мен Сені мадақтаймын!* – деп үздіксіз жауап беруді қалаған болар едім!

**ЖАРАТҚАН ИЕ СЕНДЕРДІ ӨЗ ХАЛҚЫ ЕТПІ ТАҢДАП  
АЛҒАН БОЛАТЫН. ЕНДІ ОЛ ӨЗІНІҢ ҰЛЫ АТЫНА БОЛА  
МЕНШІКТІ ХАЛҚЫН ТАСТАМАҚ ТА ЕМЕС**

Патшалықтар туралы 1 – жазба 12:22

Құдайдың Өз балаларын Өзі таңдауы, олармен неліктен бірге болатынына және оларды неліктен тастамайтынына негіз болып табылады. Себебі оларды Өз сүйіспеншілігі бойынша таңдады, сондықтан да оларды сүйеді. Құдайдың рақымдылығы – таңдау көзі болып табылады, ал таңдап алған себебі Құдайдың оларға деген үздіксіз рақымынан туындады. Егер де Құдай оларды тастап кетсе, онда бұл жәйт Оның ұлы атын даңқынан айыратын еді, сөйтіп бұл Оның Өз таңдауында қателескенін немесе Өз сүйіспеншілігінде тұрақсыз болғанының айғағы болар еді. Құдайдың сүйіспеншілігі өзінің еш уақытта өзгермейтіндігімен әрі Оның даңқы еш уақытта да күңгірттенбейтіндігімен мақтана алады.

Құдайдың бұрынғы жақсылықтары мен қайырымдылықтарын еске алу Оның бұдан былай да бізді еш уақытта қалдырмайтынына сенімділік береді. Ол аспандағы салтанатын тастап, Өзін төмен тұтып, жерге келу арқылы бізді Өз халқы етіп таңдап алғандықтан Өзінің рақымының ғажап ісін ешқашан да жоймайды. Ол бұл керемет істі ақырында бізді тастап кету үшін жасаған жоқ. Оның жалғыз Ұлы біз үшін өлді, енді біз Оның бекерден бекер өлмегеніне нық сенімді бола аламыз. Ол Өз Қанын халқы үшін төкті, енді соларды тастап кетуі мүмкін бе? Бізді таңдап алуға әрі құтқаруға Оның еркі болды, сондықтан жарылқауға да еркі бар. Иеміз Иса сүйіспеншілікте тұрақты. Ол Өзінің халқын соңына дейін сүймек!



**ЖАРАТҚАН ИЕ СЕНІ СИОННАН  
ЖАРЫЛҚАЙ КӨРСІН, ИЕРУСАЛИМНІҢ  
БЕРЕКЕСІН ӨМІР-БАҚИ КӨРЕТІН БОЛАСЫҢ**

Зәбүр 127:5

Құдайдың жолымен адал жүретін және Оны құрмет тұтып, Одан қорқатын адам үшін берілетін уәде осындай болмақ. Оның үйі жарылқанған, сондай-ақ оның әйелі мен балалары да ол үшін ұлы бақыттың көзі болып табылады. Қауымның мүшесі ретінде, ол қауымның жақсы дамығанын көреді, өйткені Құдайдың үйі оның жүрегіне өз үйіндей жақын. Құдай біздің үйімізді көтереді және бұл жағдай бізді Құдайдың үйінің де қатар көтерілгенін көрген кезде ғана қуанта алады. Егер біз Құдайдың таңдаулыларының қауымына жәрдем беру мақсатымен жақсылық жасамасақ, игілігіміздің шынайы жақсы болмағаны.

Сен Құдай үйінің табалдырығын аттаған кезінде жарылқанасың және Иса Мәсіхтің ұлы құрбандығы үшін дұға етіп, Оны мадақтаған кезінде, жапырағын жайып, көгерген зәйтүн ағашындай боласың. Құдай Ие сені Сионнан, Өзінің Киелі үйінен жарылқайды.

Сонда Құдайдың бұл батасы жалғыз саған ғана игілік болып қоймай, сенушілердің саны көбейіп, қауымың да өседі, сөйтіп сенушілердің киелі істері табыспен аяқталатын болады. Бұл уәде игі іс істеген көпшілік адамдардың жердегі өмірінде-ақ орындалмақ. Егер олар өліп қалса, іс зиян тартады. Сонымен, бүкіл өмірін Құдайдың үйінде жақсылық жасауға арнайтындардың қатарына қосылуға асығайық. Құдай Ием, Өзіңнің қайырымдылығыңмен менен осындай адам жасап шығаршы!

**ӨЙТКЕНІ КІМДЕ РУХАНИ БАЙЛЫҚ БАР БОЛСА,  
СОҒАН ТАҒЫ ДА БЕРІЛІП, ОНЫКІ АСЫП-ТАСЫП КЕТЕДІ**

Матай 13:12

Егер Жаратқан Ие адамға рақымдылықты молынан сыйлаған болса, бұдан былай одан да көп сыйлауға ынтық. Кішкене сенім ұядағы жұмыртқадай: оған тағы да сенім қосылады. Бұл көрер көзге ғана, алдамшы сенім емес, керісінше нағыз шынайы сенім. Бізге қандай ұлы киелі міндет жүктеліп отыр! Сондықтан өз сенімімізге парасатпен қарауымыз керек. Өйткені біздің бүкіл өміріміз сенімнен тұрады. Біздің барымыз да, байлығымыз да тірі Құдайға деген сеніміміз. Бізге көп нәрсені уағыздап, барлығына ие болудың қажеті жоқ екенін ұмытпаған жөн! Себебі бір кезде сенімімізді жариялаудан айырылып қалатын күн де келеді. Уәде қалай шындық болса, бұл қауіптің де шындық екені дәл солай!

Құдай Иеміз мадақталсын! Аз болса да, сол байлыққа шынымен ие болған әркім соған толығымен ие болу үшін, Ол рақымын молынан төккісі келеді. Оның әдісі осылай! О, егер де бәріміз бірдей осы толықтыққа қол жеткізсек қой! Рақымдылық толықтығы – бұл бәрімізге де қажет қалаулы нәрсе. Біліміміздің мол болғаны жақсы, дегенмен сүйіспеншіліктің мол болғаны одан әлдеқайда артық. Біз Құдайға деген қызметтегі табысымыздың толық болғанын қалаған болар едік, дегенмен Құдайдан барлық істің табысты болуын сеніммен сұрау үшін, сенімнің толықтығы одан әлдеқайда жақсы.

Құдайым, Сен менің күнәһарлығымды түсінуге санамды аштың, енді менің күнә мен жаманшылықты жек көруімді тереңдетші! Сен маған Исаға үміт артуға көмектестің, енді сол үмітіме толық сенімділікті қосып сыйлашы! Сен маған сүйіспеншілік сыйладың, енді мендегі сол сүйіспеншілік одан ары жанданып, мені баурап әкетсінші!

**СЕБЕБИ ҚҰДАЙ ИЕЛЕРІҢ СЕНДЕРГЕ ЖАР БОЛЫП,  
ЖАУЛАРЫҢА ҚАРСЫ СОҒЫСЫП, СЕНДЕРГЕ ЖЕҢІСТІ  
СЫЙЛАЙТЫН БОЛАДЫ**

Заңды қайталау 20:4

Бізде Құдайдың жауларынан бөлек, басқа жау жоқ. Біз адам баласына емес, көзге көрінбейтін дүниедегі зұлым рухтарға қарсы күресудеміз. Біз шайтанмен, Құдайдың аты мен ісіне нұқсан келтіретін адасулармен, күдіктермен шайқасамыз. Ал шайтан бұларды ұрыс даласына лек-легімен жібереді. Біз сансыз көп күнәлармен – әділетсіздікпен, ластықпен, маскүнемдікпен, қысым көрсетушілікпен, сенімсіздікпен және имансыздықпен күресеміз. Біз олармен бар күш-жігерімізбен шайқасамыз, бірақ бұған семсер мен найзаны қолданбаймыз, өйткені біздің қолданып жүрген қаруларымыз осы дүниелік емес, оларда Құдайдың құдіреті бар.

Жаратқан Иеміз, жаман нәрсенің бәрін жек көреді, сондықтан Ол осы рухани күресте бізге болысып, бізбен бірге күреседі. Ол бізді құтқарғысы келеді және күресте де, жеңісте де рақымын сыйлағысы келеді. Сондықтан да егер біз Құдай жағында болсақ, Құдайдың да бізге жақ екеніне толық сенімді бола аламыз. Осындай мәртебелі Одақтаспен бірге болған күрестің нәтижесі ешқашан да күдікті болмайды, себебі күш құдіретті Құдайда, көк пен жердегі бүкіл билік берілген Исада, сондай-ақ адамдарды жақсылыққа ынталандыратын Киелі Рухта.

Мәсіхтің жауынгерлері, Құдай берген «рухани қару-жарақпен» түгел жабдықталыңдар! Үшбірліктегі Құдайдың атымен күресіңдер және Оның құтқаруын сеніммен қабыл алыңдар! Бүгінгі күндерің де бекер өтпесін. Бүгін де Иса үшін және Оның әділ ісі үшін күресуге талаптаныңдар!

**ЖАРАТҚАН ИЕ БЫЛАЙ ДЕДІ: «МЕН ЕНДІ ШАРА  
ҚОЛДАНАМЫН, ЕНДІ ДАҢҚЫМДЫ ШЫҒАРЫП,  
ЗОР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНЕМІН»**

Ишая 33:10

Елді жаулап алушылар жерді шегірткеше отаған кезде, жауынгерлер отыра қалып, әйелдерше жылай бастады, дегенмен Құдай сол кезде де оларға көмекке келді. Құдайдың қаласына ешкім аяқ баспай, Васан аймағы мен Кармил тауы жеміс бермейтін жүзімдікке ұқсаған кезде, Құдай Ие оларға көмек беруге аттанды. Құдай Өзінің қамыққан халқы арқылы мадақталады! Себебі қайғылы адам Құдайдың жүзін іздеп, Оған үміт артады! Егер Құдай оларды азат ету үшін, олардың шақыруы бойынша аттанса, Оның аты одан ары мадақталмақ.

Егер бүгінгі күн біз үшін қайғы-қасірет күні болса, одан азат болғанда, Құдайдың қалай мадақталатынын көретін боламыз деп күтейік. Бұл жағдай біздің дұғамыздың жүрек түкпірінен шығуына түрткі болмай ма? Біз дұға етіп, Оны күні-түні шақырамыз ба? Егер бұлай істесек, онда Құдайдың Өз халқына белгілеген рақымды уақыты жақын болғаны. Құдай өз уақытында мадақталады. Ол көмек беруге Өзінің даңқын көтеретін оңтайлы уақыт келгенде аттанады. Ал біз азаттығымыздан гөрі, Оның даңқы туралы көбірек ойлауымыз қажет. Егер Құдай Иеміз мадақталса, онда басты да негізгі тілегіміздің орындалғаны.

Құдай Ием, бізге барлық істің басы-қасында Сен Өзің жүрсің деген түсінік пен нық сенім берші! Сонда біз Сені мадақтаймыз. Бізді қоршаған адамдардың бәрі Сенің ұлы әрі ізгі Құдай екенінді білсін!

**МАСҚАРА БОЛЫП ҚАЛМАУЫМ ҮШІН МЕНІҢ,  
ЖҮРЕГІМ ЖАРЛЫҚТАРЫҢА АДАЛ БОП ҚАЛА БЕРСІН!**

Зәбүр 118:80

Құдайдың Сөзін берік ұстанған әркімде бұл үшін ұялуға еш себеп жоқ екенін Оның Өзі үйреткен осы дұға растап тұр.

Бұл дұғада жүректің ақ болуы туралы айтылған. Сеніммен жасалған таза дұға жақсы, ал оның үстінен шығарылған әділ сот одан да жақсы, дегенмен бәрінен де жақсысы – жүрек тазалығы. Біз ақиқатты жақсы көруіміз керек, оны сезуіміз керек әрі оған бойсұнуымыз керек, бұлай болмаған жағдайда, Құдайдың заңдарындағы талап бойынша таза бола алмаймыз. Біздің осы әділетсіз заманда әділ адамдар көп пе? О, егерде осы жолдарды жазушы да, оны оқушылар да осындай адамдардың қатарында болсақ еді!

Көптеген адамдар барлық даулар шешілетін, соңғы ұлы күні ұятқа қалады. Сонда олар өздерінің өнертапқыштықтарының, менмендіктерінің, имансыздықтарының, Құдайға қарсы істеген қыңырлықтарының соншалықты жөнсіз болғанын көріп, бармақтарын тістейтін болады. Иеміз үйреткен нәрселерге сеніп, Оның бұйрығын орындаған адам ақталады әрі өз ісінде берік тұрады. Сонда әділдер айналасына күн сияқты нұр шашады және оларды балағаттаған сөздер мен әр қилы кемсітулер мәңгі даңққа айналады.

Осы үзіндіге сай дұға етейік, сонда Құдайдың уәдесінің біздің өмірімізде де орындалатынына сенімді боламыз. Егер Құдай бізді ақтаса, онда жүрегімізді де тазалықта сақтайды.

**ҚАРАҢҒЫ ШАТҚАЛДА ЖҮРСЕМ ДЕ, ҚАУЫП-ҚАТЕРДЕН  
ҚОРЫҚПАЙМЫҢ, СЕБЕБІ СЕН ҚАСЫМДАСЫҢ, АҚ  
ТАЯҒЫҢ МЕН СОЙЫЛЫҢ МАҒАН СҮЙЕНІШ БОЛАДЫ**

Зәбүр 22:4

Жүрекке нық сенім ұялататын бұл сөздер төсек тартып жатқан адамға қандай жұбаныш бермек. Бұларды өзінің ақтық сөзі ретінде ризашылықпен қуана қайталаған жандар да аз емес.

Сондай-ақ бұл аят адамның жердегі өміріндегі бастан өткізетін қорқынышты да жеңуге көмектеседі. Көпшілігіміз уайымға бейімділіктің арқасында, Пауыл сияқты күнделікті өлеміз. Сенімнің қаһарманы туралы жазылған бір әңгімеде жұмақтағы таулардың етегінде ағып жатқан судан гөрі, өлім шатқалының аңғары туралы әлдеқайда ертерек айтылады. Көпшілігіміз өлім қапасының тар шатқалынан талай рет өттік, сондықтан енді бізді сұмдық ойлардың езгісі мен сол қапастың құпия қорқынышы меңдеген кезде, соған шыдап тұруымызға тек бір ғана Құдайдың көмек бергені туралы батыл айғақ бере аламыз. Құдай бізге қуат беріп, барлық қорқыныш пен бақытсыздықтан қорғады. Біз ауыртпалықтың, қысымның астында болдық, әйтсе де тіріміз, өйткені ұлы Бақташының өзімізбен бірге екенін сезіндік, әрі Оның бақташылық таяғы жаудың бізді өлерше жарауына жол бермейді деген сенімді жоғалтпадық. Сөйтіп егер бүгін бізге қайғы-қасіреттің қараңғы шатқалынан өтуге тура келсе де, Құдайға деген кәміл сеніммен Оны мадақтауға тырысамыз.

## ЖАРАТҚАН ИЕ СЕСАРАНЫ БІР ӘЙЕЛДЕН ЖЕҢЛЕТІН ҚЫЛАДЫ

Билер 4:9

Бұл біршама әдеттен тыс сөздер, дегенмен бұны түсінуге сенімі жеткілікті адамдар да ұшырасады ғой. Құдай ұрысты жүргізу үшін Барақты шақырғанда, ол егер Дебора онымен бірге бармаса, ұрысқа шыққысы келмеді. Міне, сол үшін де Құдай бұл ұрысты әйелдің ұрысына айналдыруды жөн көрді. Сөйтіп Құдай ер кісіні еріншектігі мен сенімі аздығы үшін бір жағынан ұялтса, екінші жағынан айыптай отырып, Өзі қаншалықты ұлы даңққа ие болса, өз халқының жауларын соншалықты масқаралады.

Құдай бүгін де әлсіз құралды қолдануға құдіретті. Әдетте, маңызды іске қолданбайтын адамдарды Құдай Өз ісіне қолдана алады. Ол мені де шынымен қолданар ма екен? Исраилдің қас жауын жеңген әйел батыр да, шешен де емес еді, керісінше ол өз шатырында күнделікті тірлігін істеп, сиырларын сауып, майын өндіріп жүрген жай ғана қарапайым әйел болатын. Құдай Өз мақсатына жету үшін біздің арамьздан да біреуді қолдана алмас па еді? Сесараның Иаилге келгеніндей, бүгін де біздің үйімізге біреу келуі мүмкін. Бірақ біздің міндетіміз бұндай адамды өлтіру емес, керісінше құтқару. Оны жылы жүзбен қарсы алайық. Оған ұлы Өтеушіміз Иса Мәсіх арқылы құтқарылатыны жайлы қуанышты хабарды ұсынып, жүрегіне *Мәсіхтің құрбандығына Сен де өмір сүр!* деген өсиетті салайық. Сонда, тіпті, ең қатыгез деген адамды да Інжілмен жаулап алуға болады.

**ЖАРАТҚАН ИЕНІ ТЕРЕҢ ҚАСТЕРЛЕУ АДАМНЫҢ ӨМІРІН  
ҰЗАРТАДЫ, АЛ ЗҰЛЫМНЫҢ ЖАСЫ ҚЫСҚА БОЛАДЫ**

Нақыл сөздер 10:27

Бұл сөздер күдік атаулының бәрін жояды! Құдайдан қорқу Құдайға ұнамды мінез-құлық қалыптастырады, ал бұл өз кезегінде, адамның күнә меңдеген бүкіл өмірін өлімнен сақтайды. Иеміз Исаға деген сенімнен туындайтын киелі тыныштық адам қатты ауырған кезде де шипалы. Егер емделушінің көңілі тыныш болса, дәрігер қуанады. Маза-сыздық адамды құртады, ал Құдай Иеге үміт арту шипалы дәрідей. Сонымен, өміріміздің ұзақ болуына қажеттінің бәрі бар. Егер бұл шынымен игілігімізге жараса, біз қаусаған қарттыққа жетіп, қабірге піскен баудай енеміз. Сондықтан бір жеріміз ауыра бастаған кезде, үрейге жол бермей, алдымызда әлі де көп уақыт бар екенін ескеруіміз керек.

Дегенмен егер бізді жуық арада жоғарырақ өріске шақырса ше? Онда бұл шақыру қорқынышқа себеп болмайды, керісінше, бұл – ұлы қуаныш. Өмір сүреміз бе, әлде өлеміз бе, біз әрдайым Құдаймен біргеміз.

Сондықтан өміріміз ұзаққа созылған сайын, уақытты бос өткізбей, керісінше өміріміздің әрбір сағатын ең жоғары мақсаттар үшін қолданатынымызды түсінеміз. Бүгінгі күні де осылай болуы керек!



**АЛ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ АССУР ПАТШАСЫ ТУРАЛЫ  
АЙТҚАНЫ МЫНАУ: ОЛ БҰЛ ҚАЛАҒА КІРМЕЙДІ, ТІПТІ  
САДАҚТЫҢ БІР ЖЕБЕСІН ДЕ ОҒАН АТПАЙТЫН БОЛАДЫ!**

Патшалықтар туралы 4-жазба 19:32

Шын мәнінде Сеннахериб Иерусалим қаласына ешқандай зиян жасаған жоқ. Ол қаланы талқандаймын деп қатты мақтанғанымен, бұл зұлымдығын іске асыра алмады. Құдай Өз халқының жауларына ең соңғы сәтте де бөгет жасай алады. Тіпті, арыстан қозыны ұрлап кетсе де, қойлардың ұлы Бақташысы оның олжасын тартып алуға құдіретті. Біздің қайғы-қасіретіміздің қомақтылығы Құдайға Өзінің құдіретті күші мен даналығын одан да зор көлемде көрсетуге мүмкіншілік тудырады.

Жоғарыда айтылған оқиғада қаланы түп-тамырына дейін талқандамақ болған қуатты жау оған, тіпті, жақындаған да жоқ. Жау оқтарын дуалдар арқылы жіберіп, қаланы қырғынға ұшырату мүмкіншілігінен айырылды. Сөйтіп, дуалдарды қиратып, қорғаныс орларын толтырып көміп тастап, қала тұрғындарын қоршап алатын қарулы күшін іске қоса алмады. Бәлкім, Құдай біздің де жауларымызға бөгет жасайтын болар. Иә, олардың ниетін өзгертіп, жоспарын бұзуға Құдайдың құдіретінің жететіні даусыз. Соны сезінгенде жауларымыз бұндай жаман ниеттерінен қуана-қуана бас тартатын болады. Құдай Иемізге үміт артып, Оның жолдарымен жүре берейік. Сонда Оның бізді тозақтан бір-жолата құтқарғанын көріп, жүрегіміз мадақтау жырына толады әрі Оған беріле табынатын боламыз.

Сонымен, жауларымыздан қауіптенбейік, тіпті олар бізге шындап жақындаған кезде де қауіптенбейік, керісінше Құдайымызға үміт артайық!

**АМАЗИЯ ҚҰДАЙ ЖІБЕРГЕН АДАМҒА: – АЛ ОНДА  
ИСРАИЛДІК ЖАСАҚШЫҒА ТӨЛЕП ҚОЙҒАН ЖҮЗ  
АТБАСЫНДАЙ КҮМІСІМДІ НЕ ІСТЕЙМІН? – ДЕП СҰРАҚ  
ҚОЙДЫ. ҚҰДАЙДЫҢ ХАБАРШЫСЫ: – ЖАРАТҚАН ИЕ  
САҒАН ОДАН ДА КӨПТІ БЕРЕ АЛАДЫ! – ДЕДІ**

Шежіренің екінші кітабы 25:9

Егер сен ағаттық жасасаң, оның зардабын тартасың, дегенмен Құдайдың еркінен тыс іс істеме! Құдай сенің жоғалттым деп ойлағаныңнан әлдеқайда көп нәрсе беруге күдіретті, бірақ Ол, тіпті, бұны істемеген күннің өзінде Онымен соттаспақсың ба? Амасия көршілес жатқан пұтқа табынушы патшалықтан өзіне әскер жалдады, алайда ол бұл әскерлерді үйлеріне қайтару туралы жоғарыдан бұйрық алды, себебі Құдай оларға батасын бермеді. Ол әскерлерді кері қайтаруға даяр болғанымен, жүз атбасындай күмісті алдын ала төлеп қойғанына өкінді. Қандай масқара! Егер Құдай жеңісті жалдама әскердің көмегіңсіз, Өзі алып берем деп отырса, онда тиісті ақысын беріп, олардан бас тарту әлдеқайда жақсы емес пе?

Ар-ұждан алдында азап шегіп, өкінбеу үшін және татулықты сақтау мен Мәсіхтің даңқты аты үшін шығындалуға даяр болыңыз! Мәсіх үшін шыққан шығынның шығын емес екеніне сенімді болыңыз. Бұндай шығынның қарымтасы осы өмірде-ақ әлдеқайда көп мөлшерде кері қайтарылады. Оның үстіне көптеген басқа да шығындардан Құдай сізді әлденеше рет сақтады емес пе! Егер мәселе мәңгі өлмейтін жанымызға қатысты болса, онда қазіргі Иса үшін шыққан шығындарымыздың бәрі көкте жиналып жатыр. Өзіңе үлкен шығын болып көрінген нәрсе үшін ашуланба, керісінше: *Жаратқан Ие саған одан да көпті бере алады!* – деген салмақты дауысқа құлақ түр.

**СЕНДЕРГЕ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ШЫНДЫҚТЫ АЙТАЙЫН:  
ЕНДІ СЕНДЕР КӨКТИҢ АШЫЛҒАНЫН КӨРЕСІҢДЕР!  
СОНДА ҚҰДАЙДЫҢ ПЕРІШТЕЛЕРІ  
АСПАНҒА КӨТЕРІЛІП, БИЛЕУШІ РЕТІНДЕ КӨКТЕН  
КЕЛГЕН МАҒАН ТҮСЕТІН БОЛАДЫ**

Жохан жазған Ізгі хабар 1:51

Иә, біз сеніміміз арқылы осының бәрін бүгін-ақ өте анық көрудеміз. Біз үшін аспан ашық, енді біз сол құпиялы әрі даңқты жерге көз тастап қарай аламыз, өйткені оны бізге Құдай Өзі ашып берді. Жақында біз ол жерге кіреміз, себебі біздің жолымыз – Иса.

Баспалдақ туралы аянның түсіндірмесі осы. Көк пен жердің арасындағы киелі қарым-қатынас арқылы дұға көкке көтеріледі, ал ол жерден Келістіруші Иса арқылы жауап келеді. Егер рухымызбен Иеміз Иса Мәсіхті көрсек, онда осы баспалдақты көргеніміз. Ол құдіретті Құдайдың тағына еркін кіруді ұсынатын қасиетті баспалдаққа ұқсайды. Осы баспалдақты пайдаланып, сол арқылы дұғамыздың хабаршысын Құдайға бағыттайық! Егер Құдайға басқалар үшін ықыласпен өтініш жасап, уәделі батаға ие болатын жерге енсек, өзіміз де періштелер сияқты белгілі бір үлеске лайықты боламыз. Содан кейін бұл сыйларды адамдармен бөлісу үшін төменге түсеміз.

Жақып көрген бұл құнды оқиғаны біз өзіміз үшін нұрлы шындыққа айналдырамыз. Құдаймен қарым-қатынасқа түсіп, әрі жақындарымызды күш сала құтқара отырып, біз бүгін де сағат сайын осы баспалдақтың үстімен бір шығып, бір түсіп жүреміз. Құдайым, бұл Сенің уәдең; бізге осының орындалуын қуанышпен көруге жәрдемдесші!

**СЕНДЕР ДЕ САБЫРМЕН КҮТПІ,  
ЖҮРЕКТЕРІҢ МЫЗҒЫМАС ТАБАНДЫ БОЛСЫҢ.  
ӨЙТКЕНІ ИЕМІЗ ЖУЫРДА ҚАЙТЫП КЕЛМЕК**

Жақып 5:8

Сүлеймен пайғамбардың таңдаулы әндері кітабындағы сүйіспеншіліктің соңғы сөздері: *Асыға кел, сүйіктім менің!* – дегенді айтады. Ал Жоханның Аян кітабындағы соңғы сөздер былай дейді: *Рух пен Қалыңдық: «Келе гөр!»* – деп шақырады. Бұл шақыруға Көктегі Күйеу Жігіт: *Міне, Мен жуырда келемін!* – деп жауап берді. Құдайға деген сүйіспеншілік Тәңір Иенің салтанатты даңқпен оралуын күтеді және: *Тәңір Иенің келуі жақын қалды!* – деген жұбанышты уәдеге қуанады. Бұл біздің болашаққа деген сенімізді нығайтады және біз оған терезеден қарағандай, үміттеніп қараймыз.

Бұл – қасиетті де мөлдір таза терезе, ол арқылы біздің өмірімізге Құдайдың нұры ағыл-тегіл молынан төгіледі және кез келген уақытта, тіпті, қайғы-қасірет кезінде де жедел шешім қабылдауға алдын ала жағдай туғызады. Біз сынаққа түстік пе? Олай болса, Досымыздың жақында келуі шыдамымыздың шыңдалуына қолғабыс етеді. Біз дән сеуіп, бірақ одан әлі өнім көрмегендіктен, шаршадық па? Олай болса, Құдай бізге тағы да: *Сабырмен күтіңдер,* – дейді. Азғырулардың көбеюі сізді қобалжыта ма? Онда: *Жүректерің мызғымас табанды болсын. Өйткені Иеміз жуырда қайтып келмек!* – деген сөзді қайталай отырып, Тәңір Иенің жақында келетіні туралы ұлы шындықты жариялаңыз. Батыл да тұрақты, табанды да тиянақты әрі Құдайдың ісінде берік болыңыз! Жақында Патшамыздың келуін жариялаған күміс кернейлердің үнін естисіз. Еш қорықпаңыз! Берік тұрыңыз, себебі Ол келе жатыр; мүмкін Ол бүгін-ақ келіп қалар!

**ӘРИНЕ, ӘДІЛДЕР САҒАН ШҮКІРШЛІК ЕТЕДІ,  
МІНСІЗДЕР СЕҢІҢ МЕКЕНІҢДЕ ӨМІР СҮРЕДІ**

Зәбүр 139:14

Әрдайым Құдайдың атын мадақтап жүруім үшін, жүрегім баланың жүрегіндей таза болса ғой, шіркін! Оның әділдерге деген ізгілігі соншалықты мол, сондықтан мен солардың қатарына қосылып, ризашылыққа толы өмір кешуді қалар едім. Құдайға ұнамды өмір сүретін әділ адамдар да қайғы-қасіретке душар болады, сонда олар біраз уақытқа абдырап та қалуы мүмкін. Бірақ оларды әзәзілге басындырмай, теріс жолға түсуден сақтағаны үшін, Құдайды мадақтайтын күн де сөзсіз келеді. Әділдер өздерін шындық жолмен жетелегені үшін Оған әрдайым да алғыс айтатын болады. О, егерде мен солардың бірі болсам еді!

*Мінсіздер Сенің мекеніңде өмір сүреді,* – деген екінші сөйлемде де маңызды уәде бар. Күнәһарлар Құдайдың алдына сотталу үшін келсе, әділдер ақталғандар ретінде келеді. Таза адамдар ұлы Патшаның сарайының маңында болады және Патшамыз олардың тілегін кез келген уақытта тыңдайды. Оларға Құдайдың батасы жауып, үнемі игілік көрсетіліп отырмақ. Құдайым, мен осындай жоғары құрметке бөленуді және содан ләззат алуды аңсаймын, өйткені Сенімен тығыз қарым-қатынаста болу мен үшін жердегі жұмақ тәрізді. Бүгін де, ертең де және әрбір күні Сенің көз алдыңда жүруім үшін, барлық істерімде Саған адал болуға көмек берші, сонда мен Сенің атыңды мәңгі-бақи мадақтайтын боламын!

**БІРАҚ ЖАРАТҚАН ИЕ МАҒАН: ӨЗІҢ ТУРАЛЫ ТЫМ  
ЖАСПЫН ДЕП АЙТПА. СЕБЕБІ МЕН СЕНІ КІМГЕ  
ЖІБЕРСЕМ, БАРЫП, АЙТ ДЕГЕНІМНІҢ БӘРІН  
ЖЕТКІЗЕСІҢ! – ДЕП БҰЙЫРДЫ. ОЛАРДАН ҚОРЫҚПА!  
СЕНІ ҚҰТҚАРУ ҮШІН САҒАН ЖАР БОЛАМЫН**

Еремия 1:7-8

Құдай Еремияға қандай керемет сөздер айтты десеңші! Ол осы сөздермен оған қасиетті батылдық сыйлап, оны жалтақтықтан босатты. Егер Құдайға зар еңіреп сиынуымыз бізді құтқарса, онда Оның бізге арнаған сөзінің күші қандай болғаны? Құдайым, бүгінгі күнгі күресте жеңіп шығып, тиісті міндеттерімді дұрыс атқару үшін мені шынықтыршы. Құдай Еремияға қандай тапсырма берді? *Барасың!* – деген тапсырма берді. Ол осындай тапсырманың алдында қалтырамауы керек еді. Ол: *Немене? Осындай әлсіз күйімде бармақпын ба?* – деп сұрақ қойса болар еді. Бірақ Құдай: *Мен сенімен біргемін!* – деп, оның бұл сылтауды пайдалануына жол бермеді. Құдай оған күш берді, сондықтан да Құдайдың сөзін жариялау үшін, оны қолданудан басқа шарасы қалмады. Бәлкім, Құдай менің армандағанымнан әлдеқайда көп іс бітіріп те қойған болар. Бірақ Ол менімен сөйлескен кезде, маған күш-қуат береді. Сондықтан сенім арқылы Оның маған сеніп тапсырған күшін қолданамын. Ол менің уақытты босқа өткізуіме тиым салады. Мен *баруым* керек, себебі Ол маған күш-қуат берді. Сондай-ақ мен қорқуға тиісті емеспін, өйткені Ол мені құтқарады.

Иә, Құдайым, Сен мені жібердің, мен енді Сенің күшіңмен қаруланып барамын. Сенің сөзің бойынша барамын және Сенің мен арқылы жеңетіңе сенемін.

**МЕНЕН ӨТІНІП СҰРА, СОНДА МЕН САҒАН ЖАУАП  
БЕРЕМІН ЖӘНЕ СЕН БІЛМЕЙТІН, ҰЛЫ ӘРІ ҚОЛ  
ЖЕТПЕС НӘРСЕНІ КӨРСЕТЕМІН**

Еремия 33:3

Құдай біздің дұға жасағанымызды қолдайды. Кейбіреулер бізге: дұға – бұл тақуалық жаттығу және сенушілердің парызы, олар дұғамызды Құдай естиді деп өздерін өздері алдаусыратады, – деген көзқараспен қарайды. Дегенмен, біз дұға жасаудың маңыздылығын жақсы білеміз. Біздің мәсіхшілік өмірдегі тәжірибеміз бұл пайымдаудың жалған екенін әшкерелейді. Бұл жерде Тәңір Иеміз Өзінің құлының дұғасына жауап беремін деп айқын да анық уәде етеді. Бауырластар, әрдайым да Оның есіміне сиынайық әрі Оның бізді тыңдап, жауап беретініне күдіктенбейік! Бізге құлақ берген Құдай, Өзі естімес дейсің бе? Ата-аналарға балаларына деген сүйіспеншілік сыйлаған Құдай, Өзінің сүйікті ұл-қыздарының зарлы өтінішіне үн қатпас дейсің бе?

Егер біз Оған аса құрметпен зарлы өтініш жасасақ, Ол міндетті түрде естиді. Ол Өз таңдаулылары үшін, олар әлі білмейтін ұлы әрі ғажап нәрсені сақтап отыр. Құдай Өзінің құдіреті арқылы біз сұрағаннан немесе ойлағаннан әлдеқайда көп жақсылықтарды істейді. Егер бізді тамақтандыру қажет болса, Ол теңізді де, құрлықты да тінтіп шығады. Егер біздің ауыртпалығымыз соны талап етсе, тіпті, көктегі соңғы Періштені де бізге жәрдем беруге жібереді. Ол бізді Өзінің рақымдылығымен қайран қалдырады, сонда біз бұндай нәрсені ешуақытта да бастан өткізбегенімізді сеземіз. Ол бізден Өзіне сиынудан басқа ешнәрсе де талап етпейді. Кешікпейік, өзіміздің келелі мәселелерімізді Оның алдына қуана-қуана алып келейік!

**БІРАҚ МЕН ЖАС КЕЗІНДЕ СЕНИМЕН  
ЖАСАСҚАН КЕЛІСІМДІ ЕСІМЕ АЛЫП,  
ӨЗІҢМЕН МӘҢГІЛІК КЕЛІСІМ ОРНАТАМЫН!**

Езекиел 16:60

Құдай біздің күнәларымызға қарамастан, әдеттегісіндей, шын ықыласымен жақсы көреді. Сондай-ақ Ол өткен күндерге де көз жүгіртеді. Қараңыз, Ол біздің Оған өзімізді тапсырып, Онымен келісім жасаған күндерді есіне алады! Сол күндер қандай жарылқанған күндер еді! Құдай бізді өткен күндеріміз үшін сөкпейді және теріс істеріміз үшін күнәламайды. Керісінше, назарын Өзінің бізбен, біздің Онымен жасаған келісімімізге көбірек аударады. Біз Құдай тарапынан екі жүзділіктің титтей де ізін көре алмаймыз. Оның бізді сүйіспеншілікпен бақылап тұруы қандай мейірімге толы еді!

Сонымен қатар, Ол біздің болашағымызға да сондай мейіріммен қарайды. Ол Өзінің бізбен жасаған келісімін еш уақытта да бұзбаймын деп шешті. Ол бізді ешқашан да көзінен таса қылмайды. Себебі Ол: *Өзіңмен мәңгілік келісім орнатамын!* – деп салтанатты түрде мәлімдеді. Құдай бізге берген уәдесін ешқашан да қайтадан тартып алмайды. Оның аты мәңгі мадақталсын! Ол біздің жүрегімізден *қанын төгіп, құрбан болуымен мәңгілік Жаңа келісімді бекіткен* киелі мөрін көреді, сондықтан да бізді қорғайды, осылайша Ол Өз келісімін сүйікті Ұлы арқылы растап, келісімінің міндеттемелерін бұзбай орындайды. Ол сенімді әрі Өзінен бас тарта алмайды.

Құдайым, осы қымбат сөздерді менің жүрегіме ұялатшы және осы сөздермен күні бойы жігерленіп жүруге көмектесші.



## ҚҰДАЙ СЕНДЕРГЕ ЖАР БОЛАДЫ

Жаратылыстың басталуы 48:21

Қарт әке бұдан былай ұлының жанында қала алмады, өйткені оның соңғы сағаты соқты, дегенмен ол ұлын барлық машақаттан азат етіп қалдырды, себебі ол: *Құдай сендерге жар болады!* – деп нық сеніммен айта алды. Кезінде бізге көп көмек көрсеткен жақын туыстарымыздан немесе достарымыздан айырылғанда, Құдай бізді ешқашан қалдырмайды, Ол әрдайым бізбен бірге болады деген оймен жұбана аламыз.

Құдай бізге жар болған кезде, тіпті қайыршы болсақ та, жек көрінішті болсақ та, игілікті ортада боламыз. Егер Құдай бізге жар болса, әлсіздікті сезінбейміз, өйткені Құдай үшін аса қиын немесе аса ауыр нәрсе жоқ. Егер Құдай бізге жар болса, онда қауіпсіз жағдайдамыз және бұдан былай бізге ешкім де зиян келтіре алмайды, себебі біз Оның панасындамыз ғой. Бұған қалайша қуанбасқа! Құдай біз бір жерге жиналып отырған кезде ғана бізбен бірге болмайды, Ол біздің әрқайсымызбен, әрбір отбасымен, әрбір қауыммен әрқашанда бірге болады. Исаның *аты* – *Еммануел* – Құдай бізбен бірге дегенді білдірмеуші ме еді? Құдайдың бізбен бірге болғаны бәрінен де артық емес пе? Сондықтан, батыл болып, Оған қуана-қуана үміт артайық! Шындық жеңіп, біздің ісіміз міндетті түрде алға басады, өйткені Құдай Өзі үшін өмір сүргендерге әрқашан да жар болады.

Құдайдың *Қазыналары* туралы оқығандар жүрекке жұбаныш беретін осы уәдеге қуансын! Бұдан артық бақытты ешбір жерден де таба алмаймыз!

АЛ ТӘҢІР ИЕ ӨЗІНІҢ ТАҢДАҒАНДАРЫНА, БЕЙҚАМ  
ТЫНЫШТЫҚ СЫЙЛАЙДЫ ЖАНДАРЫНА

Зәбүр 126:2

Біз өмірімізді ертеңгі күніміз не болар екен деген үреймен емес, керісінше қуанышты сеніммен өткіземіз. Көктегі Әкеміз Өз балаларының қамын ойлайды, Ол біз сұрамас бұрын-ақ, не нәрсеге мұқтаж екендігімізді жақсы біледі. Міне, сондықтан да орындалмай жатқан ой-жоспарларды уайымдап, ұйқымыз қашып, қалжырамай, тиісті уақытында ұйқыға кетеміз. Егер Құдайымызға үміт артуды шынымен үйренсек, онда жанымызды жегідей жейтін қорқыныштан ұйқымыз қашып, азапқа түспейміз. Керісінше, барлық уайымымызды Құдай Иемізге артқан кезде, Ол бізді жұбатады әрі бізге ұйқы сыйлайды.

Құдайдың бізді сүйетіндігі біз үшін ақылға сыйғысыз және оның тойымсыз деген адамның тілегінен де асып түсетінін сезген адам ғана лайықты болатын ұлы даңқ, сондықтан өзімізді тілектердің бәрі де шетке ығысады. Құдайдың сүйіспеншілігінен өткен ұлы нәрсе бар ма? Сондықтан тыныштал, қадірлі жан, өйткені сен өзіңе қажетті нәрсенің бәріне шынымен иесің.

Кейде Құдай бізге жан тыныштығына себеп болатын нәрсені ғана емес, оған қоса жан тыныштығының өзін жібергенше, жанымызды қоярға жер таппай, сергелдеңге түсеміз. Бірақ Ол бізге тыныштықты сөзсіз жібереді, себебі біздің татулығымыз да, жан тыныштығымыз да Исаның Өзі. Дәлірек айтқанда бізге қажеттінің бәрі Исада толығымен бар. Оның кеудесінде біз өмірде де, өлімде де толық тыныштық табамыз.

**ӘЙЕЛ ЕКЕУІНДІ, СЕНІҢ ҰРПАҒЫҢ МЕН  
ОНЫҢ ҰРПАҒЫН ӨЗАРА ӨШТЕСТІРІП ҚОЯМЫН.  
ӘЙЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ БАСЫНДЫ МЫЖИДЫ,  
АЛ СЕН ОНЫҢ ӨКШЕСІН ШАҒАСЫҢ**

Жаратылыстың басталуы 3:15

Бұл күнә жасап, Құдайдан ажыраған адамға берілген ең алғашқы уәде еді. Інжіл мен рақымдылық келісімінің түйіні осы уәдеде жатыр. Бұның жартысынан көбі орындалды. Әйелдің ұрпағы, біздің Иеміз Исаның өкшесі зақымдалды және бұл расында да қатты зақымдану болды! Алайда жыланның басы мыжылған кезде, қандай сұмдық болмақ. Шындығында, шайтан әлдеқашан-ақ жеңіліске ұшыраған. Себебі кезінде Иса өлімді жеңіп, күнәні аластап, оның жүргізіп отырған билігін талқандады; бірақ бұл уәде Иеміз Иса соттауға келген кезде толығымен жүзеге асады. Бұл уәде де зұлымдық біздің бүлінген табиғи болмысымызға күшін жүргізеді деп алдын ала айтылған, сөйтіп біз өкшеміздің зақымдануынан шын мәнінде азаптанамыз; алайда соған қарамастан, біз Мәсіхте бәрібір жеңіп шығамыз, себебі Ол міндетті түрде жыланды табанымен таптап, басын мыжиды. Бәлкім, әзәзілдің азғыруының салдарынан, оның ұрпағы болған әділетсіздердің зұлымдығы осы уәденің бірінші бөлімін жылдар бойы есімізге салып отыратын болар. Бұл зұлымдық бізді соншалық қатты зақымдағандықтан, тіпті жаралы өкшемізді басуға қорқып ақсайтын болармыз; дегенмен біз осы уәденің екінші бөліміне сүйенуіміз керек, сонда Құдайдан күдер үзбейміз. Еш нәрсеге қарамастан, әйелдің ұрпағы – Иса Мәсіхте патшалық құрамыз деген сеніммен қуанышты өмір сүреміз.

**ТЫНЫШТЫҚ СЫЙЛАЙТЫН ҚҰДАЙ ЖУЫҚ АРАДА  
ШАЙТАНДЫ ТАБАНЫМЕН ТАПТАМАҚ**

Римдіктерге арналған хат 16:20

Бұл уәде кешегі уәдемен тамаша үйлеседі. Біздің ұлы Иемізге ұқсас болатынымыз анық. Біз Оған тек өкшемізден жараланатын болғандықтан ғана емес, сондай-ақ Оның зұлымдықты жеңетінің арқасында да ұқсаймыз. Оның үстіне, ежелгі айдаһар біздің де табанымыздың астында болмақ. Римдегі сенушілер қауымда туындаған ала ауыздыққа қатты ренжіді, дегенмен олардың Құдайы – татулықтың Құдайы, сондықтан Ол Өзіне сенушілерге тыныштық сыйлады. Ежелгі жау сергек болмағандарды ғана азғырып, ақ көңіл адамдарды алдады, осылайша ол өзін ең жаман жағдайға душар етті, өйткені оны, тіпті, өзі бұрын қорлағандар да таптайтын болады. Бұндай жеңіске Құдайдың балалары өздерінің еңбегімен немесе күшімен ие болмайды, керісінше шайтанды Құдайдың Өзі жеңіп бергендіктен ғана ие болады. Олар тек Құдайдың еркі бойынша ғана оны табандарымен таптайтын болады.

Сонымен, азғырушыны табанымызбен таптайық! Төменгі дәрежедегі рухтар ғана емес, сондай-ақ түнектің әміршісінің өзі де біздің аяғымызға жығылуы керек. Құдайға тұрақты сенім арта отырып, жақында жеңіске жететінімізге үміттен аламыз. *Жақында!* Бұл сондай даңқты сөз! Шайтанды аяққа салып таптау, біз үшін қандай қуаныш! Жалпы, зұлымдықты жою қандай қуанышты! Уақыты келгенде, шайтанның басы адамдардың табанына тапталып, масқара болмақ! Сонымен, Исаға деген сеніммен азғырушыны құлатамыз!

**ЖАРАТҚАН ИЕ: «БІРАҚ МЕН СЕНІ СОЛ КЕЗДЕ  
ҚҰТҚАРАМЫН, ӨЗІҢ ҚАТТЫ ҚОРҚАТЫН  
АДАМДАРДЫҢ ҚОЛЫНА ТҮСПЕЙСІҢ!» – ДЕЙДІ**

Еремия 39:17

Құдайдың адал құлдары Қожайыны үшін азап шеккен кезде, Құдай оларға сүйіспеншіліктің жұбатушы хабарын жібереді және олардың қайғысына ортақтасып, көмек көрсеткендер үшін де қуанышты хабар береді. Авдемелех бар болғаны жек көрінішті ефиопиялық еді, алайда ол Еремия пайғамбарға шын көңілден достық пейіл көрсетті, сондықтан да Құдай оған сол пайғамбар арқылы ерекше уәде сыйлады. Қуғында жүрген Құдайдың қызметкерлерін ұмытпайық, олардың қамын ойлап, олар үшін дұға ету, бізді ерекше сыймен байытады!

Жауларының кекшілдігінен қатты қауіптенген Авдемелехті олардан азат ету керек еді. Ол бар болғаны пұтқа табынушы ефиопиялық кедей адам болатын, дегенмен Құдай оның да қамын ойлауды қалады. Халдейліктер мыңдаған адамдарды өлтірді, бірақ Авдемелехке жамандық жасай алмады. Бәлкім, біз де өзімізге рақым етпейтін, күшті адамдардан қауіптенетін болармыз. Дегенмен, егер біз қудалану кезінде Тәңір Иемізге деген адалдықты сақтасақ, Ол бізге міндетті түрде Өз адалдығын көрсетеді. Егер Құдай жол бермесе, адамдар бізге ештеңе де істей алмайды. Ол күңкіл-сүңкілге тиым салып, зорлық-зомбылыққа тойтарыс береді. Құдайдан ғана қорқайық, сонда бізге басқа адамдардан қорқудың қажеті болмайды! Елдерге жек көрінішті болған пайғамбарға берілген бір тостаған су да сыйсыз қалмайды. Егер біз Исаға адал болсақ, Ол да бізге адал болмақ!

**ӨЙТКЕНІ ҚҰДАЙ АДАМЗАТТЫ ҚАТТЫ СҮЙГЕНДІКТЕН,  
ОҒАН СЕНГЕН ӘРКІМНІҢ ЖАНЫ ТОЗАҚҚА ТҮСПЕЙ,  
МӘНГІЛІК ӨМІРГЕ ИЕ БОЛУЫ ҮШІН ӨЗІНІҢ ЖАЛҒЫЗ  
ҰЛЫН ҚҰРБЫНДЫҚҚА БЕРДІ**

Жохан 3:16

Көктегі барлық жұлдыздардың ішіндегі Полярлы жұлдыз тұқым себушіге аса пайдалы. Жоғарыда мысалға келтіріп отырған аят осы Полярлы жұлдызға ұқсайды, себебі бұл Киелі Жазбадағы басқа аяттарға қарағанда, әлдеқайда көп адамдарды құтқаруға ықпалын тигізді. Құдайдың уәделерінің ішіндегі осы уәде жұлдыздардың ішіндегі Жеті Қарақшы сияқты.

Осы уәдедегі көп сөздер Құдайдың ерекше нұрымен жарқырайды. Бұнда Құдайдың сүйіспеншілігі де және осы сүйіспеншіліктің шексіз ұлылығын көрсететін *өйткені* деген сөз де бар. Сондай-ақ бұнда біздің қолымыз емін-еркін жетерлік Құдайдың ұлы сыйы да бар. Ал Құдайдың Ұлы – бұл өзінше жеке әрі баға жетпес сүйіспеншіліктің сыйы, егерде Құдайдың жалғыз Ұлы адамдарды құтқару үшін жерге келмесе, бұл сүйіспеншілік ешуақытта да толығымен анық көрінбейтін еді. Бұл уәдедегі осы үш жағдай Құдайдың нұрына толы.

Алайда, бұнда тағы да бір мәселе бар: ол – Құдайдың берген осы уәделеріне сену. Бұл Құдайдың бізге қойған талабы. Сенім арқылы күнәһар адамдар өздері үшін даярланған құтқару жолын көреді. *Оған сенуші әркім!* – деген сөз өте кең мағыналы. Көптеген адамдар осы «*әркім*» – де өз орнын тапты; егер бұл жерде шектеулі сөз қолданылса, онда адамдар өздерін бұл сөзден сырт сезінген болар еді. Осы *әркім* деген сөзге Исаға сенгендердің бәрінің жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады деген сөздер тіркелді. Ал біз Иеміз Исаға сенеміз, сондықтан да мәңгілік өмірге ие боламыз.

**ПЕТИР ОҒАН ЖАУАП ҚАЙЫРЫП:  
БАСЫҢЫЗҒА ТҮСЕТІН ЖАЙТТАРҒА БОЛА БӘРІ БЕЗІП  
КЕТСЕ ДЕ, МЕН ЕШҚАШАН БЕЗІП КЕТПЕЙМІН! – ДЕДІ**

Матай 26:33

*Иә, мүмкін солай болатын шығар, –* дейтін болар біреу – *бірақ бұл Құдайдың уәдесі емес қой!* Рас айтады, бұл бар болғаны адамның уәдесі, сондықтан да бұл уәдеде ешқандай күш жоқ. Петір айтқан сөзімде тұра аламын деп ойлады әрі бұған өзі әбден сенімді болды, дегенмен пендешілік шешімге негізделген кез келген уәде бос сөз болмақ. Петір басына сынақ түсе салысымен-ақ, Ұстазынан дереу бас тартты және оны ант беруімен күшейтті.

Адамның сөзі – бір ұрғаннан сынатын саз балшықтан істелген ыдыс сияқты. Ал адамның өз шешімі – Құдайдың қамқорлығының арқасында жеміс бере алатын, бірақ Құдай қамқорламаса, желдің алғашқы ұйытқуынан-ақ жапырыла жерге түсетін гүл іспетті. Адамның сөзіне тек өзінің орындауға шамасы келетін нәрселер ғана байланысты. Сондықтан да өз шешіміңе мүлде сенбе!

Уақыт пен мәңгілік, қазіргі және болашақ дүние, саған және сенің сүйіктілеріңе тиістінің бәрі Құдайдың уәделеріне байланысты! Бұл кітапты сенушінің чек кітапшасы десек, осы бет оның қай банкке жүгініп, кімнің қолын қойдыру керектігін ескертеді. Барлық ісіңді Исаға шексіз сеніп тапсыр! Өзіңе де, басқа адамға да сенбе, тек Құдай Иеңе толықтай үміт арт!

ЖАРАТҚАН ИЕНІ ҚАСТЕРЛЕЙТІНДЕРДІ  
АЙНАЛДЫРА ҚОРШАҒАН ОНЫҢ ПЕРІШТЕСІ  
ПӘЛЕДЕН ҚҰТҚАРЫП АЗАТ ЕТЕДІ

Зәбүр 33:8

Біз Періштелерді көре алмаймыз, бірақ олардың бізді көре алатындығы бізге әбден жеткілікті. Құдайдың Періштесін біз көре алмасақ та, Оның назары күні-түні бізде. Періштелердің әскері Құдайдың қарауында және Ол соларды Өз таңдаулыларын зұлымдықтан қорғап-қоршап, жауға қарсы жасақтанып тұру үшін жібереді. Шайтан бізді апатқа ұшыратуға ұмтылған кезде, Құдайдың періштелері бізге қызмет етеді.

Назар аударыңыз, Құдайдың Періштесі бізге келіп-кетіп қана жүрмейді немесе жанымыздан өтіп кетпейді, Ол біздің төңірегімізді қоршап тұрады. Құтқару Армиясының бас командасының штабы тірі Құдайға табынатын адамдар тұратын жерде болмақ. Біздің айналамызға тіккен Құдайдың бұл қосы сенушілерді жан-жақтан қоршап тұрғандықтан, оларды еш жақтан да бас салып шабуылдау мүмкін емес. Дегенмен жау аспан әскерлерінің бекінісін бұзып өтетін жағдайлар да кездеседі. Бірақ біздің қорғанышымыздың сенімді екенін әрі өзіміздің де үнемі күзетте тұрғанымызды ұмытпайық. Біз Құдай өкілдерінің қорғауындамыз, сондықтан бізге күтпеген жерден жасалатын шабуылдар мен зорлық-зомбылық қаупі төнсе, таңданбаймыз. Өйткені бізге бұдан құтқарылу уәде етілген және бұл құтқарылу – біздің бақыттылығымыздың ұлы Сұлтаны жүзеге асыратын нағыз шынайы құтқарылу. Бұл құтқарылу жердегі күресіміз аяқталғанша, тұрақты үлесіміз болмақ. Ал содан кейін, біз ұрыс алаңын көктегі Отанымыздың тыныштығына алмастырамыз.



**ӘРҚАШАН ӨЗІММЕН БІРГЕ БОЛСЫН ДЕП, КӨЗДЕРІМ –  
ЖЕРДЕГІ СЕΝІМДІЛЕРДЕ. АҚИҚАТ ЖОЛЫМЕН  
ЖҮРЕТІНДЕР МАҒАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН БОЛАДЫ!**

Зәбүр 100:6

Егер Зәбүр кітабындағы бұл жыр Құдай Өзіне сенімді адамдар іздейді деп пайымдаса, онда Құдай Ұлының да дәл солай ойлайтынына толық сенімді бола аламыз. Иса сенімді адамдарды іздеп тауып, оларды алға бастырады, жігерлендіреді және оларға сый береді. Сенімділердің бірде-бірі байқаусыз қаламын деп ойламасын! Оған Патшаның Өзі назарын аударады!

Дәуіт пайғамбар бұл жырында біздің назарымызды осы патшалық хабардың қорытындысынан шыққан екі нәтижеге аударады. Ең алдымен, *Әрқашан Өзіммен бірге болсын деп*, делінген. Иса Өзіне адалдарды үйіне кіргізіп, оларға Өзінің салтанатты сарайынан орын береді және оларды Өзіне айрылмас серік етіп, олармен қуанышты қарым-қатынаста болады. Біз Құдайымызға адал болуымыз керек, тек сонда ғана Ол бізге ашылады. Егер Құдайға деген адалдықты басқа барлық нәрселерден қымбат көріп, бағаласақ, сол адалдығымыз ұлы сыйға лайық болады; адамдар бізден қаншалықты қаталдықпен бас тартса, Құдай бізді соншалықты қуанышпен қабыл алады. Одан ары қарай оқысақ: *Маған қызмет көрсететін болады!* – дейді. Жаудың айлакер амалын жек көріп, Өзіне, Өзінің Сөзіне және Өзінің Айқыш Ағашына адал болып қалғандарды ғана Иса Өз даңқы үшін қолданады. Оларды Құдайдың ұлылығының қадірлі қызметкерлері болу құрметі күтіп тұр. Құдаймен тығыз қарым-қатынас пен жемісті өмір – бұл сенімділік үшін берілген сый. Құдайым, Сенің көз алдында жүріп, Саған қызмет етуім үшін, сенімді болуға жәрдем берші!

**УА, ҚҰДАЙЫМ, МЕНДЕЙ ПЕНДЕҢНІҢ МИНАЖАТТАРЫ  
МЕН ӨТІНІШТЕРІНЕ ҚҰЛАҚ САЛА ГӨР! ... КИЕЛІ ҮЙІҢЕ ӨЗ  
ДАҢҚЫҢ ҮШІН ҚАЙТАДАН ОҢ КӨЗІҢМЕН ҚАРАЙ ГӨР! ...**

**БІЗ ӨЗ ӘДІЛДІГІМІЗГЕ ЕМЕС, ТЕК СЕҢІҢ ОРАСАН ЗОР  
РАҚЫМЫҢА ҒАНА СҮЙЕНІП, САҒАН ӨТІНІШ ЖАСАЙМЫЗ**

Даниел 9:17-18

Біздің Мәсіхтің Қауымы үшін жасаған дұғамыз міндетті түрде қабылданады. Бұл үшін белгіленген уақыт келді. Біз бірігіп дұға жасағанды да, жексенбілік мектепті де, жалпы Құдай үйіндегі жиналыстардың бәрін де жақсы көреміз. Сөйтіп біз Құдайдың халқымен ақиқатында шын жүректен біріктік.

Егер жалпы түсінік осылай болса, көп ұзамай Құдайдың беретін жігерінің рақатын көретін уақыт келеді. Жиналыстарымызға адамдар көптеп келіп, қасиеттілер қайтадан жандана түседі, әрі күнәһарлар тәубеге келе бастайды. Дегенмен, бұның бәрі тек Құдайдың қайырымымен ғана орындалатын болады және ол уақыт міндетті түрде келеді. Ал бізге Құдай сол уақытты табандылықпен күтіндер дейді. Сонымен, белсенді болайық! Құдай халқы үшін үздіксіз дұға жасайық! Бізді ешкім елемесе де, біз басқаларды елеп, назарымызды ең кішкене шындыққа, ең болмашы тапсырмаға және ең кіші сенушіге аударайық. Егер қауымымызды шынымен жақсы көрсек, көп ұзамай Құдай да оған деген қайырымын арттыра түседі. Егер біз Құдайдың ісінен қуаныш тапсақ, тәңірлердің Тәңірі оған одан да бетер игі ниетпен қарайтын болады.

**ОСЫЛАЙ ӨМІР СҮРІП, МАҒАН СЕНГЕН ӘРБІР АДАМ  
ЕШҚАШАН ДА РУХАНИ ӨЛМЕЙДІ. БҰҒАН СЕНЕСІҢ БЕ?**

Жохан 11:26

Иә, Құдай Ием, мен бұған сенемін: біз ешуақытта да рухани өлмейміз, яғни тозаққа түспейміз! Біздің жанымыз денемізден бөлінгенімен – әрі бұл өзгеше өлім – бірақ жанымыз Құдайдан ешуақытта да бөлінбейді, егер жанымыз Құдайдан бөлінсе, онда бұл нағыз өлім болар еді. Бұл өлім – күнәнің үстінен шығарылған үкім ретіндегі ең ауыр жаза болмақ. Бізді Құдайдың Иеміз Иса Мәсіх арқылы көрсетіп жүрген сүйіспеншілігінен ешкімнің де айыра алмайтынына толық сенімдіміз. Біз Мәсіхтің Денесінің мүшелеріміз, ал Оның Өз Денесінің мүшелерінен айырылып қалуы немесе жоғалтып алуы мүмкін бе? Біз Мәсіхпен некелескенбіз, ал Ол Өз Қалыңдығын жесір қалдыра ма? Жоқ, Ол бұлай істей алмайды! Бізде Құдайдан айыруға болмайтын өмір бар. Егер бізде Киелі Рух болса, онда рухани өлуіміз мүмкін бе? Біздің өміріміз – Исаның Өзі, сондықтан да біз үшін рухани өлім жоқ, себебі Ол екінші рет өле алмайды ғой! Бірақ біз кезінде Онымен бірге «өліп, жерлендік», яғни күнә үшін өлдік, ал өлім жазасын екінші рет орындауға болмайды. Құдіреті күшті Құдай Оны өлімнен қайта тірілтті деген сеніміміз арқылы Мәсіхпен бірге қайта тірілдік. Енді біз тіріміз және мәңгі өмір сүреміз. Әділдіктің сыйы – мәңгілік өмір, осы мәңгілік өмірге біз қазірдің өзінде-ақ иеміз және бұл шынында да Құдай алдындағы әділдіктен кем емес, сол себептен ең жоғарғы ерекше шенге ие болуға талаптанайық.

Бізде өмір бар және сенім бар, сондықтан бізді болашақта мәңгілік өмір мен көктегі қуаныш күтіп тұр деген сенімділік те бар. Міне, сондықтан да өзіміз сенген Құдайымызды үнемі тереңінен танып-біле беру үшін, ішкі дүниеміз алға қарай ұмтылады.

**ЖАРАТҚАН ИЕ ӨЗІНЕ ҰНАМДЫ ӨМІР СҮРЕТІНДЕРДІ  
КӨРІП ЖАТҚАН ҚУҒЫН-СҮРГІННЕН ҚҰТҚАРЫП,  
АЛ ӘДІЛЕТСІЗДЕРДІ ҚИЯМЕТ СОТЫ БОЛАТЫН КҮНГЕ  
ДЕЙІН САҚТАП, ЖАЗАЛАУДЫ, ӘРИНЕ, БІЛЕДІ**

Петірдің 2-хаты 2:9

Әділдер азғырулар мен сынақтарға түседі. Сынға түспейтін ақиқи сенімнің болуы мүмкін емес. Алайда Құдай сенушілерді азғырулардан құтқарады және Ол ешкімнің қосымша жәрдеміңсіз Өзі құтқарады. Өзіне үміт артқандарды құтқару – Оның жеке басының ісі. Құдай Өзін қастерлейтін, құдайшыл адамдарды жақсы көреді және олардың қай жерде, қалай өмір сүріп жатқанын жақсы біледі.

Кейде олардың жердегі өмір жолы шытырман болып көрініп, өздеріне төнген қауіптен қалай құтылудың жолын білмей дал болады. Бірақ олардың білмегенін, олардың Құдайы біледі. Ол Өзінің кімді құтқару керек екенін, қашан және қалай құтқару керек екенін жақсы біледі. Ол бұны Өз балалары үшін сауықтырушы әрі құтқарушы, ал азғырушы үшін масқара болатындай, бірақ Өзі үшін даңқты болатындай етіп жасайды. Бізді қалай және қашан құтқару керектігін Құдай Иемізге тапсырып, Оның Өз таңдаулыларын даңқа бөлеп, оң жағына отырғызу үшін, осы өмірдің қандай қауіп-қатер мен қайғы-қасіретке толы жолдарымен алып жүрсе де риза болайық.

Бүгінде Құтқарушының құпиясына үңілу мүлде менің ісім емес, менің ісім – Ол белгілеген уақытты шыдаммен күту. *Құдайым, жолды мен білмесем де, сен білесің!*

**СЕБЕБІ МЕН СЕНІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚҰТҚАРЫП,  
СЕН ҚЫЛЫШТЫҢ ЖҮЗІНЕН ҚАЗА ТАППАЙСЫҢ.  
ЖОҚ, МАҒАН СЕНІМІҢДІ АРТҚАНДЫҚТАН,  
ӨЗ ӨМІРІҢ ӨЗІҢЕ ОЛЖА БОЛАДЫ**

Еремия 39:18

Қараңызшы, Құдайға үміт артуда қандай қорғаушы күш бар! Шапқыншылар қаланың күшті-күшті ер азаматтарын семсермен қырып салды, ал кедей Авдемелех құтқарылды, себебі ол Құдайға үміт артты. Адамзаттың Ұлы Жаратушысынан басқа кімге үміт артамыз?! Егер біз жаратылысты Жаратушыдан артық көрсек, онда мүлде ақымақ болғанымыз. Егер барлық жағдайда сеніммен өмір сүре алсақ, барлық уақытта да қауіпсіздікте болар едік! Ешкім Құдай Иеге босқа үміт артқан емес, әрі ешкім ешуақытта да Құдай Иеге бостан босқа үміт артпайды!

Құдіретті Құдай: *Мен сені міндетті түрде құтқарамын!* – дейді. Сенушілер қамқорлықсыз қалмайды. Құдайшыл жандарды Құдайдың Өзі қорғайды. Тіпті, айнала бақытсыздық пен қауіп-қатерге толы болса да, Оның қасиетті қанатының астында әрдайым да қауіпсіз боламыз. Біз осы уәдені ешбір күдіксіз қабылдай аламыз ба? Олай болса, қазір немесе болашақта басымызға ауыртпалықтар түскен кезде, бұл уәденің тұрақты екеніне әлі талай көз жеткізетін боламыз. Бәлкім, біз жақсы достарымыздың, өзімізге жетерліктей болып көрінген ақылымыздың немесе көп үміт күтерліктей қабілеттеріміздің арқасында құтқарылуға ие болармыз деп үміттенетін шығармыз. Бірақ бұлардың бірде-бірін: *Маған сеніміңді артқандықтан* деген Құдай Сөзінің, тіпті, жартысымен де салыстыруға келмейді.

Құрметті оқырман, осы сөздерді лайықты түрде сынап көріңіз, сонда сіз қалған бүкіл өміріңізде сол сөздермен бірге қаласыз. Құдайдың әдісі күмәнсіз әрі жұбатушы.

УАЙЫМЫҢДЫ ҚҰДАЙ ИЕҢЕ ТАПСЫР,  
СОНДА ОЛ СЕНІ ҚОЛДАЙДЫ, ОЛ ЕШ УАҚЫТТА  
ДА ӘДІЛДЕРДІҢ ШАЙҚАЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ

Зәбүр 54:23

Еңсеңді орасан зор ауыртпалық басып тұр ма? Оны құдіреті күшті Құдайыңа тапсыр! Қазір бұл жүкті жалғыз өзің көтеріп тұрсың, сондықтан ол сені жерге бүгеді; егер оны Құдай Иеге жүктесең, онда бұл Соның жүгі болмақ, әрі бұл жүк Ол үшін түкке тұрғысыз жеңіл нәрсе! Егер Құдай сені бұл жүкті ары қарай алып жүруге міндеттесе, онда соған жеткілікті күш-қуатты да береді. Жүк сенің иығыңда болғанымен, Құдай оны Өзі сүйемелдеп отырады, сонда бұл ауыртпалығың батаға айналады. Құдай Иеңнен тайма, сонда еңсеңді езген жүктің астында қайыспай тұра аласың.

Ең жаманы – басымызға түскен қайғы-қасіреттің міндетті борышымызды атқаруға кедергі келтіруі; тек Құдай Ие бұған жол бермейді. Егер Құдай алдындағы жүрісіміз дұрыс болса, Ол басымызға түскен қайғы-қасіреттерге бола Өзіне деген көзқарасымызды өзгертуге жол бермейді. Біз Иса Мәсіх арқылы ақталғандықтан, Ол бізді әділ деп қабылдайды және сол әділдікте сақтағысы келеді. Сенің қазіргі кездегі жағдайың қалай? Бүгінгі күннің сынақтарынан өте жүріп, жалғызсырайсың ба? Ауыр жүк еңсеңді тағы да езде ме? Онда ақымақ болмай, ауыртпалығыңның бәрін Құдайға алып кел, оларды қалай реттеудің амалын Ол Өзі тапсын! Ауыртпалығыңды жерге тастама, себебі оны кейін иығыңа қайтадан жүктеуге тура келеді, керісінше оны Құдайыңа бер, ол Соның арқасында болсын! Сонда сен барлық ауыртпалықты көтеруші Құдайдың даңқын көкке көтере жырлап, салтанатты ән айтатын қуанышты мәсіхші ретінде және ауыртпалықтан азат мәсіхші ретінде алға еркін қадам басысың.

**КҮНӘЛАРЫНА ӨКІНІП, ҚАЙҒЫРҒАНДАР БАҚЫТТЫ!  
ОЛАРДЫ ҚҰДАЙ ЖҰБАТАДЫ**

Матай 5:4

Біз көз жасы аңғарынан өтіп, ақиқи қуаныштың бұлағына жетеміз. Әдетте, біз қайғы-қасірет пен бақыт бір-біріне қарама-қайшы деп ойлаймыз, дегенмен біздің шексіз дана Құтқарушымыз осы өсиетінде бұларды бір-бірімен біріктіреді. Сөйтіп, Оның біріктіргенін адам баласы енді ажырата алмайды. Өз күнәміз үшін және басқа адамдардың күнәсі үшін қайғы-қасірет шегу – бұл Құдайдың Өзіне адалдарға сый беретінін растау. Сенушілерге рақымдылық Рухы төгілген кезде, олар қайғы-қасіретке ұшырайды. Қайғы-қасіретті киелілікпен көтерудің арқасында біз ұлы жарылқаушылыққа ие боламыз. Иса Мәсіх қайғы-қасірет көргендер бақытқа болашақта ғана емес, қазірдің өзінде-ақ ие болады деп жариялайды.

Күнә үшін азап шеккен жүректерді Киелі Рухтың жұбаты анық. Олар Исаның Қаны мен Киелі Рухтың тазартушы күшінің арқасында жұбаныш табады. Олар адамдардың Құдайға одан бетер қарсы шығатынына қарамастан, өз халқы мен өз замандастарының бір кезде күнәдан ажырап, сол арқылы Құдайдың даңқталатынына растау алып, жұбаныш табады. Олар жақында күнәдан толық азат болып, өздерінің даңқты Иесімен мәңгі бірге болу үшін, Оның алдына баратын уақытты күтуден жұбаныш табады.

## АҚСАҚТАРДЫ ҚҰТҚАРАМЫН

Софони 3:19

Ақсақтардың арасында еркектер де, әйелдер де көп. Кейде бір сағаттың ішінде жиырма шақты ақсақ адамды ұшыратуымыз мүмкін. Олар дұрыс жолда келе жатыр және осы жолмен дұрыс жүруге әрекет етеді, дегенмен олар ақсайды, сондықтан да олардың жүрісі қиын. Сол сияқты көкке апаратын жолда да ақсақтар көп. Бәлкім, олар өз жүрегінде: бізден не шықсын, шайтан тыным бермей, күнә меңдеп барады, оның үстіне өзіміз де табиғатымыздан ақсақтыққа бейімбіз, сондықтан Құдай Өзінің тапсырмасын орындау үшін, бізден ешуақытта жақсы әскер және жедел хабаршы шығармайды, – деуі мүмкін. Бірақ бұның біріне де қарамастан, Ол бізді құтқарады, ал бұл біз үшін аз нәрсе емес. Ол: *Ақсақтарды құтқарамын!* – дейді. Бізді құтқару арқылы Ол Өзінің даңқын көтереді. Көкке барғанда әрқайсымыз: бұл қалай болғаны, ақсақ адам кенет жүгіріп кетті, тіпті сый алды деп сұрауымыз мүмкін? Дегенмен бұл үшін барлық атақ-даңққа тек құдіреті күшті Құдай ғана лайықты!

Тәңір Ием, мен сенімде де, дұғада да, Құдайды мадақтауда да, Оған қызмет етуде де, шыдамдылық көрсетуде де ақсаймын, бірақ Сенен өтініп сұраймын, мені осы ақсақтықтан құтқаршы! Мен сияқты ақсақты тек Сен ғана құтқара аласың. Құдайым, сондықтан да Сенен ажырап қалуыма жол бермеші, себебі мен соңғылардың қатарындамын, бірақ рақымың бойынша, Өзіңнің ең баяу жиһанкездерінің біріндей, мені де аспандағы үйіме алып баршы! Ал Құдай шынында да дәл солай істеймін деп уәде етті! Сондықтан да мен, тіпті, жамбасым зақымданса да, дұға арқылы Құдайымның қолынан берік ұстап, ілгері қарай жылжимын.



**АЛАЙДА ҚҰДАЙҒА СЕΝІМДІЛЕР БЕРІК БОЛЫП,  
ОҒАН ТОЙТАРЫС БЕРЕТІН БОЛАДЫ**

Даниел 11:32

*Ием – менің туйым!* Кім осы тудың астында тұрса, соның Көсемі бар және өзін ұрысқа даярлап, күш пен ерлік беретін Қолбасшысы да бар. Даниел пайғамбар айтып отырған бұл заман ең ауыр әрі бұзылған заман еді. Дегенмен, міне, Құдай Өз уәдесін сыйлап отыр. Сөйтіп осы уәденің күшімен Құдай халқы өзін ең жақсы жағынан көрсетіп, күшті де қуатты жауға бұлар да күш-қүдіретпен қарсы шығуы керек болды.

Егер біз Құдайдың Өзін, Оның күшін, Оның сенімділігін, Оның тұрақты сүйіспеншілігін дұрыс таныған болсақ, онда Ол үшін барлығын да істеуге даяр болар едік! Оның мүлтіксіз кемелдігі бізді шынымен жігерлендіріп, тек қана Сол үшін өмір сүруге ынталандырады. Егер Құдайымызбен шынайы қарым-қатынаста өмір сүрсек, Оған ұқсас болар едік және бізде ақиқат пен әділдікті қорғайтын күш те болар еді! Кім Құдайдың жүзін бір рет көрген болса, сол ешуақытта да адамның жүзінен қорықпайтын болады. Егер біз Құдаймен үнемі бірге болсақ, батыл боламыз, сонда жауларымыз бізге бар болғаны судың бір тамшысындай-ақ болып көрінеді. Сондай-ақ Құдайдың көз алдында халықтар қалай шегірткедей болып көрінсе, адамдар мен жын-перілердің сансыз көп әскерлері де бізге солай болмашы болып көрінеді.

Сонымен, осындай сұм заманда шындық үшін күресте батылдық көрсетейік!

**СОЛ ҮШІН ОНЫ ЕЛІКТІРІП, АЙДАЛАҒА АЛЫП  
ШЫҒАМЫН ДА, ЖҮРЕГІНЕ ЖЫЛЫ-ЖЫЛЫ СӨЙЛЕЙМІН**

Ошия 2:14

Сүйіспеншіліктің күшін сынауды ұйғарып, күнәнің бізді еліктіретінін Құдайдың рақымдылығы көреді және күнә қаншалықты көбейсе, Оның рақымы одан да асып түседі. Исаның бізді қандай күшпен Өзіне тартқаны және осы өмірдің алдамшы қызықтарынан қалай бұрып әкеткені есіңде ме? Біз жамандыққа еліге бастағанда, Ол әркез осылай істеуге даяр.

Құдай бізді кез келген зұлымдықтан алшақтатамын деп уәде берді, себебі тек осындай жағдайда ғана Ол бізге толық әсер ете алады, сондықтан да Оның бұндай жағдайда алып баратын жері пейіш емес, керісінше шөл дала болмақ. Шөл далада бізді еліктіріп, көңілімізді Құдайдан алшақтататын еш нәрсе жоқ. Осындай шөлдалада Құдайдың бізбен бірге болуы біз үшін өте маңызды. Біз жолдастарымыздың ортасында өз жүзімдігіміздің түбінде отырған кезден гөрі, айдалада жүргенде Онымен қарым-қатынаста болуға әлдеқайда мұқтажбыз. Басқа жағдайлар мен амалдардан гөрі, жалғыздық пен бақытсыздық адамды көп ойландырып, Құдайға тезірек жақындатады.

Ол бізді осындай жолмен Өзіне тартып, жалғыздыққа жетелегенде, жұбатқысы келіп: *Жүрегіңе жылы-жылы сөйлеймін!* деген құнды сөздер айтады. Құдай біздің жүрегімізге сөйлейді. О, егер де өз жеке тәжірибеміз Құдайдың осы уәдесін бүгін түсіндіріп берсе ғой. Құдай Иені терең танудың жолы мынадай: Құдай бізді сүйіспеншілігімен Өзіне еліктіреді, сондай-ақ қиыншылықтар арқылы белгілі бір сынақтардан да өтеміз және шындықтың Рухымен жұбанамыз. Сондықтан да қуанышпен жаңа ән жырлайық!

**ҚОЛА ҚАҚПАЛАРЫҢ ТИЕКТЕРІ ТЕМІР МЕН  
ҚОЛАДАН БОЛЫП, МЫҚТЫ БЕКІНГЕН БОЛСЫН!  
КҮНДЕРІҢЕ САЙ КҮШ-ҚУАТТАРЫҢ ДА БОЛАДЫ**

Заңды қайталау 33:25

Жиһангер үшін даярланған екі нәрсе мыналар: тиек және күш-қуат.

Біріншіден тиектер (немесе басқа аудармаларда – аяқ киім; бұдан былай осы сөзді қолданамыз); бұрын із салынбаған жолдармен жүріп, тіпті, қанқұйлы жауларымызды да жеңу үшін қажет аяқ киім. Бізге жалаң аяқ жүруге болмайды, себебі жалаң аяқ жүру патша ұрпағының сұлтандарына жараспайды. Біздің аяқ киіміміз әдеттегідей емес, оның табаны жиһан кезуіміз ұзақ әрі ауыр болған кезде тозбайтын, төзімді темірден жасалынған. Өмір жолындағы күресте бізге Құдайдың қорғаны мен күші қаншалықты қажет болса, Ол соншалықты мөлшерде береді. Сондықтан ешқандай жамандықтан қорықпай, тіпті жыландар мен шаяндарды да таптап, батылдықпен алға жүрейік.

Екіншіден, күш-қуат; күш-қуат бүкіл өмірімізге жетерліктей және әрбір күннің еңбегі мен ауыртпалығына сай болуы керек. Бар болғаны: *Күндеріңе сай күш-қуаттарың да болады, (яғни Құдай қажетті күшті күнделікті беріп тұрады)* деген бірнеше ғана сөз, бірақ бұнда соншалықты терең мән-мағына бар. Бүгін де басымызға бізден көп күш-қайрат пен еңбекті қажет ететін қайғы-қасірет түсуі мүмкін, дегенмен күдіктенудің қажеті жоқ, себебі Құдай өмірімізге қажетті күшті күнделікті беріп отырады. Бұл уәде барлық сенушілерге берілген, соны әрбір сенуші өзі жақсы меңгеріп алуы қажет. Сонымен, бұл шындықты қасиетті батылдықпен қабылдап, жақсылап меңгеріп алайық!

**ОЛ ДҮНИЕГЕ ҚАЙТА ОРАЛҒАН КЕЗДЕ ТАҒЫ ДА  
КҮНӘНІ ӨТЕУ ҮШІН ЕМЕС, ӨЗІН АҢСАП КҮТІП  
ЖҮРГЕНДЕРДІ ТҮГЕЛДЕЙ ҚҰТҚАРУ ҮШІН КЕЛЕДІ**

Еврейлерге 9:28

Біздің үмітіміз осылай болмақ. Мәсіх бірінші рет көптеген адамдардың күнәларын өз мойнына көтеріп, құрбан болу үшін келді, ал екінші рет сол құрбандық өлімге сенгендерді Өзімен бірге көкке алып кету үшін келеді. Бұл шын мәнінде аса құнды үміт. Сондай-ақ Оның екінші рет келуі – Оның даңқын ерекше көтеретін белгілі бір қасиеттерге ие.

Біздің Иеміз екінші рет келген кезде, күнә атаулыға шек қояды. Ол күнәні сондай мүлтіксіз түрде Өз халқынан алшақтатты және Өз халқы үшін жазаны өте ұтымды түрде көтерді, сондықтан екінші рет келгенде Иемізде күнәмен ортақ еш нәрсе болмайды. Ол енді қайтып күнә үшін құрбан болмайды, сонда күнә Оның халқынан толығымен аластатылады.

Құдай Ие Өз халқының құтқарылуын толықтай аяқтағанда, Оның таңдаулылары барлық жағынан біржолата әрі толықтай құтқарылып, соның рақатын көретін болады. Ол енді біздің қылмыстарымыздың зардабын тарту үшін келмейді, керісінше Өзінің бойсұнушылығының жемісін жинау үшін келеді; Ол бізден күнәнің салдарынан келген қарғысты алу үшін келмейді, керісінше бізге бақыт сыйлау үшін келеді.

Міне, Иеміздің екінші келуі осылай болмақ, бірақ Ол тек Өзін бүгін күтіп отырғандар үшін ғана келеді. Иеміз келген кезде, басқа адамдар Оны көрмейді, өйткені олардың көздерін күнә мен намысқорлық әбден байлаған. Бұлар үшін Ол соңғы күні қатал Төреші ретінде келеді. Сондықтан да Оған көзімізді қадап, Оны күтуіміз керек, сөйтіп Оған әрдайым назар аударып отыруымыз – мәңгілік өмірге ие екенімізді білдіреді!

**ДАНАЛАР АСПАН КЕҢІСТІГІ СИЯҚТЫ НҰРЛАНАДЫ,  
ӘРІ КӨПТЕГЕН АДАМДАРДЫ ӘДІЛДІК ЖОЛЫНА БАСТАП  
АЛЫП КЕЛГЕН ОЛАР ЖҰЛДЫЗДАР СИЯҚТЫ МӘҢГІ-БАҚИ  
ЖАРҚЫРАП ТҰРАТЫН БОЛАДЫ**

Даниел 12:3

Бұл мені ерекше көңіл аударуға мәжбүр ететін уәделердің бірі. Ақылды болған жақсы, дегенмен бұл жерде әңгіме Құдай Ие барлық адамдарға бірдей хабарлауға даяр, көкпен келген даналық туралы болып тұр. О, егерде мен ең алдымен өзімді өзім, сосын өзімнің Құтқарушы Құдайымды түсіне алсам еді! Мен көктегі даналықты баяндап, әрі оның нұрында жүру үшін, Құдай мені жөнге салсын! Мен көкпен келген даналықпен өмір сүріп жатырмын ба? Мен іздеуге тиісті нәрсені іздеудемін бе? Менің қазіргі сүріп жатқан өмірім ақтық сәтте Құдайдың қалауына сай келетіндей өмір ме? Тек осындай даналықпен сүрген өмір ғана аспан тұрғындарына тән мәңгілік жарықты сыйлай алады.

Адамдарды аулау – бұл шындығында даңқты іс. Егер мен ең болмағанда бір адамға әділдік пен ақиқатқа жол сілтегім келсе, онда маған көкпен келетін ақыл өте қажет. Ал мұндай қызметті көп адамдарға көрсету үшін, қазіргіден әлдеқайда көп ақыл керек емес пе? Мен Құдайды жете танып-білуді өте қалаймын. Сондай-ақ өзімнің жақындарым мен басқа да көптеген адамдарды Құдайға жақындату үшін, Оның Сөздерін де терең танып-білуді соншама қалаймын! Мен өзімді осы іске арнауды қалаймын және бұған қол жеткізгенше тыным тапқым келмейді. Бұндай еңбек патша сарайында қызмет етуден де, тіпті ең жоғарғы мәртебелі дәрежелерден де әлдеқайда тамаша. Бұндай еңбек мені мәңгі-бақи жарық төгетін нұрлы жұлдызға айналдырады, тіпті, бұған қоса бұл еңбек маған көп жұлдыздардың нұрын төгеді. Құдайым, менің жан-дүниемді жігерлендіріп, қайтадан жандандыршы!

МЕН СЕНІ ӨЗІМЕ МӘНГІГЕ НЕКЕЛЕСТІРЕМІН ЖӘНЕ  
 СЕНІ ӨЗІМЕ ШЫНДЫҚ ПЕН СОТТА, РАҚЫМДЫЛЫҚ  
 ПЕН МЕЙІРІМДІЛІКТЕ НЕКЕЛЕСТІРЕМІН, СЕНІ ӨЗІМЕ  
 СЕΝІМДІЛІКТЕ НЕКЕЛЕСТІРЕМІН, СОНДА СЕН  
 ҚҰДІРЕТТІ ҚҰДАЙДЫ ТАНЫП-БІЛЕСІҢ

Ошия 2:19-20

Құдіретті Құдаймен некелесу! Бұл неткен зор құрмет әрі қуаныш! Құрметті жан, осындай қайырымды некелесудің арқасында, Иса шынымен сенің меншігінде ме? Онда есінде мықтап сақта: бұл – мәңгілік некелесу! Ол бұл некені еш уақытта да бұзбайды; Ол осындай келісіммен Өзіне қосылған жанмен ажырасуға ешуақытта да әрекет етпейді.

Құдай Ие: *Мен сені Өзіме некелестіремін*, – деп екі рет қайталап айтады. Ол некелесу туралы осындай тамаша сөздер айтады! Оның үстіне бұл одақты заңды деп жариялайтын әділеттіліктің талабын да ескеру қажет, сөйтіп енді бұны ешкім де заңсыз деп мәлімдей алмайды. Сот Өзінің үкімімен бұл одақты одан ары күшейтеді, сөйтіп ешкім де бұны ақылсыздық немесе адасу деп айта алмайды. Ал сүйіспеншілік болса, бұл келісімнің сүйіспеншілікпен бекітілуінің қамын ойлайды, себебі сүйіспеншіліксіз некелесу бақыт емес, керісінше құлдық болмақ. Бірақ тап осы жағдайда Құдайдың сүйіспеншілігі үстем болып, сайрап тұр, себебі ағыл-тегіл төгілген рақымдылықтың арқасында бұл қасиетті одақ ұлы мейірімділікке айналды.

Адалдық – бұл неке қиюшы қызметкер, ал Киелі Рух осы істі *Аумин* деп, яғни солай болсын деп жариялайды және некелескен жүрек тағайындалған орнына бару үшін қажетті киелі танымға ие болады деп уәде етеді. Бұл неткен құнды әрі мәртебелі тағайындалу еді!

**МЕН ОЛАРДЫҢ КҮНӘЛАРЫ МЕН  
ӘДІЛЕТСІЗ ҚЫЛЫҚТАРЫН БҰДАН БЫЛАЙ  
ЕСІМЕ ТҮСІРМЕЙТІН БОЛАМЫН**

Еврейлерге арналған хат 10:17

Осы мейірімді өсиетке сай, Құдай Ие Өз таңдаулыларына олар еш уақытта да күнә жасамағандай қарайды. Ол шын мәнінде олардың күнәсінің бәрін ұмытады. Ол сенушілер еш уақытта да күнә жасамағандай, олардың күнәлары мүлде жойылғандай қарайды. Бұл неткен керемет рақымдылық еді! Құдай бұл жағдайда, тіпті, мүмкін емес іс істейді. Оның мейірімділігінің ғажап істері, керемет атаулының бәрінен де асып түседі.

Мәсіхтің құрбандығы бұл өсиетті күшейткелі бері, біздің күнәларымыз Құдайымызға мәлімсіз. Біз Исамен бірге еш қорықпай және әділетсіздігіміз Оның қаһарын шақырар деп еш қауіптенбей қуанышты өмір сүре аламыз. Қараңыз, Ол бізді балаларындай көреді. Иеміз бізді мүлде қасиетті деп қабылдайды. Ол бізге толық сенімді талап ететін өсиет беріп, бізді Өз даңқының күзетшісі, Өзінің патшалық тәжінің құндылықтарын сақтаушы әрі Өзінің ізгі хабарының жаршысы етеді. Құдай бізді бағалайды әрі бізге қызмет жүктейді; Оның күнәларымызды бұдан былай есіне алмайтынының ең жоғарғы әрі мүлде ерекше дәлелі осындай. Ал біз басқаша істейміз. Біз жауымызды кешіргенімізбен, оған біраз уақытқа дейін сенімсіздікпен қараймыз, онымен тұрмай, кешірім ету, тіпті, жөнсіз деп санаймыз. Ал Құдай Ие біздің күнәларымызды ұмытып, біз еш қашан күнә жасамағандай, тіпті, адаспағандай қарайды. Бұл қандай тамаша уәде! Сондықтан Құдайға сенім артып, бақытты өмір сүр!

## ЖЕҢІП ШЫҚҚАН ӘРКІМ СОЛАР СИЯҚТЫ АППАҚ КИІМ КИЕТІН БОЛАДЫ

Аян 3:5

Иса Мәсіхтің жауынгері! Күресті жалғастыра бер! Толық жеңіске жетпейінше, көңілің көншімесін! Өйткені мәңгілік өмір, жердегі өміріңді күреспен өткізуіңе лайық.

Иса Мәсіхтің айқыш ағаштағы өлімі саған толық таза-лықты ұсынып тұр! Сардис қаласында тек кейбіреулер ғана өз киімдерін таза сақтай алды, олардың сыйы – адалдық. Шынайы қасиеттілік – бұл біздің ұлы тағайындалуымыздың құны; бұны жоғалтып алмайық! Міне, қуаныш қайда жатыр! Сен адамдар некелік тойда киетін мерекелі киім киесің; сөйтіп шаттыққа кенеліп, қуаныштан маз-мейрам боласың. Ауыртпалық әкелетін күрес ар-ұжданның тыныштығы мен Құдайдағы қуанышпен аяқталады.

Жеңіс – Иса Мәсіхтің айқыш ағаштағы құрбандық өлімінде! Сен бұл жеңісті тойлайтын боласың. Сенің үмітің – Пальма талының бұтақтары (яғни құрметке бөлену) мен тәждер және әділдіктің ақ киімі; сөйтіп бәрі саған жеңімпазға қарағандай қарайтын болады әрі Құдайдың Өзі бізді жеңімпаз ретінде қабылдайды.

Сен Құдайдың алдында өзін Оған арнағандардың киетін әшекейлі киімін киіп тұратын боласың, сөйтіп Оған ризашылық құрбандығын алып келіп, тағзым етудің хош иісімен Құдайыңа жақындайсың.

Сонымен, тіпті, Өзінің ең кіші құлын да зор құрметке лайық ететін Құдай үшін кімнің күрескісі келмес екен?! Бұл құрметке осы дүниедегі әділетсіздіктің киімін кигісі келмейтіндер лайық. Тек Құдайдың Өзі оны даңққа бөлей гөрсін!



АЛ СЕН ЕНДІ ӨЗІҢНІҢ АҚТЫҚ САПАРЫҢА АТТАНЫП,  
ТЫНЫШТАЛАСЫҢ ДА СОҢҒЫ КҮНІ СЫБАҒАҢДЫ АЛУ  
ҮШІН ҚАЙТАДАН ТІРЛЕСІҢ

Даниел 12:13

Мен пайғамбарлық сөздердің бәрін бірдей түсіне бермеймін, дегенмен оларға қорқынышпен емес, қуанышпен қараймын. Әке шешімінде Өз балаларын әділ жолмен қорқытатындай еш нәрсе жоқ. Егер, тіпті, пайғамбарлық сөздер қиратылып, талқандалудың қорқынышты екендігін баяндаса да, ақиқи сенуші қамықпауы керек, себебі ол сол жағдайда тек тазарады әрі ағарады, сөйтіп сынақтан өтеді. Тіпті, жерді өрт қаптаған жағдайда да, Құдайдың таңдаулыларын оттың жалыны да шарпымайды. Егер, тіпті, сұрапыл апат келіп, әлем жойылып кетсе де, Құдай Өзінің таңдаулыларын сақтайды.

Сонымен, өз міндетімізді орындауда байыпты батылдық, күресте ерлік, қайғы-қасіретте шыдамдылық көрсетіп, өз жолымызбен жүреміз және осы жолда түбелікті қалып, одан тайып кетпейміз, тек шабан болып, жалқаулыққа салынып кетпесек болғаны. Ақтық күн өз уақытында келеді, олай болса мақсатқа жетпейінше, өз жолымызбен жүре берейік!

Біз көздеген мақсатымызға жеткенде ғана тынышталамыз. Мақсатымызға жеткенше біздің негізіміз ғана берік болып қалады, ал қалғанының бәрі шайқалады. Сонда Құдай Өз ісіне риза болып, көңілі толады, сондықтан біздің де көңіліміз тынышталады. Біздің тыныштығымыз сылдырлаған бұлақтың ағысындай және ол солай болып қала бермек. Құдай бізге көктегі отанымыздан үлес беремін деп уәде еткен және біз оған қайтсек те жетеміз. Бүгінде ақиқат пен киелілікті қорғау үшін бәріне де бел байлап, табандылықпен төтеп беретіндердің бәріне Құдай лайықты мұра сыйлайды. Сөйтіп, тіпті, қас жауымыз шайтан ақырған арыстандай қауымды айнала шарлап, кімді жалмасам деп торуылдап жүрсе де, біздің мұрамызға таласа алмайды.

**СОЛ КҮНІ – ДЕЙДІ ЖАРАТҚАН ИЕ, – СЕН МЕНІ «БАҒАЛЫМ МЕНІҢ» – ДЕП ЕМЕС, «КҮЙЕУІМ» – ДЕП АТАЙТЫН БОЛАСЫҢ. СЕБЕБІ МЕН БАҒАЛ ЕСІМДЕРІН ХАЛЫҚТЫҢ АУЗЫНАН АЛЫП ТАСТАП, ОЛ СОЛАРДЫ ЕНДІ ҚАЙТЫП ЕСІНЕ АЛМАЙТЫН БОЛАДЫ**

Ошия 2:16-17

Қазір бізге сол күн туды. Біз енді бұдан былай, Құдайымызды Бағал, қатал қожайын және құдіретті әмірші деп санамаймыз, себебі біз енді Таурат заңы бойынша емес, Құдайдың рақымына бағынышты өмір сүрудеміз. Біз енді Құтқарушымыз Иса Мәсіх туралы өзімізді шын жүректен жақсы көретін Досымыз ретінде және Онымен бұзылмайтын тығыз байланысқа түскен Бауырымыз ретінде ойлаймыз. Сөйтіп Құдайымызды мадақтауды үдете түсеміз және Оны бұрынғыдан да бетер жақсы көретін боламыз. Сондай-ақ Оған қызмет етуімізді де үдете түсеміз және бұл қызметіміз Оған деген зор сүйіспеншіліктен туындайтын болады. Біз енді Ол жазалайды деп қалтырамаймыз, керісінше Оның сүйіспеншілігіне бөленіп, шексіз қуанамыз. Сөйтіп құл – ұлға, ал міндет пен парыз – артықшылыққа айналды.

Құрметті оқырман, сенімен де осылай болды ма? Құдайдың рақымы жүрегіңнен құлдық пен қорқынышты қуып, оның орнын баланың сүйіспеншілігіндей сүйіспеншілікке толтырды ма? Осы жағдай бізді қандай бақытты етеді! Енді әр жексенбі – біз үшін қуаныш және бұдан былай Құдайға қызмет ету бізді жалықтырмайды. Дұға ету – бұл енді біздің артықшылығымыз, ал Құдайды асыра мадақтау – біз үшін мереке. Құдайға бойсұну – Аспан Патшалығына жету, ал Құдайдың ісіне қаржы бөлу – салтанат. Сонымен, енді бәрі де жаңа, сондықтан жүрегіміз қуанышқа толып, шаттана ән саламыз. Осы өзгерісті жүзеге асырған Иса Мәсіхтің есімі мәңгі мадақталсын!

**МЕН ДӘУІТКЕ УӘДЕ ЕТКЕН, ҚАСИЕТТІ  
ДЕ СЕНІМДІ ИГІЛІКТЕРДІ САҒАН БЕРЕМІН**

Елшілердің істері 13:34

Адамға қатысы бар болмыстың бәрі тұрақсыз әрі өтпелі, ал Жаратушы Иеге тән болмыс мәңгілік сипатқа ие. Ең алдымен, Құдайдың бізбен жасаған рақымдылық келісімі туралы айтуға болады. Бұл-бәрін түгел қамтитын мәңгі келісім.

Біз Құдайдың барлық уәделері қуатты күшке әрі ақиқи шындыққа ие екендігіне толық сенімдіміз. Оның рақымдылығы – шынайы рақымдылық. Пайғамбарлар өлгенімен, оларға берілген уәденің күші жойылмайды, себебі Құдай Ие Өз сөзін орындайды.

Біз Құдайдың бұдан былай да Өз халқын жарылқайтынына сенімдіміз. Ол халқына игіліктерді қайтадан алып қою үшін бермейді. Оның бізге сыйлағандарының бәрі болашақта беретін қайырымдылығының кепілі. Осы уақытқа дейін ала алмағанымыздың бәрін, әлі-ақ аларымыз хақ; Құдайдың бергендерін қазір қалай иеленіп жатсақ, болашақта да дәл солай иеленеріміз анық, сондықтан да Құдай Иеге үміт артып, жан тыныштығына бөленеміз. Оның сүйіспеншілігі де, Сөзі де, адалдығы де еш күмәнсыз. Әлемде көп нәрсе шүбәлі, ал Жаратушы Ие тұрақты!

**СОНЫМЕН, ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰДІРЕТТІ ҚОЛЫНЫҢ  
АСТЫНА БОЙ ҰСЫНЫҒДАР; ӨЗІ БЕЛГІЛЕГЕН УАҚЫТЫ  
ЖЕТКЕНДЕ СЕНДЕРДІ ЖОҒАРЫЛАТПАҚ**

Петірдің 1-хаты 5:6

Бұл сөздер уәдеге ұқсас; егер Құдайға бойсұнсақ, Ол бізді көтереді. Бойсұну даңққа бөлейді, ал қорлану – бұл жоғарылауға апаратын жол. Бізді бойсұндырған Құдайдың құдіретті қолы бізді көтеру үшін, батаға кенелуге даяр болғанша күтіп тұрады. Біз жеңіске ие болу үшін мойынсұнамыз. Кейбіреулер арамзалық ниетпен пайда көздеп, адамдардың алдында маймөңкелеп, құрдай жорғалайды, бірақ олар бұл істерімен шынайы пайдаға қол жеткізе алмайды. Ал Құдайға бойсұнғандар байиды, көтеріледі, күші нығаяды, сөйтіп, рақымы шексіз Құдайдан жұбаныш табады. Құдайдың әдісі осылай; Ол тәкаппарды құлатып, қорланғанды көтереді.

Дегенмен, құдіретті Құдай барлық нәрсені өз уақытымен істейді. Біз өзімізді бүгін, тіпті дәл қазір бойсұндыруымыз керек, сондай-ақ Құдай бізді жазалар ма екен, жоқ жазалас па екен деп күтпестен, бұдан былай да өзімізді бойсұндыра беруіміз керек. Құдай бізді әшкерелеп не жазалаған жағдайда біздің басты міндетіміз – оны бойсұнған жүреппен қабылдау. Басқа жағынан алғанда, Құдай бізді қашан және қалай көтеретінін де Өзі біледі. Оған да белгіленген бір уақыт бар. Ол бізді жарылқайтын лайықты сәттің қашан түсетінін бізден жақсы біледі. Біз Құдайдың батасын сұрағанда сабырсыздық көрсетеміз бе? Біз уақытынан бұрын құрметке бөленуді қалаймыз ба? Иә, біздің қалайтын нәрселеріміз жеткілікті-ақ. Сондай-ақ біздің әлі де болса шындап бойсұнбағанымыз да даусыз, себебі біз тек мойынсұнған жағдайда ғана Құдайдың батасын сабырлылықпен және аса зор құрметпен күткен болар едік. Сонымен, Құдайдың жарылқауларын сабырмен күтейік!

**ЖАРАТҚАН ИЕ ... ЖАУЛАРЫҢДЫ  
ТЫҚСЫРЫП ҚУЫП ШЫҚТЫ**

Софони 3:15

Бұл уәде қалай орындалады? Шайтан бір кезде көктегі орнынан айырылып қалғанындай, біздің жүрегіміздегі тағынан да тайды. Өйткені Иеміз Иса жауды біздің үстімізден билік жүргізу еркінен айырды. Жау бізді қинауы мүмкін, бірақ ол енді бұрынғыдай өзіне меншіктеуге дәмеленбейді. Ол бұдан былай бізді шынжырымен шырмай алмайды, себебі Құдай Ұлы бізді азат етті, сондықтан да біз шынымен азатпыз.

Ежелгі жау біздің бауырларымызды әлі де айыптауда, дегенмен Құдай Ие өз уақытында бұған да тиым салады. Біздің Қолдаушымыз жалақорлар үнін өшіруге мәжбүр етеді және оларға тиісті орнын нұсқап көрсетеді, сондықтан олардың көрсеткен қорлықтарынан шындығында бізге ешқандай зиян келмейді.

Жауыз рух жүрегімізді жаулап, бізге әрдайым шабуыл жасағанымен, бәрібір бұрынғыдай ықпалын жүргізе алмайды. Ол жыланша жалтарады, бірақ өмірімізге басшылық жасап, патшалық құра алмайды. Ол біздің жүрегімізге қорқынышты ойлар салады және бұл үшін кез келген мүмкіндікті пайдаланып бағады. Сондықтан Құдай оған үнін өшіруді бұйырған кезде, бізге шынымен жеңіл болады. Сөйтіп ол бізден таяқ жеген иттей қашуға мәжбүр болады! Құдайым, бүгін де оның итше үруінен қиналған әркімге бостандық алып берші! Олардың жауларын қуып, Өзіңнің даңқыңмен көрінші! О, егерде Сен оны бұл дүниеден мүлде қусаң ғой, шіркін!

БІРАҚ МЕН СЕНДЕРДІ ҚАЙТА КӨРЕМІН,  
СОНДА ҚАТТЫ ҚУАНАСЫҢДАР

Жохан 16:22

Иә, Ол қайтадан келіп, бір-бірімізді көрген кезде ұлы қуанышқа кенелетін боламыз. Бұл неткен қуанышты оралу еді!

Бұл уәденің күнделікті, бірақ тек ерекше мәнде орындалатынын ескере кетейік. Құдайдың бізбен қарым-қатынасында көптеген әр түрлі «қайта» бар. Ол біздің күнеларымызды кешірді, енді біз жаңа күнеларымыздың салдарынан жаңа қайғы-қасіретке тап болған кезде, Өзінің азат етуші сөзін қайталау үшін, *қайта* келеді. Ол бізге Құдайдың бізді қабылдағаны туралы шындықты ашты, егер де бұл жөнінде біздің сеніміміз біраз шайқалса, Ол бізге қайта-қайта жақындап: *Сендерге амандық тілеймін!* дейді, сонда жүрегіміз қайтадан шаттыққа толады.

Бұрынғы берілген баталардың бәрі болашақ баталардың кепілі болмақ. Егер Исаның бізбен бірге болғаны рас болса, Оның қайтадан келетіні де рас. Бұрынғы берілген баталарға уақыты өтіп кеткен, көнерген нәрседей қарамаңыз, керісінше оған өніп шығып, көп жеміс әкелетін, сөйтіп: *Сендерді қайта көремін!* – деген уәдені дәлелдейтін тұқым сияқты қараңыз. Заманымыздың көңілсіздігі Исаның бір кезде алғашқы шәкірттерімен бірге жүргеніндей, біздің жанымызда жүрмегендігінен деп ойлайсыздар ма? Оның көп ұзамай, қайта келетінін ескеріп, жігерленейік! Оның аяқтары елік пен бұғының аяқтарындай жылдам, Ол жақында-ақ жетіп келеді. Сондықтан да бүгіннен-ақ қуана бастайық, өйткені Ол бізге: *Сендерді қайта көремін!* – деді емес пе?

**ҚИЫНДЫҚ КӨРГЕН КҮНІНДЕ ШАҚЫР МЕНІ!  
СОНДА МЕН ҚҰТҚАРЫП АЛАМЫН СЕНІ, АЛ ӨЗІҢ  
МАДАҚТАЙТЫН БОЛАСЫҢ МЕНІ**

Зәбүр 49:15

Міне, бұл нағыз уәде! Зәбүр жыршысы назарын шұғыл қажеттілікке – *қайғы-қасірет күніне аударады*. Бұндай күн, тіпті, тал түсте де қараңғы және уақыт өткен сайын бұрынғыдан да қараңғырақ болып көрінеді. Осы уәдеде айтылған уақыт біз үшін бұлтты күнге сақтаулы тұр.

Дегенмен онда: *Мені шақыр!* – деген бақыт нұры бар. Бізге бұны міндетті түрде нұсқап көрсетудің керегі жоқ сияқты, себебі біз онсыз да Құдай Иені әрдайым шақырамыз. Дегенмен біздің Оны әрдайым және еркін шақыра алатынымыз қандай рақымдылық еді! Алайда бұл артықшылықты қолдану үшін үлкен даналық қажет екендігін атап өткен жөн. Адамдарға күні қарап, солардың соңынан жүгіріп жүргендер қандай ақымақтық жасайды. Ал Құдай Ие болса барлық ісімізді Өзіне алып келуге түрткі салады. Сондықтан кешіктірмей бар мұқтаждығымызды Оның алдына әкелейік!

Бұл сөзде: *Мен сені құтқарамын!* – деген жігерлендіруші дәлел де бар. Қандай ауыртпалық болмасын, Ол толық қуанышты құтқарылуды уәде етеді. Ол бізді Өз қолымен құтқарғысы келеді. Біз бұған сенеміз, ал Құдай өз кезегінде бұндай сенімді дәріптейді.

Дегенмен бұл уәденің: *Сонда сен Мені мадақтайсың!* – деген соңғы сөздерін де ұмытпау керек. Оны шын жүректен мадақтауымыз керек емес пе? Шынында, егер Ол бізді құтқарса, неге ризашылықпен мадақтамасқа? Құдайдың бізді құтқаратыны күдіксіз болғандықтан, мадақтауды қазір-ақ бастай берейік!

**МЕН БҰЛ КЕЛІСІМДІ МЕНІМЕН СЕҢІҢ АРАНДАҒЫ  
ЖӘНЕ КЕЙІНГІ ҮРІМ-БҰТАҒЫҢНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ  
МӘҢГІЛІК КЕЛІСІМ РЕТІНДЕ БЕКІТЕМІН;  
ОЛ ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА СОЗЫЛАТЫН БОЛАДЫ. МЕН  
СЕҢІҢ ЖӘНЕ ҮРІМ-БҰТАҒЫҢНЫҢ ҚҰДАЙЫ БОЛАМЫН**

Жаратылыстың басталуы 17:7

Құдайым, Сен менімен, Өзіңнің құлыңмен, Тәңірім Иса Мәсіхте, менің Құтқарушымда келісім бекіттің, ал енді бүгін мен Сенен өтінемін, менің балаларым да осындай қайырымды уәдеге ортақ болсыншы. Осы уәде бұны бірінші алған адамға қалай қатысты болса, маған да дәл солай қатысты екендігіне сенуіме жәрдем берші. Мен өз балаларымның басқа да барлық адамдар сияқты күнәда туылғанын білемін, сондықтан олардың күнәһар болып туылғандығы туралы сұрағым жоқ, өйткені тәннен тек қана тән туылатынын жақсы білемін. Бірақ сол тән рақымдылық келісімінің күшімен және Сенің Киелі Рухыңның құдіретімен көктен туылсыншы.

Мен Сенен өз балаларым мен балаларымның балалары үшін өтініп сұраймын: Менің Құдайым болғандай, олардың да Құдайы болшы! Өзіңе қызмет етуге берген қайырымды рұқсатың мен үшін ұлы даңқ болмақ. Енді менің ұрпағым да келешекте Саған қызмет ете гөрсін! О, біздің ата-бабаларымыздың Құдайы, біздің үрім-бұтағымыздың да Құдайы бола гөр!

Құдайым, егер Сен мені өз отбасымда кешірген болсаң, онда осы күнге дейін Сенің жарылқаушылығыңнан тыс жүрген, менің балаларымның үйіне де қамқор болшы. Өз халқыңдағы барлық отбасының Құдайы болшы. Өзіңнің Ұлың Иса Мәсіх үшін Сенің атыңнан қорыққандардың бәрін қайғы-қасіреттен қорғашы. Олардың балалары әділетсіз әрі зұлым бола көрмесінші.



**ЕНДІ БАР! МЕН САҒАН ЖАР БОЛЫП,  
АЙТАТЫН СӨЗДЕРІңДІ ҮЙРЕТЕМІН**

Мысырдан шығу 4:12

Құдайдың нағыз қызметкерлерінің кейбірінің тілі икемсіз; оларды Құдай туралы айғақ беруге шақырған кезде, олар игі істі мәнерсіз баяндап, бүлдіріп алудан қорыққанынан әлсіреп қалады. Осындай жағдайда, тілді Құдай жаратқанын еске алып, тіліміздің мүкістігі үшін Оны айыптаудан аса сақтануымыз қажет. Бәлкім, икемсіз тіл – асығыс сөйлейтін тілге қарағанда, айтарлықтай қиын мәселе емес болар; үздіксіз сөйленген мол сөздерден гөрі, даналықпен айтылған аз сөз әлдеқайда көп жарылқаушылық әкелуі мүмкін. Құтқаратын күш адамдардың көпірме сөздері мен шешендігінде емес екендігі шүбәсіз. Жатық сөйлей білмеу, кейбіреулер ойлағандай, айтарлықтай жанға бататын нәрсе емес.

Егер Құдай біздің аузымызда және рухымызда болса, онда сыңғырлаған қоңыраудай шешендік пен шылдырлаған асаяқ сияқты сендіру өнерінен гөрі, әлдеқайда жақсы нәрсеге ие боламыз. Құдайдың өсиеті даналықты, ал Оның Өзінің бізбен бірге болуы құдіретті білдіреді. Перғауынның Мысырдағы ең дарынды шешеннен гөрі, тілі мүкіс Мұсадан қауіптенуіне себеп жетерлік болды, себебі Мұсаның сөздерінде күш бар еді. Ол Құдайдың жазалары мен өлім туралы айтты. Құдай біздің әлсіздіктерімізді жақсы біледі, сондықтан Ол бізді табиғаттан тыс құдіретті күшімен қуаттайды. Сол себептен де Исаның бізге тапсырғанындай, Ол туралы батыл сөйлейік!

**АЛ ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ САТЫП АЛҒАН НЕМЕСЕ ОНЫҢ  
ҮЙІНДЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН БАСЫБАЙЛЫ ҚЫЗМЕТШІСІ  
ОНЫҢ АРНАЙЫ ТАМАҒЫНАН ЖЕЙ БЕРУІНЕ БОЛАДЫ**

Леуіліктер 22:11

Көне Өсиетте келімсектерге және қонақтар мен қызметшілерге қасиетті тағамды жеуге тиым салынған. Рухани іс-әрекет жағдайында бұл тәртіп әлі де қолданылады. Қасиетті дастарханға жақындауға тек екі таптағы адамдарға ғана рұқсат берілді: дін қызметкерінің үй ішіндегілер мен солардың өзінің күмісіне сатып алған адамдары. Күміске сатып алынғандар мен діни қызметкерлердің үйінде туылғандар қасиетті тағамнан дәм татуға хұқықты екендігінің дәлеліне сөзсіз ие болған жандар еді.

Сатып алынған. Біздің Бас дін қызметкеріміз Өзіне үміт артқандарды қымбат бағаға сатып алды және бұлар толықтай Оның меншігіне айналды. Олар бұған жеке бастарының артықшылығынан емес, өздерін сатып алған адамның меншігі болғандықтан ие болды. Сондай-ақ оларға Құдайдың дастарханынан тамақтану хұқығы да беріледі. Оның дастарханындағы тағамның дәмін бұл дүниенің балалары білмейді. Мәсіх сізге меншікті болғандықтан, рухани өміріңізде Оның Сөзімен тамақтанып, үмітіңізді тек Соған ғана артуыңыз керек.

Туылған. Бұл да артықшылықтарға апаратын дәл сондай дұрыс жол. Дін қызметкерінің үйінде туылған балалардың сол отбасындағы басқа да балалар сияқты өз орындары бар. Сол сияқты қайта туылу бізді Құдайдың мұрагері және Мәсіхтің денесінің мүшесі етеді. Міне, сондықтан да Мәсіх Өзіне Әкесі сыйлаған жан тыныштықты және қуаныш пен дақты бізге берді. Құнын төлеп босату мен қайта туылу бізді Құдайдың бұл уәдесіне екі есе құқықты етеді.

**ЖАРАТҚАН ИЕ СЕНІ ЖАРЫЛҚАП,  
АМАН САҚТАЙ КӨРСІН**

Руларды санау 6:24

Дін қызметкерінің берген бұл батасы шын мәнінде уәде болып табылады. Ал Құтқарушымыздың бізге берген батасы уақыты келгенде орындалары шүбәсіз, себебі ол Құдайдың еркіне сай.

Құдайдың жарылқауында өмір сүру неткен қуаныш еді! Егер біз жарылқанған болсақ, онда біздің бар мүлкіміз бен бар қуанышымыз және барлық шығындарымыз бен қайғы-қасіретіміз, тіпті түңілулеріміз де жарылқанған болмақ. Құдайдың батасы маңызды әрі әсерлі. Адамның берген батасы тек сөз жүзінде қалады, ал Құдайдың батасы адамды рухани байытады әрі тазартады. Біздің жақын достарымызға сақтаған игі тілегіміз: *Мен саған зор бақыт тілеймін!* – деген сөздермен емес, керісінше: *Жаратқан Ие сені жарылқасын!* – деген сөздермен айтылуы керек.

Құдайдың қорғанында болу біз үшін үлкен жетістік. Құдай қорғағандар, барлық зұлымдықтан шынымен сақталғандар және олар шексіз бақыт үшін сақталынады. Құдайдың қорғаны жан тыныштығы мен нық сенім беретін батаны ілестіре жүреді.

Осы шағын кітапты жазушы, жоғарыда айтылған мол жарылқаушылықтар мен Құдайдың қорғаны оқырмандардың үлесі болсын деп тілейді. Бұны өзің үшін қабылда әрі Құдайдың басқа қызметкерлеріне де соны тілеп, дұға ет!

**ҚҰДАЙДЫҢ ТАУРАТ ЗАҢЫ ОНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ,  
АЯҚТАРЫ ТУРА ЖОЛДАН ТАЙЫП КЕТПЕЙДІ**

Зәбүр 36:31

Адамның жүрегіне Құдайдың заңын сал, сонда оның өмірінде бәрі де дұрыс болады! Жүрек – бұл заңның мекені болуға тиіс, себебі Құдай солай белгілеген. Егер заң басымызда болса, абыржу әкеледі, арқамызда болса, еңсемізді езеді, ал жүрегімізде болса, күшейтеді.

Бұл жерде Дәуіт пайғамбар: *Құдайдың Таурат заңы!* деген қандай құнды сөзді қолданып тұр. Егер Жаратқан Иені Құдайымыз ретінде жақсы білсек, онда Оның заңы бізді азаттыққа жетелейді, Сөйтіп Ол бізбен одақтас болады және бізді Өзінің еркіне бойсұнып, өсиеттерімен жүруге ынталандырады. Бұл өсиет менің Әкемнің өсиеті ме? Онда мен бұны қуана-қуана орындаймын.

Бұл сөз бойсұнған адам әр басқан қадамында Құдайдың қолдауы мен күшіне ие болады деген кепілдік береді. Құдайдың заңы тек шындықты ғана жүзеге асырады; әрі ол тек саналы істі ғана жүзеге асыратын болады. Тіпті, кейде біз бұны саналы деп есептемеген күннің өзінде де, ең дұрысы әрдайым қасиетті істі істеу! Егер біз Құдайдың заңын орындасақ, Оның құдіреті мен рақымдылығының ұлы жолымен жүреміз. Құдайдың Сөзі әлі ешкімді де адастырған емес; оның анық нұсқаулары: бойсұну, әділ болу және сүйіспеншілікпен Құдайдан қорқып өмір сүру. Бұл даналық сөздер де қасиетті қағидалар сияқты әділеттіліктің ақ киімін таза сақтауымыз үшін біздің игілігімізге қызмет етеді. Құдайдың алдында дұрыс тұрған адам ғана нық сеніммен жүре алады.

**МИНЕ, ҚҰДАЙ ИЕЛЕРІҢ ӨЗДЕРІҢЕ ОСЫ ЕЛДІ БЕРІП ОТЫР.  
ОЛ БІЗДІҢ АТА-БАБАЛАРЫМЫЗҒА УӘДЕ ЕТКЕНДЕЙ, ЕНДІ  
СОЛ ЕЛГЕ ӨРЛЕП БАРЫП, ОНЫ ИЕЛЕНІП АЛЫҢДАР.  
ҚОРЫҚПАҢДАР, ЕШ НӘРСЕДЕН ҮРІКПЕНДЕР!**

Заңды қайталау 1:21

Біз рақымдылықтың мұрасына иеміз әрі оған батылдықпен жақындай аламыз. Бір сенушінің ие болған нәрсесіне басқа сенуші де емін-еркін ие бола алады. Біздің берік сеніп, шын жүректен жақсы көріп және бар ынтамен жұмыс істеуімізге ешкім бөгет бола алмайды. Сонымен, барып, өз мұрамызға ие болуға кірісейік. Ең жұбанышты уәде мен ең даңқты рақымдылыққа біздің басқа бауырларымыз қалай ие болса, біз де дәл солай ие бола аламыз. Құдай бүгінде бұл сыйларды бізге де ұсынуда, әрі ешкім де біздің оларға ие болу құқығымызға қарсы келе алмайды, сондықтан да барып, Оның атымен осы мұраларға ие болуға кірісейік!

Көз алдымызда көсіліп жатқан кең дүниені Құдайға меншіктеу қажет. Сөйтіп біздің алдымызда әрбір ел мен оның түкпір-түкпірін Оған бағындыру ісі тұр. Қаланың лас көшелері бізді шошытпауы керек, керісінше олар біздің одан да бетер белсенді еңбек етуімізге түрткі болуы қажет.

Біз батылдықпен алға қарай жүруіміз керек, сонда лас үйлер мен қатыгез жүректердің Мәсіхтің меншігіне айналуына көмектесеміз. Бізде елдерге барып, Мәсіхтің Ізгі Хабарын айтуға сеніміміз болмағандықтың салдарынан, шалғайдағы елдер мен елеусіз қалған тұйық көшелердегі адамдардың тозаққа кетуіне жол бермеуіміз керек. Құдайдың рақымдылығы құтқара алмайтындай, соншама қапас жерлер мен соншама әділетсіз адамдар жоқ. Сонымен қорқақтық бізден аулақ кетсін де, жүрегімізге нық сенім ұяласын! Өйткені сенім жеңіске ұмтылады!

**ӨЗ ҚЫЗМЕТШІМ МҰСА АРҚЫЛЫ САҒАН ПАРЫЗ  
ЕТКЕН ЗАҢЫМДЫ ОРЫНДАУ ҮШІН КҮШТІ ДЕ ӨТЕ БАТЫЛ  
БОЛ! СОЛ ЗАҢДЫ ОРЫНДАУДА ОҢҒА ДА,  
СОЛҒА ДА БҰРЫЛМА! СОНЫ ІСТЕЙТІН БОЛСАҢ,  
ҚАЙДА БАРСАҢ ДА ТАБЫСТЫ БОЛАСЫҢ**

Ешуа Нұн 1:7

Иә, Құдай Ие Өзінің қасиетті күресінде бізбен бірге болады, дегенмен Ол бізден Өзінің өсиетін толық орындауды талап етеді. Біздің жеңіске жетуіміз шын жүректен бойсұнуымызға және сеніміміздің жемісінің іс жүзінде көрінуіне күш салуымызға байланысты болмақ. Егер біз Құдайға жүрегімізді жартылай ғана беріп әрекет етсек, онда жартылай жеңістен артықты күте алмаймыз. Біз әр жағдайда Құдайдың еркіне асқан ұқыптылықпен әрі еш ойланбастан бойсұнуымыз қажет. Бұл Құдайдың әрбір еркіне сай әділетті іс болмақ. Сондай-ақ біз Оның еркін орындауға толықтай даяр болуымыз керек. Құдай бізден барлық жағдайда Оның заңы бойынша әрекет етуімізді талап етеді, сондықтан өз бетімізше әрекет етуге хақымыз жоқ. Құдайдың заңдарын орындай отырып, адал да тұрақты болуымыз керек. Біздің жолымыз түзу, сондықтан одан оңға да, солға да жалтарудың қерегі жоқ. Бізге заңды қорғау да қажет емес, дегенмен жеңілтектікпен өзіңе еркін жүретіндей ыңғайлы жол салып алудан сақ болған жөн. Бұндай бойсұнушылық бізге рухани өсуге жәрдем береді. О, Құдай Ием, егер біз осыны әлі де жеткілікті түрде ұғына алмай жатсақ, Өзің анықтап түсіндіріп берші! Біз Сенің уәделеріңді бостан босқа сынға салғымыз келмейді.

## МЕНІ ЖАРАТУШЫ ТӘҢІР ИЕ ҚОЛДАЙДЫ

Ишая 50:7

Бұл пайғамбарлық сөздер Құтқарушымыздың айқыш ағаштағы өлімге дейін бойсұнған күні Өзін сабағандарға арқасын, түкіргендерге бетін тосқан кездегі ауыр азабы туралы алдын ала болжады. Бұл күні Ол Әкесінің қолдағанын байқады.

Қадірлі жан, сенің көрген қайғы-қасіреттеріңнің салмағы Құтқарушының ауыр азабымен салыстырғанда, бар болғаны шаң-тозаңдай ғана! Саған көмек көрсетуге Құдайдың құдіреті жететініне сене алмағаның ба? Сенің Құтқарушың ерекше қиын жағдайда болды: Ол құрбандық ретінде күнәһардың орнын басқандықтан, Әкесі Оны жалғыз қалдыруға мәжбүр болды, сондықтан да Оның жаны Құдайдың жалғыз қалдырғанын сезінгендіктен әрі түсінгендіктен азаптан-ды. Саған бұндай ауыртпалық жүктелмейді, сен: *Құдайым, Құдайым, Мені неге жалғыз қалдырдың?* – деп айқайлауға мәжбүр емессің. Бірақ, міне, сенің Құтқарушың Құдайға үмітін артты, ал сен Оған үміт арта алмайсың ба? Ол сен үшін өлді, содан бері сен енді жалғыз емессің, сондықтан жігерлен!

Сен де бүгінгі күннің қайғы-қасіретінде: *Мені Жаратушы Тәңір Ие қолдайды!* – деп айт та, батылдықпен алға жүр. Құдайға үміт артып үйрен және қорқыныш та, әлсіздік те үнемі сенің соңыңнан қалмай еріп жүрмейтініне сен! Егер Құдайдың Өзі саған көмектесе, онда кім саған бөгет болмақ? Құдіретті Құдайдың көмегіне нық сенімді болсаң, күшің келмейтін нәрсе бар ма? Мәңгі нұр мен сенің араңа ешқандай күдік көлеңкесі түспеу үшін, әрбір күнді қуанышпен баста.

**МАҒАН ІЛІНГЕН, БІРАҚ РУХАНИ ЖЕМІС БЕРМЕЙТІН  
ӘР «БҰТАҚТЫ» ОЛ КЕСІП ТАСТАЙДЫ, АЛ ӨНІМ  
БЕРЕТІНДЕРІН МОЛЫРАҚ БЕРСІН ДЕП, ТАЗАРТАДЫ**

Жохан 15:2

Бұл қалай да болса жеміс әкелуді ойлаған әрбір жан үшін құнды уәде болмақ. Алғашында бұл уәде бізге өзінің аса қатал кейпін көрсеткендей болып көрінеді. Сонда жеміс беретін бұтақты да тазалау керек болғаны ма? Ең пайдалы және жақсы жеміс беріп тұрған бұтақты кесудің не қажеті бар? Алайда Құдай дәл солай істейді әрі көбінесе қайғы-қасіреттер арқылы тазалайды. Бұл дүниеде қайғы әкелетін уәде зұлымдарға емес, керісінше мейірбан адамдарға тиісті. Табысқа қол жеткізу үшін, әр түрлі қиыншылықтар мен келеңсіз жағдайларды бастан өткізуге тура келеді. Егер Иемізге мол жеміс әкелгіміз келсе, Оның бізді тазалап, керексіз жапырақтарымызды алып тастауына қуана-қуана келісеміз.

Кейде Құдай тазалау жұмысын қайғы-қасірет жібермей-ақ, Өзінің Сөзі бойынша жүргізеді. Ондай жағдайда жоғарыдағы уәдеде айтылғандай, тазалаудың ауыртпалық әкелетін түріне душар болмаймыз. Біз бір ескерткеннен-ақ әділірек әрі пайдалырақ болып өзгеруіміз керек еді. Бірақ жемістілігіміздің бастауы Құдайдың Өзі болғандықтан, бұрынғыдан да жемістірек болуымыз үшін, Ол біздегі еңбегін жалғастыра береді. Осылайша Құдайға жақындай түсіп, сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық, шыдамдылық, қайырымдылық, кең пейілділік, сенімділік, мейірбандық, ұстамдылық сияқты Киелі Рухтың жемістерін әкеле аламыз. Сонда бақ пен байлық беремін деген уәделерден гөрі, жеміс беру уәдесі бізге әлдеқайда мол жұбаныш болмақ. Бұл үлкен қуанышқа себеп емес пе?

Иса, Өзіңнің мейірімді сөзіңді менің өмірімде жүзеге асыршы және Сенің даңқыңды асыру үшін мол жеміс әкелуіме көмек берші!



**ЖАРАТҚАН ИЕ НЕ КЕДЕЙ, НЕ БАЙ ҚЫЛАДЫ,  
БІРЕУДІ ТӨМЕНДЕТП, БАСҚАНЫ ЖОҒАРЫЛАТАДЫ**

Патшалықтар туралы 1-жазба 2:7

Менің өмірімдегі барлық өзгеріс Құдайдан келеді, ал Ол Өзі өзгермейді. Мен бай болсам да, бұдан Құдайдың қолын көріп, Оны мадақтауым керек; кедей болсам да, сол кедейліктен Оның қолын көріп, дәл солай шын жүректен риза болуым керек. Егер өмірде біздің еркімізден тыс бір нәрсе болып жатса, бұл да Құдайдан, сондықтан өмірімізде болып жатқан жағдайлардың бәрін ризашылықпен қабылдаймыз. Қандай жағдай болмасын бәрі де Құдайдың ісі екенін және бұның бәрі де біздің игілігіміз үшін екенін жақсы білеміз.

Құдайдың әдісі осындай анық: Ол беделін көтергісі келген адамды алдымен төмендетеді, жарылқаушылыққа бөлегісі келген адамды алдымен әшкерелейді. Егер Оның әдісі осылай болса, онда бұның ең дана әрі ең жақсы әдіс болғаны. Сөйтіп, егер қазір қорлыққа төзсем, кейін қуануыма толық негіз бар, себебі мен қорланудан кезекті көтерілуге даярлықты көремін. Рақымдылық бізді қаншалықты бойсұндырса, соншалықты даңққа бөлеп көтереді. Сондықтан бізді тұрақты баюға жетелейтін кедеюдің бұл түрін қуана қолдауымыз керек.

Құдайым, Сен мені соңғы кезде кері бағытта жетеледің, сөйтіп менің әлі жетілмеген күнәһар пенде екенімді өзіме көрсеттің. Әрине, бұл аса ұнамды тәжірибе емес, дегенмен бұл менің игілігім үшін болсын. Осының арқасында Өзіңе қуана қызмет етуге қабілет беріп, ісіңе жарамды ет; бұл қабілеттілікті маған Мәсіх үшін сыйлашы. Аумин.

**ЖАЛҒЫЗ ҚҰДАЙДАН ҒАНА ЖАНЫМ ТЫНЫМ ТАБАДЫ,  
ҚҰТҚАРЫЛУЫМ МЕНІҢ ОДАН БАСТАУ АЛАДЫ**

Зәбүр 61:2

Шынымен үміт арту және тек Құдайға ғана үміт арту – бұл өте жақсы қасиет. О, егерде біз Оған күні бойы және әрдайым үміт арта алсақ қой! Оның белгілеген уақытына, Оған деген қызметте үміт артып, бәрін де қанағат тұтып, ризашылықпен дұға етсек қой, шіркін! Біздің Құдайға осылайша үміт артуымыз жаратылыстың Жаратушыға, құлдың қожайынына, ұлдың әкесіне ізеттілік көрсеткеніндей болмақ. Біз Құдайға бұйрық бермейміз және Оны айыптамаймыз да. Сондай-ақ ашуға жол беріп, Құдайдың алдына шығып кетпейміз. Басқалардан көмек іздеп, Құдайға сенімсіздік көрсетпейміз, себебі бұның бәрі де Құдайға үміт артпағандық болар еді. Біздің үмітіміз – тек қана жалғыз Құдай.

Жоғарыда айтылған сөздер құтқарылудың Құдайдан бастау алатыны туралы растап тұр! Құтқарылу бізге жақындап қалды. Қазір ол жол үстінде. Ол басқа біреуден емес, тек қана Құдайдан келеді. Сондықтан да барлық даңқ Құдайға тиісті болмақ, себебі құтқаруға тек Құдайдың ғана күдіреті жетеді. Ол бәрін Өз әдісі бойынша және өз уақыты келгенде міндетті түрде орындайды. Ол бізді күдік пен қайғы-қасіреттен, өсек-аяң мен бақытсыздықтан құтқарады. Егер өзімізден бұл құтқарылудың белгілерін әлі де көре алмасақ, онда Құдайдың сүйіспеншілігі мен адалдығына қарсы бағытталған әрқандай жаман әдеттерімізден бас тартып, Оның еркіне сай өмір сүруге тырысып жүргенімізге қанағаттанамыз. Ол бұл құтқарылуды жақын арада жүзеге асырады, сондықтан да осы рақымдылығы үшін Оны қазір-ақ мадақтаймыз.

**СЕН МАҒАН ШАМ-ШЫРАҚТАЙ НҰРЫҢДЫ ТӨГЕСІҢ,  
УА ТӘҢІР, ТҮНЕГІМДІ ЖАРҚЫРАТАТЫН ЖАРАТҚАН ИЕ!**

Патшалықтар туралы 2-жазба 22:29

Мен Құдайдың нұрындамын ба? Олай болса, Құдайым, Сен менің нұрымсың. Егер Сен менен жүзінді бұрсаң, қуанышым су сепкендей басылады. Ал Сен менімен бірге болған кезде, уақытқа да, адамның жұбатуына да тәуелді болмай өмір сүре аламын. Құдайдың қатысы бар әр нәрсе қандай ерекше нұрға бөленбек! Біз кезінде жарығы жиырма шақырымдай қашықтыққа көрінетін бір шам туралы әңгіме естігенбіз. Ал Құдай Иемізді тек жақыннан ғана емес, ұзақтан да, тіпті жауымыздың елінен де көреміз. Құдайым, егер Сенің сүйіспеншілігің жүрегімді толтырса, мен періштедей бақыттымын. Өмірімнің өзегі Сенсің, жаныма керектінің бәрін мен Сенен таба аламын.

Мен түнектемін бе? Онда Сен, Құдайым, менің түнегіме нұрлы сәулеңді түсіресің. Жақында бәрі де өзгереді. Жағдай бұрынғыдан да қиындап, бұлт үстіне бұлт төніп өз қолымды өзім көре алмайтындай қараңғы болса да, Құдайдың қолын көре аламын. Егер мен өзімнен және достарымның арасынан немесе бүкіл дүниеден жарық таба алмасам, онда бір кезде: *Жарық болсын!* – деп әмір берген құдіретті Құдай, қазір де соны айта алады! Өйткені Ол менімен күннің нұрында сөйлейді. Енді мен өлмеймін, керісінше өмір сүремін. Кешікпей таң атады, сонда бұл сөз маған шам-шырақтай нұрын төгетін болады. Сөйтіп біраз уақыттан кейін қуанышым қойныма сыймай, шаттана қол шапалақтайтын боламын!

**МАҒАН СИЫНБАСТАН БҰРЫН МЕН ОЛАРҒА ЖАУАП  
БЕРЕМІН, ОЛАР ӘЛІ СӨЙЛЕП ЖАТҚАНДА-АҚ МЕН  
ӨТІНІШТЕРІН ОРЫНДАЙМЫН**

Ишая 65:24

Қандай жылдам құтқарылу! Құдай біздің зарлы өтінішімізді алдын ала естиді және оған дереу жауап береді. Құдай біздің бақытсыздығымызды көріп, дұғаларымызды естігендіктен, көмекті алдын ала дайындап қояды, сөйтіп біздің қаруымыз сынақ келместен бұрын-ақ дайын тұрады. Құдай бәрін де осындай дәлдікпен басқарады және біз Оның бұндай көмегін талай рет көрдік те. Төніп келе жатқан қайғы-қасіретті көтере алу үшін, Ол бізге алдымен керемет жұбанышын ұсынады. О, Әкеміз біздің дұғаларымызды қандай жақсы естиді!

Екінші сөйлем бізді телефон туралы ойлауға итермелейді. Егер Құдай көкте, ал біз әлі де жерде болсақ, онда Ол Өз сөзінің мақсатқа жеткеніндей, біздің сөзіміздің де тезірек мақсатқа жетуінің қамын ойлары шүбәсіз. Егер дұрыс дұға етсек, тура Құдайдың құлағына сөйлейміз. Біздің қайырымды Төрешіміз барлық өтініштерімізді Оған кешіктірмей жеткізеді, ал Көктегі Әкеміз оларды тыңдап, ризашылықпен қабыл алады. Бұндай жағдайда дұға ету қандай жеңіл десеңші! Дұғасы патшалардың Патшасының құлағына шалына-тынын білсе, кім дұға етуге даяр болмас дейсің! Сондықтан мен бүгін де сеніммен дұға етемін, Құдайдың мені тыңдай алатынына және дұғама жауап алатыныма сеніп қана қоймай, оған қазірдің өзінде-ақ ие екенімді де білемін!

**СЕБЕБІ ЖАРАТҚАН ИЕ: БҮКІЛ ЕЛ ҚАҢЫРАП БОС ҚАЛАДЫ,  
БІРАҚ ОНЫ ТОЛЫҒЫМЕН ҚҰРТПАЙМЫН! – ДЕЙДІ**

Еремия 4:27

Құдайдың үй құрылысы белгілі бір тәртіптің басшылығымен жүргізіледі, әрі бұл тәртіп біз күнәнің салдарынан жаман жағдайларға душар болмау үшін қатаң қадағалайды! Еремия пайғамбар өз халқына Құдайдың сотын қатал түрде жариялауға мәжбүр болды, себебі халық күнәға белшесінен батты. Егістік жерлер қураған шөл далаға, қалалар қирап, үйіндіге айналды. Бұның бәрі күнә үшін Құдайдан келген жаза екендігі айдан анық. Құдай Өзінің қасиеттілерінің, Өзінің құлдарының қателігін жасырмайды. Егер олар Құдайдың заңдарына бойсұнғысы келмесе, онда қиыншылықтар жіберу арқылы тәрбиелейді. Бәлкім, біз қазір осындай жазаның астында болармыз, онда бойсұнып: *Құдайым маған не айтқың келеді?* – деп сұрайық.

Дегенмен мына: *Бірақ оны толығымен құртпаймын!* – деген жұбату сөздерге де назар аударыңыз. Күнәнің жазасы – мәңгілік өлім, бірақ Құдай Өз балаларын қысқа мерзімге ғана жазалайды. Құдай Өзінің қалаған ісіне қол жеткізген кезде, барлық ауыртпалықтар жойылады. Өйткені біз заңның қарамағында емес, керісінше рақымдылықтың қарамағындамыз. Құдай бізді тәрбиелеу мақсатымен жазалайды, бірақ мүлдем жойып жібермейді. Біз әділетсіздермен бірге құрып кетпеу үшін, Құдай бізді теріс жолдан қайтарып, Өзінің жолына түсуге жетелейді.

**МЕНІҢ АТЫМНАН ӘКЕМНЕН НЕ СҰРАСАҢДАР  
ДА ОРЫНДАЙМЫН, СОНДА ӘКЕНІҢ ҰЛЫЛЫҒЫ ӨЗІНІҢ  
ҰЛЫ АРҚЫЛЫ КӨРІНЕДІ**

Жохан 14:13

Сенушілердің бәрі бірдей Исаның атынан дұға етуді үйрене алған жоқ. Тек Иса үшін ғана емес, Ол сыйлаған билікпен және Оның атымен дұға еткен дұрыс. Кейде Иеміздің атымен белгілі бір нәрселер туралы сұрауға батылымыз бармайды, себебі бұл бізге Оны қорлағандық сияқты болып көрінеді, дегенмен егер өтінішіміз Құдайдың еркіне сай болып, Оның атымен дұға етсек, онда сұраған нәрселеріміздің міндетті түрде берілетінін білеміз.

Әкенің ұлылығы Өзінің Ұлы арқылы көрінген кезде, дұға табысты болады. Бұндай дұға Оның шындығы мен сенімділігін және құдіреті мен рақымдылығын дәріптейді. Исаның атымен жасалған дұға Құдайдың құлағына шалынғанда Әкенің Ұлына деген сүйіспеншілігін ашады, сондай-ақ Әкесінің Оған сыйлаған даңқын да көрсетеді. Исаның даңқы мен Әкенің даңқы бір-бірімен тығыз байланыста екендігі соншалық, бірін дәріптеген рақымдылық, бір мезгілде екіншісін де дәріптейді. Бұлақта су көп болса, одан ағып шығып жатқан су да көп болмақ. Егерде дұғамыз Иеміздің абыройын түсірсе, дұға етпеген болар едік, бірақ Ол біздің дұғаларымыз арқылы мадақталатын болғандықтан, Құдай мен Оның халқы бірге қуаныш табатын Оның киелі атына үздіксіз дұға етеміз.

**ӨЗ КҮНЭЛАРЫН ЖАСЫРАТЫН АДАМ ОҢБАЙДЫ!  
АЛ КҮНЭЛАРЫН МОЙЫНДАП, ДОҒАРАТЫН АДАМҒА  
ҚҰДАЙ РАҚЫМШЫЛЫҚ КӨРСЕТЕДІ**

Нақыл сөздер 28:13

Бұл уәде теріс жолынан қайтып, Құдайға бет бұруға дайын күнәһар үшін қайырымдылыққа апаратын жол. Оған өз күнәларын жоққа шығарудың қажеті жоқ. Біреу өтірікші болғандықтан, күнәларын кемітіп көрсетсе, біреу күнәларын екіжүзділіктің салдарынан жасырады, ал біреу мақтаншақтықпен күнәларын жоққа шығаруға тырысады, енді біреулер болса, күнәларын ашық мойындап тәубе етудің күшімен күнәларынан ақталады және ол осының көмегімен күнәларын мүлдем жоюды қалайды. Күнәні мойындау мен оны қалдыру – бұл бір-біріне ілесе жүретін екі құбылыс. Құдайдың алдында шынайы тәубеге келу заңсыздықты мойындаудан, күнәһарлығыңды жете түсінуден және күнәні жек көруден тұрады. Біз ешуақытта өз күнәларымызды басқаларға аударып немесе айналада болып жатқан жағдайлар мен тәни әлсіздігімізге сілтеп, ақталмауымыз керек. Керісінше, күнәларымыз туралы ашық айтып, айыбымызды толық мойындауымыз керек. Сонымен теріс жолдан қайтып, Құдай жолына түспей тұрып, Одан рақым күтудің керегі жоқ.

Сондай-ақ біз зұлымдықты тастап, күнәларымыздан бір-жолата бас тартуымыз керек. Біз әлемнің Әміршісіне тікелей жақын бола тұрып, Оған қарсы бүлік шығара алмаймыз. Біз өзіміздің күнәлі әдеттерімізден бас тартумен қатар, бізді теріс жолға итермелейтін адамдар мен іс-әрекеттерден және кітаптардан алшақ болуымыз керек. Біз кешірімге тәубе ету мен түзелудің арқасында ие болмағанымызбен, солардың көмегі арқылы Иса Мәсіхтің асыл Қанына деген сеніммен ие боламыз.

## ЕЛІШЕ ОҒАН: ҚОРЫҚПА, БІЗДІҢ ЖАҒЫМЫЗДАҒЫЛАР ОЛАРҒА ҚАРАҒАНДА ӘЛДЕҚАЙДА КӨП! – ДЕДІ

Патшалықтар туралы 4-жазба 6:16

Еліше пайғамбар тұрған қаланы атты арбалы орасан көп әскерлер қоршап алды. Сонда оның жас қызметшісі қатты үрейленді. Мұндай көп әскерлерден бұлар енді қалай қашып құтылмақ? Дегенмен Еліше пайғамбардың рухани көзі ашық болатын. Ол жаудың әскерінен әлдеқайда жақсы қаруланған қалың әскер тобын көрді. Құдай жіберген бұл әскерлер Еліше мен оның қызметшісін жамандықтан сақтауға даяр тұр еді. Ал Елішенің қызметшісінде болса бұны көру қабілеті болмады. Отты аттар кәдімгі аттардан құдіретті, ал отты арбалар темір арбалардан әлдеқайда артық.

Қазір де дәл солай. Шындықтың қарсыластары сансыз көп, сондай-ақ олар ықпалды, сауатты әрі зұлым және олар ешқашан да шындыққа жақсылық тілемейді, бірақ соған қарамастан Құдайдың адамында қорқынышқа себеп жоқ. Көзге көрінетін және көрінбейтін құдіретті күштер шындықтың жағында. Құдайдың жасырын күші мен құдіреті бақытсыздық келген кезде айқын көрінеді. Шындық пен жақсылық атаулыны күзеткен күштер зұлымдықтың күшінен әлдеқайда басым. Біз қауіпсіздіктеміз, сондықтан қорқыныш атаулының бәрін қуатын құпия қуанышқа ие болып, қайраттана алға басайық! Біз Жеңімпаздың жағындамыз! Күрес ауыр болуы мүмкін, бірақ біз оның жеңіспен аяқталатынын анық білеміз. Тірі Құдайға деген тірі сенім сан мыңдаған жау әскерлерінен әлдеқайда мықты. *Біздің жағымыздағылар оларға қарағанда әлдеқайда көп.*



**ОНЫМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА БОЛҒЫҢ КЕЛСЕ,  
ОЛ ӘРҚАШАН ДАЙЫН**

Шежіренің бірінші кітабы 28:9

Біз Құдай Иемізге аса мұқтажбыз, ал Ол әрдайым бізге өте қажет болған жерден табылады; егер Оны іздесек, Ол бізден жүзін жасырмайды. Бұл Құдайдың жүзін көру үшін еңбек сіңіруге не болмаса Оның батасын сатып алуға қабілеттімін дегенді білдірмейді, керісінше бізде *Онымен тығыз байланыста болсақ екен* деген ізденіс болуы керек екендігін білдіреді. Құдай Иені танитын адамдар әрдайым дұға үстінде болып әрі Оған ризашылықпен өздерін толық бағыштап, Оның жүзін іздеуді тоқтатпауы керек. Сонда Ол батасын береді және оны Өзімен болған қарым-қатынастан айырмайды. Ал енді жандарына тыныштық беретін Құдайды әлі танымайтындар жеделдетіп Құдайдың жүзін іздесін және Оны тауып, Құтқарушым әрі Құдайым деп қабылдамайынша, ізденісін тоқтатпасын.

*Онымен тығыз байланыста болғың келсе, Ол әрқашан дайын!* Бұл уәде ізденісте жүрген әрбір адамның жанын қанағаттандырмақ! Иә, егер сен Құдайды шынымен іздеп жүрген болсаң, табуың керек. Ал тапқан кезде, шынайы өмір мен мәңгілік кешірімге ие боласың. Сонда Құдай сені желеп-жебейді әрі тазалайды. Қымбатты дос, Құдайды шындап іздегің келе ме? Онда уақытты босқа өткізуден сақтан! Оны қазірден бастап ізде! Сенің Оны таба алатын жерің дәл осы жер, әрі оған уақыт та келді! Қатайған тізеңді бүгіп, қайқиған беліңді иіп Жаратқан Иеміз – тірі Құдайға, зарлап өтініш ет! Исаның атымен Құдайдан күнәларыңды кешіруін және ақтауын сұра. Сонда өтінішің қабыл алынбай қалмайды.

**СОНДА ЖҰРТ БЫЛАЙ ДЕЙТІН БОЛАДЫ: ӘДІЛ АДАМ  
ІСТЕРІНІҢ ЖЕМІСІН КӨРЕДІ ЕКЕН! ЖЕРДЕ ӘДІЛДІКТІ  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҚҰДАЙ ШЫНЫМЕН БАР ЕКЕН!**

Забур 57:12

Бұл өмірдегі Құдайдың соттарын әрдайым да мүлтіксіз танып-білу мүмкін емес, өйткені көп жағдайларда барлық адамдар түгелімен бір бақытсыздыққа ұшырауы мүмкін. Әйтсе де бұл – жазалау немесе күнәнің төлемі емес, керісінше бұл – сынақ. Құдай Өзінің әділдігімен кейде біздің өмірімізде өте қорқынышты құбылыстарға жол береді, тіпті бейқам адамдардың өзі де оларды Құдайдың қолы деп мойындауға мәжбүр болады.

Әділдер осы өмірде-ақ ерекше маңызды сыйға ие болады, бұл сый – жүректі тыныштандыратын Құдайдың жайдары жүзін көру. Кейде адамдар басқа да сыйларға ие болады, себебі Құдай ешуақытта да адамға қарыздар болғысы келмейді. Сондай-ақ әділ адамның басты сыйларының бірі – болашақ өмірге даярлану.

Халықтар тарихына тереңірек үңілсек, олардың тағдырына ұлы Әміршінің тікелей қатысы бар екеніне көз жеткіземіз. Ол әрқашан қанаушылардың тағын құлатып, қылмысты халықтарды жазалап отырды. Дүниедегі патшалықтардың пайда болуы мен олардың жойылуын зерттей отырып, шындықты сақтап, зұлымдықты аяусыз әділ айыптайтын құдіретті күшті көрмеу мүмкін емес. Күнә жазасыз, жақсы іс сыйсыз қалмайды. Бүкіл әлемнің Төрешісі әділ сот жүргізеді. Сондықтан да әділетсіздердің алдында қалтырамайық, керісінше әділ Төреші – Құдайдан қорқайық.

**ОЛ СЕНІ АЛТЫ РЕТ АПАТТАН ҚҰТҚАРЫП,  
ЖЕТІНШІ РЕТ ТЕ ЗИЯН КӨРМЕЙСІҢ**

Әйүб 5:19

Елифаз бұл жерде шындықты айтты. Бір аптада қанша жұмыс күні болса, бізде де сонша шаруалар мен бақытсыздықтар болуы мүмкін, дегенмен осы алты күнді жаратқан Құдай, бізді толық құтқарып алмайынша, біз үшін еңбек етеді. Демалыс күнінің уақыты келгенде Құдайдың кеудесіне басымызды сүйеп, тыным табатын боламыз. Бізге үсті-үстіне келіп жатқан қиыншылықтар сенімізді тексеру үшін жіберілген ауыр сынақтар болып табылады. Сөйтіп бір соққыдан есімізді жиғанша, екіншісі келеді, сонда біз соққыдан еңсеміз мүлде көтерілмейтін шығар деп ойлаймыз. Дегенмен құтқарылу да іле-шала соншалық жылдамдықпен келіп, бізді шектен тыс қуанышқа бөлейді. Қайғы-қасірет балғасы темір соғатын төсте жаңа ән тудырады. Тіпті, үстімізге алты түрлі апат қаһарын төксе де, Иеміздің жол бергенінен артық бірде-бірі басымызға түспейтініне толық сенімдіміз.

Кейде бізге жеті апаттың бәрі бірдей тап келіп, бір күн де тыным болмауы мүмкін. Ондай жағдайда не істемекпіз? *Ол сені алты рет апаттан құтқарып, жетінші рет те зиян көрмейсің.* Зұлымдық бізге шынымен қауіп төндіре алады, дегенмен ол бізге қол созым жер қалғанда тоқтайды және одан әрі жақындай алмайды. Оның ыстық демі бізді азаптауы мүмкін, бірақ ол бізге шынашағын да тигізе алмайды.

Сонымен, белімізді бекем буып, алты немесе жеті апатқа батылдықпен қарсы шығайық! Исаны Құтқарушым деп қабылдап, бойына Киелі Рух дарыған адам қорқынышқа жол бермейді.

**ОНЫҢ АШУ-ЫЗАСЫ БІР МЕЗЕТКЕ ҒАНА,  
АЛ РАҚЫМЫ БҮКІЛ ӨМІРГЕ СОЗЫЛАДЫ.  
ТҮНГЕ ҚАРАЙ ЖЫЛАУ-СЫҚТАУ ЖАЙЫЛСА ДА,  
ТАҢ СӘРІДЕ ҚУАНЫШТЫ ӘН ШЫРҚАЛАДЫ**

Зәбүр 29:6

Құдай Әкеміздің қаһарына ілінген аз ғана уақыт бізге шексіз ұзақ сияқты болып көрінеді, ал шын мәнінде Оның ашу-ызасы бір мезетке ғана созылады. Егер біз Оның Рухын ренжітетін болсақ, Ол бұл ісімізді әрине құптамайды; дегенмен Ол бізді кешіріп, қателіктерімізді ұмытуға даяр. Құдайдың рақымынан айрылу біз үшін өте ауыр болса, ал игілігі бізді жаңартады.

Бұл аяттан Құдайдың уәдесінің тағы да бір қырын көреміз. Түнімен көз жасымызды бұласақ та, күн шыққанда өксігіміз қуанышқа айналатын болады. Осылайша сенушілерге берілген жазаның қысқалығынан Құдайдың қайырымдылығын көреміз. Ол Өзінің таңдаулыларына дүрені лажсыздан қолданады. Сондықтан Ол бір-екі соққыдан кейін жазалауын тоқтатып, балаларының бар көрген азабының орнын Өзінің рақымға толы қуанышымен толтырады.

Қадірлі жан, Құдайды қазірден бастап-ақ мадақтай бер! Түні бойы жылай бермей, таң атуға жақын қалғанын алдын ала сезіп, көз жасыңды құрғат. Бұл көз жасы – таңғы күн сәулесіндей жақсылық әкелетін шық тамшылары. Көз жасы Құдайдың рақымын терең тануға түйсігімізді ашып, біз үшін аса қымбат бағалы Өзінің игілікті еркін білуге көмектеседі. Қайғы-қасірет түні өзінің көлеңкесімен біздің жандүниеміздегі жарықты ашып көрсетеді.

**АДАМНЫҢ АШУЫ ДА ШЫҒАРАДЫ ДАҢҚЫҢДЫ,  
ЖУАСЫТАСЫҢ ҚАЮАРДАН АМАН ҚАЛҒАНДЫ**

Зәбүр 75:11

Әділетсіздер әрдайым ашулы жүреді. Біз олардың ашуын көтере білуіміз керек, себебі Құдай бізді осы дүниеге жарық болсын деп таңдап алған. Егер біз осы дүниелік болсақ, бұл дүние бізді жақсы көрген болар еді, бірақ бұл дүние бізді жақсы көрмейді, себебі біз бұл дүниеден емеспіз. Дегенмен, біздің жұбанышымыз зор, өйткені адамның ашуы Құдайдың ұлы даңқын одан да жоғары асырады. Әділетсіздер ашу-ызамен Құдайдың Ұлын айқыш ағашқа шегелеген кезде, Құдайдың жоспарын орындап жатқандарын білген жоқ. Бүгінгі күні де Құдайдан алшақ адамдар әр түрлі зорлық-зомбылық іс-әрекеттерімен дәл соны істеуде. Олар өздерін еріктімін деп ойлағанымен, өздерін өздері шынжырдағы қылмыскердей ұстайды әрі құдіретті Құдайдың жоспарын еріксіз орындап жатқандарын түсінбейді. Әділетсіздердің шабуылы жеңіліспен аяқталады және өз жоспарларын өздері бұзып, өздерін өздері мерт қылады. Олар бізге шындап зияны тиетіндей зұлымдық жасай алмайды. Мәсіхшілерді өртеген кезде, адамдарда зор қарсылық туындатқан басқа нәрсе емес, оттан шыққан түтін болды.

Ал Құдай керек кезінде қарсыласымызды шынжырлап, оның шабуыл жасауына тиым салады. Ол асау жаудың ашуын басып, жуасытады. Ол тасқын судың ағысын тоқтатын су диірменге ұқсайды, ал судың диірменнен өткен шамалы бөлігін дөңгелекті айналдыру үшін қолданады. Сондықтан да күрсіне бермей, керісінше ән салайық! Тіпті, жаманшылық дауылы қаншалықты қатты соқса да аяғы жақсылықпен бітеді.

## МЕН ӨЗІМДІ СҮЙЕТІНДЕРДІ СҮЙЕМІН, ШЫН ПЕЙІЛМЕН ІЗДЕЙТІНДЕР МЕНІ ТАБАДЫ

Нақыл сөздер 8:17

Даналық өзін жақсы көргендерді жақсы көреді; ол өзін іздегендерді іздейді. Дана болуға ұмтылған адам ақылды адам, кім даналықты бар ынтасымен іздесе, сол көп ұзамай оны табады. Жалпы даналық туралы айтуға болатын нәрселердің бәрі де Құдайдың даналығын тәнде жүзеге асырған біздің Иеміз Исаға қатысты. Сондықтан да Оны жақсы көріп, іздеуіміз керек, сонда біз кейін Оның сүйіспеншілігіне бөленіп, жанымыз рақат табатын болады.

Біздің міндетіміз – осы өмірде Исаны мүмкіндігінше ертерек табу. Өмірін жастайынан Исамен бірге өткізіп жатқандар шынымен бақытты жандар. Исаны іздеу ешуақытта да ерте болмайды. Өз өмірінде Исаны ерте іздегендер, Оны сөзсіз табады. Міне, сондықтан да бізге Оны ертерек және бар ынтамен іздеу керек. Табыстың дәмін татқан көпестер, әдетте ерте тұрады, сол сияқты қазір табысқа жетіп жатқан қасиеттілер де кезінде Құтқарушыны ерте іздеген. Біз сияқты Исаны қабылдап, шынайы қазынаға ие болғандар, Оны кезінде шын жүректен іздеген адамдар. Біз ең алдымен Құтқарушыны іздеуіміз керек. Ең басты орын Исаға берілуі керек. Онымен ешкім де, еш нәрсе де теңесе алмайды!

Оның Өзін табуға мүмкіншілік бергені жақсы. Ол Өзін іздегендерге күннен-күнге ашыла түседі. Сөйтіп бізді Өзімен барған сайын тығыз қарым-қатынаста болуға тарта түседі. Өздері бір кезде тауып алғаннан бастап, күнделікті қарым-қатынаста болған Құдайдың жүзін әрқашан іздейтін адамдар бақытты.

Құдай Ием, мен Сені таптым! Енді менің қуанышым мейлінше толық болғанша, Сені бұрынғыдан да терең танып-білуге көмектесші!

МЕН ДАНАЛАРДЫҢ ДАНАЛЫҒЫН ЖОЙЫП,  
АҚЫЛДЫЛАРДЫҢ АҚЫЛЫН ЖОҚ ҚЫЛАМЫН, –  
ДЕЛІНГЕН ҒОЙ

Қорынттықтарға арналған 1-хат 1:19

Бұл аят Құдайдың қаһарына ұшырау қаупі бар екенін білдіреді және осы дүниенің даналарын айыптайды, алайда бұл қарапайым сенушілер үшін уәде болып табылады. Өздерін білімдімін деп санайтындар Құдайдың қарапайым балаларының сенімін әрдайым да жоққа шығаруға әрекет етеді. Дегенмен, олардың дәлелдері күдікті болып, қағидасы өз-өзінен жойылады және құпия жоспарлары жария болып, мақсаттарына жетпес бұрын-ақ әшкереленеді. Сөйтіп олардың әрекеттері жеңіліске ұшырайды. Ал Иса тірі тұрғанда, ежелден бері келе жатқан Інжіл ешқашан да жойылмайды. Егер де оны жою мүмкін болса, ол әлдеқашан-ақ жер бетінен жойылып кеткен болар еді.

Біз даналардың даналығын жоққа шығара алмаймыз, әрі бұл бағытта әрекет етудің қажеті де жоқ, себебі бұл міндет бізге қарағанда әлдеқайда сенімді қолдарда. Бұл іспен Құдайдың Өзі айналысады және Ол: *Жоюмын!* – дейді. Құдай ешуақытта да бостан босқа шешім қабылдамайды. Ол бұл аятта Өзінің ниеті туралы екі қайтара айтады, сондықтан біз Оның бұл ойынан бас тартпайтынына нық сенімді бола аламыз.

Бір кезде Құдай даналардың даналығын жойып, ақылдылардың ақылын жоқ қыламын деген уәдесін орындайтын уақыт келеді. Егерде Құдай пәлсапа мен осы дүниенің даналығына қолын тигізсе, онда Ол Өз ісін аяқтайды! Сөйтіп олардың тамаша сырт көрінісінен ешнәрсе де қалмайды, Құдай оларды түп тамырымен жұлып алып тастайды. Себебі Киелі Жазбада солай деп жазылған. Құдайым, бұны тезірек орындашы! Аумин.

**МЕН ҚОЙЛАРЫМДЫ ӨЗІМ БАҒЫП,  
ОЛАРДЫ ТЫНЫҒАТЫН ЖАЙЫЛЫМДАРҒА АПАРАТЫН  
БОЛАМЫН, – ДЕЙДІ ЖАРАТҚАН ИЕ ҚҰДАЙ**

Езекиел 34:15

Құдіретті Бақташының қамқорлығының саясында жүрген сенушілер өздеріне қажеттінің бәрін де иеленеді. Олар адам ойынан шыққан бос сөздерге мұқтаж емес, өйткені Құдай Иеміз оларды Өзінің ақиқи аяндарының құнарлы тағамымен тамақтандырады.

Киелі Рух жүрекке Киелі Жазбаны ұсынған кезде, адамның жаны шынайы азықпен тамақтанады. Барлық сенушілер үшін ақиқи азық – Исаның Өзі. Бұл жерде біздің жанымызға қажетті ақиқи тамақты ұлы Бақташымыздың Өзі беретінін уәде етеді. Жердегі бақташымыз жексенбі күні құр қол келсе де, Тәңір Иеміз ешқашанда құр қол болмайды. Рухымыз қасиетті шындыққа толы болса, жанымыз тыным табады. Құдаймен тығыз қарым-қатынаста жүрген адамның жүрегі әрқашан тыныштыққа бөленіп тұрады. Ондай адамды иттің үргені қорқытпайды, қасқыр да тартпайды және олар арлы-берлі жүріп, дамылсыз сергелдеңге де түспейді. Керісінше, олар тыным тауып, өздері рақаттана жеген рухани азығын іштей қорытады. Құдайдың рақымға толы өсиеті бізге тек күш беріп қана қоймай, жұбаныш та береді. Құдай ұсынған бұл күш пен жұбанышта рухани пісіп-жетіліп, тыным табуға қажеттінің бәрі де бар. Егер уағызшылар жанымызға тыныштық бере алмаса, оны Құдайдан күтейік.

Құдай бізді бүгін Өз Сөзінің жасыл жайлауында бақсын! Бұл күн тіршіліктің қамымен бекер өтпей, керісінше Құдайға табыну мен терең тыныштықта өтсін.



## МЕН ЕКІ ҚОЙДЫҢ АРАСЫНДА ӘДІЛДІК ОРНАТАМЫН

Езекиел 34:22

Кейбіреулер күйлі әрі күшті, сондықтан да олар әлсіздерге дөрекілікпен күш көрсетеді. Бұл көп қайғыға душар ететін ауыр күнә. Әлсіздер мен ауруларға деген немқұрайдылық – өзін мәсіхшілерміз деп атайтындардың арасындағы ең қайғылы жайт. Құдай бұндай тәкаппар әрі дөрекі мінезқұлықты көргенде ашуланады, өйткені Ол әлсіздерді жақсы көреді.

Құрметті оқырман, сен жек көрініштілер мен шеттетілгендердің қатарындамысың? Сен қайғылымысың? Сені әрдайым сергек жүретінің үшін шеттетеді ме? Сені өз бауырларың қатал айыптап жүр ме? Алайда сен оларды бұл қылықтары үшін күнәлама және олардың істегенін өздеріне дәл сондай жолмен қайтарма. Басыңнан өтіп жатқан барлық жағдайыңды Құдайдың қолына тапсыр. Ол әділ Төреші. Біз не үшін өзімізді Құдайға тапсыруымыз керек? Өйткені Ол бізден гөрі әлдеқайда әділ соттайды. Ол өз уақытында соттайды, сондықтан бізге сотты тездетіп, асығыстық жасаудың қажеті жоқ.

Құдайдың сотында қасарысқан қысымшылар қалтырайтын болады! Тіпті, егер ол қазір жазаланбай, өзін басқалардан артық санап жүрсе де, оның барлық тәкаппар сөздері тізімделіп жатыр, сондықтан бір кезде оны ұлы Төрешінің тағының алдына әкеліп, жауап талап ететіні анық.

Шыда, қадірлі жан, әлі де шыда! Құдай Ие сенің қайғыңды жақсы біледі және Ол сенің қайғыңа ортақтасады да!

## СЕНДЕРДІ ТАЗАРТУ ҮШІН АЗАП ОТЫНАН ӨТКІЗДІМ

Ишая 48:10

Бұл аят біздің ұранымыз сияқты ұйықтайтын бөлмеміздің қабырғасында жапсырулы тұрғанымен, әрқайсымыздың жүрегімізде әр түрлі жазылған. Құдайдың таңдаулысы болу – ұлы мәртебе. Құдайдың таңдаулылары басқа адамдарды да ақиқи таңдаулыларға айналдырады.

Халықтың таңдаулысы болғаннан гөрі, Құдайдың таңдаулысы болған әлдеқайда артық. Бұл ұлы артықшылық. Сондай-ақ таңдалумен ілесе жүретін шығынға төзу де ұлы артықшылық. Кезінде иудей халқы да құтқарылу үшін құрбандыққа сойылған қозының етіне ащы шөпті де қосып жеген, сол сияқты біздің өмірімізде құтқарылғандығымызға қоса көретін қиыншылығымыз да бірге ілесе жүреді. Біз сынақ отын таңдаймыз, өйткені Құдай бізді Мәсіхте таңдады.

Ол бізді бақытты шағымызда емес, көбінесе бақытсыздықта болған кезде таңдайды; Ол бізді салтанатты сарайда емес, сынақ отында таңдайды. Бұл сынақ отында сұлулық жойылып, керемет келбет құриды, бекініс балқып, осы дүниелік атақ-даңқ жоқ болады, бірақ сүйіспеншілікке толы Құдай сол азап отына салған жерде Өзінің құпиясын ашып, таңдап алады. Бізбен де осылай болды. Ауыр азап кезінде, Ол біздің не үшін таңдалғандығымыз бен Оған қалай қызмет ету керек екенімізді анықтап берді, сөйтіп біз оны қабылдадық; міне, сонда біз Тәңір Иені өзіміздің Құдайымыз етіп таңдадық, ал Ол бізге Өзінің анық таңдаулылары екендігімізді көрсетті. Сондықтан да егер Ол сынақ пешін әдеттегіден жеті есе қатты қыздырса да қорықпаймыз, себебі қызған шоқтың үстінде Құдайдың даңқты Ұлы бізбен бірге жүреді.

**АЛ МЕН КӨМЕККЕ ШАҚЫРАМЫН ҚҰДАЙДЫ,  
ЖАРАТҚАН ИЕМ МЕНІ ҚҰТҚАРАДЫ**

Зәбүр 54:17

Иә, мен дұға етуге тиістімін әрі менің дұға еткім келеді де. Шынында да мен басқа не істеуім керек? Мен үшін дұға еткеннен артық жақсы не бар? Опасыздық көріп, тастандыдай болған, өкпелі және үміті ақталмаған мен Саған зарымды айтамын Құдайым. Жауларым үйімнің күлін көкке ұшырды, енді өзімді таспен атқылап өлтіргісі келеді, дегенмен мен өзімді осы азаптар арқылы алып өтетін Құдайдан қуат аламын. Ол мені бұдан бұрын да талай қиыншылықтардан алып шыққан. Құдіретті Құдай мені құтқарады және Оның мені шынымен құтқаратынына нық сенімдімін.

Мені Құдайдан басқа ешкім де құтқара алмайды. Мен адамның күшіне сенбеймін және олардың көмегін пайдалануға қаншама мүмкіншіліктер туып тұрса да, олардан көмек күтпеймін. Құдай Иемді таң ертең де, тал түсте де, кешке де шақырамын, көрер көзге күшті болып көрінген пендеге өтініш жасамаймын.

Ол мені қалай құтқаратынын білмеймін, бірақ қайтсе де құтқаратынын анық білемін. Ол бұны ең дұрыс жолмен және кең де ақиқи әрі толық мәнде орындайды. Құдай мені бұл азаптан да, сондай-ақ кейінгі келетін қиыншылықтардың бәрінен де алып шығады, әрі бұл Оның тірі екендігінің дәлелі болмақ. Ажалымыз келгенде мәңгіліктің құпиялары да ілесе келеді, сол кезде де осы: *Жаратқан Ие мені құтқарады!* – деген сөздер шындық болып қала береді. Бұл сөз бүгін де күні бойы менің жырым болсын. Бұл өмір беретін ағаштың әбден жетіліп піскен жемісіндей емес пе? Мен онымен қоректенемін. Оның дәмі неткен ұнамды еді!

**ОЛАРДЫҢ КҮЙІ МОЛЫНАН СУАРЫЛАТЫН  
БАҚТЫҢ КҮЙІНДЕЙ БОЛАДЫ**

Еремия 31:12

Егер жанымыз Құдайдың қамқорлығының рақатын көріп, бұдан былай құлазыған шөл дала болмай, керісінше Құдайдың саялы бағына айналса, қандай тамаша болар еді. Рас, жанымыз әлі шөл далада, дегенмен ол рақымдылық керегесімен қоршалып, өсиеттермен көшеттеліп, сүйіспеншілікпен көмкеріліп, Құдайдың басшылығымен тәрбиеленіп, күшімен сақталады. Бұндай игілік көрсетілген жан Құдайға жеміс алып келуге даяр.

Жеткілікті мөлшерде суарылмаған бақ құрғап, шөптері солып, тіпті мүлдем құрап кетуге жақын қалады. Қадірлі жан, егер Құдай сені тастап кетсе, не болар еді? Шығыста бақ сусыз өте тез құрайды, тіпті бақ болудан қалады. Ал үздіксіз суарылып тұрған бақ жайқалып өсіп, қараған адамның көңілін қуантатын болады. Киелі Рух та біздің жанымызды дәл солай суарсын. Әрбір ағаш пен әрбір өсімдік әрдайым су ішіп тұру үшін, бақтың әр бөлігінде өз су құбыры болуы керек. Сағат сайын жылу ғана емес жігерлендіру де алып келу үшін, сондай-ақ әркім өзіне керектіні алуы үшін даналық та қажет. Өсімдіктің түсінен бақтың қай жерінде су ағып жатқанын оңай білуге болады, сол сияқты сіз де Киелі Рухтың қайда іс-әрекет жасап жатқанын оңай біле аласыз.

Құдайым, мені мол жеміс алып келуге жігерлендірші.

**ӘУЛЕТІМДІ ТӘҢІР ИЕМ БЕКІТКЕН, МӘҢГІ КЕЛІСІМ  
ЖАСАДЫ МЕНІМЕН, БАРЛЫҚ ЖАҒЫНАН ДА ТОЛЫҚ  
РЕТТЕЛГЕН, ТӘҢІР БҰЛ УӘДЕСІН НАҚТЫ БЕКІТКЕН,  
ИЕМ МЕНІ ӘРҚАШАН ҚОРҒАМАЙ МА,  
ЖҮРЕК ҚАЛАУЫМДЫ СЫЙЛАМАЙ МА?**

Патшалықтар туралы 2-жазба 23:5

Бұл бір ғана уәде емес, бұл уәделердің толық жиынтығы және інжу-маржанға толық қобдиша. Құдайдың келісімі бізбен бірге – бұл барлық құнды қазыналар сақталатын қойма.

Бұл хал үстінде жатқан адамның соңғы сөздері, сол сияқты менің аузымда да бүгін осындай сөздер болуы керек. Біз бұл аяттардан жан даусын көкке бағыттаған адамның сөздерін оқып отырмыз. Мен де өткен өмірімнің Құдайға ұнамды болғанын қалар едім, бірақ менің өмірімде де, отбасымда да әлі бұлай емес. Сондықтан менің жастанған жастығым қайғы-қасірет пен күнәлардың зардабынан және тіршіліктің қамын жеудің салдарынан өте қатты болып сезіледі.

Дегенмен, мұнда жұбаныш та ұсынылып тұр: Ол менімен мәңгі келісім жасады әрі оны Өзінің Қанының мөрімен бекітті. Сөйтіп, мен Құдайыммен, ал Ол менімен бірікті.

Демек, бұл келісім біздің үстімізден өзінің қорғаушы қолын созып тұр. Бұл келісім мәңгі және әбден ретке келтірілген әрі дәлелді. Сондықтан уақыт озған сайын бұл ескіреді не болмаса ұмыт болады деп қорқудың мүлде қажеті жоқ. Бұл келісім үміт артуға болатын мықты жартас сияқты.

Бұл келісімнен қанағат табамыз: енді бізге құтқарылу үшін немесе жеке басымыздың қуанышы үшін басқа еш нәрсе істеудің қажеті жоқ. Күнәміздің құны өтелген біз бақыттымыз. Бұл келісімде адам жанына керектінің бәрі де бар.

Қадірлі жан, бүгін Өз халқымен келісім бекіткен Тәңір Иеңе жүгін. Сөйтіп Ол сен үшін теңдессіз қазына болып қала берсін!

**АЛ ЖАРАТҚАННЫҢ ӨЗІ МӘНГІ ҚАЛАДЫ!  
СЕНДЕРГЕ УАҒЫЗДАЛҒАН ІЗГІ ХАБАР –  
ОСЫ МӘНГІЛІК ҚҰДАЙ СӨЗІ**

Петірдің 1-хаты 1:25

Адамзаттың ойынан шыққан ілімдердің бәрі, тіпті, бүкіл тіршілік жайылымындағы шөптей жойылуға тиіс. Ал мұнда елші Петір бізді Құдай Сөзі – бұл мүлде басқа нәрсе, сондықтан ол мәңгі қалады деп сендіреді.

Бұл аятта біздің алдымызға Құдай Өзінің Ізгі хабарын жайып салып отыр; Құдайдың аузынан шыққан сөзден басқа сөздер мәңгі сақталуы мүмкін бе?

Біздің қолымыздағы Інжіл бұрын қандай болса, бүгін де дәл солай құдіретті күшке ие. Ол бұрын адамдарды қалай теріс жолдарынан қайтарса, бүгін де дәл солай бізді теріс жолдарымыздан қайтып, Құдай жолына түсуге және Оған жүгінуге шақырады. Құдай сөзі қай уақытта болса да күшінде, Ол бізді жандандырады, жұбатады, адалдықта сақтайды және тазалайды.

Біздің қолымызда мәңгі тұрақты күйінде қалатын Інжіл бар; ол бүгін көгеріп, ертең құрғақ сабанға айналатын шөпке ұқсамайды, керісінше ол еш өзгермейтін Құдайдың ақиқаты болып қала бермек. Адамдардың пікірі өзгеруі мүмкін, бірақ Құдай куәландырған шындық Құдайдың Өзіндей өзгеріссіз.

Сонымен, біздің қолымызда жүрегімізге қуаныш беретін Інжіл бар. Бұл – Құдай Сөзі, сондықтан біз Оған бар үмітіміз бен ауыртпалығымызды арта аламыз. Өмір мен өлім, сот және басқа да барлық жағдайлар Құдай Сөзі арқылы мәңгі шешімін табады. Осы ұлы жұбаныш үшін Құдайдың даңқы Иса Мәсіх арқылы мәңгі арта берсін; бұл сөздерді бүгін оқы және бұл сөздер сенің өмір бойғы азығың болсын!

**МЕНИҢ ӨСИЕТТЕРІМДІ ОРЫНДАСАҢДАР,  
СҮЙІСПЕНШІЛІГІМДІ ҚАБЫЛДАП ЖҮРЕСІҢДЕР**

Жохан 15:10

Бір сөйлемдегі осы екі бөлімді – бойсұнушылықта болу мен Исаның сүйіспеншілігінде болуды бір-бірінен ажыратуға болмайды. Біздің Құдай Иені қуантатындардың қатарына жататынымызды Иса Мәсіхтің басшылығымен сүрген өміріміз ғана дәлелдей алады. Егер Құдайдың сүйіспеншілігінің нұрынан жылу алғымыз келсе, Оның өсиеттерін орындауымыз керек. Егер біз күнәда өмір сүрсек, Мәсіхтің сүйіспеншілігінде бола алмаймыз және жүрегіміз әділ болмаса, Иса бізге ризашылығын бермейді. Күнәдан арылуға ұмтылмаған адам Исаның сүйіспеншілігін танымаған адам.

Құдайдың барлық іс-әрекеті сүйіспеншілік пен мейірімге толы. Сынап ыстық пен суықтың әсерін қалай тез сезінеді? Ал Құдайдың күнәға рақымшылықпен қарап, кешіруі одан әлдеқайда жылдам. Егер өзіміз жақсы болып, ойымызбен де, сөзімізбен де, өмірімізбен де Иеміз Исаны мадақтайтын болсақ, рухани өмірімізде Оның сүйіспеншілігінің сансыз көп кереметтерін көреміз. Егер мұндай бақыттан ажырағымыз келмесе, Құдайға ұнамды, таза өмір сүруіміз керек. Біз Одан жүзімізді бұрып кетпесек, Ол бізден жүзін бұрмайды. Күнә біздің күнімізді қара бұлтша күңгірттендіреді; ал егер бойсұнып, Иемізге шын жүректен берілсек, міндетті түрде Құдайдың нұрына бөленіп жүретін боламыз, сондай-ақ Иса Әкенің сүйіспеншілігін қалай қабылдап жүрсе, біз де солай Исаның сүйіспеншілігін қабылдап жүретін боламыз. Бірақ айтарлықтай жұбаныш беретін бұл уәдеде *егер өсиеттерімді орындасаңдар* деген аса маңызды шарт бар және ол ішінде тамаша құндылықтар бар осы қобдишаны ашатын кілт сияқты. Құдайым, маған Өзіңнің қойған шарттарыңды орындауға көмектесші.

**СОНЫМЕН ТАНЫП-БІЛЕМІЗ;  
ҚҰДАЙ ИЕМІЗДІ ТАНЫП-БІЛУГЕ ҰМТЫЛАМЫЗ**

Ошия 6:3

Біз киелі Құдайды терең тануға бірден қол жеткізе алмаймыз. Біз Оны бірте-бірте тани бастаймыз, сондықтан да біздің міндетіміз – бұл танымға қол жеткізуді табандылықпен жалғастыра беру. Құдайды тану ісінде алға баяу жылжыған кезде де күдіктенбеуіміз керек, себебі біз бәрібір де оған қол жеткіземіз. Жетекшіміз Иса біз қаншалықты баяу шәкірт болсақ та, жарты жолда қалдырмайды; өйткені Оның даналығын адамның ақылсыздығы жоққа шығарса, атақ-даңқына нұқсан келмей ме? Құдай Ие қарапайымдарға ақыл берген кезде қуанады.

Біздің міндетіміз – ең маңызды нәрсені ұстану және басқа бір ерекше ілімге ұмтылмай, керісінше Иемізді терең танып білуге ұмтылу. Әкені, Ұлды және Киелі Рухты – үшбірліктегі Құдайды тану – бұл мәңгілік өмір. Сондықтан қандай болған күнде де, Оны толық тануға ұмтылайық. Егер Тәңір Иені тануға ұмтылсақ және берілген сынақтардың бәріне төзсек, құтқарылу біздің сыбағамыз болмақ. Басымыздан кешкен ауыртпалықтар мен азаптардың салдарынан біздің жанымыз көп жарақаттанады. Құдай алдымен сол жарақаттарымызды майлап-сылап, таңады. Сонымен біз өзімізді күнә үшін өлді деп санағаннан кейін ғана мәңгілік өмірге ие боламыз. Бұның нәтижесі біз құдіретті Құдайдың көрсеткен жолынан шықпай, тура жүріп, Оның алдына барған кезде қорытындыланады.

Қадірлі жан, Исаның етегінен мықтап ұста, Құдайды Иса арқылы танып-білуге ұмтыл, сонда сен Мәсіхті де танып білесің. Құдайды танып-білу – бұл дүниедегі басқа барлық мағлұматтардың ішіндегі ең ұлысы. Шындықты білдіретін Рух сені бар шындыққа жеткізеді!



**МЕН СЕНДЕРДІҢ МОЛАЛАРЫҢДЫ АШЫП, СЕНДЕРДІ,  
ХАЛҚЫМ МЕНІҢ, МОЛАЛАРЫҢНАН ШЫҒАРАМЫН;  
СОНДА МЕНІҢ ҚҰДІРЕТТІ ҚҰДАЙ ЕКЕНІМДІ БІЛЕСІҢДЕР**

Езекиел 37:13

Бұл шын мәнінде солай болмақ. Қиямет күні өліден тіріліп, өмір берілген адам бұндай қайта жанданудан Құдайдың қолын көреді. Құдай осы дүниеде рухани өлік күйінен тіріліп, шынайы бостандық берген адам қиямет күні осындай назар аударарлық ұлы өзгеріске лайық болады; бұл істі тіршіліктің бастауы, өмірдің қайнар көзі тірі Құдайдың Өзі ғана істей алады.

Бір кезде менің де рухани өліктердің сүйегі үйілген аңғарда болғаным әлі есімде. Дегенмен бір күні Құдай жарылқап, маған шексіз рақымын төкті, сөйтіп рухани өлімнен мәңгі өмірге өткізді. Рухани өліктердің арасына келіп, сенім шуағын түсірген сол күн ағыл-тегіл жарылқанған күн еді! Алайда дүниенің төрт бұрышынан соғып, мені жандандырып аспан желінің демі толық жарылқаушылық болып табылады. Енді мен мәңгі тірі Құдайдың тірі Рухын танып-білдім. Жаратқан Ие – нағыз тірі Құдай, өйткені Ол мені тірілтті! Тіпті, қаншалықты ауыр азаптар көріп жүрсем де, менің жаңа өмірім Құдайдың өлтіруге де, тірілтуге де құдіретті екендігінің дәлелі болып табылады. Жалғыз Жаратушы Ие ғана шынайы Құдай болып табылады. Ол нағыз ұлы, қайырымды әрі даңқты, сондықтан менің қайта тірілген жан-дүнием, нағыз ұлы Құдай ретінде, тек Соған ғана табынады. Оның киелі аты мадақталсын! Мен өмір бойы Оның атын мадақтап өткім келеді!

**БІРАҚ ЯЮУДА ЕЛІНЕ МЕЙІРІМ КӨРСЕТІП,  
ОЛАРДЫ ҚҰТҚАРЫП ҚАЛАМЫН. АЛАЙДА САДАҚ,  
СЕМСЕР НЕМЕСЕ АТТЫ ӘСКЕРМЕН ЕМЕС, ӨЗІМ,  
ОЛАР СИЫНҒАН ҚҰДАЙ ИЕЛЕРІ, ОЛАРДЫ ҚҰТҚАРАМЫН**

Ошия 1:7

Қандай қымбат сөздер! Құдай Өз еліне мейірім көрсетіп, оларды құтқарғысы келеді. Алайда, Ол бұны әдеттегі амалдар мен мүмкіншіліктердің көмегімен істемейді. Адамдар Құдайдың киелі атына тиісті даңқты Оның Өзіне беруді кешіктіреді. Олар ұрысқа садақ, семсермен аттанып жеңіске жетеді және бұл жеңіс үшін Құдайды мадақтаудың орнына, жұдырықтарының күшін дәріптеп, аттары мен атты әскерлерін айтып мақтанысады. Міне, сондықтан да біздің Құдайымыз халқына даңқын көрсету үшін, оларды басқа бір нәрсенің көмегіңсіз, тек жалғыз Өзі құтқарады.

Сонымен, қадірлі жан, адамға емес, тек Құдайға ғана қара! Құдайды қаншалықты анық көре бастасаң, төңірегіңдегі адамдарға үміттеніп қарауың соншалықты кеми беретінін біл. Егер Құдайдың Өзі менің жағымда екенін жақсы түсінсем, досым да, көмекшім де, тірегім де жоқ екеніне қарамастан, құтқарылатыныма толық сенімді бола аламын. Жоғарыдағы аятта айтылғандай, Құдай маған жеңісті ұрыссыз-ақ беретініне қуанамын. Егер Құдайдың Өзі мейірімін төгіп, қуатты қолдарын мені қорғау үшін көтерсе, маған атты әскерлер керек деп дұға етудің не қажеті бар? Егер Құдайдың Өзі жәрдем беріп жатса, маған семсер мен садақтың не қажеті бар? Сонымен, Жаратқан Иеме үміт артамын және бұдан былай ешуақытта да жауымнан қорықпайтын боламын. Аумин.

## ЖАРАТҚАН ИЕ СЕНДЕРГЕ ЖАР БОЛАДЫ

Шежіренің екінші жазбасы 20:17

Құдай Жосафат патшаға осындай ұлы рақымдылығын сыйлады, өйткені оған күшті қаруланған жау әскері қарсы шықты; бұл ұлы рақымдылық маған да берілген, себебі мен де үлкен бақытсыздыққа тап болып тұрмын, әрі менде күште, даналық та жоқ. Егер Құдай менімен бірге болса, онда адамдардың тастап кеткені маған мүлде маңызды емес. Егер Жаратқан Ие маған жар болса, мен өмірімде кездесетін күрестің бәрінде жеңіске жетемін және қазіргі маған беріліп жатқан сынақтар қаншалықты маңызды болса, жеңіс те соншалықты даңқты болмақ. Дегенмен, Құдайдың менімен бірге екендігін қалай білуге болады?

Егер мен Онымен бірге болсам, онда Ол да менімен бірге болады. Егер мен сенімді Оның сенімділігіне негіздеп, Оның сөздеріне үміт артсам және өсиеттеріне бойсұнсам, онда Ол міндетті түрде менімен бірге. Ал егер мен шайтанның жағында болсам, әлбетте, онда Құдай маған қарсы; егер мен Құдайды мадақтау үшін өмір сүрсем, онда Оның да мені мадақтайтынына сенімді бола аламын. Егер менің бірден-бір Құтқарушым Иса болса, онда Құдайдың өзімен бірге екендігіне толық сенімді бола аламын. Егер мен жанымды Құдайдың Жалғыз Ұлының қолына тапсырсам, онда Әке Ұлын даңқынан айырмау үшін, мені сақтауға бар күшін салатынына нық сенімдімін.

Құдайым, қысқа болса да мен үшін өте құнды осы сөзді жүрегімде сақтауға күш берші! Құдайым, осы сөзді Өз құлыңның өмірінде жүзеге асыршы! Үйде де, көшеде де, егістік даласында да, дүкенде де, қоғамда да, жалғыздықта да менімен бірге болшы! Сондай-ақ Өзіңнің барлық таңдаулыларыңмен де бірге бол!

**ЛАЙЫМ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ СЕНИМІҢДІ АРТ!  
БАТЫЛ БОЛЫП, ЖҮРЕГІҢДІ НЫҒАЙТА ТҮС,  
ЖАРАТҚАН ИЕГЕ СЕНИМІҢДІ АРТ!**

Зәбүр 26:14

Құдайға үздіксіз үміт арт! Үмітің тек Құдайда ғана болсын! Ол сенің үміт артуыңа лайықты әрі Ол Өзіне үміт артқан жанның түңілуіне ешуақытта да жол бермейді.

Құдайға үміт артқан кезінде абыржыма! Одан ұлы істерді күт және осы істері үшін Оны мадақтауға даяр бол.

*Батыл болып, жүрегіңді нығайта түс!* – деген уәде сені жігерлендіруге тиісті. Бұл уәде сен көмекке аса мұқтаж кезде пайдалануға бағышталып берілген. Егер жүрек сау болса, онда барлық мүшелердің сау болғаны. Жүрек тыныштық пен татулыққа мұқтаж. Ал Құдай оны нығайтқан кезде, ол екеуіне де ие болады. Мықты жүрек тыным тауып, қуанады әрі адамның бойына қуат береді.

Өзіне күш-қуат алу үшін, өмірдің бұл құпия бұлағына ешкім де өздігінен жақындай алмайды. Адамды тек Жаратушы Құдайдың Өзі ғана нығайтуға құдіретті. Құдай құдіретті күшке толы және Ол Өзіне мұқтаж болған адамға күш сыйлайды. Батыл бол, өйткені Құдай Өзінің күшінен саған күш береді, сондықтан сен дауылды күндерде тыныштықты сақтап, сырқатты да қуанышпен көтере алатын боласың.

Осы шағын кітапты жазып отырған мен де Дәуіт пайғамбармен бірге: *Жаратқан Иеге сеніміңді арт!* – деп айта аламын. Бұны өз басымнан өткен істерге негіздеп айтып отырымын. Өйткені Құдайға үміт артқан кезде, маған әрдайым да жақсы болатынын өзімнің көп жылдардан бергі тәжірибемнен білемін.

МЕНІҢ ХАЛҚЫМ ЕМЕССИҢДЕР ДЕГЕН ЖЕРДІҢ ӨЗІНДЕ  
ЕНДІ ТІРІ ҚҰДАЙДЫҢ РУХАНИ БАЛАЛАРЫ ДЕП АТАЛАДЫ

Ошия 1:10

Шынайы рақымдылық жат адамдарды да Құдайдың ұлдарына айналдыра алады; сондықтан Құдай Ие осы сөздерді құтқару жоспарын бүкіл адамзат үшін жүзеге асырғанын, соның ішінде бүлікшілер де бар екенін білдіру үшін айтты. Құрметті оқырман, Құдай Ие бұны менің өмірімде жүзеге асырды. Ал сенің өміріңде ше? Сондықтан Оның мадақ пен атақ-даңққа лайықты аты үшін, қолымыз бен жүрегімізді көкке жайып көтерейік! Көпшілігіміз үзілді-кесілді сенбейтін болғандықтан, Құдай Ие шынында біздің ар-намысымыз бен жүрегімізге: *Сендер Менің халқым емессіңдер!* – деп айта алады. Біз Құдайдың үйінде немесе өз үйімізде Киелі Жазбаны оқып отырғанда, жүрегімізге Киелі Рухтың: *Сендер Менің халқым емессіңдер!* – деген даусын естідік. Бұл неткен қайғылы әрі айыптаушы дауыс еді! Дегенмен, міне, дәл қазір, осы уағыз бен Киелі Жазбадан біз: ... *енді тірі Құдайдың рухани балалары деп аталады!* – деп куәландырған дауысты естиміз. Бұл үшін Құдайға жеткілікті дәрежеде алғыс айтуға қабілетіміз бар ма? Құдайдың беріп жатқан бұл рақымдылығының бәрі де ғажап емес пе? Бұл сөздер бізге басқалар да құтқарылады деген үміт бермей ме? Рақымдылықтың қолы жетпеген біреу бар ма? Құдай бізді соншалықты керемет етіп өзгерткен кезде, біз басқа біреудің бетін қайтара аламыз ба?

Бұл уәдені соншама ғажап түрде орындаған Құдай Өзінің басқа уәделерін де дәл сондай керемет жолмен орындайды. Міне, сондықтан да біз Құдайды даңқтай жүріп, сеніммен өмір сүреміз!

**ОЛ МАЙЫСҚАН ҚАМЫСТЫ СЫНДЫРМАЙДЫ,  
БЫҚСЫҒАН БІЛТЕНІ СӨНДІРМЕЙДІ**

Ишяя 42:3

Сонымен, Тәңір Ие Өз тарапынан менімен жұмсақ сөйлеседі деп толық сене аламын. Тіпті мен майысқан қамыстай тым әлсіз болсам да Ол менен бас тартпайды. Кезінде біреу: *Мен сен үшін бір тал қамыс та бермес едім!* – деген екен. Қолайсыз да болса бұл сөз шындық. Мен шынында да өзеннің жағасында өсіп тұрған бір тал қамыстан әлдеқайда нашармын, себебі қамыс қалай болғанда да басын тік ұстап тұра алады. Ал менің еңсемді уайым-қайғы әбден басқан және содан еш бас көтере алмаймын. Тіпті, дыбыс та шығара алмаймын, мен ауа ұстамайтын жарамсыз қуыс тесік сияқтымын. Дегенмен, Иса мені біржолата күйреткісі келмейді, олай болса басқалардың мені күйретпек болған әрекетіне бола мазам кетіп, құр бекер әуреге түспеуім керек. О шапағатты да мейірімді Құдай Ием, мен Сенің қанатыңның астын паналап, өзімнің қайғы-қасіретімді ұмытамын!

Бәлкім, мені жарық бермей, бықсып жатқан білтемен салыстырған жөн болар. Мен біреуге пайдалы болудан гөрі, оған ауыртпалық әкелемін бе деп қорқамын. Шайтан мені бықсыған жаман түтінің ғана қалды, нұрыңды сөндірдім, енді Құдай сенің соңғы ұшқыныңды міне-міне өшіреді деп қорқытады. Әйтсе де мен Құдайдан үмітімді үзбеймін. Менің қайырымды Құдайым тірі! Оның жүрегі мен үшін қызу соғады! Иса менің нұрымды ешқашан сөндірмейді. Жүрекке жұбаныш беретін Құдайдың осындай уәделері қандай қуанышты! Құдай Ием, мені қайтадан жандандырып, Өзіңнің даңқың үшін айналаға нұр шашуыма көмектесші!

## ӘРҚАШАН ҚҰДАЙДЫ ҚАСТЕРЛЕЙТІН АДАМ БАҚЫТТЫ

Нақыл сөздер 28:14

Құдайдан қорқу – бұл кез келген ақиқи табынудың бас-тамасы мен негізі. Құдайды қастерлеп, құрметтемей істелінген ізгілікті істер қаншалықты ауқымды әрі ұлы болса да өзіне тиісті мәнінен айырылады. Жан-дүниесімен Құдайды қастерлемеген адам ешуақытта да тазару жолымен жүре алмайды.

Құдайды қастерлеп, Оған ұнамсыз нәрселерді істеуден қорқатын адам бақытты. Қайсыбір істі жасамас бұрын, қасиетті қорқыныш Құдайдың балаларының назарын, тіпті, болмашы ғана қимылдың өзіне де аударады. Сөйтіп ол қателесуден, өз міндеттерін ұмытудан және күнә жасаудан сақтанады. Сондай-ақ ол жаман ортаға түсіп қалудан, көк мылжындыққа берілуден және жаман әдеттерден қауіптенеді. Осындай ұстамдылық адамды бақытсыз етпейді, керісінше оған нағыз бақыт әкеледі. Күнә жасап қоюдан қорқып, сергектікте жүрген адам күзетте тұрып қалғыған жасақшыдан жақсы. Төніп келе жатқан бақытсыздықты алдын ала сезіп, одан қашып құтылған адам, қамсыз жүре беріп, қапы қалған адамнан жақсы. Құдайдан қорқу – бұл адамды жыртқыш аңдар кездеспейтін дұрыс жолмен алып жүретін рақымдылық болып табылады. Жаманшылықтың аты аталғанда-ақ оған жолаудан қорқудың өзі тазаланудың белгісі. Бұндай қорқыныш адамды Киелі Рухтың күшінің арқасында бұл дүниеге ластанбай таза күйінде қалатын жерге апарып орналастырады. Сүлеймен пайғамбардың басынан бәрі де өтті. Ол зиялылар өміріне де араласып, жақсыны да, жаманды да көрді. Сондай-ақ Сүлейменде Құдайдан қорқыныш та болды. Дегенмен ол алғашқысын әбігершілікке жатқызды да, ал екіншісінен ақиқи бақыт тапты.

## ҮЙГЕ КЕЛУЛЕРІҢ МЕН КЕТУЛЕРІҢ ДЕ ЖАРЫЛҚАУЛЫ БОЛАДЫ

Занды қайталау 28:6

Құдайдың бұл батасы қазір де өзгерген жоқ. Иса бұл уәдені Өзін біздің орнымызға жазаға берген кезде, әбден бекітті. Егер мен Құдай Иемнің өсиетін орындасам, онда бұл уәдені де меңгере аламын.

Бүгін мен өз үйіме ешқандай да жаман хабар күтпей, қорқынышсыз келіп, қонақ бөлмеме Құдайдың жақсы хабарын есту үшін кіруді қалар едім. Егер де мінез-құлқым мен іс-әрекеттерімді мұқият зерттеп, өзімді-өзім тексерсем, ішкі жан-дүниеме де қорқынышсыз үңілер едім. Егер маған жар болуға уәде еткен Исаның батасы үстімде болса, онда мен өз жан-дүниемде әлі де көп нәрселерді ретке келтіруім керек.

Дегенмен, менің үйден шығуым да керек. Қорқақтық менің күнәһар өмірге шығып Ізгі хабар айтып, бауырларыма көмектесуіме кедергі жасайды, сөйтіп мен ешкімге пайдамды тигізбей, үйде отыра беруді қалаймын. Бірақ мен өз сенімімді қорғап, зұлымдықпен күресуім керек. О, егерде менің үйден шығуыма Құдай бүгін көмектесе ғой! Құдайым, маған Киелі Рухтың күшімен Өзің бұйырған жерге баруға көмектесші.

Құдай Ием, менің үйіме кіріп, қонағым болшы. Сосын кері қайтып шық, бірақ мені Өзіңмен бірге ертіп ала шық, сонда жолшыбай бірге келе жатып, маған Киелі жазбалардың мәнін ашып бергеніңде жүрегім жалындасын.



**ӨЗІНІҢ ЖАСТЫҚ ШАҒЫНАН ҚЫСЫМ  
КӨРГЕН АДАМҒА ИГІЛІК БОЛМАҚ**

Еремияның жоқтауы 3:27

Бұл сөзді уәде деп айтуға болады. Мен қиыншылық қа­мытын бұрын киіп жүргенде де маған жақсы болған, егер оны киіп жүре берсем, қазір де, болашақта да жақсы болады.

Мен өмірімде күнәнің ауыртпалығын өте ерте сездім, кейін ол ауыр жүкке айналды, бірақ бір қызығы осы ауырт­палық мені шындықты іздеуге итермеледі. Сөйтіп мен тірі Құдайды танып, Ол менің жанымды байытты. Егер өмірдің ащы қиындығы маған Құдайдың рақымына мұқтаж екенім­ді үйретпегенде, мен Ізгі хабарды қазіргідей жақсы көре алар ма едім? Иавис өзінің бауырларына қарағанда абырой­лы болды, өйткені оны анасы қиындықпен ауыр босанды. Ал егер өмірінде көп қасірет шеккен адамдар көктен туыл­са, олар Құдайдың шексіз рақымдылығына деген ұлы се­німге ие болады.

Егер адамды кінәлап, сынап-мінеп, айыптаса, бұл оған ауыр азап сияқты болып көрінеді, дегенмен бұл азап оны болашақ абырой-атаққа даярлайды. Кім қорлану жолымен жүріп, солқылдақ шыбықтың соққысын жемеген болса, сол жоғарғы мәртебелі орынды иеленуге жарамайды. Жоғарғы мәртебелі орынға күрессіз қол жеткізген адамдар, әдетте өте қатты құлайды. Әрине, біз қайғы-қасірет пен ауру-сыр­қауды немесе тағы да басқа бір қиыншылықтарды басы­мызға тілеп алып, өз бетімізше әрекет етуге тырмыспауы­мыз керек. Дегенмен, егер Құдай бізге жастық шағымыздан осындай ауыртпалық артса, онда бұл біздің мінез-құлқы­мыздың Құдайға даңқ, ал Қауымға жарылқаушылық әкеле­тіндей етіп дамуына көп көмектеседі.

Кел, қадірлі жан, белінді бүгіп айқыш ағашыңды мойны­ңа ал. Ол саған жас шағыңда игілік әкелді және бұдан бы­лай да зиян болмайды.

ИЕМІЗ ИСА МӘСІХКЕ СЕНІҢІЗ, СОНДА ӨЗІҢІЗ ДЕ,  
ҮЙ ІШІҢІЗ ДЕ ҚҰТҚАРЫЛАСЫЗ

Елшілердің істері 16:31

Бұл Ізгі хабар кезінде алқымына семсер таялған адам үшін айтылған, дегенмен бұл қазір маған да арналып тұр. Егер мен қазір төсек тартып, өлім аузында жатсам, бұл маған да арналған болар еді, себебі көзімнің тірісінде жаныма керектінің бәрі осы сөздерде. Енді мен құтқарылу үшін Құдайға еңбегім сіңу керек деген ойлардан арылып, Құдай сыйлаған Құтқарушым ретінде, тек Тәңірім Исаға ғана үміт артамын. Мен Оны толығымен қабылдап, Оған сенім артамын. Мен қазірден бастап, мәңгі-бақи құтқарылдым, себебі мен Исаға сенемін. Оның аты мадақталсын! Енді мен Құдайды даңқтамайтын барлық қылықтарымды тастағанымды, мына күнәһар дүниенің салтын ұстанбайтынымды, сондай-ақ зұлымдықтың кез келген басқа да түрінен құтқарылғанымды өз өміріммен күнделікті дәлелдеуді қалар едім.

Алайда, менің үй-ішіме қатысты тағы бір мәселе бар. О, Құдайым, Сен маған бұл уәдені толығымен ұсынып тұрсың, сондықтан мен оның жартысына ғана ие болғым келмейді! Сенен өтініп сұраймын, менің үй-ішімді де құтқаршы! Менің ең жақындарым мен сүйіктілерімді құтқаршы! Балаларым мен немерелерімнің назарын Өзіңе аударшы! Менің қызметкерлеріме, сондай-ақ менімен бір шаңырақтың астында тұратындардың бәріне де қайырымды болшы! Егер мен Тәңірім Исаға сенсем, Сен бұл уәдені маған жеке ұсынасың; Құдайым, айтқан уәделеріңнің бәрі менің өмірімде жүзеге ассыншы!

*Үй ішің де құтқарылады*, – деген сөздер орындалмайынша, мен өзімнің барлық аға інілерім мен апа-қарындастарымның, ата-анамның, балаларымның, достарымның, туған-туыстарым мен қызметшілерімнің аттарын айтып, күнделікті дұға ете беруді қалаймын!

## АСПАННАН ШЫҚ ТҮСЕДІ

Заңды қайталау 33:28

Шығыстың табиғат патшалығында шықтың мәні қаншалықты маңызды болса, рақымдылық патшалығындағы Рухтың ықпалы да соншалықты маңызды болып табылады! Құдайдың Рухынсыз мен солған гүл мен құраған шөптеймін, сондықтан мен оған соншалықты мұқтажбын! Киелі Рух мені сондай керемет жолдармен жандандырады. Сонда мен өзімді бақытты, күшті әрі сергек сезінемін. Сөйтіп, мен енді еш нәрседен таршылық көрмеймін! Киелі Рух маған шынайы өмір мен бұл өмірдің менен талап ететінінің бәрін сыйлайды. Киелі Рухтың жетегінен тыс нәрселердің бәрі мен үшін маңызды емес. Мен уағыз тыңдаймын, оқимын, дұға етемін, Құдайды жырлап, Тәңір Иемнің кешкі асына барамын, бірақ Құдай мені Киелі Рухына кенелтпейінше, мен ол жерден қалаған батамды ала алмаймын. Ал егер Киелі Рухқа кенелсем, онда Құдайдың рақымына бөленіп, жұбаныш табамын.

*Аспаннан шық түседі!* Бұл қандай тамаша уәде! Құдай аспанда тұрып, мені Өзінің рақымына бөлеп, Киелі Рухына кенелтеді. Құдай мені өз өмірімнің құрғақшылығы мен осы дүниенің ыстық аптабына, шайтанның азғыруының қаһарлы дауылы мен зорлық-зомбылығына қалдырған жоқ. О, егерде мен бүгін жанымға нәр беретін Киелі Рухқа бөленсем ғой, шіркін! Шынында, мен оны неге сезінбеймін? Дұға ете алмайтын дала өсімдігін молынан суландыратын Иеміз Өзіне өтінішпен дұға еткен балаларына міндетті түрде жауап береді.

**СЫНАҚТЫ ТӨЗІМДІЛІКПЕН БАСЫНАН ӨТКІЗІП ЖАТҚАН  
 ӘРКІМ БАҚЫТТЫ! СОДАН ӨТІП, СЕΝІМДІ ЕКЕНДІГІ  
 ДӘЛЕЛДЕНГЕННЕН КЕЙІН ОЛ БӘЙГЕ ЖҮЛДЕСІНДЕЙ  
 «ШЫНАЙЫ ӨМІРДІҢ ТӘЖІН» ИЕМДЕНБЕК. МҰНЫ  
 ТӘҢІРІМІЗ ӨЗІН СҮЙГЕНДЕРГЕ СЫЙЛАУҒА УӘДЕ ЕТТІ**

Жақып 1:12

Иә, басынан сынақтар өтіп жатқанда төзімділік көрсеткен адам шынымен де бақытты! Бұл бақыттылықты көзі киелі маймен майланбаған адам көре алмайды. Дегенмен, ол сынақтардан өтуге мәжбүр. Сондай-ақ ол Құдайға қарсы наразылық білдірмей, әділ күйінде қалуы керек. Жалаңдаған отқа көбелекше шарпылмай, керісінше осы отты сынақтан сүрінбей өткен адам бақытты.

Сынақтан сүрінбей өткен адам Құдайдың рақымдылығының мөрі – шынайы өмір тәжіне ие болады. Құдай Ие оларға: *ол таразыға тартылды, бірақ аса жеңіл болып шықпады, өмір сүре берсін* дейтін болады. Оның беретін сыйы – мәңгілік өмір, бұл жәй уақытша күнелту емес, керісінше Құдайдың әрқайсымыз үшін белгілеген мақсаты орындалатын қасиетті де бақытты өмір. Сынақтың ең жаманы мен ең ауырынан сүрінбей өткен адамды Құдай қазірдің өзінде-ақ рухани өмірдің шыңына шығарып, шаттыққа бөлеуде.

Құдай Ие Өзін сүйетіндерге өмір тәжін уәде етті. Сынақтар мен азғырулар сағатында тек солар ғана шыдай алады. Азғырылуға беріліп, сынақтан өте алмағандар күнәһар дүниеге қайта оралады. Жүрегім, сен өз Құдайыңды сүйесің бе? Сен Оны шынымен де шексіз сүйесің бе? Олай болса сенің сүйіспеншілігің қандай сынға болса да шыдай алады, себебі шынайы сүйіспеншілікті ешкім де, ештеңе де сөндіре алмайды. Құдай Ием, Сенің сүйіспеншілігің менің сүйіспеншілігімді нығайтқан үстіне нығайта берсінші!

ӘРҚАЙСЫСЫ ЖЕЛДЕН ҚОРҒАЙТЫН ЫҚ, ДАУЫЛДАН  
ҚАЛҚАЛАЙТЫН ПАНА, ҚУАҢШЫЛЫҚ БАСҚАН ЖЕРДЕ  
АҒАТЫН СУ АРНАСЫ, СОРТАҢ ЖЕРДЕГІ ҮЛКЕН  
ЖАРТАСТЫҢ КӨЛЕҢКЕСІ СИЯҚТЫ БОЛАДЫ

Ишяя 32:2

Бұл Қайраткердің кім екенін бәріміз де жақсы білеміз. Бұл – екінші Адам, аспан мен жердің Иесі, азап шеккен Қайраткер, Адам Ұлынан басқа кім болмақ! Ол Өз халқы үшін қандай баспана болды! Ол өмір дауылының күшіне Өзі төтеп беріп, Өзін паналағандардың бәрін қорғайды. Біз тек Исаға келіп паналағанда ғана Құдайдың қаһарынан құтыла аламыз. Сондай-ақ бізге адамның ашу-ызасынан, күйбең тіршіліктің қамын ойлаудан және өлім алдындағы қорқыныштан тек осылай ғана құтылу керек.

Егер біз Құдай Иемізді осылай жеңіл әрі сенімді түрде паналай алсақ, онда несіне өмірдің дауылына барып ұрынамыз. Сонымен, бүгін тағы да Оған өтінішпен жүгініп, жан тыныштығының шексіз рақатына батайық!

Қайғы-қасіреттің әдеттегі желі өте жиі көтеріледі және іле-шала бар күшімен бәрін жайпап, тас-талқанын шығаратын дауылға айналады. Сол кезде мәңгі мызғымайтын сияқты болып көрінген нәрселер желдің соққысынан кенет шайқала бастайды, сонда біздің тәни күшімізге артқан бар үмітіміз құрып жоқ болады. Ал Иеміз Иса болса, ешуақытта қозғалмайтын пана болып қала бермек. Оның панасына жасырынған біз Мәсіхтің берген жан тыныштығында болып, дауылдың бізді қалай айналып өтіп бара жатқанын көріп тұрамыз. Сонымен, Құтқарушы Исаны бүгін-ақ паналап, Оның киелі қанатының астында мадақтау жырын жырлаймыз. Қымбатты Мәсіх, Сен біздің панамызсың!

**СЕНДЕРГЕ ШЫНДЫҒЫН АЙТАЙЫН, АТАҚ-ШЕНІ ЖОҚ  
ОСЫЛАРДЫҢ БІРЕУІНЕ МЕНІҢ ШӘКІРТІМ БОЛҒАНЫ  
ҮШІН БІР ТОСТАҒАН САЛҚЫН СУ БОЛСА ДА БЕРГЕН  
ӘРКІМ АЛАТЫН СЫЙЫНАН ҚҰР АЛАҚАН ҚАЛМАЙДЫ**

Матай 10:42

Бұл менің қолымнан келеді! Мен Құдайдың қызметкеріне қайырымдылық көрсете аламын. Оларды жақсы көретінімді Құдай біледі әрі Оның шәкірттерінің аяғын жуу мен үшін үлкен абырой. Мен оларды Ұстаздары үшін жақсы көремін.

Бір тостаған ғана су бергені үшін сыйсыз қалдырмайтын Құдай Иеміз қандай мейірімді еді! Қанша кедей болсаң да бір тостаған су беруге болады; мен бұны қуана-қуана істер едім. Бізге болмашы ғана болып көрінетін нәрсені Құдай соншама бағалап, ұлы сыйға лайық ететінін байқайсыз ба? Егер біз Құдайдың қызметкерлерінің ең кішісінің өзіне болмашы ғана қызмет етсек те ескерусіз қалмайды. Құдайға біздің бұл іске жұмсалған қаражатымыз да, оны орындаудағы кейбір шеберлігіміз де, тіпті біздің іс-әрекетіміздің ұлылығы да маңызды емес, Оған біздің бұл іске деген бастапқы ниетіміз бен осы істі істеуімізге түрткі болған себеп маңызды. Құдай үшін деп адал ниетпен істелген ісіміздің бәрін де Ол мұқият ескеріп, қарымтасын аямай қайтарады. Ол бізге сыйды істеген істеріміздің маңыздылығына қарай емес, керісінше Өзінің рақымдылығының байлығына сай береді.

Мен бір тостаған салқын су беремін, ал Ол соның қарымтасы етіп, маған өмір суын ұсынады. Мен бұны Оның балаларының біріне ұсынамын, ал Ол маған солардың біріне қарағандай қарайды. Иса маған Өзінің рақымдылығын басқаларға көрсетуге мүмкіндік береді, сөйтіп мен арқылы жомарттығын көрсетеді. *Алатын сыйынан құр алақан қалмайды!* – дейді Ол бәрімізге.

ӘДІЛ АДАМ ПАЛЬМА АҒАШТАЙ ГҮЛДЕНЕДІ,  
ЛИВАН БАЛ ҚАРАҒАЙЫНДАЙ БИІК ӨСЕДІ

Зәбүр 91:13

Бұл ағаштарды адам өсіріп, баптамайды; пальма мен бал қарағай – бұлар Құдай өсірген ағаштар, олар Соның қамқорлығының арқасында көктеп-көгереді. Оның қасиеттілерінің жағдайы да дәл осылай болмақ. Олардың қамын Құдай Өзі ойлайды. Бұл ағаштар жылдың барлық мерзімінде сол тамаша қалпын сақтап, көгеріп тұрады. Сенушілер де біресе әділетті, біресе әділетсіз болмайды; олар барлық жағдайда Құдайдың көркемдігін сақтайды. Сондай-ақ олар бізге барлық жерде де ұшырасады. Адамдар табиғатты безендіріп тұрған пальмалар мен бал қарағайлардың әсем көрінісіне сүйсінбей тұра алмайды. Сол сияқты көптеген адамдар назарларын Мәсіхтің шәкірттеріне мұқият тігуде. Мәсіхшілер тау шыңына орналасқан қала сияқты, олардың жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті жұрт көзінен таса емес.

Құдайдың балалары бар күшімен жоғары ұмтыла өскен, тік әрі биік діңді пальмадай жайнайды. Ол ұшы әшекейленген айшықты бағана сияқты, оңға да, солға да тармақталмай, бар күшін көкке бағыттайды және жемістерін көкке жақындату үшін бар мүмкіншілікті қолданады. Жаратушы Ием, мені осындай үлгімен жөнге салшы!

Бал қарағай барлық дауылдарға төтеп беріп, тау басындағы мәңгі қарларға тікелей жақын өседі. Оны өзегін жылытып, бұтақтарын нығайтатын шырындарға Құдайдың Өзі толтырады. Тәңірім, Сенен өтінемін, мені Өзіңнің Киелі Рухыңа бөлесі. Аумин.

**ЛАЙЫМ ЖАРАТҚАН ИЕ ЖАҚСЫ КӨРГЕН РУ АМАН-ЕСЕН  
ӨМІР СҮРЕТІН БОЛСЫН! ҚҰДАЙ ОҒАН КҮН САЙЫН  
ҚОРҒАН БОЛЫП, БУНЯМИН ОНЫҢ ҚҰШАҒЫНДА  
ЖАТҚАНДАЙ ТЫНЫҒАДЫ**

Заңды қайталау 33:12

Шынында да Құдайға тікелей жақын өмір сүрген әбден қауіпсіз. Өзінің жақсы көретін құлына қорғанатын орын тауып беруге Оның құдіреті жетеді. Құдайым, әрдайым Сенің көлеңкеңнен сая тауып, жараланған бүйір жағыңда жатайыншы! Жаратқан Ием, Саған жақындай түскім келеді; егер бірде маған Сенің қасыңа барынша жакындаудың сәті түссе, мені Өзіңнің қасыңда қалдыршы.

Жаратқан Ие Өзінің таңдаулыларының үстінен қандай жамылғы жаймақ? Оларды әдемі шатыр немесе періштелердің қанаты бүркемейді, олардың баспанасы – Құдайдың Өзі. Егер біз осындай қорғанышта болсақ, ешқандай да жаманшылыққа ұшырамаймыз, өйткені Оның қолы күні бойы үстімізде болады. Құдайым, бүгінгі күнді де мен Сенің сүйіспеншілігіңе бөленіп және өмірім Сенің құдіретті қолыңда екенін сезініп өткізейінші!

Осы уәденің соңғы сөйлемі Құдайдың Өз киелі үйінде, Өзінің таңдаулыларының арасында немесе ауыртпалық көріп жүрген адамның қасында болуды қалайтынын және Мәңгі Құдайдың Өзі бізді иығына салып көтеріп алып жүргісі келетінін білдіре ме? Иә, Ол қандай жағдай болмасын, Өзінің қасиеттеріне таяныш әрі қорғаныш болғысы келеді. Ием, маған үздіксіз жәрдемдесші, сонда мен еш уақытта да шаршамайтын боламын.



ҚҰДАЙ ИЕ САҒАН ЖАР, СЕНІ ҚҰТҚАРУҒА ОНЫҢ  
 ҚҰДІРЕТІ ЖЕТЕДІ. ОЛ САҒАН ҚУАНАДЫ,  
 СЕНІ СҮЙІП ТЫНЫШТАНДЫРАДЫ,  
 САҒАН ҚУАНЫП, ҚАТТЫ ШАТТАНАДЫ

Софони 3:17

Бұл неткен тамаша сөздер! Бүкіл әлемді билеуші Құдай бар құдірет күшімен Өз халқына жар болады. Құдайдың Өз халқымен осылайша бірге болуы олардың жанын тыныштыққа бөлеп, керемет үміт береді. Біздің Құдайымызда шексіз ұлы күш жасырылған. Ол Өз Қауымымен бірге, сондықтан да Оның халқы қуанышқа бөленіп шаттана алады.

Ол біздің арамызда болып қана қоймай, бізде Өзінің рақымдылығының ұлы ісін жүзеге асырады. *Бізді құтқаруға Оның құдіреті жетеді!* Ол бізді әрдайым құтқарып та жүр! Исаның Құтқарушы деген атының Өзі Оның құтқарушылық ісіне нұсқайды! Сондықтан қауіп-қатерден қорықпайық, өйткені Исада бізді құтқаратын күш бар!

Алайда, Ол осымен ғана шектеліп қоймайды. Ол әрдайым да өзгеріссіз және Ол бізді жақсы көреді. Ол Өзінің бізге деген сүйіспеншілігінен тыным табады және Оның бізге деген сүйіспеншілігі еш сарқылмайды. Оның сүйіспеншілігі бізге қуаныш әкеледі. Ол Өзі шаттана жырлау үшін, таңдаулы халқының жүрегінен осыған себеп табады. Бұл шындығында ғажап іс. Құдай әлемді жарату ісін аяқтаған кезде: *Өте жақсы!* деп Өз ісіне шаттана сүйсінді. Күнәнің құнын өтеу мәселесі іске асқан кезде Киелі Үшбірлік тілмен айтып жеткізгісіз қуанышты басынан өткізді. Бұны тек жан-дүниенің шаттануымен ғана көрсетуге болады. Бұл шынымен таңқаларлық жәйт! Иеміз Иса салтанатты жырды жырлайды! Ол бұл жырды Өз Қалыңдығына арнап жырлайды. Себебі Қалыңдық Оның сүйіктісі, Оның қуанышы, Оның шаттығы, Оның жыры болып табылады. Тәңірім Иса, Сенің өлшеусіз де шексіз сүйіспеншілігіңде Өзіңнің сүйіспеншілігіңмен жауап қайтаруға және Сені өз өмірімізбен жырлауға үйретші.

**ШАЙҚАС БОЛАР КҮНІ ӨЗ ХАЛҚЫҢ САҒАН ҚУАНА  
ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН БОЛАДЫ. СЕН КИЕЛІ КИІМДЕРІңДІ  
КИІП, ҚУАТЫҢ КҮН САЙЫН ТАҢҒЫ ШЫҚ СИЯҚТЫ  
ЖАҢАРА БЕРЕТІН БОЛАДЫ**

Зәбүр 109:3

Өзінің сүйікті Ұлы арқылы бізге сыйлаған керемет рақымы үшін Құдай мадақталсын! Оның қасиетті де мінсіз болып жүрсін деп алдын ала таңдап алған халқы бар. Бірақ, олар да тумысынан күнәһар болғандықтан, Адам атаның басқа да қиқар ұлдарындай, өз бетімен кеткен. Дегенмен, олардың да құтқарылатын күні туып, Құдайдың рақымы өзінің құдіретін көрсеткен кезде, олар күнәсінан бет бұрып, Исаға сену тілегін білдіреді. Ешкім де құтқарылуға өздігінен ие болмайды, керісінше оның құтқарылуды қалауына Құдайдың Өзі ықпал етеді. Бұл неткен ғажап күш: Ол адамның еркіне зорлық көрсетпейді, бірақ оны бағыттайды. Біздің жүрегіміз мықты бекініс сияқты, бірақ Құдай бұл бекіністі бұзбайды, керісінше жүрегімізге жол тауып, оны Өз билігіндегі басты кілтпен ашады.

Тек сонда ғана біз нағыз Құдайдың қалағанындай болуға, Оның еркін орындауға әрі соған сай азаптануға даяр боламыз. Егер кейде жалтарсақ, Ол бізге тек жақындаса болғаны, сол сәтте-ақ Оның әміріне көне кететін боламыз. Бүгінгі күн де Құдайдың күшінің арқасында Оның даңқы мен жақындарымның игілігі үшін игі іс істейтін күн болсын. Құдайым, мен құтқарылғанмын, бірақ Сен енді мені Өзіңнің құдіретіңді көрсету үшін пайдалан. Мен Сенің билігіндемін және мені қасиетті мақсаттарың үшін қолдануыңды қалаймын. Құдайым, маған: *Осылай мен қалаған игілікті емес, қаламайтын жамандықты істеймін* деген тілек бергендей, күш те берші.

## ... АЗАПТЫҢ ШЫДАМДЫЛЫҚҚА ЖЕТКІЗЕТІНІН БІЛЕМІЗ

Римдіктерге 5:3

Бұл сөздер құрылысы бойынша уәде болмаса да, мағынасы бойынша нақты уәде болып табылары рас. Бізге шыдамдылық керек, ал мұнда оған қол жеткізудің жолы көрсетіліп тұр. Жүзу қимылдарының көмегімен ғана жүзуді үйренетініміздей, тек шыдамдылықтың көмегімен біз шыдауға үйренеміз, әрі шыдамдылық болмаса ешкім де азап шегуге үйренбейді. Құдайдың еркіне байсалдылықпен бойсұнуды үйрететін сол тамаша сабырлылыққа ие болу үшін азап шегуге тұрмас па екен?

Алайда бұл жерде айтылып тұрған әңгіме табиғаттан тыс ерекше шындық туралы баяндайды. Азаптану шын мәнінде шыдамсыздық пен сенімсіздік және ашу тудырады. Тек рақымдылықтың киелі шеберлігінің арқасында ғана ол бізде шыдамдылық тудырады. Астықты шаңын аспанға бұрқыратып шығару мақсатымен бастырмайды, сол сияқты Құдайдың қырманында да қайғы-қасірет адамды үсті-үстіне бекерден бекер соққыламайды. Егер біз біреуді сілкілесек, бұны оған тыныштық беру үшін істемейміз, ал Құдай керісінше өз балаларына жан тыныштығын беру үшін, дәл осындай жолды қолданады. Шындығында бұл әділ адамға қолайлы емес, дегенмен ол біздің құдіретті Құдайымыздың ұлы даңқына өз үлесін қосады.

О, егерде мен өз игілігім үшін, Құдайдың рақымымен сынақтан өтуге лайықты болсам ғой! Нәтижесінде қайырымдылық пен игілік әкелетін сынақтарды неліктен қаламауым керек? Құдайым, менің қайғы-қасіретімді тоқтатшы, бірақ ең бастысы мені шыдамсыздықтан азат етші! Асыл Ием, Өзіңнің шыдамдылығыңды менің жүрегіме терең бойлатшы!

**СОНДА ЖАРАТҚАН ИЕ БІЗДІҢ ҚҰДІРЕТТІ  
ҚҰДАЙЫМЫЗ БОЛАДЫ. ОЛ ӨЗЕНДЕРДІҢ,  
КЕҢ АРНАЛАРДЫҢ ОРНЫН АЛАДЫ. ОҒАН ЕСКЕКТІ  
КЕМЕ ДЕ, ҮЛКЕН КЕМЕ ДЕ ӨТЕ АЛМАЙДЫ**

Ишая 33:21

Құдай Иенің Өзі біздің ұлы игілігіміз болғысы келеді. Әдетте, біздің жер бетінде жүргенде істеген ең жақсы деген істеріміздің өзі қандай да бір шығындардың шығуымен байланысты. Алайда бізге Құдай Өз игілігін бізді еш шығынға ұшыратпай-ақ көрсеткісі келеді. Егер қалада кең өзен болса, онда бұл қалаға көп ескекті қайықтармен және соғыс кемелерімен келіп оп-оңай шабуыл жасауға болады. Дегенмен, оның орнына Құдай Ие дәл сондай бейнеде көмекке келіп, Өз игілігінің молшылығын көрсететін болса, онда біздің жүрегімізге ұялаған үрейдің бәрін қуатыны анық. Шынайы сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды. Сүйіспеншілігі шексіз Құдайдың аты мадақталсын!

Құдайым, егер Сен маған ағыл-тегіл мол байлық жіберетін болсаң, онда осы дүниелік нәрселер мен тәкаппарлық бейнесіндегі көп ескекті қайықтың маған жақындауына жол бермеші. Егер Сен маған денсаулық пен қуанышты рух сыйласаң, онда судың бұрқыраған тасқынымен зымырай ағатын тәни амалдардың айбатты кемесінің маған жақындауына ерік бермеші. Егер қауымдағы қызметім табысты болып, тіпті атағым жер жарса да, қызмет толқынында өзімді-өзім дәріптеу мен өзіме өзім сену сияқты көп ескекті қайықты да ұшыратуыма жол бермеші. Егер мен Саған жылдан жылға жақындай түсіп, үнемі жүзінді көріп жүру бақытына ие болсам, онда мені Сенің әлсіздеу қасиеттеріңді елемеуден сақташы. Құдайым, маған ауыртпалық әкелмейтін әрі күнәнің көмегіңсіз байытатын Өз жарылқаушылығыңды сыйлашы.

**БИДАЙДЫҢ ЕЛЕКТЕН ӨТКІЗІЛЕТІНІНДЕЙ,  
ШАЙТАН СЕНДЕРДІ СЫННАН ӨТКІЗУГЕ  
РҰҚСАТ СҰРАП АЛДЫ. БІРАҚ МЕН СЕНІМІҢ  
ТАУСЫЛМАСЫН ДЕП, СЕН ҮШІН ДҰҒА ЕТТІМ**

Лұқа 22:31-32

Електен өткізу әлі де жалғастырылуда. Біз қайда бағыт алсақ та електен өту сынағына ұшыраймыз. Құдай Өз халқын қай елде болса да, дәнді електен өткізгендей, сыннан өткізеді. Кейде осы електі шайтанның өзі ұстап тұрады және бізді біржолата жойғысы келіп, тіпті өте қатты сілкілейді. Сенімсіздік біздің жүрегіміз бен жанымызды қауіп-қатерге душар етуден ешуақытта да жалықпайды. Бұл жалған дүние ондай кезде қолын қуана-қуана ұсынады, сөйтіп бізді бар күшімен оңға да, солға да аямай шайқайды. Бәрінен де жанға бататыны, көбінесе бұл електен өткізу ісіне Құдайдан безген қауым белсене қатысады.

Жарайды, жақсы! Бұл іс солай жалғаса берсін! Осылайша топан дәннен ажыратылып, бидай шаң-тозаңнан тазарады. О, Құдайдың Киелі Жазба арқылы айтқан: *Бірақ Мен сенімің таусылмасын деп, сен үшін дұға еттім*, – деген қайырымды сөздері қандай ұлы еді. Жақсылыққа толы, шынайы әрі ұнамды нәрселердің бәрін таза күйінде сақтау қалай қажет десеңізші. Тіпті, сенушілердің ішіндегі ең кішісі де құрып кетпеуі керек; дәл солай мәсіхші де шығын деп атауға болатын еш нәрсені жоғалтпауы керек. Сонда біз електен өту кезінде қауіпсіздікте боламыз, сөйтіп бұл електен өту Иса Мәсіхте біз үшін нағыз жетістікке айналмақ.

**ӨЗЕН ҚАЙДА АҚСА, СОЛ ЖЕРДЕ КӨПТЕП ТІРІ  
ЖӘНДІКТЕР ПАЙДА БОЛАДЫ. ӨЗЕН АҚҚАН ЖЕРДІҢ  
СУЫ ТҰШҚЫ СУҒА АЙНАЛЫП, БАЛЫҚ КӨПТЕП ПАЙДА  
БОЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ӨЗЕН АҒЫП ЖАТҚАН ЖЕРДІҢ  
БӘРІНДЕ ТІРШІЛІК ПАЙДА БОЛАДЫ**

Езекиел 47:9

Пайғамбардың күні бұрын айтқан болжамы бойынша, өмір суы Өлі теңізге келіп құйылды, сөйтіп ол мүлдем қозғалыссыз жатқан теңізге тіршілік әкелді. Рақымдылық көрсетілген жерде рухани өмір міндетті түрде тікелей әрі тоқтаусыз нәтиже береді. Бұрылыс-бұрылыстардың бәрімен өз еркінше ағатын тасқын судай, рақымдылық та Құдайдың еркі бойынша бөгетсіз құйылып тұрады. Рақымдылық ешкімді өзіне кіріптар етпейді, керісінше өзінің жанды тасқынының көмегімен басқаларға өмір береді. О, егерде ол кемерінен шығып, біздің көшелерімізге, тіпті шағын тұйық көшелерімізге де дейін ағып келсе ғой, шіркін! Ол менің үйіме дейін жетіп, барлық бөлмелерімді толтырса ғой. Құдайым, өмір суы менің отбасым мен достарыма да жетсінші; менің де оның жанынан өтіп кетуіме жол бермеші! Мен өмір суын ішкеніме сенемін, бірақ мен оған сүңгіп кетіп, ішінде емін-еркін шомылып жүргенді қалар едім. Құтқарушым, мен ағыл-тегіл мол өмірге мұқтажбын! Құдайым, Сенің рақымыңның күші менің бүкіл өнебойымнан байқалмайынша, қасымда болшы.

Мен сол қураған нашар шыбық іспеттімін, бірақ мен жайқалып өсіп, Сенің даңқынды асыратын жеміс беруім үшін мені Өзің жандандыр! Тәңірім, мені Иса Мәсіх үшін жандандыршы. Аумин.

**БІРАҚ ӘЙЕЛІ ОҒАН: «ЕГЕР ЖАРАТҚАН ИЕ БІЗДІ ШЫНЫМЕН ӨЛТІРГІСІ КЕЛСЕ, БІЗДІҢ ӨРТЕЛЕТІН ҚҰРБАНДЫҒЫМЫЗДЫ, АСТЫҚ ТАРТУЫМЫЗДЫ ҚАБЫЛДАМАС ТА ЕДІ, ОСЫНДАЙ КЕРЕМЕТТЕРДІ КӨРСЕТПЕС ТЕ ЕДІ, ӘРІ ОСЫНДАЙ НӘРСЕЛЕР БОЛАДЫ ДЕП АЙТПАС ТА ЕДІ ҒОЙ» – ДЕДІ**

Билер 13:23

Міне, Құдайдың іс-әрекеттерін өзің де осылай түсініп және басқаларға да солай түсіндіру қажет! Бұл жерде бізге шүбәсіз болған істен шыққан қорытынды ұсынылып тұр. Егер Құдай Маноғах пен оның әйелін өлтірмек болса, олармен болашақ ұлдары туралы сөйлесіп не керегі бар еді? Маноғахтың әйелі дұрыс қорытынды жасады. Егер біз қорытынды жасауды одан үйренсек, онда дұрыс істегеніміз.

Сол сияқты біздің Көктегі Әкеміз де Ғалғотадағы ұлы құрбандықты қабылдап, Өзінің рақымдылығын көрсетті; енді Ол бізді өлтіреді деймісің? Егер күнәһар бәрібір тозаққа кету керек болса, онда Өтеушінің не қажеті бар еді! Жоқ, Исаны қабылдаған адам тозаққа бармайды. Құдай Исаның құрбандығын қабылдады және осы құрбандық қорқыныш атаулының бәрін жояды.

Қайырымды Құдай бізді таңдап, Өзінің баласы етті және Мәсіхпен тығыз қарым-қатынасқа түсіріп, Өзінің сүйікті Ұлымен некелестірді; енді ол бізді қалайша тозаққа жібермек? Оның уәделері жарылқаушылықтарға соншама толы, сондықтан да осы уәделердің күші бізді мәңгілікке құтқаруға тиісті. Құдай бізден бас тарта алмайды және бізбен жасаған келісімін де бұзбайды. Бұны біз өткен өміріміз арқылы анық білсек, ал болашақ өміріміз дәлелдеп көрсетпек. Біз тозаққа бармаймыз, керісінше мәңгілік өмірге ие болып, жұмаққа барамыз, себебі біздің сана-сезімімізге Киелі Рух ояныш беріп, Исаны таныдық және Сол арқылы Әкені таныдық. Сонымен, біз осындай жандандырушы іс-әрекет пен көзқарастың арқасында өмір сүруіміз керек.

**БҰЛ ХАЛЫҚ ӨЗИ БӨЛЕК ТҰРЫП,  
БАСҚА ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚАТАРЫНА КІРМЕЙДІ**

Руларды санау 23:9

Кім пұтқа табынушылардың арасында тұруды және соларға қосылуды қалар еді? Таза *мәсіхшілердің* арасында өмір сүрсек те бізде жиі өзімізді өзіміз мүлде түсінбейтін кездер болады, сөйтіп кейде, тіпті, айдалаға қашып кеткіміз келеді.

Құдай Ие Өз халқының осы дүниенің күнәкар адамдарының жүрген жолынан басқа жолмен жүріп, олардан үзілді-кесілді ерекшеленуін қалайды; бұл бізге әбден түсінікті! Құдайдың жоспары бойынша, біз осы дүниенің адамдарынан бөлектенуіміз керек. Ол бізді күнәдан азат етіп, жаңа өмір берді, сол себепті біздің ішкі жағдайымыз бізді осы дүниенің адамдарынан айтарлықтай ерекшелейді. Сондықтан біздің орнымыз әбігершілік жәрмеңкесінде немесе өлімге кесілгендер тұратын қалада емес, керісінше барлық ақиқи шәкірттердің өз Ұстаздарының соңынан еретін тар жолда.

Осының бәрі бізді осы дүниенің салқындығы мен келеке мазақтарына көндіріп қана қоймай, сонымен қатар, оларды біздің Құдаймен жасаған келісіміміздің белгілі бір үлесін құрайтын нәрседей қуана бастан кешіруге түрткі болады. Біздің аттарымыз бұл дүниенің адамдарымен бірге бір кітапқа жазылмаған, біз олармен рухани туыс емеспіз, біз олар жүретін жерлерде жүрмейміз, біз бағынатын заңға олар бағынбайды; сондықтан бұл дүниенің адамдарының бізді елемей, жек көріп әрі өздерінің қатарына қоспағаны жақсы. Біз күнәсінің құны өтеліп, кешірілгендердің қатарындамыз және бұған өзіміз әбден разымыз, сондықтан бұл өмірге бөтен болып, жалғыздықта өмір сүруге даярмыз.



**УА, ЖАРАТҚАН ИЕ, ЖАНДЫРАСЫҢ ШЫРАҒЫМДЫ,  
ҚҰДАЙЫМ НҰРЛАНДЫРАДЫ ҚАРА ТҮНЕГІМДІ!**

Зәбүр 17:29

Бәлкім, менің жаным қараңғылықта болар, дегенмен егер бұл рухани қараңғылық болса, онда ешқандай да пендешілік күштер маған нұр бере алмайды. Құдайдың аты мадақталсын! Ол менің қараңғылығымды нұрландырып, *шырағымды жандыруға* қабілетті. Тіпті, қараңғылық мені әбден тұмшалап алса да, маған Өз нұрын шашып, қараңғылықты жойып жіберуге құдіретті.

Егер Ол бұл шырақты жақса, ешкім де сөндіре алмайды; сондай-ақ оған май жетіспей қалуы немесе мерзімі өтіп кетуі де мүмкін емес. Құдайдың әуел бастан жаққан шырақтары бүгін де нұр шашуда. Құдай Иенің шырақтарын тазалап тұру керек болар, бірақ олар ешқашан да сөнбейді.

Сондықтан мен қараңғылықта да бұлбұлша сайраймын! Құдайдың жер бетіне екінші рет келуін күту маған сазды әуен сыйласа, ал үміт басты сарынды береді. Көп ұзамай мен Құдайдың жаққан нұрына қуанатын боламын. Қазір мен ренжіп әрі түңіліп тұрмын, дегенмен қараңғылық Құдайдың бізге нұр беруіне түрткі болады. Мен назарымды тек Құдайға ғана саламын. Көп ұзамай Құдайдың нұры мені нұрландырады, ал кейінірек, уақыты келген кезде, шырақ пен күннің нұрына мұқтаж болмайтын жерде Құдаймен мәңгі-бақи бірге боламын.

**МҰНЫҢ БӘРІ ОСЫЛАЙ БОЛҒАНДЫҚТАН,  
ҚҰДАЙ ӨЗІ ЖЕТІНШІ КҮНІ ДЕМАЛЫП ТЫНЫҚҚАН  
СИЯҚТЫ, ОНЫҢ ХАЛҚЫ ҮШІН ДЕ ШЫНАЙЫ  
ТЫНЫШТЫҚҚА ЖЕТУ МҮМКІНДІГІ ӘЛІ ДЕ БАР**

Еврейлерге 4:9

Құдай шынайы тыныштықты әлдеқашан даярлап қойған және сенімін Мәсікке артқан әркім уәде етілген сол тыныштықты иемденбек. Осы хабарды алғаш естігендер Тәңірге бағынбай, сенімсіздік көрсеткені үшін сол тыныштыққа кіре алмады, сондықтан ол Құдай халқы үшін өзгертілді. Зәбүр жыршысы осы тыныштық туралы жырлады, бірақ Құдай халқы бұл тыныштықты қабыл алмады. Халықты Құдай дайындап қойған шынайы тыныштыққа Ешуа пайғамбар да жеткізе алмады, сондай-ақ оған қанахандықтар да кепілдік ете алмады; бұл тыныштық тек Мәсікке сенгендер үшін ғана сақтаулы.

Сонымен, келіңіздер, осы шынайы тыныштықтан құр қалмау үшін бәріміз бірге жан сала ұмтылайық. Күнәмен және өр көкіректігімізбен өзімізді өзіміз қинауды тоқтатайық. Істеген игі істеріміз, тіпті, соншалықты керемет болса да, оған сенім артпайық. Жалпы алғанда бізде осындай істер бар ма? Егер бар болса, онда жарату жұмысын тамамдаған соң Құдайдың тынығып демалғанындай, біз де өз бетімізбен еңбектенуді доғарып, тыным табайық! Тәңіріміз Исаның жетілген істерінен ғана жұбаныш іздейік! Ол біз үшін бәрін де істеп қойған, Құдайдың әділдігі бұдан басқа еш нәрсе талап етпейді. Біздің Иса Мәсіктегі үлесіміз ұлы тыныштық болып табылады.

Сөйтіп біз өзіміздің де, басқалардың да жан-дүниесіне қатысты ауыртпалықтың бәрін Исаның Өзіне артып, Онымен қарым-қатынаста тыным табу керек екенін түсінеміз. Құдай бізге бұл ауыртпалықты көтеруге жол берсе де, соны көтере жүріп, тыныштықты жоғалтпауымызды қалайды. Сонымен біз өзіне өзі қанағаттанған тыныштық пен баяулықтан бас тартып, сеніммен Құдайдың тыныштығына ұмтыламыз. Нағыз тыныштық – Исаның Өзі, тек Исамен тығыз қарым-қатынаста болған жағдайда ғана біз шынайы тыныштыққа бөленеміз.

**ОЛ МЕНІҢ ҰЛЫЛЫҒЫМДЫ КӨРСЕТЕДІ, СЕБЕБІ МЕНЕН  
ҚАБЫЛДАҒАН ХАБАРЛАРДЫ СЕНДЕРГЕ ЖЕТКІЗБЕК**

Жохан 16:14

Бізге Иса Мәсіхтің біз үшін кім екенін анық көрсетпейінше, Киелі Рух Оны толығымен мадақтай алмайды. Иса Өзі үшін Өзі ең жақсы сипаттама болып табылады.

Жұбатушы бізге тек Тәңіріміз Иса Мәсіхтен қабылдағанын ғана жеткізе алады. Ол біздің рухани көзімізді ашпайынша, біз ешуақытта да дүниеге дұрыс көзқараспен қарай алмаймыз. Ол біздің рухани түйсігімізді ашып, Киелі Жазбаны ұғынуға көмектеседі, сөйтіп Иемізді көз алдымызға әкеліп қояды. Әдетте, істеген әрекетіңді дұрыс көрсету үшін іскерлік пен шеберлік талап етілетінін білеміз, ал Шындық Рухы – іскерлік пен шеберліктің ең биік шыңы. Ол бізге әрбір нәрсенің шындығында қандай екендігін ашып көрсетіп береді. Осы киелі ашылулардың куәсі болғандардың бәріне белгілі болғандай, бұл біз үшін ұлы артықшылық болып табылады.

Сонымен, Киелі Рухтың нұрына ұмтылайық, бірақ өзіміздің құмарлығымызды қанағаттандыру үшін емес әрі жеке басымыздың жұбанышы үшін де емес, керісінше Тәңіріміз Исаның даңқын көру үшін ұмтылайық. О, егерде біздің ойниеттеріміз Оған лайықты болса еді! Себебі біздің опасыз ойларымыз адал да әділ Құдайымыздың атына кір келтіреді. Оның жеке тұлғасы, Оның іс-әрекеті, Оның даңқы біз үшін соншама анық болса екен. Сонда жүрегіміз бен рухымыз қуаныш пен шаттыққа толар еді. Жүрек Киелі Рухтың үйретуімен әбден толған жерде Құтқарушы Иеміз айтып жеткізгісіз жолмен мадақталмақ. Аспан нұры – Киелі Рух, бізге кел де Тәңіріміз Исаны бізге анықтап көрсетші!

**МЕН СЕНІ МЫСЫРДАН КӨШРІП АЛЫП  
ШЫҚҚАН ҚҰДАЙ ИЕҢМІН. АУЗЫҢДЫ АШ,  
ОНЫ ИГІЛІККЕ ТОЛТЫРАМЫН**

Зәбүр 80:11

Бұл аят бізге бар ынтамен дұға етуге түрткі салып тұр! Біз өзіміздің пендешілік көзқарасымыз бойынша Құдайдан ұсақ-түйек нәрселер туралы ғана сұраған болар едік, себебі біздің ойлау қабілетіміз шектеулі, сондықтан тек ұсақ-түйек нәрселер туралы ғана ойлана аламыз. Дегенмен, Құдай біздің ұлы нәрселер туралы сұрағанымызды қалайды. Дұға біз үшін соншалықты үйреншікті әрі қарапайым іс болуы керек, айталық, аузымызды ашқандай; дұға біздің аузымыздан табиғи әрі еркін шығуы керек. Егер адам қандай бір жағдайларға тәуелді болса, ол аузын кең ашады. Сол сияқты жоғарыда көрсетілген аят та бізге аузымызды кең ашып, шын жүректен Құдайға дұға етуге түрткі болады.

Сонымен бірге бұл аяттар бізге Құдайдың алдына батыл жақындап, көптеген ұлы баталар сұрау керектігін айтады. Аятты толық оқып шығыңыз, сонда сіз бұл пікірдің қалай негізделгенін көресіз: *Мен сені Мысыр жерінен алып шыққан сенің Құдай Иеңмін; аузыңды аш, оны игілікке толтырамын.* Құдай бізге көп нәрсені сыйлағандықтан, Ол біздің көп сұрауымызға және көп нәрсені күтуімізге түрткі салады. Ұядағы жас балапандарға қараңыз: анасы оларды тамақтандыруға келгенде, олардың арандай ашылған ауыздарын ғана көруге болады. Біз де дәл солай істеуіміз керек! Рақымдылық үшін барлық есіктеріміз ашық болсын және оны өзімізге суға батырылған сусорғыштай сіңіре берейік. Құдай бізді Киелі Рухына кенелтіп, аузымызды киелі сөздеріне толтыруға даяр. Біздің зәрулігіміз аузымызды кең ашуға түрткі болады; әлсіздігіміз көмек сұрап, шын жүректен өтінуге асықтырады, ал қорқынышымыз Құдайға балаша зарлап өтініш жасауға көмектесуі керек. Сонда аузымызды игілікке Құдайдың Өзі толтырады.

**ӨЗІН ҚАСТЕРЛЕЙТІНДЕРГЕ ТАМАҒЫН СЫЙЛАЙДЫ,  
ЖАСАСҚАН КЕЛІСІМІН МӘНГІ ЕСІНЕ ҰСТАЙДЫ**

Зәбүр 110:5

Құдайдан қорыққандар, кедейліктен қорықпайды. Құдай Өз балаларына шөл далада да, Хораптың тасқынында да, тұтқында да, ашаршылық кезінде де әрдайым тамақ тауып беріп отырды. Құдай қазір де бізге нанымызды күнделікті беріп жатыр, сондықтан оны бұдан былай да беретініне күдіктенбейміз, сонымен біздің нансыз қалмайтынымыз да, тамаққа мұқтаж болмайтынымыз да анық.

Ол бізді рақымдылық келісімінің ең үздік баталарымен жарылқауын үздіксіз жалғастыра береді және біз Оның жарылқауына әрдайым да мұқтажбыз. Ол бізбен жасаған келісімін ешқашан да ұмытпайды. Ол бізбен келісім жасағанына ешуақытта да өкінбейді. Біз өзіміз ашулансақ та, Оны ашуландырсақ та, Ол бізбен жасаған келісімін ұмытпайды. Ол Өзі уәде еткендей, бізді жақсы көруді, қорғауды және жұбатуды ұмытпайды. Ол Өзінің міндеттерінің бәрін дәлме-дәл орындайды және Оның сөздерінің бірде-бірі бекерден бекер далаға кетпейді.

Өкінішке орай, біз Құдай туралы аз ойлаймыз, ал Ол болса біз туралы әрдайым да ойлайды. Ол келісімнің кепілі болып табылатын Өзінің Ұлын да, Оның іс-әрекетінің арқасында осы келісім бекітілген Өзінің Киелі Рухын да, әрі осы келісіммен тығыз байланысты Өзінің даңқын да ұмыта алмайды. Міне, сондықтан да Құдайдың салған негізі мызғымас берік. Осы келісімді кепілдік еткен сенушілер Құдайдағы өз мұрасын ешқашан да жоғалтпайды.

**ЖҮСІП БАУЫРЛАРЫНА: «МЕН ЖАҚЫНДА ДҮНИЕДЕН ҚАЙТАМЫН. АЛАЙДА ҚҰДАЙ РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАП, ОСЫ ЕЛДЕН АЛЫП ШЫҒЫП, ӨЗИ ЫБЫРАЙЫМҒА, ЫСҚАҚҚА ЖӘНЕ ЖАҚЫПҚА АНТ БЕРІП, УӘДЕ ЕТКЕН ЕЛІНЕ АПАРАДЫ» – ДЕДІ**

Жаратылыстың басталуы 50:24

Біз жақсы көретін адамдар да, сондай-ақ біздің дамуымызға көп үлесін қосқан адамдар да дүниеден қайтады. Олармен қосыла өмірімізге сән-салтанат пен сұлулық беретін көптеген қуаныштар да басылады. Жүсіп өлгеннен кейін, оның бауырлары үшін Мысыр елі бұрынғыдай болмай, құлазып қалды. Сол сияқты бұл дүние де біздің көпшілігіміз үшін, сүйікті адамдарымыздың өмір сүрген кезіндей болмай, мүлдем сән-салтанатынан айрылады.

Дегенмен, бұл ауыр қайғыны Құдайдың қалай басатынын қараңыз! Жүсіптің бауырларына *Құдай сендерге рақымшылық жасап, сендерді осы елден алып шығады* деген уәде берілді. Құдайдың келуі – жұмақты Өзімен бірге жерге алып түскендей! Бұл біз үшін қандай артықшылық және қандай жұбаныш! Құдайым, біз лайықты болмасақ та, Өзіңнің ақ батаңмен бізді жарылқашы.

Оларға, тіпті, бұдан да маңызды нәрсе уәде етілді: Құдай Ие оларды мысырлықтардың жерінен алып шығамын деп уәде етті. Себебі Мысырлықтар оларға жаман қарап, бүкіл ел олар үшін құлдық үйіне айналған болатын. Бірақ, өмір бойы осылай жалғаса беруі мүмкін емес еді, Құдай оларды азат етіп, уәде етілген жерге алып келді. Біз бұл күнәһар дүниеде өмір бойы жылап жүре бермейміз. Біз үйімізге, даңқты елімізге ораламыз, сөйтіп өзіміздің сүйікті бауырластарымызбен қауышып, мәңгі-бақи бірге боламыз. Бір-біріңді осы сөздермен жұбатыңдар!

**АЛ ӨЗІМ ӘДІЛДІКТЕ СЕНІҢ ЖҮЗІҢДІ КӨРЕМІН,  
ОЯҢҒАНДА СЕНІҢ КЕЙПІҢДІ КӨРІП ТОЙЫНАМЫН**

Зәбүр 16:15

Адамдардың мал-мүлкі оларды жердегі қажеттіліктерінен шығарып, байытады, ал сенушілердің байлығы болса мүлде басқаша. Осы дүниенің адамдарының байлығы осы дүниелік болып қалады, ал болашақ дүниенің адамдары байлықты аспанға жинайды және олардың көзқарасы кең әрі биік. Олар көздерін алысқа тастайды. Біздің игілігіміз екі жақты. Бұл жерде біз Құдайдың Киелі Рух арқылы арамьзда екенін сезініп, рақаттанамыз, ал Аспан Патшалығына барғанда, Оның бейнесіне сай біржолата қайта өзгереміз. Бұнда біз Құдайдың жүзін әділдікте көреміз, өйткені біз Иса Мәсіхтің әділдігімен ақталдық. Өзімізбен ымыраласқан Құдайдың жүзін көру қандай қуаныш! Иса Мәсіхте көрсетілген Құдайдың даңқы біз үшін жерді жұмақтың бір пұшпағына айналдырады, ал Аспан патшалығында жұмақтың төріндей болып көрінеді.

Әйтсе де бұл көрініспен бәрі бітпейді: біз көкірек көзімен көріп, терең түйсінген Тәңірімізбен, бірігіп, біте қайнасып кетуіміз керек. Сөйтіп көзді ашып-жұмғанша өзгеріп, Иеміздің сұлулығын көрсететін айнадай, Оның кейпіне енетін боламыз. Сенім көзі өзінің нұрланған жанарымен Құдайды көреді. Ал жүрек Исаның қасиетін көрсету үшін, Оның кейпіне енеді. Құдайды көру әрі Оған ұқсау – шексіз қанағаттанушылық болып табылады. Маған бұдан артық не керек? Бұл жерде Дәуіт пайғамбардың нық сеніммен айтқан сөздері Киелі Рухтың қатысымен Құдайдың уәдесіне айналып отыр. Мен осы уәдеге сенім артамын және оның жүзеге асуын күтемін. Құдай Ием, осы уәденді менің өмірімде жүзеге асыршы! Аумин.

АЛ МЕНІ АЙҚЫШҚА КӨТЕРІП ҚОЙҒАННАН  
КЕЙІН, АДАМДАРДЫҢ БӘРІН ӨЗІМ АРҚЫЛЫ  
ҚҰТҚАРЫЛУҒА ШАҚЫРАМЫН

Жохан 12:32

Келіндер, Құдайдың хабаршылары, жігерленіңдер! Сендер тыңдаушылардың назарын аударма алмаймыз деп қорқатын боларсыңдар. Олардың назарын айқыш ағашқа шегеленген, өліден қайта тіріліп, көкке көтерілген Құтқарушы туралы уағызбен аударуға әрекет етіңдер; бұл адамдардың назарын бүгінде халықтардың арасында жарияланып жүрген басқа нәрселерге қарағанда, әлдеқайда көбірек аударады. Сіздің назарыңызды Мәсіхке тек қана Мәсіх ретінде аударуға не себеп болды? Мәсіхтің Өзі ме? Егер сіздің назарыңызды Оған басқа бір нәрсе аударса, онда көп ұзамай Одан бетіңізді теріс бұрып кетесіз; сізді тек Иса ғана ұстап тұра алады әрі Ол соңына дейін ұстап тұрады. Онда сіз Мәсіхтің басқалардың да назарын Өзіне аударма алатынына неге күдіктенесіз? Осы кезге дейін қайсарлық көрсетіп жүргендерге Исаның атымен барып көріңіз, сонда Ол олардың назарын Өзіне аударма ма екен, аударма па екен көресіз.

Бұндай тартылыс күшіне ешкім де қарсы келе алмайды. Кәрілер мен жастар, байлар мен кедейлер, сауатсыздар мен ғалымдар, кері кеткендер мен сүйіктілер – бәрі де осы тартылыс күшін басынан өткізеді. Исада адамдарды Өзіне тартатын ұлы күш бар. Бізге басқа күштерді іздеудің қажеті жоқ. Әсем әуен де, шешен тілдер мен қисынды сөздер де, әдемі безендірулер мен айқын жарнамалар да адамдардың назарын Исаға бұндай аударма алмайды. Адамдардың назарын Өзіне шынайы аударатын Исаның Өзі ғана, әрі Ол бұны кез келген жағдайда істей алады. Қазіргі заманның қастандық әрекеттеріне азғырылмай, Құдайдың жайылымының жаршылары әрі хабаршылары ретінде, Оған адамдарды Өзінің арқандарымен жақындатыңдар. Адамдардың назарын Мәсіхке Мәсіхтің Өзімен аударыңдар, сонда Мәсіх те адамдардың назарын Өзіне аударуға бізді пайдаланады!



**СОНДА КӨПТЕГЕН ХАЛЫҚТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ  
ЖАҚЫПТЫҢ ҰРПАҒЫ БӨТЕН ХАЛЫҚҚА ҮМІТ  
АРТПАЙТЫН, АДАМ БАЛАСЫНАН КӨМЕК КҮТПЕЙТІН,  
ЖАРАТҚАН ИЕ ЖІБЕРГЕН ШЫҚТАЙ, ШӨПТІҢ  
ҮСТІНДЕГІ ЖАҢБЫРДАЙ БОЛАДЫ**

Миха 5:7

Бұл сенуші халыққа ұлы әрі даңқты дәреже беретін уәде және осы дәреже оны айналасын қоршаған адамдар үшін жарылқаушылыққа айналдырады. Қасиеттілер шынымен Құдайдың еркіне сай өмір сүрсе, өздері тұрған орта үшін шексіз жарылқаушылық болып табылады.

Олар таңғы шықтай, тыныштықпен, асықпай жүріп төңірегіндегілердің бәрін де жігерлендіреді. Сөйтіп олар өздерімен бірге өмір сүріп жатқан адамдардың рухани дамуына және өмірлерінің қуанышты өтуіне ақырын, бірақ әрекетті түрде қолғабыс етеді. Олар көктен жаңа ғана түскендей, күнге шағылысқан гауһар сияқты ізгі әрі қайырымды шығының тамшысынан әрбір қылтиған шөп суғарылу үшін, кедейлер мен кішкентайлардың да қамын ойлайды. Құдай халқы көптеген халықтың арасында аз ғана болып көрінгенімен, бәрі біріккен кезде, Құдайдың сүйіспеншілігінің ниетін жүзеге асыруда айтарлықтай күшті. Шықтың бұндай байқалмайтын тамшыларды кең далаларды да жаңартады. Құдайым, бізге осы шықтай болуға көмектесші!

Құдайдың балалары сондай-ақ, Оның әмірімен нағыз нөсерге де айнала алады. Адамдардың қалауына қарамай, аспаннан шелектеп құйған жаңбыр сияқты, олар да бұл үшін рұқсат сұрамайды. Себебі олар Құдай үшін қызмет етеді. Құдайым! Сен қойған жердегі қызметті атқаруда батыл әрі жылдам болу үшін маған жәрдемдесші!

**ШЫНДЫҚТЫ БІЛДІРЕТІН РУХ КЕЛГЕН СОҢ,  
ОЛ СЕНДЕРДІ БАР ШЫНДЫҚҚА ЖЕТКІЗЕДІ**

Жохан 16:13

Шындық үлкен бекініске ұқсайды және біз оған кіруді өте қалаймыз, әйтсе де біз бұл бекініске жол көрсеткіш болмаса кіре алмаймыз. Кіре беріс жер жарық әрі бізге қазірше анық көрініп тұр, бірақ егер біз ілгері жылжып, ішкі бөлмелерге қарай жүрсек, онда міндетті түрде бізді жетелейтін біреу керек, бұлай болмаған жағдайда біз адасамыз. Шындықты жете білетін, Киелі Рух әрбір сенушіге осындай қызмет көрсетуге даяр. Ол сенушіні шындықты түйсіну қабілетіне сай, бір бөлмеден екіншісіне қарай жетелейді, сөйтіп олар «Құдайдың құпияларын» терең танып біле бастайды, осылайша олар Құдайдың құпияларын танып білетін қабілетке ие болады.

Бұл Құдайды терең танып білгісі келген бойсұнғыш адам үшін неткен қымбат уәде! Біз шындықты біліп әрі оған терең бойлап, түсінгіміз келеді. Біз адасудың қиын емес екенін білеміз, әрі бізге кеңесшінің міндетті түрде қажет екендігін де түсінеміз. Сондықтан біз Киелі Рухтың келгеніне және Оның бізбен бірге екеніне қатты қуаныштымыз. Ол біздің алдымызда жүруге даяр және біз Оның жетегіне ризашылықпен үміт артамыз. Біз бір жақты болып қалмау үшін және тепе-теңдікті жоғалтпау үшін шындықты толық тануды қалар едік. Егер Құдайдың аяндарының қандай бір бөлімі біз үшін белгісіз болып қалса, Оның батасынан айырылып қалуымыз немесе күнәға барып ұрынуымыз мүмкін. Шындықты білдіретін Рух бізді бар шындыққа жеткізу үшін келді. Сондықтан, Оның сөздеріне үміт артып, жетегіне бойсұнғыштықпен ілесейік.

**АЛ ЕНДІ БАРЫП, ШӘКІРТТЕРІНЕ ЖӘНЕ ПЕТИРГЕ  
МЫНАНЫ ЖЕТКІЗІҢДЕР: «ОЛ СЕНДЕРДЕН БҰРЫН  
ФАЛИЛЕЯҒА БАРАДЫ. ӨЗІ СЕНДЕРГЕ АЙТҚАНДАЙ,  
ОНЫ СОЛ ЖЕРДЕН КӨРЕСІҢДЕР»**

Марқа 16:7

Иса шәкірттерімен ұшырасу үшін Өзі белгілеген жерде дер кезінде болғысы келді. Ол Өзінің уәдесін бұзбады. Егер Ол рақымдылық тағында немесе Оған деген қызметімізде бізбен бірге болуды және құпия сырымызды сақтауды уәде етсе, онда Онымен сол уәделі жерде ұшырасатынымызға толық сене аламыз. Адамдар ұшырасуға уәделескен жерді жаман оймен айналып өтуі мүмкін, ал Құдай ешуақытта да бұлай істемейді. Өйткені Ол: *Екі, үш адам Менің атымнан жиналса, Мен де сол жерде араларыңда боламын*, – деді. Ол: *Мен сендердің орталарыңдамын!* – дейді.

Иса бізбен қарым-қатынаста әрдайым да бірінші орында тұрады: *Ол сендердің алдыларыңда жүреді!* Оның жүрегі Өзінің таңдаулыларымен бірге. Ол шәкірттерімен қуана-қуана ұшырасуға даяр және оны ешуақытта да кешіктірмейді. Ол әрдайым да біздің алдымызда жүреді.

Кейін Ол Өзіне келгендерге ашылады. *Оны сол жерден көресіңдер!* Қандай қуанышты көрініс! Бізге Құдайдың даңқына бөленген адамдарды көру мүлде міндетті емес, бірақ Исаны көру – бұл біз үшін ұлы қуаныш пен тыныштық. Оны көретініміз анық, себебі Ол Өзіне сенгендерге келемін және оларға ашыламын деп уәде етті. Бұның дәл осылай болатынына сенімді болыңыз, өйткені Ол бәрін Өзінің уәдесіне сай істейді. *Өзі сендерге айтқандай!* Осы сөзді берік ұстанып, Оның соңына дейін Өзінің айтқанындай істейтініне сенімді болыңыз!

**БҰДАН БЫЛАЙ ЕШКІМ СЕНІ «КҮЙЕУІ ТАСТАП  
КЕТКЕН ӘЙЕЛ» ДЕП АТАМАЙДЫ, ЖЕРІҢДІ «ИЕСІЗ  
ҚАЛҒАН» ДЕП ТЕ АТАМАЙДЫ**

Ишяя 62:4

*Тастап кеткен* – бұл жанға өте ауыр тиетін сөз. Бұл сөзді естігенше, жерге кіргенім жақсы деп ойлайсың. Бұл сөздің астарында үлкен ауыртпалық пен терең қайғы-қасірет жатыр. *Тастап кеткен* деген бұл сөзден бізге қайғы-қасірет тұңғиығының лебі келеді. Өзінің арының алдында ант ішіп, уәде берген адам тастап кеткен! Бұрыннан жиі бірге жүріп, әбден сенген досы тастап кеткен! Сүйікті жақын туған-туыстары тастап кеткен! Ата-анасы тастап кеткен! Бұл шынында да үлкен ауыртпалық, әйтсе де егер бізге Құдай жәрдем берсе, бұған шыдай аламыз.

Ал егер өзімізді Құдай тастап кеткендей сезінсек, онда не болмақ? Дүниедегі ең ашты да зарлы: *Құдайым, Құдайым! Неліктен Мені жалғыз қалдырдың?* – деген еңіреуді еске алайық. Бізге осындай зарлы еңіреудің дәмін ең болмағанда бір рет татып көруге тура келді ме? Олай болса, осындай тілмен айтып жеткізгісіз күйініштің екінші рет қайталануынан Құдай бізді сақтасын деп сұрайық. О, Құдайым біз тек осындай қапаста қалып қоймасақ екен! Адамдар кезінде бір сенуші адам туралы: *Құдай оны тастап кетті, оны бас салып, қуғынға ұшыратыңдар!* – деді. Дегенмен, бұл жалған сөздер. Құдайымыздың сүйіспеншілікке толы рақымы жауларымыздың өз сөздерін қайта алуына немесе ең болмағанда аузын жабуына мәжбүр етеді.

Иеміздің: *Құдай саған рақым етеді!* – деген ұлы уәдесі өзімізді тастандыдай сезінген жағдайға тікелей қарама-қайшы болып табылмақ. Бұл сөз қайғыны қуанышқа айналдырады. Өзін тастандыдай сезінген әркім Құдайдың: *Мен сенен бас тартпаймын, ешқашан жалғыз қалдырмаймын!* деген сөзіне құлақ түрсін.

**БІРАЗ ҚАНДЫ ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕР КЕЗДЕСУ  
ШАТЫРЫНДА, ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ АЛДЫНДА ТҰРҒАН  
ХОШ ИІСТІ ЗАТТАРДЫ ӨРТЕЙТІН ОРЫННЫҢ  
МҮЙІЗДЕРІНЕ ЖАҚСЫН. АЛ ҚАЛҒАН ҚАНДЫ  
КЕЗДЕСУ ШАТЫРЫНЫҢ КІРЕБЕРІСІНДЕГІ  
ҚҰРБАНДЫҚТЫ ӨРТЕУ ОРНЫНЫҢ ТҮБІНЕ ТӨКСІН**

Леуліктерге 4:7

Хош иісті заттарды түтететін орын – бұл қасиеттілер өздерінің дұғалары мен ризашылығын алып келетін жер, сондықтан оның ұлы Құрбандықтың қанымен бүркелгенін түсіну ұлы қуаныш болмақ. Біз ұлы Құрбандық – Иса Мәсіхті қабылдағандықтан ғана дұғаларымыз Құдай Иеге ұнамды. Ол біздің жүрегімізден Өзінің Жалғыз Ұлының қанын көреді, сол үшін де біздің сиынуымызды қабылдайды.

Егер біз өз назарымызды күнә үшін төгілген ұлы Құрбандықтың қанына аударсақ өте жақсы болғаны. Күнә, тіпті, біздің ең қасиетті деген істерімізге де жармасады, сондықтан егер де татуластыру Құрбандығының қызметі болмағанда, Құдай біздің күнәларымыз үшін шын жүректен өкініп тәубеге келуіміз бен сенімімізді, дұғаларымыз бен ризашылықтарымызды қабылдай алмас еді. Көптеген адамдар бұл қанды мазаққа айналдырады, бірақ ол біз үшін жұбаныш пен үміттің қайнар көзі болып табылады. Құрбандық әкелінетін орынның мүйіздеріне бүркілген қан біздің Құдайға жақындауға хұқықты екендігімізді асқан айқындықпен куәлік етуі керек. Ол біздің дұғамызға күш береді, сол үшін де ол құрбандық әкелінетін орынның мүйіздеріне бүркілген. Ол *Құдайдың алдында*, сондықтан біздің де алдымызда. Ол құрбандық әкелінетін орынға біз хош иісті түтетулерімізді әкелмес бұрын-ақ алдын ала бүркіліп қойылған. Ол біздің құрбандық сыйымызды тазалау үшін бүркілді.

Сондықтан да батылдықпен дұға етейік, себебі құрбандық әлдеқашан шалынып қойылған және Оның сіңірген еңбегі қазір әрекет етуде. Қан перденің арғы жағында, сондықтан да сенушілердің дұғасы Құдайдың алдында жағымды хош иіс болып табылады.

**МІНЕ, МЕН АЛДЫҢНАН ЕСІКТІ АШЫП ҚОЙДЫМ,  
ЕШКІМ ДЕ ОНЫ ЖАБА АЛМАЙДЫ**

Аян 3:8

Құдайдың шындығын берік сақтаған адал сенушілер үшін, есік айқара ашық. Қадірлі жан, Құдайдың Сөзі ашып бергендерін өмірде де, өлімде де берік сақтауды шешкенің үшін, бұл есік саған да айқара ашық.

Мен осы ашық есік арқылы Құдаймен жақын қарым-қатынасқа түскім келсе, кім маған бөгет жасай алмақ? Иса менің күнәларымды көтеріп, маған Өзінің әділдігін сыйлады, сондықтан мен де осы есік арқылы еркін кіре аламын. Құдайым, бұның бәрі Сенің рақымдылығыңның арқасы!

Маған Құдай Сөзінің құпияларын білуге де есік ашық. Енді мен Құдайдың құдіретті құпияларын түсіне аламын: Оның рақымдылықпен таңдап алуы, Мәсіхпен қарым-қатынас, Оның екінші рет келуі – бұның бәрі мен үшін ашық әрі айқын. Құдайдың уәделері мен ілімдерінің бірде-бірі енді мен үшін жабық емес. Осының бәрі менің жаныма қуаныш береді.

Егер жүрегімнің есігі кеңінен ашық болса, онда алдымен Құдайдың өзіне, содан кейін қоғамға жемісті қызмет етуіме толық мүмкіндік бар. Құдай мені тыңдағысы келеді; Құдай мені пайдаланғысы келеді. Ашық есік арқылы мен қасиеттілердің көкпен қарым-қатынасына да және олардың күнделікті жердегі бір-бірімен қарым-қатынасына да ене аламын. Бәлкім, кейбіреулер менің аузымды жауып, тіпті орталарынан шығарып тастауға да әрекет ететін болар, бірақ бұлай істеу ешкімнің де қолынан келмейді!

Көп ұзамай мен Аспан Патшалығына кіретін есік пен алдымнан алтын қақпалардың ашылғанын көремін, сонда мен Құдай Иемнің қасына барамын да Онымен мәңгі бірге боламын.

**МЕН, ЖАРАТҚАН ИЕ, ОЛАРДЫ КҮШЕЙТЕМІН!  
ОЛАР МЕНІҢ АТЫММЕН АЛҒА БАСАТЫН БОЛАДЫ, –  
ДЕЙДІ ЖАРАТҚАН ИЕ**

Зәкәрия 10:12

Бұл ауырып жүрген қасиеттілерге жұбаныш беретін уәде. Олар әбден шаршаған және күдік пен қорқыныштың төсегінен енді ешуақытта да тұра алмаймын деп қауіптенеді, дегенмен, міне, ұлы Дәрігеріміз олардың ауруын емдеп, еңселерін езген әлсіздіктен босата алады. Ол әлсіздерді ең жақсы жолмен нығайтады, өйткені бұл нығайту *Құдайдың атымен* істелмек. Біздің күшіміз өзімізде емес, Құдайда. Ал Құдайдағы күш бізді Онымен қарым-қатынасқа алып келеді, егер бұл күш бізде болса, ол бізді менмендікке әкеліп соғар еді. Бізде оның аяғы ең қайғылы жолмен бітіп, шектелген болар еді, ал Құдайда ол шектеулі емес.

Құдайдың күші анық көрінген кезде, сенушілер оны қолдана алады. Олар орнынан тұрып Құдайдың атымен алға басады. Адамның ауруынан тұра алуы неткен ғажап әрі әлсіздіктен кейін Құдайдың күшімен қайта нығаюы қандай даңқты десеңізші. Құдай Өз таңдаулылары адал жүрсін деп, оларға азаттық сыйлайды, сондай-ақ осы азаттықты пайдалану үшін, олардың жан-дүниесіне де бостандық береді. Ол бізге бостандық алып берді, енді біз жүрегінде Құдайдың тыныштығы жоқ, күнәнің құлы емеспіз; біз өмірге еркін көз тастап қана қоймай, сондай-ақ жүрегіміздің қалауынша, Құдаймен бірге емін-еркін жүре аламыз.

О, жүрегім, кел, ауырма және қайғырма! Иса сені күшті болуға және Өзімен бірге жүруге шақырады. Оның сүйіспеншілікке толы шақыруына үн қатып, соңынан ілес.

МЕН СЕНДЕРГЕ ЖАҢА ЖҮРЕК СЫЙЛАП, БОЙЛАРЫҢА  
 ЖАҢА РУХ ДАРЫТАМЫН. БОЙЛАРЫҢНАН ТАСТАЙ  
 ҚАТТЫ ЖҮРЕКТІ АЛЫП ТАСТАП, ЕТТЕЙ ЖҰМСАҚ ЖҮРЕК  
 ДАРЫТАМЫН. БОЙЛАРЫҢА ӨЗ РУХЫМДЫ ДАРЫТАМЫН.  
 ОСЫЛАЙША МЕНІҢ БҰЙЫРҒАН ЗАҢДАРЫМ БОЙЫНША  
 ЖҮРІП, ЕРЕЖЕЛЕРІМДІ МҰҚИЯТ ОРЫНДАЙСЫҢДАР

Езекиел 36:26-27

Бұл өзгерудің қалай болатынына назар аударыңыз. Бұны Құдайдың Өзі іске асырады. Тек Құдай ғана біздің жүрегімізге ойдағыдай ықпал жасап, қатыгездіктен азат ете алады. Ол біздің Құдайды шын жүректен және жан-тәнімізбен жақсы көруімізге ықпал етіп, көздеген мақсатына жетеді. Рақымдылықтың бұл ғажап ісін Киелі Рух жүзеге асырады. Бұл істі біз басқадан емес, тек жалғыз Құдайдан ғана күтуіміз керек.

Бұл өзгеру ісінің қай жерде жүргізілетініне назар аударыңыз. Ол тәннен емес, керісінше рухтан. Ол рақымдылық келісімінің елеулі белгісі болып табылады. Киелі Рухтың куәлігі – Құдайдың Өзі таңдап алғандығының белгісі; бұл жасырын құпия сенушінің рақымдылықпен таңдалғанын дәлелдейді.

Біз көзге көрініп тұратын сыртқы рәсімдерге сенудің орнына, Киелі Рухтың қызметінің жүрегімізде сақталуына қол жеткізуіміз қажет. *Менің бұйырған заңдарым бойынша жүріп, ережелерімді мұқият орындайсыңдар* деген қорытынды сөздерге назар аударыңыз. Біздің ішкі жаңаруымыз Құдайға бойсұнушылығымыздан көрінеді. Біз Құдайдың бұйырғандарын шын мәнінде орындай алу үшін, Ол біздің ішкі дүниемізде Өзінің рақымдылық ісін ақырына дейін істей берсін.



АЛ МЕНІҢ АТЫММЕН АТАЛЫП ЖҮРГЕН ХАЛҚЫМ  
 МАҒАН БОЙҰСЫНА СИЫНЫП, ЕРКІМДІ БІЛГІСІ  
 КЕЛСЕ, ӘРІ ТЕРІС ЖОЛДАРЫНАН ҚАЙТСА, ОҢДА  
 МЕН КӨКТЕҢ ҚҰЛАҚ САЛАМЫН. МЕН КҮНӘЛАРЫҢ  
 КЕШІРІП, ОЛАР ТҰРҒАН ЕЛДІ САУЫҚТЫРЫП,  
 ҚАЙТАДАН ТЫНЫШТЫҚ СЫЙЛАЙМЫН

Шежіренің екінші жазбасы 7:14

Тіпті, бізді Құдай халқы деп атаса да, әлі де айтарлықтай жиі адасамыз. Құдайымыздың бізді кешіруге даяр екені неткен рақымдылық еді! Міне, сондықтан да біз күнә жасап қойсақ, Құдайымыздан тезірек кешірім сұрауға асығамыз.

Біз өзімізді өзіміз бойсұндыруымыз керек. Құдайдың осыншама мол сүйіспеншілігіне ие бола тұрып, әлі де күнә жасай беретін болсақ, онда бұл бойсұну бола ма? Құдайым, біз сенің алдында бойсұнып бас иеміз және жақсылықты білмей-тінімізді мойындап кешірім сұраймыз! Күнә бізді масқара етеді! Осыншама рақымдылыққа ие бола тұрып, күнә жасау барып тұрған масқаралық!

Сонымен Құдайдың бізге қайырымды болып, күнәдан тазартуын және одан мүлдем азат етуін сұрап, Оның жүзін іздеуіміз керек. Біздің теріс қылықтарымыздың салдарынан, Ол бізден жүзін бұрады, ал Оның жүзін өзімізге бұру үшін, Одан сұрауымыз керек. Құдайым, бізге Өзіңнің Ұлың Иса арқылы қарап, құлдарыңа қайырымды болшы!

Сонымен қатар жамандық атаулының бәрінен бас тартуға өзіміз де күш салуымыз керек. Егер күнәдан бас тартпасақ, Құдай жүзін бізге бұра алмайды.

Тек соңғы қорытынды кезінде ғана: Құдай бізді естиді, кешіреді және тазартады деген үш жақты уәдеге ие боламыз. Көктегі Әкеміз, осы уәде біздің өмірімізде бүгін де орындалсыншы!

СОНЫМЕН МЕНІ АДАМДАР АЛДЫНДА  
МОЙЫНДАҒАН ӘРКІМДІ МЕН ДЕ КӨКТЕГІ  
ӘКЕМНІҢ АЛДЫНДА МОЙЫНДАЙМЫН

Матай 10:32

Қандай қайырымдылық пен рақымдылыққа толы уәде! Құдай Иемді мойындау мен үшін ұлы қуаныш. Менің әлсіздіктерім қаншалықты көп болса да, Исаның атын атауға ұялмаймын. Мен Оның айқыш ағашы туралы ілімді жариялаудан қорықпаймын. Құдайым, мен өз жүрегімдегі Сенің әділдігіңді ешкімнен жасырмаймын.

Құдайдың маған қазір ашып беріп жатқан сол болашақ жоспарлары неткен ұлы әрі даңқты! Достарым мені тастап кетеді, ал жауларым бұған қуанады, алайда Тәңір Ие Өзінің құлынан бас тартпайды. Құдайым осы жолы да мені жақсы көретіндігін білдіріп, маған Өзінің рақымдылығының жаңа белгілерін көрсететініне нық сенімдімін. Алайда, Әкемнің алдына баратын күн келеді. Сол күні Көктегі Әкенің алдында Исаның мені де мойындайтыны қандай жұбаныш! Ол: *Мына адам Маған сеніп, Менің атым үшін қорлық көруге де даяр болды, сондықтан Мен де оны Өз меншігім деп мойындаймын*, – дейді. Жауынгерге қалың топтың алдында еңбегіне лайық сый ұсынған кезде, бұл оның өміріндегі нағыз ұлы күн болмақ, дегенмен Тәңіріміз Иса бізді көктегі Құдайдың ұлылығының алдында мойындаған кездегі даңқ одан әлдеқайда маңызды. Сонымен мен өз Иемді мойындаудан ұялмаймын! Қорқақтықпен үндемей қалуды немесе жарым-жартылай мойындауды қанағат тұтпаймын! Өзімді мойындауды уәде еткен Исадан мен қалайша бас тартпақпын?

**МӘҢГІ ТІРІ ӘКЕМ МЕНІ ЖІБЕРДІ ЖӘНЕ МЕН ОЛ АРҚЫЛЫ  
ӨМІР СҮРЕМІН, СОЛ СИЯҚТЫ ТӘНІМДІ «ЖЕГЕН» КІСІ ДЕ  
МЕН АРҚЫЛЫ ШЫНАЙЫ ӨМІР СҮРЕДІ**

Жохан 6:57

Біз Құдайдың Ұлымен тығыз қарым-қатынастың арқасында өмір сүріп жатырмыз. Құдай мен адамның арасындағы Дәнекер ретіндегі Иеміз Иса өмірдің көзі – Құдай Әке де тірі, сөйтіп біз де өзімізді жандандырған тірі Құтқарушымен тірі байланыста өмір сүреміз. Ол біздің өміріміздің қайнар көзі болып табылады және біздің өмірімізді сақтайды. Тірі жандының бәрі де азыққа мұқтаж болады. Рухани өмірді рухани азықпен тамақтандыру қажет, ал сол рухани азық – Иеміз Иса. Біздің азығымыз – Оның өмірі немесе өлімі, атағы немесе ісі мен сөзі емес, осының бәрін Өзінде толық қамтыған Оның Өзі.

Біз бұны, әсіресе, Иеміздің кешкі асынан анық көреміз, дегенмен біз бұны Иеміз туралы ойлағанда да, Оған шын жүректен сенгенде де, Оны сүйіспеншілікпен қабылдағанда да және Онымен іштей нығайған кезде де білеміз. Біз Исаның Өзімен азықтанудың не екенін жақсы білеміз, бірақ оны көрсете де, суреттей де алмаймыз. Ең дұрысы бұл туралы адамдарға әрдайым жариялай беру. Құдай Сөзі бізді бұл азықпен молынан азықтануға шақырады, сөйтіп егер Иса біздің тамағымыз бен сусынымыз болса, бұл жағдай біз үшін шын мәнінде ұлы игілік болмақ.

Құдайым, өз рухани өмірімнің қажеттіліктері өзіме ұлы қуаныш болып табылатыны үшін Саған алғыс айтамын. Сондықтан бүгінгі күні де қуана-қуана Сенің Өзіңмен азықтанамын.

**СОНДА БҮКІЛ ӘЛЕМНІҢ ХАЛЫҚТАРЫ ЖАРАТҚАН  
ИЕНІҢ АТЫМЕН АТАЛҒАНДАРЫҢДЫ КӨРІП,  
СЕНДЕРДЕН ҚОРҚАТЫН БОЛАДЫ**

Заңды қайталау 28:10

Сонымен, бізде олардан қорқатындай еш негіз жоқ. Қорқыныш тек рухтың әлсіздігі мен сенімсіздіктің белгісін көрсетеді.

Құдайдың Өзі соншалықты бізге ұқсас бола алғандықтан, біздің шынымен Оның атымен аталатынымызды және тәңірлердің Тәңірінің меншігінде екендігімізді адамдар теріске шығара алмайды. О, егер де бұл рақымдылық біздің үлесіміз болса еді! Құдай бізге оны сыйлай көрсін!

Әділетсіз адамдардың ақиқи мәсіхшілерден қауіптенетініне сенімді болыңыз. Олар мәсіхшілерді жек көреді, сонымен бірге олардан қорқады да. Екі жүзді зұлым адам, тіпті әділдерді құртуға әрекет еткен кезде де қалтырайды. Әділетсіздер өздерінің қорқынышын менмендікпен жасыруға әрекет еткендіктен әділдерге өшігеді. Сонымен, қорқыныштан қалтырап-дірілдемей, шындық пен әділеттіліктің қауіпсіз жолымен жүрейік! Қорқыныш – бұл біздің ісіміз емес, ол зұлымдық жасап, Құдайға қарсы күресіп жүргендердің ісі. Егер біз өзімізді шынымен мәңгі тірі Құдайдың атымен атасақ, онда ешқандай да жамандыққа ұшырамаймыз, себебі бізбен ежелде римдіктермен болғандай жағдай болады. Ежелде Рим мемлекетінің адамы тек қана: Романус сум (мен римдікпін), – десе болғаны, ол дереу сол ұлы патшалықтың сансыз көп әскерлерінің қорғауында болды. Құдіретті Құдайдың қол астындағы әрбір сенушімен де дәл солай болмақ. Себебі Ол Өз балаларын сергектікпен бақылап тұрады. Құдай көкті Періштелерсіз қалдырса да, Өзінің қасиеттілерін қорғансыз қалдырмайды. Сонымен, өздеріңе ұсынылған хұқық үшін батыл күресіндер, себебі Құдай сендермен бірге!

АЙТЫЛҒАН СӨЗГЕ НЕМҚҰРАЙДЫ ҚАРАЙТЫН  
ӨЗ БАСЫНА ЖАМАНДЫҚ КЕЛТПІРЕДІ,  
АЛ ӨСИЕТТІ ҚҰРМЕТПЕН ОРЫНДАЙТЫНДАР  
СОНЫҢ ЖЕМІСІН КӨРЕДІ

Нақыл сөздер 13:13

Құдай Сөзіне құрмет көрсетпеу өте жаман нәрсе! Адамдар өздерін Құдай Сөзінен гөрі ақылды санап, тіпті оны айыптауға да батылы барады. *Бірақ мен Құдайдан қорыққаннан* бұлай істемедім. Біз Құдай Рухының күшімен жазылған кітапты өміріміздің қайнар көзі әрі бағыттаушысы ретінде қабылдаймыз және оған бойсұнуымызбен оны құрмет тұтып, қастерлейтінімізді дәлелдейміз. Құдай Сөзі бізді ешқандай да жаманшылыққа үйретпейді, керісінше балаша зор құрметке үйретеді. Біз Құдай Сөзінде айтылған жазадан қорықпаймыз, себебі бізде Оның өсиеттерін бұзып қоймақ екен деген қорқыныш бар. Мұндай қорқыныштан жан тыныштық пен бойсұнушылық туындайды және бұл батыл менмендіктен әлдеқайда артық. Мұндай қорқыныш өмір жолында біз тым жоғары көтеріліп бара жатсақ, тежеуіш ретінде, ал төмен құлдилап бара жатсақ, дем беруші ретінде бізбен бірге ере жүреді. Зұлымдықтан сақталып әрі шындық жолында Құдайдың қорқынышымен жетеленген біздің ар-ұжданымыз әрдайым да таза болмақ. Біз өзіміздің рухани бостандықта екенімізді сезінеміз, бұл өлімнен өмірге қайтадан келгенмен бірдей; біз Құдайға ұнамды екенімізге сенімдіміз әрі бұл жағдай біз үшін жердегі жұмақ сияқты. Әділетсіздер біздің Құдай Сөзін бұзудан қорқатынымызды келеке етуі мүмкін, дегенмен біз оған көңіл бөлмейміз. Көктегі қазынамызды қадірлеу өзіміз үшін айтарлықтай жұбаныш болып табылмақ. Уақыты келіп, бойсұнғыштығымыз үшін сый берілгенде, бізді нақақ жамандап, жек көргендердің өздері мазаққа ұшырайтын болады.

**КӨЗ ЖАСЫН КӨЛ ЕТІП ЕККЕНДЕР ЕГІНІН,  
ҚУАНА АНДЕТІП ЖИНАМАҚ ӨНІМІН**

Забур 125:5

Жылау уақыты себу уақытымен сәйкес келеді, себебі топырақты құрғақ қалдыруға болмайды. Көз жасымен жібiген тұқым тезiрек өнедi. Дұғаның көз жасының тұзы тұқымды жақсы тамырландырып, оны құрт жеуден сақтайды. Жүрек түкпірінен шыққан ақиқат – шынайы ақиқат. Сондықтан себуді кешеуілдетудің орнына, әзірше жылап жүрген кезімізде, күш салуды екі есе арттырайық, өйткені бұл өте қолайлы уақыт.

Көктегі тұқымды күліп жүріп сепкен мүлде дұрыс болмас еді. Адамдардың тағдырына жеңілтектікпен қарау Құдайдың нұсқауларына сәйкес емес. Ал басқа адамдардың жаны үшін қайғыру әрі оған нағыз қамқорлық көрсету Құдайға ұнамды іс. Майданға жеңілтектікпен барып, ұрыс даласында қаза тапқан қайраткерлер туралы естігенбіз, егер жеңілтектікпен сепсек, біз де дәл солай жеңіліске ұшыраймыз.

Сонымен, келіңіздер, көз жасын көл етіп себуді жалғастырайық, өйткені бізге қуанып жүріп жинау уәде етілген. Уақыты келгенде өз еңбегіңнің жемісін көресің. Сонда өнімнің соншалықты көп екенін көріп қуанасың, аз өнімге бұлай қуанбас едің. Егер бүгін көздерің күмістей көз жасынан көрмей қалса, ертеңгі алтын дәндер туралы ойла. Бүгінгі басыңа түскен қайғы-қасірет пен түңілушіліктерді қуанышпен көтер, өйткені ертең өнімді жинағанда саған сыйлықты аямай мол етіп бермек.

СЕНІ ЖАЗАЛАСАМ ДА,  
ӘДІЛДІКПЕН ҒАНА ЖАЗАЛАЙМЫН

Еремия 30:11

Жазасыз қалу қатерлі белгі болар еді, бұл Құдайдың: *Ол пұт құдайлармен қарым-қатынаста болды, сондықтан да өле берсін!* – дегенімен бірдей. Бұндайды Құдай басқа бермесін! Біз Құдайдың соншама мол да ағыл-тегіл игіліктерін көріп отырғандықтан, жүрегіміз қорқыныш пен құрметке толуы керек. Құдай кімді жақсы көрсе, соны жазалайды, ал кім Ол үшін түкке тұрғысыз болса, союға дайындап жатқан өгіздей, алаңсыз семіруіне жол береді. Көктегі Әке Өз балаларын тек жақсы көргендіктен ғана жазалайды.

Дегенмен байқап қарасаңыз, Ол бұны белгілі бір мөлшерде ғана жасайды. Ол бізге сүйіспеншілікті өлшеусіз сыйлайды, ал жазаны өлшеммен береді. Көне Өсиетте адамдарды жазалағанда, мұқият санап отырып, отыз тоғыз дүре соққан және одан артық ешкімді де жазалаған емес. Жаңа Өсиетте де Құдайдың үй құрылысындағы азапталушы мүшпені жазалайтын әрбір соққы дәл солай мұқият санаулы. Бізге берілетін жаза даналықпен, жанашырлықпен және сүйіспеншілікпен өлшенеді. Құдайдың бізге белгілеген әділ жазаларынан жалтармайық. Құдайым, егер Сен менің жанымда болып, ащы соққылар мен азап тостағанымға тамған тамшыларды Өзің санап тұрсаң, онда бұл тостағанды қолыңнан қуанышпен алып, оны Сенің нұсқауыңа сай: *Сенің еркің болсын!* – деп ішкенім жөн.

## ОЛ ХАЛҚЫН КҮНӘЛАРЫНАН ҚҰТҚАРМАҚ

Матай 1:21

Тәңір Ием, мені күнәларымнан құтқара гөр! Тәңірім Иса, Сенің атың маған дәл осылай дұға етуге батылдық береді. Бұдан былай күнәлы әдеттердің тұтқыны болмауым үшін, мені бұрынғы күнәларымнан азат етші! Әлсіздіктерімнің құлы болмауым үшін, мені жаман мінез-құлықтарымнан арылтшы! Күнәға беріліп кетпесем екен деген қорқынышты жоғалтпауым үшін, мені әрдайым көз алдымда жасалып жатқан күнәлардан сақташы. Құдайым, мені жарықтың жетпеушілігінен жасайтын жасырын күнәларымнан азат етші! Мені кенеттен әрі күтпеген жерден келетін күнәлардан сақташы, азғыру тықсырғанда, аяғымды тіреп тұрған тиянақты негізді жоғалтып алуыма жол бермеші! Құдайым, мені күнә атаулының бәрінен құтқаршы! Ешқандай да әділетсіздіктің менің үстімнен билік жүргізуіне жол бермеші.

Бұл тек Сенің ғана қолыңнан келетін іс. Мен өзімнің ішкі бұғауларымды үзе алмаймын және ішкі жауларымды жеңе алмаймын. Сен сынақтың не екенін білесің, өйткені Өзің сыналдың. Сен күнәнің не екенін білесің, өйткені Сен оның ауыртпалығын көтердің. Сен күрес кезінде маған қалай жәрдем беру керек екенін білесің. Сен мені күнәдан сақтайсың және егер күнә жасап қойсам, қайтадан қалпыма келтіре аласың. Егер мен Сенен бұл туралы сұрасам, атыңның өзі-ақ, Сенің дәл солай істейтініңді уәде етеді. Осы пайғамбарлық сөздің ақиқаттығына менің көзімді бүгін-ақ жеткізші. Сенің есімің менің өмірімде мадақталуы үшін, мен ашуға, менмендікке, торығуға немесе жаманшылықтың басқа да түрлеріне жол бермей, таза өмір сүрейінші!



ЕҢ КІШКЕНТАЙ, ӘЛСІЗ ОТБАСЫНАН МЫҢҒЫРҒАН,  
 МЫҚТЫ ҰЛТ ТАРАЙТЫН БОЛАДЫ.  
 МЕН, ЖАРАТҚАН ИЕ, МҰНЫ УАҚЫТЫ КЕЛГЕНДЕ  
 ТЕЗДЕТІП ЖҮЗЕГЕ АСЫРМАҚПЫН

Ишяя 60:22

Құдайдың ісі, әдетте, кішкентай нәрседен басталады, сондықтан оны азырқанып, көзге ілмей қоюға болмайды. Әлсіздік Құдайға жақындауға түрткі болады және сол арқылы Құдайға сенім артуды үйреніп, абыройға ие боламыз. Құдайдың өсіремін деген уәдесін жоғары бағалаңыз! Қыша дәні дәндердің ішіндегі ең *кішісі*, әйтсе де ол өсіп шығып, бұтақтарын аспан құстары мекендейтін, алып бәйтерек сияқты өсімдікке айналады. Сол үшін біз де *кішкене нәрседен* бастасақ, Құдай оны үлкейтеді әрі көбейтеді. Көбейту кестесі Құдайдың қолында. Жалғызсырап жүрген қызметкерлерге Ол: *Мен сені көбейтемін!* – деп жиі айтпады ма? Жалғыздан жалғыз немесе екеу-ақ болып жүргендер, Құдайға үміт артыңдар; егер сендер Оның атымен жиналсаңдар, Ол сендердің орталарыңда болады.

*Ең кішкентай!* Адамдардың сапасына емес, санына ғана көңіл бөліп, тәни күштеріне сенетіндер бұл *кішкентайды* көздеріне де ілмейді? Дегенмен, осы *кішкентай* мықты ұлттың, тіпті ұлы халықтың түйіні болуы мүмкін. Кешқұрым біз аспанда алғашқы жұлдыздың пайда болғанын байқаймыз, дегенмен көп ұзамай аспан кеңістігін бүтіндей сансыз көп жұлдыздар қаптап кетеді.

Біз тек болашақта ғана көбейеміз деп ойламауымыз керек; бұл уәде: *Мен, Жаратқан Ие, мұны уақыты келгенде тездетіп жүзеге асырмақпын,* – деп сендіреді. Бұл қызу желіккен жиналыстарда байқап жүргеніміздей, тығылтаян асығыстық емес; Құдіретті Құдай бәрін де өз уақытында жүзеге асырады!

АЛ ЕНДІ, СЕНИҢ АЛДЫҢДА МӘҢГІЛІККЕ ҮЗІЛМЕСІН  
ДЕП ПЕНДЕҢНІҢ ӘУЛЕТІН ЖАРЫЛҚАЙ ГӨР, ТӘҢІРІМ.  
ОСЫНЫ ӨЗІҢ АЙТТЫҢ, СОЛ СЕБЕПТЕН СЕНИҢ АҚ  
БАТАҢМЕН ПЕНДЕҢНІҢ ҰРПАҚТАРЫ МӘҢГІЛІККЕ  
ЖАРЫЛҚАНАТЫН БОЛАДЫ

Патшалықтар туралы 2-жазба 7:29

Бұл Құдайдың ең әрекетті уәделерінің бірі, сондықтан да бұл біз үшін екі есе үлгі болмақ. Біз Құдайдың айтқандарының бәріне нық сенуіміз керек, содан кейін барып рақымдылық тағының алдында айтылғандарға сүйенеміз.

Құдайдың Өзі айтқан сөздерге сүйену мүмкіншілігіне ие болу қандай жұбаныш! Дәуіт пайғамбардың осы жырда айтқанындай, бізге де *осыны Өзің айттың* деген сөзді пайдалану қандай құнды десенізші. Біз күдіктенгендіктен дұға етпейміз, керісінше сенгендіктен дұға етеміз. Құдайдың балаларына сенімсіз дұға ету мүлде келіссіз. Жоқ, Құдайым, біз Саған ешқандай да шек келтіре алмаймыз; Сенің әрбір сөзің батыл үміт артқандар үшін берік негіз екеніне біз нық сенімдіміз. Біз Саған келіп: *Өзіңнің айтуың бойынша істе!* – дейміз. Өз құлыңның отбасын жарылқай гөрші! Бізді ауруларымыздан сауықтырып, өмірден күдерін үзгендерді құтқаршы; адасқандарды қайтарып, Өзіңнен қорқатындарға күш-қуат берші. Құдайым, Өз Сөзің бойынша бізге күнделікті тамағымыз бен киім-кешегімізді берші! Біздің іс-әрекетімізді жарылқап, көршілерімізге Сенің Ізгі хабарынды жариялауда күш салуымызды табысты ете гөрші! Біздің қызметшілеріміз Сенің қызметшілерің, ал балаларымыз Сенің балаларың болсыншы. Құдайым, Сенің батаң біздің үстімізге жаусын әрі біз арқылы болашақ ұрпаққа және жер бетіндегі әрбір пендеге жетсін. Әрбір пендең Өзіңе адал болсын! Тәңір Ием, Өз құлыңның отбасын жарылқашы!

**ӘДІЛ АДАМДАРҒА НҰР ТӨГІЛЕДІ, ПЕЙІЛІ  
ДҰРЫСТАР ҚУАНЫШҚА БӨЛЕНЕДІ**

Зәбүр 96:11

Әділдік – оны қайткен күнде де мықтап ұстанатын адам үшін өте қымбат нәрсе. Оның әділдікті сақтау үшін сіңірген еңбегі кейін әділ бағаланып, шексіз мол табыстарға қол жеткізбек. Әділетті өмір жерге себілген тұқымға ұқсайды. Тұқым жерге себіліп, үсті топырақпен жабылады және оны ешқашан да қайтадан жинап ала алмайсың. Әлбетте, әділеттіліктің сепкен тұқымы тез арада өнім бере қоймайды, дегенмен бұл құбылысты байқауға болады, өйткені нұрды жасыру мүмкін емес. Себебі Құдай сөзі: *нұр төгіледі* дейді.

Құдайдың бүгінде төңірегіне нұр шашқанның бәріне өнім жинайтын күнді белгілеп қойғаны шүбәсіз. Сол күні егіншілер ұлы қуанышқа бөленіп, әрқайсысы өзіне тиісті түсімін жинамақ. Осылайша олар кезінде айналасына шашқан нұрдың орнына бау-бау қуаныш жинайтын болады. Адамдар нұр себуші әділдерді айыптап, сөгіп, оларға сене бергісі келмегенмен, әділдердің пейілі дұрыс. Олар өздеріне лайықты сыйларын жердің жеміс беруін үмітпен күткен диқаншылардай күтумен болады. Олар өздері өмір сүрген ортаға әрдайым шаршап-шалдықпастан нұр шашады, сондықтан да егінжайдың Қожасы бұл істе олармен бірге болып, ақырында оларды қуанышқа бөлемек.

Батыл болайық, бауырластар! Жақында бізге қуанышты күн туып, нұр төгілетінін білеміз, сондықтан төзімді болайық!

МЕН СЕНІ ОСЫ ХАЛЫҚ ҮШІН ҚУАТТЫ ҚОЛА ДУАЛДАЙ  
ЕТЕМІН. ОЛАР САҒАН ҚАРСЫ СОҒЫСАТЫН БОЛАДЫ,  
БІРАҚ СЕНІ ЖЕҢЕ АЛМАЙДЫ, СЕБЕБІ ӨЗІҢДІ  
ҚҰТҚАРЫП, АРАШАЛАУ ҮШІН МЕН САҒАН ЖАР  
БОЛАМЫН, – ДЕЙДІ ЖАРАТҚАН ИЕ

Еремия 15:20

Құдайдан қорқыныш пен сенімдегі беріктік адамды ешкім бұзып, құлата алмайтын қола дуалдай етеді. Бұндай қайраткерлерді бізге тек Құдай ғана бере алады, ал олар бізге қауымда да, қауымнан тыс өмірде де, әсіресе уағыз айта-тын мінбеде қандай қажет десеңізші!

Бұл заман әрқандай әділетсіздік пен арсыздықтың заманы. Ол күнәға жол бермейтін және онымен ымыраға келмейтін шындықты берік ұстанатын қайраткерлерге әр түрлі зорлық-зомбылықтар көрсетіп, олармен ашық та, астыртын да күрес жүргізуде. Шайтанды осындай қайраткерлердің батылдығы ашуландырғандай, басқа ештеңе де ашуландыра алмайтын сияқты. Бұрын ассириялықтар Құдай халқы тұратын қалаға қалай шабуыл жасаған болса, осы қасиетті батылдыққа да дәл солай шабуыл жасайды. Бірақ олар Құдай күш беріп, рухани нығайтқан адамдарға қол сұға алмайды. Әрбір ой толқынына тәлкек болған жас баладай кез келген ағымдағы ілімге ілесетіндер үрлесең болды жоқ болады. Ал рақымдылық ілімін сүйгендер буырқанған теңіздің қақ ортасындағы жартастай мызғымайды, өйткені олар өздеріне аманатталған Ізгі хабарды дұрыс ілімге сәйкес берік ұстанады. Бұндай батылдық қайдан келеді? Себебі Құдай оларға: *Мен саған жар боламын, –* дейді. Бұл сұрақтың жауабы осы. Біз артқа қарай бір қарыс жер шегіне алмаймыз, себебі бізді Құдайдың Өзі тиісті жерде ұстап тұрады, сондықтан Ол қойған жерде қозғалмай тұруымыз керек.

**ЕҢ БАСТЫСЫ, ОНЫҢ ПАТШАЛЫҒЫНА ЕНІП, ОЛ  
СЫЙЛАЙТЫН ӘДІЛДІККЕ ИЕ БОЛУҒА ТЫРЫСЫҢДАР!  
СОНДА ОЛ СЕНДЕРГЕ БҰЛАРДЫҢ БӘРІН ҚОСЫП БЕРЕДІ**

Матай 6:33

Киелі кітаптың қалай басталатынына назар аударыңыз. *Әуел баста Құдай...* Сіздің өміріңіз де дәл осылай басталсын! Бәрінен де бұрын Құдай Патшалығындағы азаматтық хұқыққа ие болуға және оның шындығы сіздің бүкіл өміріңізге мөрін басуына шын ықыласпен тырысыңыз. Қалғанының бәрін сізге Құдайдың Өзі жібереді, сондықтан да сізге әр нәрсенің қамын ойлап, қорқудың қажеті жоқ. Егер Құдайдан қорқа жүріп, әділетті өмір сүрсек, онда өмірімізге қажеттінің бәріне де ие болатынымызға күмән келтірмейік. Құдайдың жүзін іздесек, азық-түлік пен киім-кешекті де, дүние-мүлік пен бақ-дәулетті де Иеміз бізге береді. Егер біз Оның ісінің қамын ойласақ, Ол біздің ісіміздің қамын ойлайды. Дүкеннен көлемді бір нәрсе сатып алсақ, оны орап алатын қағаз бен жіпті қосып береді. Сол сияқты егер біз Құдай Патшалығындағы өз үлесімізге қол жеткізсек, Құдай бізге жердегі өмірімізге қажеттінің бәрін қосып береді. Патшаның мұрагері аштан өлмейді; әрі кім өз жан-дүниесін Құдайдың әділдігімен толтырса, Құдай соның жалаңаш жүруіне жол бермейді. Сондықтан да жанды жегідей жейтін тіршілік қамына тым беріліп кетпей, Құдай Иенді шын ықыласыңмен ізде! Ақша мен алтын-күмісті аңсау – қайыршылық, қорқақтық – бақытсыздық, ал Құдайға сенім арту – бұл игілікті табыс, Құдайға ұқсастық – аспан мұралығы. Құдай Ием, Өзіңнің жүзіңді іздеп табуға көмектесші!

**БІРАҚ ОЛ ӨЗІНІҢ ТАҢДАП АЛҒАН АДАМДАРЫНА  
БОЛА СОЛ КЕЗЕҢДІ ҚЫСҚАРТПАҚ**

Матай 24:22

Құдіретті Құдай Өзінің таңдаулыларына бола, кейбір соттарын мүлде болдырмайды, ал кейбірін қысқартады. Егер де Құдай Ие Өз таңдаулыларына бола оттың жалынын баспаса, онда Құдайдың ұлы қаһары келген кезде от бәрін де жалмап кеткен болар еді. Ол Өзінің таңдаулыларын Исаның төгілген қанына бола құтқарды, енді сол таңдаулыларға бола бүкіл адамзатты сақтайды.

Құдайдың Өз таңдаулыларына көрсеткен бұл рақымы қандай даңқты еді! Сондықтан олар Құдайдағы беделдерін бар ынталарымен сақтауы керек! Құдай Ие олардың аузынан күнәһарлар үшін дұға еткенін естігісі келеді және олардың істеп жатқан осы ықыласты әрекеттерін күнәһарлардың құтқарылуы үшін жарылқағысы келеді. Құдай сенушілерді Өзін танымайтын басқа адамдарға бата алып келсін деп жарылқайды. Көптеген күнәһарлар Құдайдың батасына ие болған анасының, әйелінің немесе қыздарының дұғаларының күшімен ғана өмір сүруде.

Біз Құдайдың өзімізге сеніп тапсырған ерекше күші мен билігін молынан қолданып жүрміз бе? Біз өз еліміз үшін, басқа елдер үшін, заманымыз үшін дұға етіп жүрміз бе? Біз соғыстар үшін, ашаршылық пен аурулар үшін дұға етіп, осы қайғы-қасіретке толы бақытсыз күндердің қысқартылуын сұраймыз ба?

Келіңіздер, тіземізге жығылып, Құтқарушымыз Мәсіх келмейінше дамылсыз дұға ете берейік.

**ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ ОҒАН БАС ҰРА ҚЫЗМЕТ ЕТПІ,  
БЕТ-ЖҮЗІН КӨРЕТІН БОЛАДЫ. МАҢДАЙЛАРЫНДА  
ОНЫҢ ЕСІМІ ЖАЗЫЛЫП ТҰРМАҚ**

Аян 22:3-4

Біз даңқты Аспан Патшалығында құнды-құнды үш түрлі батаға ие боламыз. *Қызметшілері Оған бас ұра қызмет етеді.* Ол жерде басқа әміршілер мен қожайындар бізге ауыртпалығын түсірмейді. Ол жерде біз Исаға еш нәрсеге алаң болмай әрі еш шаршап-шалдықпай, толық қызмет ететін боламыз. Исаның бізді құлым деп мойындауы мен біздің Оған толық беріле қызмет етуіміз біз үшін нағыз жұмақ.

*Бет-жүзін көретін болады.* Бұл жағдай біздің еңбегіміз бен қызметімізді қуанышқа айналдырады. Біз Иемізді танытын боламыз, себебі Оның қандай екенін өз көзімізбен көреміз. Исаның бет-жүзін көру – бұл Тәңір Иеміздің құлдарының ішіндегі ең сенімді құлдары ғана сұрай алатын ұлы артықшылық. Құдайдың даңқты жүзін көргеннен артық нәрсе бар ма?

*Маңдайларында Оның есімі жазылып тұрмақ.* Олар Құдай Иесінің есімі маңдайларына басылғанша Оған назарын тігіп тұрады. Құдай Ие оларды, ал олар Құдай Иесін мойындайды. Сөйтіп ішкі рақымдылықтың жасырын белгісі Құдайдың мөрі басылған байланыстың анық белгісіне айналмақ.

Құдайым, бір кезде Сенің мекенінде оларға толығымен қол жеткізу үшін, осы құнды баталарыңды жер бетінде-ақ бере басташы.

... ОЛАР КЕШІРІЛЕДІ. СЕБЕБІ СОЛ КҮНӘ  
ӘДЕЙІ ЖАСАЛМАҒАН ЕДІ

Руларды санау 15:25

Ұғымсыздықтың салдарынан біз түсінбей істеген күнәларымызды күнә деп есептемейміз. Дегенмен олардың сансыз көп екендігіне күмәнданбасақ та болады әрі олардың бәрі жағымсыз ісімізден, өз бетімізбен жүруден және ұқыпсыздықтан туындаған күнәлар. Біз Құдай өзімізге жүктемеген іспен ғана емес, тіпті Ол бізден қабылдай алмайтын істермен айналысып, Құдайдың ісін істеп жатырмыз деп өзімізді-өзіміз шын ниетпен сендіруге бармыз.

Құдай біздің түсінбестікпен жасаған бұндай күнәларымыз бен қателіктерімізді жақсы біледі және бұл біздің жүрегімізге біраз қорқыныш ұялатады. Себебі Ол Өз әділеттілігімен бізді қылмысымыз үшін жазалайтынын білеміз. Басқа жағынан алғанда, сеніміміз Құдай біздің түсінбей істеген күнәларымызды жуып-шаюдың қамын ойластырады деп жұбатқансиды. Алайда күнәнің аты күнә және оның бәрін Құдай көріп тұр. Ол біздің күнәларымызды арқасына тастағанда ғана көруін тоқтатады.

Шынайы бас дін қызметкеріміз Иса бүкіл сенушілер Қауымын ақиқи құн төлеп, күнәдан босатып алды. Иә, бұл біз үшін ұлы қуаныш! Осы Құрбандық біліп-білмей істелінген барлық күнәларды кешіру мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Оның асыл Қаны бізді барлық күнәларымыздан тазартады. Күнәні біздің біліп немесе білмей істегеніміз, маңызды емес, ең маңыздысы оларды Құдай көріп тұрды, Мәсіх құнын өтеді, ал Киелі Рух кешірім туралы куәлік етіп, айғақ болды. Осылайша біз үш жақты тыныштыққа иеміз.

Көктегі Әке, Сен менің жаманшылығымды көріп қана қоймай, мен айыпты екенімді әлі білмей тұрып-ақ күнәмнің құнын өтеп қойдың. Бұл мені күнәнің құлдығы мен өзімді өзім кінәлаудан босатты. Құдайым, осы құдіретті даналығыңның алдында бас иемін әрі Сенің Киелі есіміңді көкке көтере мадақтаймын!



**МЕН ӨЗ ХАЛҚЫМДЫ СЕНІҢ ХАЛҚЫҢНАН  
АЖЫРАТЫП ҚОЯМЫН. ҚҰДІРЕТІМДІ КӨРСЕТЕТІН  
ОСЫ КЕРЕМЕТ ЕРТЕҢ БОЛАДЫ**

Мысырдан шығу 8:23

Перғауынның да өз халқы болды, Құдайдың да Өз халқы болды. Олар бірге өмір сүріп жатқандықтан, араларында еш айырмашылық жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін. Дегенмен шын мәнінде олардың арасында айырмашылық бар және оны уақыты келгенде Құдай Өзі ашып көрсетеді. Олардың тағдырлары да, бастарына түсетін ауыртпалықтары да бірдей емес; бұл дүниенің адамдары мен Құдайдың таңдаулы халқының арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Бұл айырмашылық, әсіресе, қиямет күні Құдай әділдерді ақтап, әділетсіздерге жазалау үкімін шығаратын күні анық белгілі болады. Сондай-ақ бұл айырмашылық сенуші тәубеге келіп, күнәнің ауыртпалығынан азат болған кезде ерекше анық көрінеді. Ал сенбейтіндер болса, сол күйі жазалау үкімінің астында қала береді. Құдайдан кешірім алған сәттен бастап, сенушілер ерекше халық болып саналып, тәрбиенің басқа түріне бағынатын болады, себебі Құдай енді оларды басқа әдістер бойынша тәрбиелей бастайды. Осылайша олар жаңа баталарға ие болады. Содан бастап олардың үйлері ежелде мысырлықтарды азаптап, қырып-жойғандай апатқа ұшырамайды. Құдай Ие оларды көптеген отбасын жұтқан құмарлықтың қорлығынан, еңсені езген тіршіліктің қамынан, жалған сөздердің зардабынан, өшпенділіктің азабынан сақтайды.

Сынаққа түсіп, азғырылған мәсіхші, қанша азап көрсен де, шайтанға қызмет етіп жүрген адамның жан-дүниесі мен үйін ойрандағандай, сенің үйіңді ешкім де бас салып ойрандай алмайтынына нық сенімді бол. Өйткені сен Құдайдың қорғауына лайықтысың. Құдіретті Құдай Өз халқы мен басқа халықтарды әлдеқашан ажыратып қойған; тек байқа, бұл айырмашылықты сен өз рухыңда, өз мақсаттарыңда, мінез-құлқыңда және өз ортаңда сақтайтын бол!

**МЕН СЕНДЕРГЕ ТАЗА СУ СЕУІП, БАРЛЫҚ АРАМДЫҚ-  
ТАРЫҢНАН ТАЗАРАСЫҢДАР. МЕН СЕНДЕРДІ БАРЛЫҚ  
ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРІҢНЕН АРЫЛТЫП ТАЗАЛАЙМЫН**

Езекиел 36:25

Неткен ұлы қуаныш! Исаның Киелі Қанымен күнәміздің құнын өтеп, бізді күнәдан азат еткен Құдай Киелі Рухтың таза суымен барлық арамдықтарымыздан тазартады. *Барлық арамдықтарыңнан тазарасыңдар!* – деді Құдай, сондықтан бұл солай болады да. Құдай Ием, біз өзіміздің таза емес екенімізді түсінеміз және бұған өкініп жылаймыз, дегенмен тазаратынымыздың дәлелін Өз аузыңнан есту бізге сондай жұбанышты! Шіркін, осы айтылғандар тезірек орындалса ғой!

Жаратқан Ие бізді ең жаман күнәларымыздан азат етеді. Ол бізді сенімсіздік көрсетуден, жанымыз бен рухымызға қарсы шығатын тәни құмарлықтардан, шайтанның түрткі салуымен киелі атқа тіл тигізіп, нұқсан келтіруден біржолата алшақтатады.

Ол бізді осы дүниелік алтын пұттарымыздан тазалайды. Ол біздің жүрегіміздегі таза емес нәрселерге деген шектен тыс сүйіспеншілікті жояды. Осылайша жүрегіміздегі өзіміз құдайдай көрген нәрселердің бәрі де жойылатын болады.

Осының бәрін Құдайдың Өзі біздің өмірімізде жүзеге асырғысы келеді, сол себептен бұған негізді дәлел ретінде қарап, осы айтылғандардың орындалуын үмітпен күту қажет. Тазалау – бұл Құдайдың бізді жарылқауы. Ол бізбен бекіткен келісімін осылайша растайды, ал бұл келісім барлық жағынан да берік сенімді және біздің игілігімізге жасалған.

**ӨЛМЕЙМІН, КЕРІСІНШЕ, ӨМІР СҮРЕМІН,  
ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ІСТЕРІН ПАШ ЕТЕМІН!**

Зәбүр 117:17

Қандай күш-қуат пен нық сенім беретін сөздер десеңізші! Бұл сөздер зәбүр жыршысының жүрегіне терең бойлап, оған шаттық сыйлаған Құдайдың уәдесіне негізделген сөздер. Мен осылай жырлай аламын ба? Мен қазір жауым маған тіл тигізді деп тұнжырап жүрмін бе? Маған жер қайысқан қалың қол қарсы шығып, ал менің жағымдағылар аз сияқты болып көріне ме? Мен жеңіліске ұшырағандықтан, үмітім мүлде үзіліп, сенімсіздікке жол беріп тұрмын ба? Жауларым маған көр қаза бастады ма?

Сонымен не істеуім керек? Сонда мен барлық үміт пен күрестен бас тартып, қорқыныштың әсеріне берілуім керек болғаны ма? Жоқ, ешуақытта да олай болмауға тиіс! Мен әлі тірімін! *Өлмеймін!* Мен қайтадан күш аламын, сонда әлсіздігім ғайып болады. Аузымды қайтадан ашып, *Жаратқан Иенің істерін паш етемін!* Менің Ием тірі, сондықтан мен де өмір сүремін. Иә, мен қазіргі азаптар туралы Тәңір Иемнің кереметтер жасаушы адалдығы мен сүйіспеншілігінің жаңа үлгісі ретінде айтамын. Маған көр қазып жатқандар біраз күте тұрғаны дұрыс, өйткені Құдай мені қатал жазалауы мүмкін, бірақ өлтірмейді. Оның аты мәңгі мадақталсын! Құдайдың маған жүктеген ісі аяқталмайынша, мен өлмеймін. Құдай Өзі берген жанын уақыты келгенде Өзі алады.

**СЕНДЕРДІ ШАҚЫРҒАН ҚҰДАЙ АДАЛ, ОЛ БҰЛАРДЫ  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ ДА**

Салониқалықтарға арналған 1-хат 5:24

Құдай нені жүзеге асырғысы келеді? Ол бізді толық әрі бүтіндей тазалағысы келеді. Осының алдындағы аятты қараңыз! Біз барлық жағдайда бірдей мінсіз болғанмызша, Ол Өзінің тазалау ісін жалғастыра бермек. Тыныштық сыйлаушы Құдай сіздерді Өзіне толықтай бағыштап, таза жүргізеді және Иеміз Иса Мәсіх келгенде мінсіз болу үшін рухтарың мен жан-тәндеріңді кіршіксіз пәк сақтайды. Ол біздің күнәға беріліп кетіп, рақымдылықтан құралақан қалуымызға жол бермейді. Бізге соншалықты айтып жеткізгісіз сыйларды даярлаған Жаратушы Иемізге табынуымызға себеп жеткілікті-ақ.

Бұны кім жүзеге асырмақ? Бұны бізді қараңғы түнектен Өзінің ғажап нұрына шақырып, Иса Мәсіх арқылы тозақтан жұмаққа өткізген Жаратушы Иеміз ғана жүзеге асырады. Бұл тек Соның ғана қолынан келеді. Мұндай керемет қорғаныш бүкіл рақымдылық атаулының қайнар көзі – Құдай Әкеден ғана келеді.

Ол бұны не үшін істегісі келеді? Өйткені Ол адал және сенушінің құтқарылуына кепіл болып табылатын Өзінің уәдесіне де адал. Ол мінсіз халықты қолына сый етіп тапсырған Өз Ұлына адал. Ол Өзінің шақыруы арқылы бізде бастаған ісіне адал. Құдайдың балалары негізін өз адалдығына емес, керісінше өзінің Тәңірінің адалдығына құрады.

Бізге Иеміз Иса Мәсіх арқылы жеңісті сыйлайтын Құдайға мәңгі шүкірлік етілсін!

## ОЛ ТУРА ЖОЛМЕН МІНСІЗ ЖҮРЕТІНДЕРДІ БЕРЕТІН ИГІЛІГІНЕН ҚҰР ҚАЛДЫРМАЙДЫ

Зәбүр 83:12

Құдай бізді өзімізге ұнайтын бір нәрседен айыруы мүмкін, бірақ Ол бізді Өзі беретін игілігінен ешқашан да құр қалдырмайды. Ол бізге ненің игілікті екендігін жақсы біледі. Бізге көп нәрселер жақсы болып көрінеді және олар бізге қажет те. Әрине, егер біз Тәңіріміз Иса Мәсіх арқылы дұға ететін болсақ, бұл нәрселердің бәріне де ие бола аламыз. Бірақ тазалану – ерекше игілік және Иеміз бұны біздің өмірімізде жүзеге асырғысы келеді. Ол біздің жамандыққа бейімділігімізді, ашушаң мінез-құлықтарымыз бен жағымсыз әдеттерімізді жеңуге күш бергісі келеді, сол себепті бұл туралы еркін сұрай аламыз.

Біз құтқарылғандығымызға және Құдаймен тығыз қарым-қатынаста екендігімізге толықтай сенімдіміз. Құдай бізді рақымдылық тағына жақындату үшін, әрқандай шындыққа үйретіп, үміттендіруші батылдық сыйлағысы келеді. Егер бізде мұндай қасиеттер әлі де жоқ болса, онда сеніммен қабылдауды әлі үйренбегеніміз әрі Құдайға бір нәрсе беруге де даярлықтың болмағаны. Қасиетті байсалдылық пен ұлы шыдамдылық және шынайы сүйіспеншілік – осылардың бәрін Ол шын ықыласпен қалаған адамдарға сыйлағысы келеді. Біздің таза жүруге тиісті екендігімізге назар аударыңыз. Бізге қисық жолдармен жүруге, екі жүзділік жасап, жалған сөйлеуге болмайды. Егер біз адал болмасақ, Құдай бізге сый бере алмайды, себебі бұлай болмаған жағдайда, Ол сыйын күнәға берген болар еді. Тазалық – бұл аспандағы байлыққа апаратын жол, ал байлықта бізге қажетті игіліктің бәрі де бар.

Міне, біздің дұғамыз қандай уәдеге сілтеме жасап, сүйене алады. Келіңіз, Құдайдың алдында тізе бүгейік.

**ӨЙТКЕНІ МЕНІҢ BERГЕН МӘЛІМЕТІМ БОЛАШАҚТА  
БЕЛГІЛЕНГЕН УАҚЫТ ТУРАЛЫ. ОЛ KEЙІНГІ ЗАМАНҒА  
ҚАТЫСТЫ, ЖАЛҒАН ЕМЕС. ОНДА ЕҢ СОҢҒЫ КЕЗ  
ТУРАЛЫ АЙТЫЛАДЫ ЖӘНЕ ОЛ ӨТІРІК АЙТПАЙДЫ.  
ЕГЕР ОЛ КЕШЕУІЛДЕТЕ БЕРСЕ, КҮТ, ОЛ КЕЛМЕЙ  
ҚОЙМАЙДЫ, КЕЛЕДІ**

Абақұқ 2:3

Кейде қайырымдылық өзін көп күттіретіндей болып көрінуі мүмкін, дегенмен соған қарамастан ол міндетті түрде келеді. Құдай Өзінің әділ де мүлтіксіз даналығымен қайырымдылық көрсететін уақытын белгілеп қояды, ал Құдай белгілеген уақыт – бұл ең қолайлы уақыт. Біз Құдайдың қайырым көрсетуін асыға күтеміз және болашақ баталар туралы ойлау тілегімізді одан да тереңдетіп, шыдамсыздығымызды үдете түседі, ал Құдай болса бәрін өте дәлдікпен істейді. Ол белгілеген уақытынан өте ерте де келмейді, бірақ кешігіп те қалмайды.

Бұл жерде Құдай Сөзі сөйлеуге, келуге қабілетті тірі нәрсе сияқты айтылып тұр. Бұл сөздер орындалуын ұзақ күтіп, соған сенуге әрекет ететіндей жансыз әріптер емес. Құдайдың тірі сөзі әлдеқашан бізге бағытталып қойылған және ол қазір жол үстінде, бізге оны күту қаншалықты ұзақ болып көрінгенімен, ол еш бөгелмейді. Құдайдың салтанатты шеруі ешуақытта да кешікпейді. Тек біраз шыдамдылық танытсақ, көп ұзамай Иеміздің адалдығына көз жеткізетін боламыз. Оның уәделерінің бірде-бірі орындалусыз қалмайды. Олардың бірде-бірі үн-түнсіз жоқ болып кетпейді, керісінше уақыты келгенде міндетті түрде сөйлейді. Құдайдың уәделері сенушілерге қаншама жұбаныш береді! Құдайға Өзінің бірде-бір уәдесін жаңартудың қажеті жоқ. Ол бәрін де сол күйінде орындайды.

Қадірлі жан, сен Өз Құдайыңды шынымен күте алмағаның ба? Одан жұбаныш тауып, айтып жеткізгісіз тыныштық пен татулықта бол!

**СОНДА ОЛ БЫЛАЙ ДЕДІ: ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ  
ХАБАРЫ МЫНАУ: ОСЫ АҢҒАРДА КӨПТЕП АРЫҚ  
ҚАЗЫҢДАР. СЕБЕБІ ЕНДІ ЕШ ЖЕЛ, ЕШ ЖАҢБЫРДЫ  
КӨРМЕЙСІҢДЕР, БІРАҚ МЫНА АҢҒАР СУҒА ТОЛЫП,  
ӨЗДЕРІҢ ДЕ, МАЛДАРЫҢ ДА ОДАН ІШЕРСІҢДЕР! –  
ДЕЙДІ ЖАРАТҚАН ИЕ**

Патшалықтар туралы 4-жазба 3:16-17

Әскерлер шөлден өлуге әбден жақындағанда ғана Құдай Ие оларға Өзінің кереметін көрсетті. Ол әскерлерге бұлт та, жаңбыр да жіберген жоқ, дегенмен суды молынан берді. Құдай кәдімгі табиғи құбылыстарға тәуелді емес, Ол Өз халқына даналық пен күштің жаңа жолдарын көрсетіп, оларды қайран қалдыруға құдіретті. Құдайдың біздің өмірімізге араласуы осылайша белгілі болып, айқындалмақ, тіпті кәдімгі істің барысына қарағанда әлдеқайда анығырақ байқалмақ. Тіпті, егер Құдай Ие біз қалағандай немесе біздің ойлағанымыздай жолмен келмесе де, бәрібір қайтсе де көмектесудің бір амалын табады. Мұндай жағдайда назарымызды әдеттегі себептерден бұрып, өмірдің бастауы – ұлы Құдайдың жүзіне аударсақ, біз үшін үлкен жарылқаушылық болып табылады. Бүгінде біз Құдайдың рақымы ағатын арық қазу батасына ие бола аламыз ба? Біз көбінесе, тіпті өте жиі ақиқи әрі тәжірибелі сенім көрсетпейміз! Сондықтан да бүгін Құдайдың дұғамызды естуін күтеміз! Қауымға қол шатыр алып келіп, жаңбыр жаууын сұрап дұға еткен баладай, біз де шындықта да, тәжірибеде де Құдайдың бізді жарылқауын күтеміз. Сондықтан рақымдылық арықтарын қазайық, сонда Құдай оларды толтырып береді.

**МЕН ОЛАРҒА МӘНГІ-БАҚИ АШУЛАНБАЙМЫН, АЙЫП ТА  
ТАҚПАЙМЫН. ӘЙТПЕСЕ АДАМНЫҢ ЖАНЫ АЛДЫМДА  
ӘЛСІРЕП, ӨЗІМ ӨМІР ЛЕБІН ҮРЛЕП ЖАРАТҚАН ПЕНДЕ  
ҚҰРЫП, ЖОҚ БОЛАР ЕДІ**

Ишая 57:16

Көктегі Әкеміз бізді дұрыс жолға бағыттауды қалайды. Ол біздің құрып, жоқ болып кеткенімізді қаламайды. Ол бізбен егеске түседі, бірақ бұл жақсы ниеттен туындаған егес. Ол бізге әрдайым да қаһарлана бермейді. Біз Құдайдың жазасы өте ұзаққа созылады деп ойлаймыз, дегенмен біздің шыдамымыз мүлде шамалы болғандықтан, бұл бізге сондай ұзақ болып көрінеді. Оның қайырымдылығы мәңгі, бірақ Оның бізбен егесуі мәңгі емес. Түн адамды жалықтыратындай ұзақ болуы мүмкін, бірақ ол бәрібір жарқын әрі ашық күнге жол беруі керек. Егесудің аз ғана уақытқа созылғаны сияқты, соның салдарынан шыққан ашу да тек бір сәтке ғана жалғаспақ. Құдай Өзінің таңдаулыларын өте жақсы көргендіктен, оларға әрдайым қаһарланбайды. Егер Ол бізге әрдайым қаһарын төге берсе, онда әлдеқашан өліп, молаға кірер едік.

Жігерлен құрметті жан, Құдай Ие сені бұдан былай сөкпейді, Ол сені барлық қиыншылықтан алып өтеді. Сені жаратқан Құдай Иең сенің қаншалықты әлсіз екендігіңді және көп нәрсені көтере алмайтыныңды жақсы біледі. Ол Өзінің әлсіз етіп жаратқан пенделеріне өте мейірімді. Саған ауыртпалықтар артып жатқан қазіргі заманнан қорықпа, себебі бұл заман бақытты болашаққа қарай асығуда! Саған ауыртпалық берген Құдай сені қайтадан Өзі демеп орныңнан тұрғызады. Оның кішкене қаһарының соңынан ұлы қайырымдылық ере жүреді.



**ЖАРАТҚАН ИЕДЕН ІЗДЕ ЖҰБАНЫШЫҢДЫ,  
ОРЫНДАЙДЫ ОЛ СЕҢІҢ ЖҮРЕК ҚАЛАУЫҢДЫ**

Зәбүр 36:4

Құдайдан жұбаныш табу адамның өзгеруіне ықпал етеді. Сөйтіп ол өзінің күнәға құмартқан тәнінің өрескел тілектеріне тиым салып, билігін жүргізе алатын қабілетке ие болады. Құдаймен тығыз қарым-қатынас адамды қуанышты тәтті сезімге бөлеп қана қоймай, оның жүрек қалауын да өзгертіп, тазалыққа деген ұмтылысын күшейтеді, сондықтан Құдай Ие олардың тілектерін міндетті түрде орындауға уәде бере алады. Біздің жүрек қалауымызды ұлағатты ұмтылыстарымыз қалыптастырмай ма? Егер тазалыққа деген ұмтылысымыз ұлағатты, талабымыз таудай болса, онда жүрек қалауымыз да Құдайдың тілегіне сай келмек. Жаманшылық кейде біздің бір нәрсені қалауымызға түрткі салады, ал біз болсақ оған азғырылып, соны қайткен күнде де жүзеге асыруға бар күшімізді салып бағамыз. Ондай кезде біз Құдайдың әдісі мен амалдарын қолданбаймыз, яғни ең алдымен Аспан Патшалығына кіруге тырыссақ, сонда қалғанының бәрі бізге қосымша берілетіні туралы ойланбаймыз. Егер жүрегіміз қуанышқа әбден толыссын десек, оны Жаратушының Өзімен толтыруымыз керек, сонда біздің ешбір игіліктен айырылып қалмауымыздың қамын Құдайдың Өзі ойлайтын болады. Қуанышты басқа бір алыс жерден іздеудің орнына, Құдаймен тығыз байланыста болып, суды өз бұлағымыздан ішейік. Құдайдың жасаған жақсылығы достарымыздың жасаған жақсылығына карағанда әлдеқайда артық. Заманның ағымына ілесемін деп әбігерленіп, сергелдеңге түскеннен гөрі, Құдайдан қанағат тапқан әлдеқайда жақсы. Кейде өмірімізде түңілушіліктер көбейіп кететін кезеңдер болуы мүмкін, дегенмен бұлар бізді Құдайға жақындатса, онда шексіз риза болуымыз керек, себебі олар ақыр соңында біздің барлық таза тілектеріміздің орындалуына ықпалын тигізбек.

**ӨЙТКЕНІ ӨЗІН ЖОҒАРЫЛАТҚАН ӘРКІМ ТӨМЕНДЕТІЛЕДІ,  
АЛ ТӨМЕН ҰСТАҒАН ЖОҒАРЫЛАТЫЛАДЫ**

Лұқа 18:14

Бойсұнушылық бізге өте қиын іс сияқты болып көрінбесін, өйткені бізде мақтан тұтатындай басқа не бар? Біз сөзсіз ең соңғы орында болуымыз керек еді. Егер біз шынымен ақылды әрі адал болсақ, өзімізді өзіміз түкке тұрғысызбын деп санаған болар едік. Әсіресе дұға жасап, Құдайдың алдына келетін болсақ, шындығында сүйенерліктей еш жақсылығымыз жоқ. Біз өзіміздің сіңірген еңбегіміз туралы айта алмаймыз, өйткені олар бізде жоқ, бізде тек Құдайдың рақымына ғана сүйеніп: «Құдайым, мен сияқты күнәһарға қайырымды болшы!» – дегеннен басқа еш мүмкіншілік жоқ.

Ал бұл сөзде Құдайдың рақымшылық тағынан келетін ұлы жұбаныш бар. Егер біз өзімізді бойсұндырсақ, онда бізді Құдайдың Өзі жоғарылатады. Біз үшін жоғары қарай апаратын жол салынып қойылған, тек ол жолмен жүру әдісі басқаша – жоғарылағысы келген әркім өзін төмен ұстау керек. Егер біз ескі табиғи болмысымыздан бас тартсақ, онда бойсұнушылыққа ие болып, оны рухани жамылғы етеміз, ал бұл ең жақсы киім. Осылайша Құдай біздің жүрегімізді тыныштық пен қуанышқа бөлеп, жоғарылатады әрі дәріптейді; Ол бізді Өз Сөзін танып-білуде әрі Өзімен қуанышты қарым-қатынаста, шүбәсіз кешірім мен ақталуда жоғарылатқысы келеді. Құдай Өз даңқын, соны берген Жаратушысын мадақтау үшін қолданатындарға ғана береді. Ол абырой мен беделді соның арқасында паңданбай, керісінше өзін бойсұндырып әрі төмен ұстайтындарға сыйлайды. Өзін өзі жоғарылатқан адамды Құдай да, адамдар да қуана-қуана жоғарылата алмайды. Кім болса да кішіпейілділік пен бойсұнуды дәріптейтініне назар аударайық.

Құдайым, мен өзімді өзім көтермелемей, керісінше өзімді төмен тұтуға үйренейінші, сонда мені Өзің жоғарылатар едің!

**МЕНИҢ РАҚЫМЫМ САҒАН ЖЕТЕР:  
КҮШСІЗ ЖАҒДАЙЫҢДА МЕНИҢ ҚҰДІРЕТІМ  
ТОЛЫҚТАЙ ІСКЕ АСА АЛАДЫ**

Қорынттықтарға арналған 2-хат 12:9

Демек, біздің әлсіздігіміз бен дәрменсіздігіміз туралы жақсы нәрсе айтуға болады, себебі біздің күшсіздігіміз арқылы Құдайдың күші дәріптеледі. Егер сіз осы уақытқа дейін адам табиғатының әлсіздігі мен дәрменсіздігін сезбеген болсаңыз, онда күнәнің билігі мен күшін ешуақытта да басыңыздан өткізіп көрмеген шығарсыз. Құдайдың күшін сезінуімізге түрткі болған тәндегі осы кемістік пен шайтанның періштесі үшін Құдайдың аты мадақталсын.

Жоғарыдағы аят Құдайдың Өз аузынан шықты, сондықтан ол біз үшін өте құнды. Бұл аят осы жолдарды жазып отырған адамды ұлы қуанышқа кенелтті. Құдайдың рақымы маған жеткілікті. Мен әрқашан да осындай ойда болуым керек. Құстар үшін аспан кеңістігі тарлық көрсетіп, ал балықтар үшін өзендер мен теңіздер жеткіліксіз болып жатқан жоқ қой? Сондықтан көк пен жердің қамын ойлайтын Құдай жердің құртындай болып жүрген менің де барлық сұраныстарымды қанағаттандырады.

Сонымен, Құдайымызға және Оның рақымына үміт арттайық. Егер Ол бізді қайғы-қасіретімізден азат етпесе, онда оны көтеруге толық қабілетті етері сөзсіз. Құдай бізге жар болғанда, жердің құртындай болсақ та тау қопаратындай күшке ие боламыз. Сөйтіп түкке тұрғысыз әлсіз адам осы дүниенің жақсылары мен жайсаңдарынан биік тұратын жеңімпазға айналады. Өз күшімізден гөрі Құдайдың күшіне ие болу біз үшін әлдеқайда жақсы; тіпті біз қазіргі кездегімен салыстырғанда он мың есе күшті болсақ та, жауымыз үшін бұл түкке тұрғысыз. Алайда егер біз өзіміздің қазіргі жағдайымыздан гөрі әлдеқайда әлсіз болсақ, онда бәрін де істеуге күшіміз жетеді, себебі бізге күш-қуат беретін Мәсіхпен бірге болсақ, бәріне де төзе аламыз.

МЕН АРАЛАРЫҢДА ЖҮРІП, СЕНДЕРДІҢ СИЫНАТЫН  
ҚҰДАЙЛАРЫҢ БОЛАМЫҢ, АЛ СЕНДЕР ӨЗІМНІҢ  
ТАҢДАҒАН ХАЛҚЫМ БОЛАСЫҢДАР

Леуіліктер 26:12

Құдайдың Өз халқы бар екендігі біз үшін ең құнды шындық болып табылады және сол халық біздің өзіміз, біз мұны жақсы білеміз әрі бұл біз үшін шексіз жұбаныш. Құдайдың бізбен бірге болатынына үміттену бір басқа, ал соны білу мүлде басқаша. Сенім бізді құтқарады, ал құтқарылғандығымызға деген нық сенім бақытты етеді. Егер біз Құдайға сенсек, Оны өзіміздің Құтқарушымыз әрі Тәңір Иеміз ретінде қабылдаймыз. Ал Құдаймен қарым-қатынастағы қуанышты біз Оның меншігінде екенімізді білген кезде ғана ұғынамыз. Ешбір мәсіхші тек үмітпен және ойлаумен ғана шектеліп қалмауы керек, ол Құдайдан өзінің құтқарылғандығына деген нық сенім беруін өтініп сұрауы керек, сонда үміті білімге айналады.

Құдай бізді жарылқап, Тәңіріміз Иса Мәсіхті өзіміздің Дәнекеріміз ретінде қабылдап, құтқарылған кезде ғана біз Құдайдың ұлы қайырымдылығын терең түйсінеміз. Сондай-ақ Оның халқы болып есептелетіндігіміз заңның күші емес, керісінше рақымдылықтың күші екенін білетін боламыз. Сондықтан әрдайым да назарымызды Құдайдың рақымына аударуымыз керек. Нық сенімге заңдарды орындау арқылы қол жеткізе алмаймыз. Нық сенім беретін күш Інжіл арқылы келеді және тек соның арқасында ғана бұл біздің игілігіміз бола алады. Сондықтан назарымызды өзімізге аударма бермей, тек Тәңір Иемізге ғана қарайық. Исаны қаншалықты терең танып білсек, құтқарылғандығымызға деген сеніміміз де соншалықты деңгейде болмақ. Құдайым, біз күдікпен қорқыныштың батпағына батып кетпеу үшін, жүрегімізді Өзіңнің сүйіспеншілігіңе толтыршы.

**ТАЙДЫРМАЙДЫ ОЛ ТАБАНЫҢДЫ,  
ҰЙЫҚТАМАЙДЫ ҚОРҒАУШЫҢ**

Зәбүр 120:3

Егер Құдай жол бермесе, бізді адамдар да, шайтан да шайқалта алмайды. Бірақ олар бізді масқараға ұшырататын жаман істерге еліктіріп әкетіп, абыройымызды төккенде, сөйтіп есімімізді жаманаттылардың тізіміне енгізгенде қалай қуанады десеңізші. Олардың ниеті осындай, егер жолдарында бөгеттер болмаса, олар бұл ниеттерін жүзеге асырған да болар еді. Бұл бөгеттердің ең бастысы: Құдай олардың бұлай істеуіне жол бермейді!

Егер Ол біздің табанымыздың таюына жол бермесе, онда табанымыз таймайды. Біздің өмір жолымыз Альпы тауына қарай шыққан сапарға ұқсайды. Таулы жолдармен жүрген адамға үнемі тайып құлап кету қаупі төніп тұрады. Егер жол жоғарыға тік көтерілген болса, басымыз айналып, аяғымыз тез таяды. Сондай-ақ бұл жолда мұз сияқты тайғақ жерлер де, шөгінді жерлер де кездеседі, мұндай жерлерден таймай өтіп кету тіпті мүмкін емес. Өмір бойы тазалықты сақтап, сүрінбей жүре білген адам Құдайға ризашылығын білдіруден жалықпасын. Егер Құдайдың сенімді сүйіспеншілігі таяныш болмаса, сұм жаулардың құрған көптеген тұзақтары мен қақпандарынан тізелері әлсіреп, аяқтары шаршаған Құдайдың балаларының бірде-бірі аман-есен өте алмас еді.

КҮНӘ СЕНДЕРГЕ БИЛІГІН ЖҮРГІЗБЕУІ КЕРЕК,  
СЕБЕБІ СЕНДЕР ЗАҢҒА ЕМЕС, ҚҰДАЙДЫҢ  
РАҚЫМЫНА БАҒЫНАСЫҢДАР

Римдіктерге хат 6:14

Күнә адамның үстінен билік жүргізгісі келеді, ол тіпті адамның жүрегінен кішкене ғана орын алса да, тақта отырғандай қанағаттанады. Кейде ол бізді жеңіп кетер деп қауіптенеміз және Құдайдан: *Құдайым, ешқандай да әділетсіздік менің үстімнен билік жүргізбесінші!* – деп зар жылаймыз. Міне, сондықтан да Ол осы аятта бізге: *Күнә сендерге билігін жүргізбеуі керек*, – деген жұбанышты сөздерін ұсынып отыр. Шайтан бізге шабуыл жасап, жаралауы мүмкін, бірақ билік жүргізуге тиіс емес! Егер біз заңның қарамағында болсақ, онда күнә күшіне еніп, біздің үстімізден билік жүргізген болар еді, өйткені адам күнәнің құлдығына түскендігі үшін жазаланады ғой? Дегенмен біз рақымдылық келісімінің қарамағында өмір сүретіндіктен, Құдай Өзінің рақымымен бізді күнәға қарсы тұруға қуаттандырып, Өзінен алшақтап кетуден сақтайды. Ол бізді теріс жолдардан қайтарып, әділетсіздігімізден тазартуды және жағымсыз әдеттерімізден азат етуді уәде еткен. Бәлкім, біз мәңгілік өмірге еңбек сіңіру үшін *мысырлықтарға* құлша қызмет етеміз деп келісім жасап, көнуге де даяр болармыз. Алайда, біз күнәнің үстемдігінен босатылып, Құдайдың қарамағына өткен адамдар ретінде бар күш-жігерімізді жинап әрі бұдан былай күнәнің бізді ешуақытта да жеңе алмайтынына деген нық сенімді сақтай отырып, өзіміздің жаман қылықтарымыз бен шайтанның жіберген әр түрлі азғыруларына қарсы күресуіміз қажет. Құдайдың Өзі бізге Тәңіріміз Иса Мәсіх арқылы жеңіс береді. Оның даңқы мәңгі арта берсін! Аумин.

МЕН ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ЖОМАРТ БОЛЫП, БҮКІЛ  
ХАЛҚЫМ ДА МОЛЫНАН БЕРЕТІН ИГІЛІКТЕРІМЕ  
КЕНЕЛЕДІ, – ДЕЙДІ ЖАРАТҚАН ИЕ

Еремия 31:14

*Бүкіл халқым да молынан беретін игіліктеріме кенеледі!* – деген сөйлемдегі *Менің халқым, Менің игіліктеріме* деп екі қайтара айтылған сөзге назар аударыңыз. Бұл жерде Құдайдан қанағат тапқан адамдар Оның меншігі деп аталынған. Құдай оларға риза, себебі олар да Оған шүкіршілік етеді. Олар Оны өзімнің Құдайым десе, ал Құдай оларды Өз халқым деп атайды; Құдай оларды шынымен Өзімдікі деп санайды, ал олар Оны шын көңілден өз ауыздарымен мойындайды. Бұл Құдай мен Оның халқының арасындағы өзара алмасқан қуанышты қарым-қатынасы.

Бұлар іздегендерін тауып, толық қанағаттанған адамдар. Бұл бір аса ұлы нәрсе. Адамзаттың ішінде кейбіреулер ғана өздерінің қалай өмір сүріп жатқанына қарамастан, осылайша қанағат тапты. Ал басым көпшілігі сүлік жұтып алғандай: *Бер! Бер!* – деп зарлаумен жүр. Тек тазарған жандар ғана әрдайым қанағат етеді және әрдайым қуанышта болады. Біздің назарымызды Құдайға бұратын және бізге қанағат беретін Оның Өзі.

Құдай халқының өз Иесі берген игілігінен қанағат табары таңқаларлық нәрсе емес. Бұл қоспасыз игілік, шексіз жомарттық, даусыз қайырымдылық, өзгермес сүйіспеншілік, сөзсіз рақым ету. Егер бізді Құдайдың игілігі қанағаттандырмаса, онда бізді басқа не нәрсе қанағаттандыра алмақ? Онда біздің ниетіміздің Құдайдың игілігін қанағат ете алмайтындай теріс, жүрек қалауымыздың кесірлі екендігі сөзсіз.

Жаратушым, мен Сенің сөздеріңнен қанағат таптым! Сенің атың мәңгі-бақи мадақталсын!

**ОЛ БҰЛ ХАЛЫҚҚА АЙДАЛАДА, АҢДАРЫ ҰЛЫҒАН ҚҰЛА  
ТҮЗДЕ ТАП БОЛДЫ. ОҒАН ҚОРҒАН БОЛЫП, ҚАМЫН  
ОЙЛАП, КӨЗІНІҢ ҚАРАСЫҢДАЙ ҚОРҒАДЫ**

Заңды қайталау 32:10

Құдіретті Құдай – Өз халқының қорғаушысы. Көздің қарашығы – бұл біздің ең бір сезгіш мүшелеріміздің бірі; біз оған қалай қамқорлық көрсетсек, Құдай да біздің қамымызды дәл солай ойлайды. Ол Өз халқының үйін және оның жеке басын қорғауын ешуақытта да тоқтатпайды. Бұл біздің күдіксіз жан тыныштығында өмір сүруімізге жеткілікті себеп болмақ. Ұлы Александр досы Парменио оны ұйықтамай күзетіп отыратындықтан, алаңсыз ұйықтай алатынын айтты. Егер Құдайымыз бізді күзетіп тұратын болса, онда басқаларға қарағанда әлдеқайда тыныш ұйықтамаймыз ба?

Сонымен, өмірдің қамын ойлай бермей, бар назарымызды осы жұбатушы ақиқатқа аударайық та, тыным табайық. Бізді ешкім қорғамаса да, Құдайдың қорғайтыны анық.

Бай адам өз қазынасын, қолбасшы өз әскерлерімен қаланы, сақшы өз әміршісін қалай қорғаса, Құдай да Өз халқын дәл солай қорғайды. Бұндай қорғаныштың қарамағында болғандарға ешкім де зиян келтіре алмайды. Сондықтан да мен өз жанымды осындай мықты қолға тапсырғым келеді. Ол бізді ешуақытта да ұмытпайды және біздің қамымызды ойлауды ешуақытта да тоқтатқан емес. Әлде сен бұны ешқашан сезініп көрген жоқсың ба?

Құдай Ием, мен адасып жүріп, бір жамандыққа ұшырап, мерт болып кетпеу үшін, мені қорғашы! Сенің өсиеттеріңді орындап жүруім үшін, мені Өзің мықтап ұсташы! Ісіне селқос қарап, ұйқысынан тұрмай қалғандар сияқты қапы қалмау үшін, Өзіңнің қажымас қамқорлығыңмен мені сақташы.



МЕНІҢ ЕРКІМЕ МОЙЫНСҰНЫП БІР НӘРСЕ СҰРАСАҢДАР,  
МЕН ОНЫ ОРЫНДАЙМЫН

Жохан 14:14

Бұл неткен кең көлемді қамтитын уәде еді! Бұл уәдеде *бір нәрсе сұрасаңдар* делінген; менің үлкенді-кішілі қажеттіліктерімнің бәрі осы *бір нәрсе* деген сөзбен қамтылмақ. Кел, қадірлі жан, рақымдылық тағының алдында өзінді еркін сезініп, Құдай Иеңнің: *Аузыңды аш, оны игілікке толтырамын!* – деген сөзін тыңда.

Бұл неткен дана уәде еді! Біз әрдайым да Исаның атымен сұрауымыз керек. Бұндай құқық бізді бір жағынан жігерлендірсе, басқа жағынан Құдайды да мадақтайды. Біздің бұл талабымыз әбден заңды әрі оны ешкім өзгерте алмайды. Бірақ кейде бұл талап күңгірттенеді, әсіресе мәселе біздің Құдайға деген көзқарасымызға немесе Оның рақымын танып-білудегі тәжірибемізге қатысты болған кезде бұл ерекше білінеді. Алайда Исаның аты Құдайдың тағының алдында аса құдіретті болғандықтан, біз Оған толық сенімділікпен үміт арта аламыз.

Бұл неткен үлгі аларлық уәде еді! Бізге Мәсіхтің Өзі құптап, мөрін қоя алмайтын нәрсе туралы сұраудың қажеті жоқ. Жүрегімдегі өзімшілдік ниеттерімді жүзеге асыру үшін, Құдай Иемнің атын пайдалануға менің батылым бармайды. Егер Ол менің орнымда болып, бұл есімді қалай пайдаланып сиынса, мен де дәл солай сиынған болар едім. Исаның атымен дұға етіп, дәл Исаның Өзі дұға етіп жатқандай өтініш ету құқығына ие болудың ұлы артықшылық екені даусыз. Біздің Оған деген сүйіспеншілігіміз Оның атын лайықсыз пайдалануға ешуақытта да жол бермейтінін атап өткен жөн.

Мен Исаның Өзі мақұлдайтын нәрселерді ғана сұрап дұға етемін бе? Мен дұғамның соңына Оның мөрін қоя аламын ба? Олай болса, мен Әкемнен сұрағанымның бәрін де ала алатыныма толық сенімдімін.

**ИСА МӘСІХПЕН ЖҮРГЕН СЕНДЕРДІҢ БАРЛЫҚ  
ҚАЖЕТТЕРІҢДІ ДЕ МЕНІҢ ҚҰДАЙЫМ КЕРЕМЕТТЕЙ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН БОЛАДЫ**

Філіпіліктерге арналған хат 4:19

Пауылдың Құдайы – біздің де Құдайымыз, Ол бізді барлық қажетімізден шығарады. Пауыл філіпіліктерге осы сөздерді айтқан кезде, бұған толық сенімді болды, сол сияқты біз де өзіміз туралы ойлаған кезде дәл солай толық сенімді бола аламыз. Құдай осындай кереметтер істегісі келеді, себебі бұндай істер Оның қасиетіне сай. Ол бізді жақсы көреді және бізді жарылқау мүмкіншілігіне қуанады. Себебі Құдай бізді жарылқаған кезде, бұл ісі Оның Өзін мадақтайды. Оның бізге аяушылық білдіруі, Оның күші, Оның сүйіспеншілігі, Оның адалдығы – осының бәрі біздің ешнәрседен тапшылық көрмеуімізге ықпал етеді.

Құдайдың өлшемінің көлемі қандай? Ол бізді *Иса Мәсіхтегі Өзінің даңқты байлығымен толықтырады*. Оның рақымдылығының байлығы ұлы, дегенмен Оның даңқының байлығы туралы біз не айта аламыз? Бұл – Иса Мәсіхтегі даңқты байлық. Оның толықтығын кім өлшей алады? Міне, Құдай біздің мұқтаждықтарымыздың тұңғығын осындай шексіз өлшеммен толтырғысы келеді. Ол Тәңіріміз Исаны рақымдылықтың қоймасы мен құбырына айналдырады, сөйтіп Өз сүйіспеншілігінің байлығын бізге сол құбыр арқылы аямастан жіберіп отырады.

Осы жолдарды жазып отырған адам Құдай ісінде сынақты бастан өткізудің не екенін өте жақсы біледі. Адамдар жақсылыққа жамандықпен жауап беріп, Құдайдың қызметшілерін қаншалықты қорласа да, олар Құдайдың батасымен байиды, себебі: *Сендердің барлық қажеттеріңді де менің Құдайым кереметтей қамтамасыз ететін болады!* – деген уәде орындалуы керек. Құдайдың қамтамасыз етуі ақша сақтау мекемелерінің қай-қайсысынан болса да сенімді.

**БҰДАН БЫЛАЙ ҚАНДАЙ ҚАРУ-ЖАРАҚ САҒАН  
ҚАРСЫ ЖАСАЛСА ДА, СЕНІ ҚҰРТА АЛМАЙТЫН БОЛАДЫ.  
ӨЗИҢДІ АЙЫПТАҒАНДАРДЫҢ СӨЗДЕРІН ӘШКЕРЕЛЕП,  
ЖОҚҚА ШЫҒАРАСЫҢ**

Ишяя 54:17

Жаудың ұста дүкендері мен шеберханаларынан даңғырлаған, тарсылдаған дауыстар естіледі. Олар Құдайдың балаларын жеңу үшін қару-жарақ жасап шығаруда. Дегенмен Құдай бұған жол бермесе, олар өз ойларын жүзеге асыра алмайды, өйткені ұста дүкенінде от үрлеп жатқан ұстаны да Құдай жаратты. Бірақ олардың жұмыстан бас алмай, қалай еңбек етіп жатқандарын қараңызшы! Олар қаншама көп найзалар мен семсерлер даярлауда! Дегенмен сіз бұның бірінен де қауіптенбеңіз, өйткені әрбір семсердің жүзінен: *Ойың іске аспайды!* – деген жазуды оқисыз.

Ал енді тағы басқа бір шуға құлақ түріңіз: бұл тілдердің айқасы. Тілдер балғамен төске соғылған қаруға қарағанда, едәуір қауіпті қару және оның әкелетін жаманшылығы тезірек тарайды әрі әлдеқайда қатерлі. Сонда бізбен не болмақ? Өсек-аяң мен жалған сөздер, күдіктер мен мазақтаулар – бұлар улы оқтар; біз өзімізді бұлардан қалай қорғамақпыз? Әрине, біз оларды аузын жабуға мәжбүрлей алмаймыз, дегенмен олардың ойы іске аспайтыны туралы Құдайымыз уәде етті. Әділетсіздердің қарғысы бізге әсер етпейді және олар осы істері үшін мәңгілік жазасын тартады. Өтірікшілердің үні өшіп, айтқан өтіріктері олардан қорлық көрген әділдер мен мейірімділер үшін даңққа айналатын болады.

**ЖАРАТҚАН ӨЗ ХАЛҚЫНАН БАС ТАРТПАЙДЫ,  
ИЕЛІГІН ӨЗІНІҢ ТАСТАМАЙДЫ**

Забур 93:14

Рас, Құдай сендердің ешқайсыңды да шеттетпейді. Адамдар арасында бір-бірін шеттеткендерді кездестіруге болады, ал Құдайда ондайлар жоқ, себебі Оның таңдауы өзгеріссіз, ал сүйіспеншілігі мәңгі. Жаратқан Иенің Өзімен табысқан адамнан бас тартқанын осы уақытқа дейін ешқайсымыз да көрген емеспіз.

Құдай Дәуіт пайғамбар арқылы қамыққан жүректі жігерлендіру үшін дәл осы ұлы шындықты еске салады. Құдай Өзінің таңдаулыларын жазалайды, бұл дұрыс, бірақ оларды ешуақытта да тастамайды. Заң мен жазаны қолдану бізді дұрыс жолға бағыттайды және бұл тәлім-тәрбиенің жемісі – адамның рухының жұбатылуы мен санасының кіруі, ал бұдан жан тыныштығы туындайды. Әділетсіздер өздеріне қазылған орға құлап, соның тұтқынында қалғанша, өз бетімен жүре бермек. Ал Құдайдан қорыққандар болса өздерін болашақ міндеттерін атқаруға даярлайтын мектепке аттанады. Кейін Құдайдан қорыққандар мен әділдерді ақтап, ал бүлікшілерді жазалайтын сот болады. Сондықтан да қазіргі жазаның соққысына бағынып, оны лайықты түрде көтере білейік, себебі бұл біз үшін Құдайдың қаһары емес, керісінше сүйіспеншілігі болып табылады.

**ЖАРАТҚАН ИЕ – НҰРЫМ МЕНІҢ, ҚҰТҚАРЫЛУЫМ,  
ОЛАЙ БОЛҒАНДА МЕН КІМНЕН ҚОРҚАМЫН? ЖАРАТҚАН  
ИЕ – ӨМІРІМНІҢ ҚОРҒАНЫ ДА, СОНДА КІМ МЕНІ  
ҚОРҚЫТА АЛАДЫ?**

Зәбүр 26:1

Құдайдың Өз халқын қорғаудағы ең жақсы амалдардың бірі оның ішкі дүниесін қуаттаудан тұрады. Батыл қайраткерлер қорғаныс дуалдарынан әлдеқайда артық, ал сенім мықты деген бекіністердің қай-қайсынан да күшті.

Құдай біздің арамыздан, тіпті, ең әлсіз деген адамды алып, оны Өз халқының батыры Дәуіт сияқты ете алады. Құдайым, менімен де солай істеші! Саған сүйеніп, қолыма сақпан мен тас алып, жауыма қарсы шыға алуым үшін, маған Өз күшіңді беріп, бойымды қасиетті ерлікке толтыршы!

Құдай Өзінің ең күшті әскерлеріне бұрынғыдан да көп күш-қуат бере алады, сонда олар одан ары күшейеді. Құдайдың Өзі олардың қорғаны мен күші болғысы келеді. Құдай оларға тек күш қана беріп қоймайды, сонымен қатар олардың жарығы да, күш-қайраты да Құдайдың Өзі болмақ! Құдайым, осы ісінді біздің сенуші бауырлардың өмірінде де жүзеге асыршы! Бізге Өзіңнің құдіретті кереметтеріңді көрсетші, өйткені Сен Өзіңнің сенімді қызметкерлеріңе рақымдылық пен қасиеттіліктің адамдардікіне қарағанда әлдеқайда маңызды түрін сыйлай аласың ғой.

Құдай Ием, Өз балаларыңмен бірге болуға рақым етші, сонда олар Саған ұқсайтын болады, оларды Өз күшіңмен толтыр, сонда олар Құдай алдында жүретін даналардай болады. Құдайым, Иса үшін, бұл уәде бүгін-ақ Сенің қауымыңда шындыққа айналсыншы.

## ОСЫ КҮННЕН БАСТАП МЕН СЕНІ ЖАРЫЛҚАЙМЫН

Хаққай 2:19

Болашақтағы істер бізден жасырын. Дегенмен, міне, алдымызда айна бар, біз одан болашақта не болатынын көре аламыз. Құдай бізге: *Осы күннен бастап Мен сені жарылқаймын*, – дейді.

Осы уәдеге қатысы бар сол күнге назар аударуға болады. Құдай оларға осы уәдені берердің алдында елде құрғақшылық болып, астық шықпай қалды, ал шыққан астықтар жанып кетті және соның бәрі халықтың жасаған күнәларының салдарынан болып еді. Бірақ Құдайдан жазасын тартқан халық Оның сөзіне бойсұнып, ғибадатхана соға бастағанын Құдай көрді, сондықтан да Ол: *Ғибадатхананың негізі салынған күннен бастап... осы күннен бастап Мен оларды жарылқаймын!* – деді. Егер біз күнә жасап жүрсек, бірақ Киелі Рухтың жетелеуімен күнәдан бас тартсақ, онда сол күннен бастап Құдайдың жарылқауына ие боламыз. Ол бізге Өз жарылқаушылығын, Өз рухын, Өз рақымын бұрынғыдан бетер күшті қарқынмен ағыл-тегіл төгіп, шындығын толығырақ ашатын болады. Бәлкім, әділдігіміз үшін басқа адамдар тарапынан қатты қарсылық көрерміз, бірақ біз осындай жағдайда Құдайымызбен шынайы қарым-қатынастың жоғарғы деңгейіне көтерілеміз, сонда Оның өзімізді қабылдағанын одан да анығырақ біле түсеміз.

Құдай Ием, мен бұдан былай Саған бұрынғыдан да адалырақ болып, Сенің өсиеттерің мен ұйғарымдарыңды мұқият орындауды шештім. Сондықтан да мені күнделікті жарылқап отыруыңды Иса Мәсіх арқылы өтінемін!

СЕБЕБИ ШӨЛДЕГЕНДЕРДІ СУСЫНҒА ҚАНДЫРДЫ,  
АШЫҚҚАНДАРДЫ ИГІЛІКТЕРГЕ КЕНЕЛТТІ

Зәбүр 106:9

Қасиетті талпынысқа ие болу қандай жақсы еді. Егер бұл талпыныс шынайы ниеттен шыққан болса, тіпті жақсы. Құдай бұндай талпынысты міндетті түрде қанағаттандырады. Талабымыз таудай болсын, сонда Құдай да бізден игілігін аямай, ағыл-тегіл мол етіп береді. Ал егер бізде талпыныс та, ізденіс те болмай бойкүйездікке салынып жүре берсек, онда рухани жағдайымыз ешқашан да Құдай қалағандай дәрежеге жетпейді. Игілікке молынан ие болуға ұмтылу, сондай-ақ айтып жеткізгісіз тілектер – рухани өсудің белгілері, біз бұларды әрдайым да сезінуді қалар едік. Киелі Рух, бізді әлдеқайда жақсы нәрселер туралы, тіпті ең жақсы нәрселер туралы қалауға және соларды өтініп сұрауға үйретші.

Аштық ұнамсыз сезім болып табылады. Дегенмен әділдікке ашығып, сусағандар бақытты. Құдай бұл адамдардың аштығын басады, бірақ нанның қоқымымен емес, керісінше шынайы рухани тамақпен тойындырады. Ол бұлардың қарнын әйтеуір бір реті келген тамақпен толтыра салмайды. Оның бұларға ұсынатын тамағы – Өзінің қайырымдылығы. Ізгі Құдай тек осындай тағам беруге лайықты.

Келіңіз, аштықтан әлсіредік деп наразылық білдірудің орнына зәбүр жыршысының дауысына құлақ түріп, ол неге талпынып, нені аңсап және нені қалағанын білейік. Ал ол өз Құдайының көкке көтере мадақталғанын көргісі келеді! Адамдар Жаратушының қайырымдылығы мен Оның адамзатқа жасаған кереметтері үшін алғыс айтулары керек.

**ӘЙ, ЖЕРДІҢ ТҮПКІР-ТҮПКІРІНДЕГІЛЕР, МАҒАН  
БҰРЫЛЫҢДАР, СОНДА ҚҰТҚАРЫЛАСЫҢДАР! ЖАЛҒЫЗ  
ҚҰДАЙ МЕНМІН, ӨЗГЕ ҚҰДАЙ ЖОҚ**

Ишяя 45:22

Бұл уәделердің уәдесі. Бұл уәде біздің рухани өміріміздің негізін құрады. Біз құтқарылғандардың қатарына өзіміздің әділ Құдайымыз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіх арқылы қосыламыз. *Маған бұрылыңдар* деген нұсқау неткен қарапайым әрі қандай орынды айтылған! Жаратылыстың Жаратушысына қарай бет бұруы керек екендігі әбден дұрыс. Біздің осы уақытқа дейін жан-жағымызға қарап келгеніміз жетер, енді тек жалғыз Құдайға ғана қарайтын уақыт келді, ал Ол бізді Өзіне үміт артуға шақырып, құтқарылу сыйлауға уәде етеді.

Сонымен, Жаратушы Құдайға қараңыз. Оған тек көз қырыңызды ғана салыңызшы! Неліктен сіз Оған кідірместен, дереу қарағыңыз келмейді?

Біз Оған еш нәрсе де әкеліп бере алмаймыз, біз тек қана Айқыш ағаштан көтеріліп, тақта отырған Тәңір Иемізге қарай аламыз. Оған назар аудару үшін әлдеқандай даярлық жасаудың немесе өзінді зорлап күш салудың қажеті жоқ. Бұл үшін тапқырлық пен даналықтың да, байлық пен күштің де қажеті жоқ. Бізге қажеттінің бәрі Тәңіріміз Иса Мәсіхте бар, егер біз осының бәрін Одан күтсек, онда күткеніміздің бәрін аламыз әрі құтқарыламыз.

Бүгінде әлі ұзақта тұрғандар, келіңіздер, Құдайға назар аударыңыздар! Жер бетінің түкпір-түкпіріндегілер, сіздер де келіңіздер! Қараңғы қапаста тұратын адамдар күннің көзін көре алатынына қуанатынындай, өлімнің босағасында, тозақтың қақпасының алдында тұрған сіз де өз назарыңызды Құдайдың нұрына салыңыз. Құдай болғандықтан құтқаруға құдіреті жететін Тәңіріміз Иса Мәсіхтен Құдайдың нұры мен мәңгілік өмірді қабылдаңыз.



**МЕН ӘДІЛЕТСІЗ ҚЫЛЫҚТАРЫҢДЫ ТҰМАНДАЙ  
СЕЙІЛТтім, КҮНӘЛАРЫҢДЫ ЖЕЛ АЙДАҒАН БҰЛТТАЙ  
ФАЙЫП ЕТтім; ЕНДІ ТЕРІС ЖОЛЫҢНАН ҚАЙТЫП,  
МАҒАН БЕТ БҰР, МЕН СЕНІ ҚҰНЫҢДЫ ТӨЛЕП  
ҚҰТҚАРЫП, КЕШІРДІМ!**

Ишая 44:22

Бұл шынында да тамаша сөз. Бұл сөзде күнәһар адамға қандай толық кешірім уәде етілген! Құдай адамның күнәсін толық алып тастайды, сөйтіп күннің сәулесі түскенде тұманның сейіліп кететініндей, күнәдан да ешбір із қалмайды.

Шайтан біздің күнәларымызды қайтадан мойнымызға жүктеп қою үшін, оларды қазбалап іздейді; жауларымыз да күнәларымызды бетімізге басу үшін, солай істейді, тіпті арұжданымыз да оларды қайтадан тауып алғысы келіп, қайтақайта іздестіреді. Дегенмен егер Иеміз оларды Өзінің асыл Қанымен жуып-шайып тастаған болса, онда оларды біреу іздеп тауып алар деп қауіптенудің қажеті жоқ, өйткені бұл күнәлар енді жоқ әрі оларды табу мүмкін емес! Құдай Өз халқының күнәларын жоюдың қамын әлдеқашан ойластырып қойған. Ол қылмыстарды доғартып, күнәларды жойды. Исаның Құрбандық өлімі біздің күнәларымызды теңіздің тұңғиығына тастады. Сөйтіп бұл шындық біздің жүрегімізді қуаныш пен шаттыққа толтырады.

Құдай Өз таңдаулыларының күнәсін кешіргендігіне айғақ болатын шындықты негізге ала отырып, біздің күнәларымызды жойды. Оның рақымдылық Сөзі ұлы әрі құдіретті. Ол Өзінің Сөзі арқылы бізге азаттық жариялады, сондықтан енді біз азатпыз. Ол күнәнің құнын төлеп құтқарды, сондықтан біз сол сәттен бастап, қандай жазадан болса да қорқудан мүлде азатпыз. Күнәны түп тамырымен жойып тастайтын Құдайдың аты мәңгі мадақталсын!

## ҚҰДАЙ ИЕЛЕРІҢ СЕНДЕРДІҢ ДҰШПАНДАРЫҢДЫ АЛДАРЫҢНАН БІРТІНДЕП ҚАНА ҚУЫП ШЫҒАДЫ

Занды қайталау 7:22

Біз жеңіске қолды бір сермегеннен жетем деп ойламауымыз керек. Жаман көзқарастар мен әдеттерден ажырау оңай емес. Кейбір жағдайларда адамдарға дақ салған көптеген кемшіліктердің бірінен ғана азат болу үшін көп жылдар еңбектену қажет болады. Дегенмен біз күнәға қарсы күресте айтарлықтай табысқа жетпесек те, оны жалғастыра беруіміз керек.

Біздің бұл дүниедегі мақсатымыз – әлемді Исаға бағындыру. Сондықтан біз бұл күнәһар дүниемен ешқандай да келісімге келмей, онымен үздіксіз күрес жүргізе отырып, сенімсіздік, маскүнемдік, бұзықтық, қанаушылық, жалған жолға түсу, өлтіру сияқты жамандық атаулының бәрін құртуымыз керек.

Алайда оларды жою тек Құдайдың ғана қолынан келеді және Ол бұны Өзінің сенімді қызметкерлері арқылы жүзеге асырады. Өзінің сенімді қызметкерлері арқылы еңбек етуге уәде бергені үшін Оның аты мәңгі мадақталсын. Сөйтіп *Құдай Иелерің сендердің дұшпандарыңды алдарыңнан біртіндеп қана қуып шығады!* Иә, Ол бұны біз табандылыққа үйреніп, сенімде шындалу үшін және сергектікке ұмтылып, ширақ болып, өз күшімізге сенушіліктен қашуымыз үшін біртіндеп істейді. Құдайға әрбір табыс үшін, тіпті ең кішкене табыс үшін де алғыс айта отырып, Одан үлкен табыстарға жеткіз деп сұрайық! Дегенмен, бүкіл елдерді Исаға жақындатпайынша, семсерімізді қынабына салмаймыз!

Жігерлен, қадірлі жан! Адымдап жүре берсек, ақырында үлкен ара қашықтықты жүріп өтетініңді біліп, ілгері басуыңды жалғастыра бер.

**ОЛ БІЗДІ ҰДАЙЫ АЙЫПТАМАЙДЫ,  
МӘҢГІ-БАҚИ КЕК ТЕ САҚТАМАЙДЫ**

Зәбүр 102:9

Қайырымды Құдай кейде қаһарланады, бұлай болмаған жағдайда Ол Өзінің біз сияқты жарлы әрі адасқан балалары үшін шын мәнінде дана Әке болмағаны. Оның ашуы сенімділік көрсетіп жүрген балаларының бәріне де ауыр тиеді, өйткені олар өздерінің жазалануға әбден лайықты екендерін сезеді әрі түсінеді, себебі олар Оны әділетсіздікпен ренжітті. Біз бұл ашудың нені білдіретінін жақсы білеміз, сондықтан да Құдайдың алдында бас иіп, Оның ашулануына себеп тудырғанымыз үшін қайғырамыз.

Алайда мына сөздер біз үшін сондай керемет жұбаныш бермек! *Ол бізді ұдайы айыптамайды.* Егер күнәларымыз үшін өкініп, олардан шын жүректен бас тартсақ, сөйтіп Құдай алдында тәубеге келсек, Ол бізге қайырымдылығын қайтадан көрсетеді. Жоқ, Өзінің шын жүректен жақсы көретін сүйіктілеріне қатал жүзін көрсету Ол үшін қуаныш емес; Ол біздің қуанышымыз толық болған кезде ғана қуанады.

Сонымен, Оның нұрлы жүзін іздейік! Бізде күдіктену мен түңілуге ешқандай себеп жоқ. Қаһарланатын Құдайды да жақсы көрейік! Көп ұзамай: *Сенің қаюарың менен бетін бұрды, енді мені қайтадан жұбатасың!* – деп жырлайтын боламыз. Сондықтан жаныңды жаралайтын ауыр сезімдер аулақ кетсін де, жүрегіңді қарапайым үміттер мен ризашылыққа толы тәтті сезімдер жайласын! Төреші ретінде бізді күнәнің жазасынан әлдеқашан құтқарған Құдай, Әкеміз ретінде, бізді қайтадан кешіреді, сонда біз Оның шынайы да тұрақты сүйіспеншілігіне бөленіп, шын жүректен шаттанамыз!

**МЫНА ЗАҢҒАР ТАУҒА НЕ БОЛАДЫ! ЗЕРУБАБЫЛДЫҢ  
АЛДЫНДА МЫНА ЗАҢҒАР ТАУДЫҢ ӨЗІ ТЕГІС ЖАЗЫҚ  
БОЛАДЫ. ЗЕРУБАБЫЛ ҒИМАРАТТЫҢ СОҢҒЫ ТАСЫН  
ОРНАТҚАНДА ХАЛЫҚ: «ҚҰДАЙ ЖАРЫЛҚАСЫН!  
НЕ ДЕГЕН РАҚЫМ!» – ДЕП МАДАҚТАЙТЫН БОЛАДЫ**

Зәкәрия 4:7

Бүгінде біздің жолымызда таудай-таудай қиыншылықтар мен бақытсыздықтар кездесуі мүмкін, ал біз болсақ пенде-шілік ақылымызбен бұдан жол тауып өте алмаймыз да және арғы жағында не бар екенін көре алмаймыз да. Бірақ бізге сенім жәрдемге келсе, бұл таулар көз алдымызда жойылып, дереу түп-түзу жазыққа айналады. Дегенмен сенім алдымен Құдайдың сөзін естуі керек: *Бұл әскерлермен де, күшпен де емес, Менің Рухыммен орындалды, – дейді құдіреті күшті Құдай.* Егер біз өмірдің қиыншылықтарына қарсы шыққымыз келсе, осы ұлы шындық әрдайым да жүрегіміздің төрінде болуы керек.

Иә, мен өзімнің қолымнан ешнәрсе келмейтінін әрі адамға әрқандай үміт арту да бос әурешілік екенін түсінемін! Жеңіс әскерлердің күшімен немесе басқа да бір күштердің әсерімен келмейді. Сондықтан маған көзге көрініп тұрған нәрселерге сенудің қажеті жоқ, өйткені күш көзге көрінбейтін Рухта. Қиыншылықтармен күрес кезінде тек бір Құдай ғана әрекет етуі керек, ал адамдардың іс-әрекеті мен амалдары түкке тұрғысыз. Ал егер құдіретті Құдай Өз халқының ісін қолына алатын болса, онда таудай болып көрінген қиыншылықтар олар үшін түк емес. Ол әлемді баланың допты қозғағанындай қозғай алады және сондай күшті маған да сыйлауға даяр. Егер Құдай маған тау қопаруды тапсырса, онда мен бұл тапсырманы тек қана Оның Өзінің атымен орындай аламын. Бәлкім, бұл тау өте үлкен әрі аса биік болар, бірақ менің әлсіздігімнің алдында бұл да теп-тегіс жазыққа айналады, себебі Құдай Ие солай деді.

**ЖАРАТҚАН ИЕ БҮКІЛ ЖЕР БЕТІНДЕ ПАТША БОЛАДЫ.  
СОЛ КЕЗДЕ ЖАЛҒЫЗ ЖАРАТҚАН ИЕ ҚҰДАЙ БОЛЫП,  
ЖАЛҒЫЗ ОНЫҢ ЕСІМІ МАДАҚТАЛАТЫН БОЛАДЫ**

Зәкәрия 14:9

Қандай даңқты болашақ! Бұл арманшыл адамның қиялы емес, керісінше қателеспейтін Құдай Сөзінің анық мәлімдемесі. Бүкіл халықтар Құдай Иені танып біліп, барлық ұрпақ Оның қайырымды үстемдігін мойындауы керек. Бүгін біз Оны мойындаудың әлі де алшақ тұрмыз. Ұлы патшаның алдында адамдар қалай бас иеді? Оған қарсы бүлікшіліктер мен наразылықтар әлі қаншама? Жер бетінде жалған құдайлар мен билеушілер қаншама көп! Сондай-ақ Құдай туралы әрі Оның Ізгі хабары туралы әр түрлі жалған түсініктер де өте көп, бұндай түсініктерді, тіпті, өзін мәсіхшіміз деп атайтындардың арасынан да ұшыратуға болады! Алайда бір Патша, бір Құдай болатын және бір ғана сол тірі әрі ақиқи Құдайдың аты даңқталатын күн де келеді. Құдайым-ай, осының бәрі тезірек болсыншы! Міне, сондықтан да біз күнделікті: *Сенің Патшалығың келсін!* – деп дұға етеміз.

Бұның дәл солай болатынына деген жұбанышты сенімді жоғалтып алмау үшін, біз бұл қашан болады екен деген сұрақпен айналыспаймыз. Киелі Рухтың пайғамбарлар арқылы сөйлегені қалай шүбәсіз болса, бүкіл жер бетінің Құдайдың даңқына толатыны да дәл солай шүбәсіз. Исаның өлімі бекер емес. Құдай Әкенің мәңгі шешіміне кедергі жасаудың қажеті жоқ. Шайтан билігін жүргізіп тұрған бұл жерде Исаның даңқы артып, Тәңіріміз, күдіреті күшті Құдайымыз үстемдік жүргізуі керек. Сонымен, сенімде нығая отырып, күнделікті еңбек пен күреске кірісіп, өз жолымызбен жүреміз.

**ЖАРАТҚАН ИЕ: ӨЗІМ БІРГЕ БАРЫП ЖАР БОЛЫП,  
ЖАНЫҢА ТЫНЫШТЫҚ СЫЙЛАЙМЫҢ, –  
ДЕП ЖАУАП ҚАЙЫРДЫ**

Мысырдан көшіп шығу 33:14

Өте құнды уәде! Құдай Ием, бізге бұны меңгеруге көмек берші! Біз өз мекен-жайымызды әрдайым өзгертіп тұруға мәжбүрміз, өйткені бұл жерде біздің тұрақты орнымыз жоқ. Көбіне біз бір жерге үйренісіп, өзімізді үйдегідей сезіне бастаған кезде, ол жерден аяқ астынан көшуге тура келеді. Бұл сөздерде осы ауруға қарсы ем ұсынылмақ. Құдайдың Өзі біздің алдымызда жүруге уәде етті. Оның бізге жар болуы, Оның рақымы, Онымен қарым-қатынас, Оның қамқорлықтары – осылардың бәрі Оның сүйіспеншілігіне негізделген және ол қайда барсақ та бізбен бірге ере жүреді. Осының бәрі Құдайдың құдіретімен болып жатыр. Оның біздің өмірімізде көрсеткен кереметтерін сөзбен айтып жеткізе алмаспыз. Егер Құдай бізбен бірге болса, онда көк те, жер де біздің меншігімізде болмақ. Құдайым, менімен бірге жүрші, содан кейін Өз еркіңе сай, маған қайда бару керек екенін бұйыр.

Алайда біз басқа бір жерден тыным табуға үміттенеміз. Бірақ Киелі Жазбадағы мына үзінді бізге осы тыныштықты уәде етеді. Біз Құдайдың Өзі сыйлайтын тыныштыққа енеміз, Ол бұл тыныштықты бізге Өзі тауып береді әрі бізді сол тыныштықта сақтайды. Біз жолда болсақ та, ұрыс майданында болсақ та, Оның бізбен бірге екенін сезінудің өзі бізге тыныштық сыйлайды. Тыныштық! Бұл бірнеше есе жарылқанған сөз! Ажалды пенде осыны ұғына алар ма екен? Иә, ол бізге осы жер бетінде-ақ уәде етілген, сондықтан біз сенім арқылы осы уәдеге негізделеміз. Тыныштық Жұбататындан, әлемнің Төрешісінен, өзінің барлық еңбегінен жетінші күні тыным тапқан Көктегі Әкеден келеді. Құдаймен бірге болу дегеніміз – бұл шынайы тынышталу деген сөз.

**ЖАРАТҚАН ИЕ ҚАМБАЛАРЫҢА, ҚОЛҒА АЛҒАН БАРЛЫҚ  
ІСТЕРІҢЕ ӨЗІНІҢ БАТАСЫН ЖАУДЫРАДЫ**

Занды қайталау 28:8

Біз Тәңір Иеге, өзіміздің Құдайымызға бойсұнған кезде, Ол бізге бергендерінің бәрін жарылқайды. Құдай жарылқаған байлық, қарғысқа ұшырамайды. Адамдар өздеріне қажетті мөлшерден артық байлықтарын қоймаларында сақтай бастайды, бірақ дәл сол кезде, оларды билеген ашкөздік пен мейрімсіздіктің өрті өте тез тұтанады. Ал егер оларда Құдайдың жарылқаушылығы болса, онда бәрі де басқаша болмақ. Ақылдылық үнемдеуге үйретсе, жомарттық қайырым көрсетеді, ал ризашылық Құдайдың ісіне құрбан етудің қажеттілігін еске салып, Құдайды мадақтау осы жиналған нәрселерді қолданудың тәтті дәмін таттырады. Егер Құдайдың батасы сіздің ақша салатын қапшығыңыз бен жинақ банкіңізге жауса, бұл – ұлы игілік.

*Жаратқан Ие қолға алған барлық істеріңе Өзінің батасын жаудырады* – деген соңғы сөйлемде бізге қандай рақымдылық көрсетілген. Әрине, біз Құдайдың батасын сұрамаған істерді қолға алмаймыз әрі бұндай іске дұғасыз және сенімсіз еш кіріспейміз де. Бірақ кез келген шаруада Құдайдан көмек күту неткен артықшылық еді! Кейбіреулер *бақытты болу керек* дейді, дегенмен Құдайдың батасы бақыттан әлдеқайда артық. Ұлы адамдардың берген батасы Құдайдың берген батасымен салыстырғанда түкке тұрғысыз. Құдайдың батасы адамзаттың біліммен қол жеткізген барлық табыстарына, олардың мүмкіншіліктері мен игіліктеріне қарағанда өте маңызды.

## ОҒАН СЕНГЕН КІСІ ҰЯТҚА ҚАЛМАЙДЫ

Ишья 28:16

Киелі кітаптың басқа аудармаларында бұл аятта: *Оған сенгендер асықпайды!* деп жазылған.

Ол Құдайдың өсиеттерін орындауға асығуы керек. Алайда ол орынсыз сабырсыздық көрсетіп, асығып-аптықпауы керек.

Ол қиыншылықтан жалтаруға асықпауы керек және бойын үрей мен қорқыныштың билеуіне жол бермеуі керек. Егер басқа адамдардың естері кетіп, сергелдеңге түссе, ал сенушілер сынақ кезінде ақылмен әрекет ету үшін, тыныш, тиянақты әрі батыл болуға тиіс.

Ол өзі үшін пайдалы нәрсенің тез арада орындалуын талап етіп, үміттенгенін күтуде асығыстық жасамауы керек, себебі ол Құдайдың белгілеген уақытын күтуге тиіс. Кейбіреулер асығыстықпен сары шымшықты ұстап қалуға даяр, өйткені Құдайдың уәдесі олар үшін ешуақытта ұстай алмайтын көктегі сұңқардай болып көрінеді. Ал сенушілер күте алады.

Олар асығыстық жасап, теріс әрі күдікті істерге араласпауы керек. Сенімсіздік те бір нәрселерді істейді, бірақ ол не істесе де өз басына зияндық істейді. Ал сенім болса ешуақытта да асықпайды, сондықтан оған өзінің бұрын асығыс өтіп кеткен жолымен өкінішпен кері қайтуға тура келмейді.

Ал менің жағдайым қалай? Мен сенемін бе? Мен Құдаймен бірге әрі сенушіге лайықты байсалды қадаммен жүремін бе? Тыныштал, мазасыз жан! Құдайдың кеудесінде тыным тап әрі кешеуілдетпей Оны байсалдылықпен күт.



**ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ӨЗІ СЕНІ БАСТАП ЖҮРІП, САҒАН ЖАР  
БОЛАДЫ. ОЛ СЕНІ НЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛДЫРЫП, НЕ ТАСТАП  
КЕТПЕЙДІ. ҚОРҚЫП, КҮДЕР ҮЗІП ЖҮРМЕ!**

Киелі Заңды қайта жариялау 31:8

Алдымызда ауыр еңбек немесе үлкен күрес тұрса, осы сөз оларға қарсы күресте қолданатын қаруымызға айналып, бізге көмек берсін. Егер Құдайдың Өзі біздің алдымызда жүретін болса, бізге Оның соңынан еру оңай. Егер құдіретті Құдайдың Өзі бізге қорғаныш болса, онда біздің алдыңғы қатарда болуымызға кім бөгет бола алсын? Сонымен, келіңдер, әріптестер, тездетіп алға қадам басайық! Жеңіске қол жеткізу үшін несіне қорқып, қалтыраймыз?

Құдай біздің алдымызда жүріп қана қоймайды, Ол біздің қасымызда да жүреді. Құдіретті Құдай біздің астымызда, үстімізде, айналамызда және жүрегімізде. Ол бұрын да бізбен бірге болғандай, қазір де және мәңгілікке дейін бізбен бірге болғысы келеді. Осыны түсіну бізге қаншалықты күш-қуат береді! Сонымен, Иса Мәсіхтің әскерлері, жаудың бекінісіне шешуші шабуыл жасап, алға батыл жүріңдер, өйткені әскерлердің Тәңірі бізбен бірге!

Ол біздің әрі алдымызда әрі жанымызда жүретін болғандықтан, Өзінің көмегінен еш айырмайды. Оның қолының шаршауы мүмкін емес, Ол бізді қорғаудан еш шаршамайды. Ол күрес аяқталмайынша, Өзінің күші мен көмегін бізден аямайды. Сондықтан қорықпаймыз да, үрейленбейміз де, себебі ұрысқа тәңірлердің Тәңірі бізбен бірге барады, сөйтіп Ол ұрыстың ауыртпалығын көтеріп, бізге жеңіс сыйлайды!

**КІМ ШЫНДЫҚҚА САЙ ӨМІР СҮРСЕ,  
ОҒАН ЕШ ҚОРҚЫНЫШ ЖОҚ**

Нақыл сөздер 10:9

Шындыққа сүйенген адам алға қарай баяу жылжуы мүмкін, дегенмен ол нық сеніммен жылжиды. Тез арада байып кеткісі келген адамның адал болуы мүмкін емес әрі оның өмірі де қауіпке толы болмақ. Ал таза жүру, байлық пен қазына әкелмесе де, адамды толық тыныштықта сақтайды. Егер біздің іс-әрекетіміз дұрыс болса, онда жақсы жолмен жүріп келе жатқан адамға ұқсаймыз; сонда біз өзіміздің әрбір басқан қадамымыздың берік те мызғымас негізде жасалып жатқанына деген нық сенімнен айырылмаймыз. Ал күмәнді жолдар арқылы қол жеткізген табыс қаншалықты үлкен болса да бос әурешілік болмақ. Себебі ондай адамның өмірі қашан қарғысқа ұшырап, есеп беретін күнім келер екен деген қауіппен өтеді.

Сонымен, шындық пен әділдікке адал болайық! Құдайдың рақымдылығымен аузынан ешуақытта да жалған сөз шықпаған Иеміз әрі Ұстазымыз Иса Мәсіхке еліктейік. Кедейленіп қалармыз немесе адамдар бізді елеусіз қалдырар деп қорықпайық. Қандай жағдай болса да Құдайға ұнамайтын нәрселерді істемеуге тырысайық! Егер жан тыныштығынан айырылсақ, оны ешқандай да байлықпен сатып ала алмаймыз. Егер біз Құдайға қарсы күнә жасамай, Оның жолымен түзу жүрсек, онда қауіпсіздікте боламыз. Егер Құдайдың жолымен түзу жүрсек, бізге кім зияндық жасай алады? Парасатсыз адамдар бізді ақымақ деп ойлауы мүмкін, дегенмен егер біз өз адалдығымызда тұрақты әрі берік болсақ, адамдар қанша үкім шығарса да, таза болып қала бермекпіз.

ЫҚЫЛАС-НИЕТІМ ӘРДАЙЫМ ИЕМДЕ. ОҢ ЖАҒЫМДА  
МАҒАН ЖАР БОЛЫП КЕЛЕДІ: ЖАҒДАЙЫМ  
ШАЙҚАЛМАЙДЫ ЕШБІР КЕЗДЕ

Зәбүр 15:8

Міне, біз осылай өмір сүруіміз керек. Егер біздің ықылас-ниетіміз әрдайым Құдайда болатын болса, онда біз ең жақсы қоғамда боламыз және бізде ең қасиетті үлгі, ең тәтті жұбаныш пен ең күшті ықпал болады. Бар ықылас-ниетіңмен Құдайда болу тілегі: *Мен солай шештім!* – деген ішкі дүниенің берік ұйғарымынан шығуы керек. Сонда бұл шешім біржолата қабылданады. Сондықтан мен Құдайдың ишарасына назар аударып, Оның даусына құлақ түруім керек, шынайы сенушінің әрекеті, міне, осылай болмақ. Бұндай сенуші қайда барса да, қай жаққа қараса да, әрдайым да бар ықылас-ниетімен Құдайының жүзін көріп тұратын болады. Құдай оны өмір жолымен жетелейді, ал ол болса күндіз-түні Құдай туралы ойланып-толғанумен болады. Егер біздің ықылас-ниетіміз шынымен әрдайым Құдайда болса, онда қандай әбігершіліктен құтылып, қаншама күнәні жеңер едік, қаншама игі істер істеп, қаншама қуаныштарды басымыздан өткізер едік! Неліктен біз бұған ұмтылмаймыз?

Біз бұған өте ұмтылуымыз қажет. Егер біздің ықылас-ниетіміз әрдайым Құдайымызда болса, үнемі нық сенімділік пен қауіпсіздікті сезініп тұрған болар едік. Себебі Ол біздің оң жағымызда жүріп, бізге жар болады, сол себептен де біз еш толқымаймыз әрі бізді еш нәрсе де: қорқыныш та, зорлық-зомбылық та, жалған сөз де, тұрақсыздық та шайқалта алмайды. Егер Құдай жар болса, адам күдіксіз барлық қиыншылыққа төзе алады. Сонымен, шындықтың жаулары! Мені дауылша соққыласаңдар да қорықпаймын. Құдай маған жар. Мен кімнен қорқамын?

МЕН ОЛАРҒА БЕЙБИТ ӨМІР СЫЙЛАЙМЫН. ЕН ДАЛАДА  
ДА ТҰРЫП, ОРМАН-ТОҒАЙЛАРДА АЛАҢСЫЗ  
ТЫНЫҒА АЛУЛАРЫ ҮШІН ЕЛДЕН ЖЫРТҚЫШ  
АҢДАРДЫ ҚҰРТАМЫН

Езекиел 34:25

Бұл рақымдылықтың шыңы. Құдай бұның күшімен сондай әлсіз, күнәһар әрі ажалды пендесімен одақтасып, келісім шартқа отырды және Ол бұл келісімге деген адалдығын мәңгі сақтамақ. Сөйтіп біз осы келісім бойынша қауіпсіз өмір сүреміз. Малшының жыртқыш аңдарды қуалағанындай, біз де өзімізге әсер ететін жаман ықпалдардың бәрін қуып тастауымыз керек. Себебі Құдай Ие бізге тыныштық сыйлады және бұл тыныштығымызды енді ешкім де бұзуға тиіс емес. Құдайым, осы уәдені менің өмірімде бүгін де орындашы!

Құдай халқы, тіпті, үлкен қауіп төніп тұрған жердің өзінде де, қауіпсіз өмір сүруі керек; шөл далалар мен ормандар Мәсіхтің отары үшін жайылым мен шабындықтарға айналуы қажет. Егер Иеміз бізге жақсы жер бермесе, онда сол тұрған жеріміздің өзі біз үшін әлдеқайда жақсы болуына қолғабыс етеді. Шөл дала, сірә, адам тұратын жер емес, дегенмен оны адам мекен ететін жерге айналдыруға Құдайдың құдіреті жетеді. Әдетте, адамдар орманда жүргенде сергек болады, бірақ Тәңіріміз Өз достарының орманда да тыныш ұйықтауына мүмкіншілік береді. Құдайдың балаларын сырттан да, іштен де еш нәрсе қорқыта алмайды. Сенім болса, шөл дала аспанның, ал орман даңқтың босағасына айналады.

СЕНІ ӨЗ ҚАНАТЫМЕН ЖАУЫП АЛАДЫ,  
 СОНДА ӨМІРІҢ ҚАУІП-ҚАТЕРСІЗ БОЛАДЫ,  
 ҚОРҒАНЫҢ МЕН ҚАЛҚАНЫҢ – ОНЫҢ АҚИҚАТЫ

Зәбүр 90:4

Бұл қандай сүйіспеншілікке толы салыстыру еді! Ұя басқан тауықтың өз балапандарын қанатының астына алып қорғағанындай, Құдай да Өзінен пана іздеген таңдаулыларын қанатының астына алады. Сен кішкентай балапандардың анасының қанатының астынан басын шығарып қарағанын байқадың ба? Сен олардың қуаныштан қанағаттана шиқылдаған үніне құлақ түріп көрдің бе? Дәл осылай біз де өз Құдайымыздан қорғаныш тауып, Ол бізді қорғайды деген түсінікпен терең тыныштыққа бөленуіміз керек.

Біз Құдайдың қолында тұрғанда ештеңеден қауіптенбейміз. Егер біз бұндай қауіпсіз жағдайда болмасақ, түсініксіз болар еді. Себебі біздің өміріміз де, отанымыз да, баспанамыз да Құдайдың Өзі болса, неден қауіптеніп, қалайша сенімсіздік көрсетпекпіз? Керісінше біз Оның қамқорлығы мен қорғанынында бола жүріп, күреске аттанамыз. Бізге *қорған мен қалқан қажет*, балапандардың анасына сенгеніндей, біз де Құдай Иеге дәл солай шүбәсіз сенсек, онда Оның ақиқаты бізді бастан аяқ қамтитынына нық сенімді боламыз. Құдай жалған сөйлей алмайды, Ол Өз халқына деген адалдықты сақтауы керек. Бізге ең қажетті бірден-бір қалқан – шындық болып табылады; осы шындықты қалқан қылып, онымен шайтанның барлық «отты жебелерін» өшіріп тастай аламыз.

Кел, қадірлі жан, осы ұлы қанаттардың астын паналап, оның жұмсақ қауырсындарына басыңды қойып, бақытқа кенел!

ОЛ БИКТЕРДЕ ЖАСАЙТЫН ЖӘНЕ ТАУДЫҢ  
БЕКІНІСТЕРІН МЕКЕНДЕЙТІН БОЛАДЫ. ОНЫҢ НАНЫ  
ӘРҚАШАН БОЛЫП, СУЫ ЕШ ЖОҒАЛМАЙДЫ

Ишя 33:16

Кімге Құдай таза өмір сүру рақымдылығын сыйласа, сол адам мүлде қауіпсіз өмір сүрмек.

Ондай адамның мекені жаудың қолы жетпейтін биікте орналасқан. Сондықтан Оның мақсаттары да, талаптары да жоғары. Ондай адам Құдайдан зор жұбаныш тауып, игілікті ортада жүретін болады. Ол өзінің мекені болған мәңгі сүйіспеншіліктің шыңына шығып, шаттыққа бөленеді.

Оның қаруы орасан зор көлемді жартас болып табылмақ. Бүкіл әлемде Құдайдың уәдесінен тұрақты әрі берік еш нәрсе жоқ. Олар Құдайдың еркіне бойсұнған сенушінің күзетшісін қорғап тұрмақ.

Оны: *Оның наны әрқашан болады!* – деген ұлы уәдемен қамтамасыз еткен. Жау қалаға баса көктеп кіріп, дуалдарды бұзуға ұмтылса да, қамалды қоршап алып, аштықпен алуға әрекет етсе де Құдай Иенің шөл далада жаудырған маннасы сенушілердің қорын әрдайым жаңартып тұрады, сондықтан олар, тіпті, қоршауда қалса да, аштан өлмейді. Ал егер су жетіспесе ше? Бірақ бұндай жағдай ешуақытта да болмайды, себебі *оның суы еш жоғалмайды* деп жазылған. Қол жетпейтін қамалдың ішінде таусылмас бұлақ бар. Құдай Ие Өз таңдаулылары еш жоқшылық көрмесін деп барлығын да ойластырып қойған. Құдай Патшалығындағы алтын қаланың азаматы еш жамандыққа ұшырамайды. Жауды қаншалықты ашу кернесе де, Өз таңдаулыларын қорғауға Құдайдың құдіреті жетеді.

**СУДАН ӨТКЕН КЕЗІНДЕ САҒАН ЖАР БОЛАМЫН,  
ӨЗЕНДЕРДЕН ӨТКЕНДЕ ОЛАР СЕНІ БАТЫРМАЙДЫ.  
ОТТЫ ЖАРЫП ӨТСЕҢ, КҮЙІП ҚАЛМАЙСЫҢ,  
ТІПТІ ЖАЛЫНЫ ДА ШАРПЫМАЙДЫ**

Ишая 43:2

Бұл сөз бізге ешқандай да көпір ұсынып тұрған жоқ, келісінше біз суды кешіп өтіп, тасқынның күшін сынауымыз керек, алайда сол тасқында Құдайдың бізге жар болуы, кемелер мен қайықтарға қарағанда әлдеқайда жақсы. Бізге көп қиыншылықтарды бастан өткізуге тура келеді, дегенмен олардың бәрін жеңіп шығамыз, өйткені өмірдің көптеген тасқындарында құдіретті Құдайдың Өзі бізге жар болады. Қауіпті жағдайларға тап боған кезде, Құдайдың өзімізге жақын екендігін сезінбесек те, Оның Өз халқын қалдырмайтынына нық сенеміз. Бақытсыздық пен қайғы-қасіреттер үстімізге таудай үйілуі мүмкін, бірақ Құдай бәрінен де үстем болып, мадақталмақ.

Құдайдың жаулары зор қауіп-қатерлерді ойлап тауып, оларды біздің жолымызға кедергі етіп қоюға шебер; бұлар қыздырылған пеш сияқты қудалаушылықтар мен мазақтаулар болуы мүмкін. Бірақ олар бұдан не таппақ? Біз отты жарып өтсек те аман қаламыз. Егер Құдай жар болса, біз күймейміз. Сенің қасиеттеріңнің қорғаны – Өзіңнің бізбен бірге болғаның. Сонда бізден жалынның шарпыған иісі де сезілмейтін болады.

Құдайдан туылып, Аспан Патшалығына қарай бағыт алған жиһанкез үшін, бұл қандай керемет қорған еді! Олар судан өтсе батпайды, оттан өтсе күймейді! Құдайдың бізбен бірге болуы бізді әр түрлі қауіпті жолдардан сақтайды. Сонымен, мен өзімді Саған сеніп тапсырамын, сонда менің рухым тыным табады!

**ТӘҢІР ӨЗ ХАЛҚЫНА КҮШ-ҚУАТ ДАРЫТАДЫ,  
ТӘҢІР ИЕ ХАЛҚЫНА ТЫНЫШТЫҚ СЫЙЛАЙДЫ**

Зәбүр 28:11

Дәуіт пайғамбар Құдай Иенің даусын қазір ғана толқыннан естіп, ал күшін өзі баяндап отырған шу мен толқын көтерген дауылдан көрді. Міне, енді толқыннан кейінгі салқын тыныштықта, ол көк пен жерді бағындырған осындай жеңімпаз күшті Тәңір Өз халқына дарытады деген уәде алып отыр. Жебені нысанаға жедел бағыттайтын құдіретті Құдай Өзінің таңдаулыларына қыранның қанатындай қанат сыйлайды. Даусынан жер сілкінген құдіретті Құдай қасиеттерінің жауларының зәресін ұшырады, ал Өз халқына жан тыныштығын береді. Егер біз Құдайдың құдіреті мен күшіне жүгіне алатын болсақ, онда неліктен әлсізбіз? Егер Құдайдың тыныштығы біздің тыныштығымыз болса, онда неліктен мазасызбыз? Біздің күшіміз – құдіреті күшті Иеміз Исаның Өзі. Сондықтан Оған келейік және қызмет етейік. Біздің жан тыныштығымыз да Исаның Өзі, сондықтан қорқуды доғарып, Оның кеудесінде тыным табайық! Біздегі осы жан тыныштығы мен күш-қуаттың мәңгілікке созылатыны қандай тамаша!

Қайғы-қасіреттің дауылын жіберетін де, көп ұзамай оның өршеленген екпінін тоқтатып, тыныш күндерді жіберетін де сол бір Құдайдың Өзі. Бізге ауа райы қолайсыз күні дауылға қарсы тұратын – күш, ал шуақты күні – шаттық әні қажет. Сондықтан да күш-қуатымыз бен жан тыныштығымыздың Құдайын қазір-ақ мадақтай бастайық. Сөйтіп жан ой-ниеттер бізден аулақ кетіп, жүрегіміз сенім мен үмітке толсын!



**КИМ МАҒАН ҚЫЗМЕТ ЕТКІСІ КЕЛСЕ, СОЛ МАҒАН  
ЕРСІН; МЕН ҚАЙДА БОЛСАМ, ҚЫЗМЕТШІМ ДЕ СОНДА  
БОЛАДЫ. АЛ МАҒАН ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖҮРГЕН ӘРКІМДІ  
ӘКЕМ ҚҰРМЕТТЕЙДІ**

Жохан 12:26

Исаның соңынан еру – бұл ең жоғары мәртебелі қызмет. Егер мен Мәсіхтің қызметшісі болғым келсе, Оның соңынан еріп, Иса қалай әрекет етсе, мен де солай әрекет етуім керек. Бұл – Оның атын дәріптеудің ең дұрыс жолы. Мен Оның атын күнделікті дәріптегім келеді.

Егер мен Исаның соңынан ерсем, Онымен қарым-қатынаста боламын. Егер мен Исамен үнемі бірге болсам, Оған ұқсайтын боламын. Егер мен Оған осы жерде жүргенде-ақ еруге тырыссам, Ол уақыты келгенде мені Өзінің қасына алады. Біздің Иеміздің таққа апарған жол ауыр азапқа толы болды, сондықтан біздің жолымыз да әр түрлі қиыншылықтарға толы, бірақ уақытша көретін қазіргі жеңіл азаптарымыз бізді өздерінен әлдеқайда зор, тіпті шексіз, әрі мәңгілік ұлылыққа жеткізеді. Оның өмірінің нәтижесі біздің де өміріміздің нәтижесі болуы керек, сөйтіп егер біз Оған қорлана жүріп ерсек, аспанда Оның даңқы мен салтанатын бірге бөлісетін боламыз.

Кел, қадірлі жан, қайраттан! Тәңір Иең саған Өз қанымен белгі салып қалдырған іздермен жүр.

Исаға қызмет етіп жүрген әркімді Құдай Әкенің құрметтегісі келетінін ұмытпауға жәрдем берші. Егер Ол менің Исаға адал екендігімді көрсе, Өз Ұлы үшін маған қайырымдылығы мен даңқын көрсетеді және ешқандай да даңқ бұнымен теңдесе алмайды. Патшалар мен әкімдер даңқтың тек көлеңкесіне ғана ие; ақиқи даңқ Әкеден шығады. Сондықтан, қадірлі жан, өзіңнің Иең Исаның етегінен бұрынғыдан да бетер мықтап ұста.

**ИСА ОҒАН: ҚОЛЫҢЫЗДАН КЕЛСЕ ДЕГЕН НЕ СӨЗ?  
СЕНУШІГЕ БӘРІ ДЕ МҮМКІН, – ДЕДІ**

Марқа 9:23

Сенімсіздік біздің жолымыздағы аса зор бөгет болып табылады. Шынында, біздің рухани алға жылжуымыз бен амандығымыз үшін, бұдан өткен ешқандай қиыншылық жоқ. Құдіретті Құдай бәрін де істей алады, бірақ Ол бәрі де біздің сеніміміз бойынша болады деп шешті, сондықтан біздің сенімсіздігіміз Оның қолын байлайтынын білуіміз керек.

Егер де сену біздің қолымыздан келсе, онда зұлымдықтың барлық бұғаулары мен байланыстары үзілер еді. Егерде біз шындықтың Құдайына сенім арта алсақ, онда елеусіз қалған шындық басын көтерген болар еді. Егер біз тыныштық белбеуін сенім қолымен белімізге бусақ, онда ауыр азаптың ауыртпалығын қайыспай көтеріп, қайғы-қасіреттің толқынымен қорқынышсыз жүрген болар едік.

Біз неліктен сене алмаймыз? Сонда біз үшін Құдайға сенім артқаннан гөрі басқа нәрселер қадірлі болғаны ма? Құдай тұрақты шындық, онда неге біз Оған сенбейміз? Ол әрқашан да Өз сөзінде тұрады, онда неліктен біз Оған үміт артпаймыз? Егер біздің жүрегіміз таза, ниетіміз түзу болса, баланың әкесіне сенуі қалай оңай болса, біздің Құдайға сенуіміз де сондай табиғи болмақ.

Бәрінен де жаманы, барлық басқа жағдайларда Құдайға сенуге даяр сияқтымыз да, ал жанымызды қажытып тұрған қазіргі қайғы-қасіреттерге қатысты мәселеде даяр емеспіз. Бұл ақымақтық! Кел, қадірлі жан, бұл күнәні өзіңнен сілкіп алып тастап, бар ауыртпалықтарың мен уайым-қайғыларыңды Құдайға сеніп тапсыр.

АЛ ЕГЕР ОНЫҢ ТІЛІН АЛЫП, МЕНІҢ АЙТҚАНДАРЫМНЫҢ  
БӘРІН ОРЫНДАСАҢДАР, ОҢДА МЕН ЖАУЛАРЫҢНЫҢ  
ЖАУЫ БОЛЫП, СЕНДЕРГЕ ҚАРСЫ ШЫҚҚАНДАРҒА  
ҚАРСЫ ШЫҒАМЫН

Мысырдан көшу 23:22

Таңдаулы халық Тәңірі Иса Мәсіхті мойындап әрі тыңдауы керек. Ол Құдаймен бірігіп басқарушы және Ол Әкесінің атымен сөйлейді, ал біздің міндетіміз – Оның бұйырғанының бәрін сөзсіз әрі шапшаң орындау. Егер біз бұл өсиетті орындамасак, мұндай уәдеден айырыламыз.

Толық бойсұнған адамға берілген бұл уәде қандай ұлы еді. Құдай Өз халқымен қорғау және шабуыл жасау келісмін жасады. Бізге батасын бергендерге Ол да батасын берді, ал кім бізді қарғаса, Ол да соны қарғайды. Құдай Өз халқының жағдайына белсене көңіл аударып, онымен шын жүректен әрі шын ниетпен бірге жүргісі келеді. Оның бізге деген осындай ыстық ықыласы біз үшін қандай қорғаныш болмақ! Біз дұшпандарымызды қалай жеңсек екен деп мазасызданбауымыз керек, себебі біздің дұшпандарымыз Құдайдың да дұшпандары, бізге қарсы шыққан адамның Құдайға қарсы шыққаны. Сондықтан Құдайымыз біз үшін шайқасқысы келсе, жауларымызды Оның қолына батыл түрде бере аламыз.

Өз жеке мүддемізді қозғай отырып, біздің жеке жауларымыздың болмауы керек екенін білгеніміз жөн, бірақ шындық пен әділетті істер үшін, кейде бізге рухани қару-жарақты асынып алып, күреске аттануға тура келеді. Бұл рухани күресте мәңгі Құдай біздің одақтасымыз болып табылмақ, сонымен егер біз Құдайымыздың заңына адал ниетпен бағынсақ, Ол бар күшімен бізге жақтасуды уәде етеді. Міне, сондықтан да біз ажалды пенделерден қорықпаймыз.

**ЖАРАТҚАН ИЕГЕ СЕНІМІҢДІ АРТ, ИГІЛІКТІ ІСТЕРІҢДІ  
ІСТЕЙ БЕР, ЕЛДЕ ТҰРЫП, АМАҢ-ЕСЕН БОЛА БЕР**

Зәбүр 36:3

Сеніміңді арт та игілікті істеріңді істей бер – бұл сөздерді Киелі Рух тамаша жүйелілікпен орналастырған. Біз алдымен сенімге ие болуымыз керек, ал кейін осы сенімімізден игілікті істер туындауға тиіс. Құдайға үміт арту бізді қасиетті істерге талаптандырады; біз алдымен өзіміз Құдайдан жақсылық күтеміз, тек содан кейін ғана басқаларға жақсылық жасаймыз. Біз Құдайға үміт артып, қарап отырмаймыз, керісінше бар күшімізді жинап, Құдайдың біз арқылы әрекет етуін күтеміз.

Біз тіршіліктің қамына тым беріліп кетіп, жаманшылық жасауға тиіс емеспіз, керісінше Құдайға үміт арта отырып, жақсылық жасауымыз керек. Дұшпандарымыз шамасы келсе, бізді жойып жіберген болар еді, бірақ біз Құдайға үміт артып, игілікті істер істеуіміздің арқасында әлі де өмір сүреміз. Біз Мысырға қайтадан бармаймыз, керісінше, Құдайдың құдіретті елінде, Иеміздің Патшалығында мәңгі қаламыз. Иеміздің жаулары ойлағандай, бізден оңай құтылу мүмкін емес. Олар бізді итеріп тастай алмайды және олардың бізден қорықпауы мүмкін емес. Біз Құдайдың өзімізге тағайындаған жерінде тұруымыз керек.

Сонда біздің жердегі тіршілігіміздің қамын кім ойламақ? Алайда Құдай бізге *шындықты* берік сақтап жүр деп бұйырады. Құдайдың *ақиқат* екендігі қалай шын болса, Оның Өз таңдаулыларының қамын ойлайтыны да дәл солай шын. Олардың міндеті – Оған сенім артып, игілікті істерін істей беру. Ал Құдайдың міндеті – олардың үміт артуына сай әрекет істеу. Құдай оларды бұрынғы пайғамбарларын тамақтандырған сияқты қарға арқылы, Абдия арқылы немесе жесір әйел арқылы тамақтандырмаса да, бәрібір әйтеуір бір жолын тауып тамақтандыратын болады. Сонымен, тіршіліктің қамын жеген барлық мазасыз ойлар бізден аулақ кетсін!

**ТЕК МАҒАН ҚАЙТАДАН МОЙЫНСҰНЫП ЖӘНЕ  
ТЫНЫШТАЛЫП ҚАНА ҚҰТҚАРЫЛА АЛАСЫҢДАР,  
ҚҰДІРЕТТЕРІҢ МАҒАН ҮНСІЗ СЕҢІМ АРТУЛАРЫҢДА ҒАНА,  
БІРАҚ ӨЗДЕРІҢ БҰНЫҢ БІРІН ДЕ ҚАЛАҒАН ЖОҚСЫҢДАР**

Ишяя 30:15

Біз өзімізді-өзіміз айыптап, азаптап, күдіктеніп, сенімсіздік білдірген кезде, қатты әлсіздік көрсетеміз. Егер біз өзімізді құр сүйегіміз қалғанша азаптасақ, онда қандай мақсатқа жетпекпіз? Егер біз үнемі әр нәрседен үрейленіп, қорқа берсек, көздеген мақсатымызға қол жеткізе аламыз ба? Осылайша біз өзімізді әрекет істеуге қабілетсіз жасап, ал рухымызды шешім қабылдай алмайтындай етіп басып тастамаймыз ба? Біз одан бетер төмен қарай құлдырай береміз, өйткені біз өзін мұзға ұрғылаған балықтай, өзімізге өзіміз кедергі боламыз, ал егер сенім болса, алға қарай жүзе алған болар едік.

О, егерде бізге тыныштықта болу қайырымдылығы берілсе ғой! Онда біз неліктен өзімізді үсті-үстіне түңілдірген қайғылы хабарларды айтып, бір үйден бір үйге жүгіреміз? Сондай-ақ неліктен біз қайғылы бір оқиға болатын сияқты деп сарыуайымға салынып үйде отырып алуымыз керек, тіпті сол оқиғаның болмай қалуы да мүмкін емес пе? Егер біз тілімізге ие болсақ, қандай жақсы болар еді! Егер біз тыныштықта болсақ, сонда Құдайдың бар екенін білетін едік.

О, егер де біз Құдайға үміт арту рақымдылығына ие болсақ қой, шіркін! Біздің Құдайымыз Өзінің таңдаулыларын қорғауға әрі азат етуге міндетті. Ол бізді Өзінің салтанатты түрде жариялаған ашық мәлімдемесінен айыра алмайды. Тіпті, тау шайқалса да, біз Құдайдың әрбір сөзінің өзгеріссіз қалатынына сенімділікті толық сақтай аламыз. Ол біздің үміт артуымызға әбден лайықты. Егер біз Оған үміт арта отырып жан тыныштығында болсақ, Құдай тағының алдында емін-еркін жүрген періштелер сияқты соншама бақытты әрі қуанышты бола аламыз. Кел, қадірлі жан, Тәңір Иеңнің кеудесінде тыным тап!

## КЕШ ТЕ КҮНДІЗГІДЕЙ ЖАРЫҚ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ

Зәкәрия 14:7

Кешкі уақыт болса да күндізгідей жарық болып тұра беретіндігі шынында да аса ғажап нәрсе. Әдетте, адамдар кешкі уақытта айнала қараңғы болу керектігіне үйренген. Алайда Құдайдың әрекеті біз ойлағандай емес. Ол біздің барлық үміттеріміз бен қауіптенулерімізді Өз мойнына алады. Сонда біз таң қалып, тек Оның шексіз рақымын мадақтауға мәжбүр боламыз. Жоқ, қараңғылық біз ойлағандай тас қараңғы түнекке айналмайды, керісінше ол кенеттен ашық нұрлы күнмен алмасады. Үмітімізді үзбейік! Тіпті, ең ауыр әрі жаманшылық жайлаған кездерде де, өлім көлеңкесін түсірген аңғардың қараңғылығын нұрлы таңға айландыратын Тәңір Иемізге үміт артайық. Еврей халқы құлдықта жүргенде, мысырлықтар олардан кірпішті екі есе көп талап еткен кезде, Құдай Мұсаны жіберді; қайғы-қасірет шамадан тыс болса, оның ақыры жақындап қалғандығының белгісі.

Бұл уәде біздің төзімімізді шыңдауы керек. Біздің өз басымыздағы теріс тілектеріміз бен үміттеріміз біржолата жойылмайынша, толық нұрға ие болмаймыз. Әділетсіздерге күн әлі жарқырап тұрса да, кеш батып, айналаны қараңғылық жайлаған сияқты болып көрінеді, ал әділдер үшін түнгі уақыт болса да, айнала жарқырап тұрған сияқты. Сондықтан да көктен түсетін нұрды шыдамдылықпен күте алмаймыз ба? Рас, ол өзін ұзақ күттіреді, бірақ ол өзін күтуге лайықты екенін көрсетеді.

Кел, қадірлі жан, осы сөзді қабылдап, сені бұл өмірде де, кейінгі өмірде де біз күтпеген жолмен жарылқағысы келген Жаратушы Иенді мадақтап жүр.

**СОНДА ТАҚТА ОТЫРҒАН: ЕНДІ БӘРІН ДЕ  
ЖАҢАДАН ЖАРАТАМЫН, – ДЕДІ**

Аян 21:5

Оның Киелі Аты мадақталсын! Барлық іс жаңартуды қажет етеді, өйткені оларды күнә қорлады және әбден бұрмалады. Жаратылыстың ескі киімдерді шешіп, шетке шығарып тастап, мерекелік жаңа киімдерді киетін уақыты келді. Алайда бәрін жаратқан біздің Тәңір Иемізден басқа ешкім де ештеңені жаңадан жарата алмайды, өйткені жоқтан бар жасау мен жамандықты жақсылыққа айналдыру тек Соның ғана қолынан келетін іс. Сондықтан да Ол бұл міндетті Өз мойнына алды. Иса Мәсіх бұл істі әлдеқашан бастап, жүздеген жылдар бойы адамдардың жүрегі мен қоғамдағы тәртіпті жаңартуда. Ол тіпті адамдар өте шебер істелген деп санған нәрселерді де бірте-бірте үзілді-кесілді қайта өзгертеді. Оның қайырымының арқасында адамзаттың табиғаты да қайтадан өзгеруі керек, тіпті дененің де жаңарып, Оның өліден қайта тірілгендегі салтанатты Денесіне ұқсайтын күн келеді.

Патшаның Өзі бәрін жаңадан жаратқан патшалыққа тән болған қандай қуанышты. Біздің өміріміз өліммен аяқталмайды. Біз жаңа әрі даңқты өмірге асығамыз. Бізге зұлымдықтың күші қаншалықты қарсылық көрсетсе де, Иеміз Иса Өз ниетін жүзеге асырады және біздің өзімізде де, айналамызда да Жаратушының қолынан қазір ғана шыққандай ғажап сұлулыққа толысқан жаңа нәрселерді жаратады.

**ЕНДІ ОЛАР ТӨС ТЕМІРДЕ ҚАРУЫН ҚАЙТАДАН  
СОҚҚЫЛАП, ҚЫЛЫШЫН СОҚАҒА, НАЙЗАСЫН  
ОРАҚҚА АЙНАЛДЫРАДЫ. ХАЛЫҚТАР ЕНДІ ҚАЙТЫП  
ЕШ ЗАМАҢДА БІР-БІРІНЕ ҚАРСЫ ҚАРУ КӨТЕРМЕЙДІ.  
ОЛАР СОҒЫСУДЫ ТІПТЕН ҮЙРЕНБЕЙДІ**

Ишяя 2:4

О, егерде осындай қуанышты да бақытты кезеңдер тезірек келсе ғой! Қазіргі кезде халықтар күшті қаруланған. Олар мыңдаған, тіпті, миллиондаған адамдар қырылған кезде ғана адамзаттың басты мәселесі шешілетіндей және көздеген мақсаттарына тек осындай жолмен ғана қол жеткізетіндей, бұрынғыдан да қауіпті құралдарды жасап шығаруда. Дегенмен, бір кезде ақиқи бейбітшілік орнайтын уақыт келеді; бұл құдіретті әрі әсерлі бейбітшілік болмақ, сол себептен жамандық әкелетін істер жақсы мақсаттар үшін қолдануға болатын құралға айналады.

Бұның бәрі қалайша жүзеге аспақ? Шаруашылықтың даму жолымен бе? Әлде мәдениеттің дамуының арқасында ма? Жоқ, келіссөздер жүргізіп, шартқа отырудың көмегімен бе? Бұлай деп ойламаймыз! Өткен өмірден алған тәжірибеміз бұндай әлсіз амалдарға сенім артуға тиым салады. Бейбітшілік тек әлемнің Билеушісінің үстемдік жүргізуімен ғана орнамақ. Бүгінде Ол адамдарға Өз Рухымен ақыл беруге мәжбүр болып отыр. Бүгінде Ол адамдардың жүрегін Өзінің рақымымен жаңартып, олардың үстінен билігін жүргізуі керек. Сонда олар жүректі жаралауын және кісі өлтіруін қояды. Адамның жүрегі әбден бұзылған кезде, ол жан түршіктіретінлік айуандық істер істейді. Бұл арыстанды тек Құдай ғана қозыға айналдыра алады. Тек жүректің өзгеруінің арқасында ғана адам қан құйлы құмарлықтардан азат болады. Құдайым, барлық ұрыстарды доғарып, бүкіл дүние жүзінде өзара түсінушілік орнатшы!



**ОЛАРДАН ҚОРҚУШЫ БОЛМА ...  
СОҒЫС КҮЙМЕЛЕРІН ӨРТЕП ЖІБЕР**

Ешуа Нұн 11:6

Бұл ерлік жасауға түрткі болатын ұлы сөз. Егер жауынгерге жеңіс уәде етілген болса, онда ол күреске батыл аттанады, әрі, тіпті, бұрын баруға қауіптенген жерге де баруға бел буады. Біздің күресіміз біздегі және біздің айналамыздағы зұлымдықтарға қатысты, сол себепті біз жеңе алатын жағдайда екенімізге және Исаның атымен жеңіске қол жеткізетінімізге сенімді болуымыз керек. Біз ұрысқа өлу үшін бармаймыз, керісінше жеңу үшін барамыз, себебі Құдайдың рақымдылығы Өзінің құдіретімен зұлымдықтың кез келген түрін жою үшін келеді және жеңіске деген сенімділік осыдан пайда болады.

Кейбір күнәлар темір күймелерде, біздің қызу қанды мінез-құлқымызда, біздің бұрынғы жаман әдеттерімізде, біздің істерімізде берік орнығып алған. Бірақ соған қарамастан, біз оларды жеңуіміз керек. Олар күшті. Оларға қарағанда біз әлдеқайда әлсізбіз, әйтсе де Тәңір Иенің атымен біз оларды жеңуіміз керек, әрі біз бұған міндетті түрде қол жеткіземіз. Егер әлдеқандай күнә бізге билігін жүргізетін болса, онда біздің күнәдан бас тарта алмай, әлі де соның құлдығында жүргеніміз. Ұсталған адамды шынжырдың бір ұшымен ғана байлап қойса да тұтқын болып есептеледі. Сол сияқты егер біздің үстімізден бір ғана күнә билік жүргізсе де Аспан Патшалығына кіре алмаймыз, себебі қасиеттілер туралы: *Күнә сендердің ажалды тәндерінді билемесін*, – деп айтылған. Сондықтан орныңнан тұр да күнә әбден берік орналасып алған әрбір күймені отқа жағып жойып жібер! Өйткені тәңірлердің Тәңірі бізбен бірге. Кім Оның күнәні жоюшы күшіне қарсы келе алмақ?

## СОДАН КЕЙІН МӘНГІ-БАҚИ ИЕМІЗБЕН БІРГЕ БОЛАМЫЗ

Салониқалықтарға 1-хат 4:17

Біз әлі жерде жүрген кезде, Құдай бізбен бірге болады, ал бізді Өзінің қасына алған кезде, біз Онымен бірге боламыз. Сенуші мен оның Құтқарушысының арасында ешқандай бөліну болмайды. Олар бір дара нәрсе құрады, әрі олар осы дара нәрсені құрған күйін әрдайым да сақтауы керек. Иса Өзінің таңдаулы балаларынсыз тұра алмайды, егер олар болмаса Иса денесі жоқ бас сияқты болар еді. Көкке көтерілеміз бе, әлде пейіште боламыз ба, жоқ әлі де осы жерде боламыз ба, бәрібір біз Исамен біргеміз; бізді Одан кім айыра алады?

Бұл біздің қуанышымызға қандай керемет себеп болмақ! Біздің ең зор даңқымыз және жан тыныштығымыз бен жұбанышымыз – Құдаймен және Құдайда болу. Біз Құдаймен қарым-қатынастан артық немесе ең болмағанда оған теңесе алатын әлдеқандай бір нәрсені елестете де алмаймыз. Осы қасиетті қарым-қатынастың арқасында Оның қорлануында, шеттетілуінде және ауыр азабында үлесіміз бар, сондықтан кейін Оның даңқында да біздің үлесіміз болады. Көп ұзамай біз Оның тыныштыққа толы салтанатты Патшалығына енеміз. Қазір біз Исаны күтіп жүрміз, ал Ол келгеннен кейін, мәңгі-бақи Онымен бірге боламыз. Адамдар Исаға қалай жаманшылық жасаса, бізге де солай жаманшылық жасайды, бірақ кейін Иса қалай салтанатқа бөленсе, біз де солай салтанатқа бөленетін боламыз.

Құдайым, егер мен мәңгі-бақи Сенімен бірге болатын болсам, онда бұл қандай теңдесі жоқ тағайындалу еді! Мен періштелердің басшыларына қызықпаймын. Мен үшін ең ғажабы – Жаратқан Иемен мәңгі-бақи бірге болу. Алтын аспаптар да, солмайтын тәждер де, қол жетпес шырақ та мен үшін даңқ емес, керісінше, менің даңқым – шын жүреппен қарым-қатынасқа түскен Тәңірім Исаның Өзі.

## МЕН «ҚАНАТЫҢНЫҢ АСТЫНА ТЫҒЫЛАМЫН»

Зәбүр 56:2

Ана-құс өз балапандарын қорғау үшін қанаттарын кең жайып, зымырай ұшады. Ол балапандарына тамақ алып бара жатқанда немесе оларды қауіп-қатерден қорғау керек болғанда жолда уақытты босқа өткізбей, оларға қарай асығыс ұмтылады. Құдай да осылай Өзінің таңдаулыларын қорғау үшін, сұңқардай зымырап ұшып жетіп келеді. Ол Өз балаларына тіпті желдің қанатында зулайды. Ана-құс ұясындағы балапандарын қанатымен қалқалап, бауырына басады және оларға өзінің жылуын береді, ал оның кең жайылған қанаттары балапандар үшін қауіпсіз баспана болады. Олардың тығылатын орны – Құдайдың Өзі. Осылайша Құдай Өз таңдаулыларының қорғанышы мен панасына айналмақ. Өзінің балапандарына қарай зымырай ұшқан құстай, Құдай да біз үшін тұрақты әрі жанға жайлы баспана болғысы келеді. Ол бізді қанатының астына жасырып, әрқандай зұлымдықтан сақтап қалады. Құдайдың қанаттары күстікіне қарағанда әлдеқайда жылдам әрі жұмсақ, сондықтан да бүгіннен бастап, Оның қуатты қанатының астына тығылайық!

**ОНЫҢ БАР СҮЙЕКТЕРІН САҚТАЙДЫ,  
БІРЕУІН ДЕ ЕШКІМ СЫНДЫРМАЙДЫ**

Зәбүр 33:21

Бұл уәде мағынасы жағынан жиі әрі көп сыналатын әділ адамға қатысты. *Әділдің қайғы-қасіреті көп, бірақ олардың бәрінен Құдай оны құтқарады!* Адамдар оның денесін жарақаттауы мүмкін, дегенмен оған бұдан артық зиян келтіре алмайды.

Бұл уәде Құдайдың азап шеккен балаларына жұбаныш береді, соның ішінде мен үшін де бұл үлкен жұбаныш болып табылмақ. Осы уақытқа дейін менің тағдырым маған шындап зиян келтірген емес. Мен әлі сенімімнен де, үмітімнен де, сүйіспеншілігімнен де айрылған жоқпын. Маған сүйеніш болған бұл қасиеттер күшеймесе әлсіреген жоқ, керісінше, бұрынғыдан да нығайып, нағыз күшіне енді. Басыма қайғы-қасырет түспей тұрған кезге қарағанда, қазір білімім тереңдеп, тәжірибем көбейді және шыдамым ұлғайып, батылдығым күшейді. Мен қуанышымнан да айрылған жоқпын. Рас, ауру-сырқаудан, жақындарым қайтыс болғандағы қайғыдан, өсек-аяң мен қоршаған ортаның қарсылығынан қалған біраз іздер бар, дегенмен бұл іздер әлдеқашан емделген, ал сүйектің жай шытынауы немесе сынуы деген нәрсе мүлде болған емес. Бұның себебі белгілі. Егер Құдай Иеге сенім артсақ, Ол біздің сүйектерімізді сынудан сақтайды, сонда біз ешкім де олардың бірде-біреуін сындыра алмайтынына толық сенімді бола аламыз.

Қадірлі жан, қайғырма! Сен қиналдың, бірақ бірде-бір сүйегіңе зақым келген жоқ. Еңсеңді езген ауыртпалықты ерлікпен көтеріп, қорқыныш атаулыға қарсы тұра біл!

ЖАРАТҚАН ИЕ ХАЛҚЫНА БЫЛАЙ ДЕЙДІ: «МЕН ӨЗІМ СЕНІҢ СҮЙЕНШІҢМІН. ҚАЛАЙ СЕН АЖАЛДЫ ПЕНДЕДЕН ШОШЫНЫП, АДАМ БАЛАСЫНАН ҚОРҚАСЫҢ? ОЛ СОЛЫП ҚАЛАТЫН ШӨП СЕКІЛДІ ӨТКІНШІ ЕМЕС ПЕ? АЛ ӨЗІҢДІ ЖАРАТҚАН МЕНІ – ТӘҢІР ИЕНІ ҰМЫТЫП КЕЛЕСІҢ! МЕН ӘУЕЛ БАСТА АСПАН КЕҢІСТІГІН ЖАРАТЫП, ЖЕРДІҢ НЕГІЗІН САЛҒАНДА ШЕКСІЗ ҚҰДІРЕТІМДІ КӨРСЕТКЕН ЕДІМ. НЕДЕН СЕН ӨЗІҢЕ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖАСАҒАН ЖАУЫҢНЫҢ ҚАЮАРЫНАН КҮН ҰЗАҒЫНА ҮРЕЙІҢ ҰШЫП ҚОРҚАСЫҢ? ОЛ СЕНІ ҚЫРЫП-ЖОЙМАҚШЫ БОЛДЫ. АЛ ҚАЗІР СОЛ ҚАНАУШЫҢНЫҢ ҚАЮАРЫ ҚАЙДА?»

Ишяя 51:12,13

Осы аяттарды бүгінгі күнге арналған үзінді ретінде оқыңыз! Бұларды егжей-тегжейлі талқылаудың қажеті жоқ. Қорқыныштан қалтырағандар оны оқысын және оған сеніп, одан нәр алсын әрі Құдай алдында соған сүйенсін! Сенің қорқып жүргенің бишара пенде ғана, ал Жұбатушың – сені жаратқан Құдай. Міне, жұбаныш деген қайда жатыр! Ал қауіп-қатер болса мүлдем шектеулі.

*Ал қазір сол қанаушыңның қаюары қайда?* Ол құдіретті Құдайдың қолында. Бұл тек ажалды пенденің уақытша қаһары, оның соңғы демі біткен кезде қаһары да тоқталады. Онда біз өзіміз сияқты ажалды пендеден несіне соншама қорқамыз? Бишара әлсіз адамды құдай сияқты көріп, Жаратушы Иеміздің атын қорламайық. Сондай-ақ біз адамға шамадан тыс сүйіспеншілік көрсетіп немесе одан өте қатты қорқып, құдайдай табынуымыз мүмкін. Адамдарға адамға қарағандай, ал Құдайға Құдайға қарағандай қарайық, сонда біз міндетті борышымызды дұрыс атқарып, жолымызда түзу жүреміз және Құдайдан басқа ешкімнен де қорықпайтын боламыз.

**СЕН ҚАЙТАДАН БІЗГЕ РАҚЫМЫҢДЫ КӨРСЕТЕСІҢ.  
КҮНӘЛАРЫМЫЗДЫ АЯҒЫҢМЕН ТАПТАП, БАРЛЫҚ  
ӘДІЛЕТСІЗ ІСТЕРІМІЗДІ ТЕҢІЗДІҢ ТҰҢҒИЫҒЫНА  
ЛАҚТЫРЫП БАТЫРАСЫҢ**

Миха 7:19

Құдай сүюін ешуақытта да тоқтатпайды, бірақ ашулануын жақында тоқтатады. Таңдаулыларға деген сүйіспеншілік Оның болмысына, ал ашуы олардың игілігіне сай: Ол сүйеді, себебі Оның басты қасиеті – сүйіспеншілік. Ол ашуланады, себебі бұл біздің игілігіміз үшін өте қажет. Ол біздің ауыртпалықтарымыз бен қайғы-қасіретімізге аяушылық білдіріп әрі оларға шек қоя отырып, күнәларымызды аяғымен таптайды, себебі Оның жүрегі бізге деген сүйіспеншілігіне осылайша әрдайым оралып отырғанда ғана тыныш болады.

Неткен тамаша уәде! Ол біздің күнәларымызды жояды және жеңеді. Күнә бізді құл етуге әрекет етеді, ал Құдай Ие бізге оларды жеңетін күш береді.

Біздің күнәларымызға қатысты не айтылғанына және олардан қандай даңқты жолмен азат болатынымызға назар аударыңыз: *Сен біздің барлық әділетсіз істерімізді теңіздің тұңғиығына лақтырып батырасың!* Бұндай күнәлар толып жатыр, ал Сен болсаң бұл ғажап істі Өзіңнің құдіреті күшті қолыңмен іске асырасың! Сөйтіп олар перғауынның арбаларындай теңіз тұңғиығына батып құриды. Сен күнәларды судың ағыны мен толқындары қайтадан жағаға шығарып тастайтын таяз жерге тастамайсың, керісінше Сен оларды теңіз тұңғиығына лақтырып тастайсың. Осылайша олар тас сияқты теңіздің тұңғиығына батып, мүлдем жойылып кетеді. Иеміздің атақ-даңқы арта берсін!

**ҚҰДАЙ – БІЗДІҢ ПАНАМЫЗ БЕН КҮШІМІЗ,  
ҚИЫН КЕЗДЕГІ СЕНІМДІ ЖӘРДЕМШІМІЗ**

Зәбүр 45:2

Қажет кезінде берілмеген жәрдем онша жақсы бағаланбайды. Дауыл кезінде үйде қалған зәкірдің теңізшіге мүлде пайдасы жоқ. Қарыздар адамның ақшасы дер кезінде қолында болмаса, оған қарсы жазалау үкімі шығарылған кезде, оның бұрынғы ақшаларының бір тиындық құны жоқ. Өмірде тек кейбір адамдар ғана дер кезінде көмек бере алады. Әдетте, олар қажет кезінде өте алыста болады, ал егер олардың көмегін бір рет пайдаланған болсаң, онда одан бетер алыстай түседі. Ал Тәңір Иеміз болса, біз Оны іздеп, көмегіне мұқтаж болған кезде әрдайым қасымыздан табылады. Оның көмегін біз әрдайым пайдаланып жүрсек те, соған қарамастан Ол үнемі бізбен бірге.

Ол бізге өте жақын, тіпті біздің ең жақсы досымыздан да жақын, себебі Ол басымызға қайғы-қасірет түссе де, бақытсыздыққа ұшырасақ та әрдайым бізбен бірге болады. Ол тіпті, бізге өзімізден де жақын, себебі кейде біз Киелі Рухпен тығыз қарым-қатынаста болмаймыз. Ал Ол әрдайым бізбен бірге және Өзінің бізге қатыстылығын әрекетті түрде көрсетеді. Ол біздің өмірімізге араласады, қысқасы Ол барлық жағдайда да бізбен бірге! Ол бүгін де біздің қасымызда. Сондықтан өмірімізді Оның өміріне негіздейік! Ол біздің баспанамыз, сондықтан Оның қанатынының астына жасырына аламыз. Ол біздің қорғанымыз, сондықтан Оған барып тығыла аламыз. Ол біздің сенімді көмекшіміз, сондықтан Оған сүйенеміз. Сонымен Оның панасында бүгін-ақ тыным табайық! Бізге бір сәт те тіршіліктің қамын ойлап қайғыруға да, қорқынышқа да жол беруге де болмайды. Себебі Тәңірлердің Тәңірі бізбен бірге!

**ЖАРАТҚАН ИЕ ОНЫҢ ЕЛІН ҮСТІМІЗДЕГІ  
АСПАННЫҢ ЖАУЫНЫ МЕН ЖЕР АСТЫНЫҢ  
СУЛАРЫМЕН ЖАРЫЛҚАСЫН**

Заңды қайталау 33:13

Осы аят уәде етіп отырғандай, біз шынымен байлыққа қол жеткізе аламыз, бірақ біздің байлығымыздың мәні басқаша болады. О, егер біз осындай құнды жарылқаушылыққа ие болсақ қой! Дұға арқылы Құдаймен тығыз қарым-қатынаста болу мен біздің өмірімізде Оның құдіретінің көрінуі біз үшін өте маңызды әрі құнды жайт. Біз Құдайдың берген тыныштығы мен қуанышына және Оның даңқына бөленіп рақаттанғмыз келеді. Біз Құдай Әкеміз бен Иеміз Иса Мәсіх жаудырған рақым мен тыныштықты және Киелі Рухпен қарым-қатынасты жер бетіндегі ең асыл таза алтыннан да әлдеқайда жоғары бағалаймыз. Жердегі нәрселер көктегімен салыстырғанда түкке тұрғысыз.

*Жер астының сулары!* Бұл қандай құнды зат! Жерге шық түскен кезде, біз аса риза болып қуанамыз. Сол сияқты біздің рухани өмірімізге аспан шығы түскен кезде біз жаңарамыз, жігерленеміз әрі дамимыз, сөйтіп өміріміз хош иісті жемістерге толады! Иеміз Өз қолымен отырғызған өсімдіктерге жер астының сулары қалай қажет болса, бізге де дәл солай ең алдымен Киелі Рух арқылы берілетін аспан шығы керек.

*Жер астының сулары!* Бұл көзге көрінбейтін жер асты суларының қазынасы. Одан жер бетін жандандыру үшін таза бұлақ көздері ашылады. Сол сияқты біздің рухани өміріміз үшін де мәңгілік бұлақ көздері ашылса тамаша болар еді! Бұл тілмен айтып жеткізгісіз ғажап байлық! Сенушілер оған қол жеткізбейінше тыным таппайды. Ал Құдай бізге оны біржолата берген. Сондықтан оған бүгін-ақ ие болуға ұмтылайық.



## ЖАРЛЫҒА ЖАҚСЫЛЫҚ ІСТЕУ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ҚАРЫЗ БЕРГЕНМЕН БІРДЕЙ, ОЛ ОНДАЙ АДАМҒА ІСТЕГЕНІН ТОЛЫҒЫМЕН ҚАЙТАРАДЫ

Нақыл сөздер 19:17

Біз кедейлерге қайырымдылық көрсету мақсатымен және оларға деген аяушылық сезімі болғандықтан жәрдемдесуіміз керек. Сондай-ақ бұл істі адамдар бізді мақтау үшін немесе үстемдік жүргізу үшін емес, керісінше оларға таза ниетті көзқараспен істеуіміз керек. Біз кедейлерге істеген жақсылығымыздан қарымта күтпеуіміз керек. Біз бұл іске Құдайға қарызға берген сый ретінде қарауымыз керек. Егер біз Оған сүйенсек, Ол біздің қайырымды ісімізді бағалау міндетін Өз мойнына алады, енді бізге басқаларға жалтақтап қараудың және олардан бірнәрсе күтудің қажеті болмайды. Иеміз бізден бір нәрсені қарызға алу үшін, мейірімін төгіп, бізге қандай құрмет көрсетеді десеңші! Киелі кітап беттеріне аты жазылып қалдырылған көпес өзін аса бақыттымын деп санаса да болады. Құдай оны осы ұсақ ақшаларына бола елеп, оның есімін Өзінің есеп кітапшасына үлкен әріптермен жазып қойса, бұл шынымен де үлкен абырой және оның бұл ұсақ ақшалары үлкен сомалара айналады. Сондықтан біз бұдан былай да жолымызда кездесетін мұқтаж адамдарға көмек көрсете бермекпіз.

Біз мұқтаж адамдарға берген ұсақ-түйек нәрселеріміздің қарымтасы қашан қайтарылады деп мүлде ойламауымыз керек, өйткені оны Құдай Өзі қайтарамын деп уәде етеді. Оның аты мәңгі-бақи мадақталсын! Оның бізден алғандарын толықтай кері қайтарамын деп берген уәдесі күміс пен алтыннан да артық. Бәлкім, қиын кезеңдер бізді абыржытқан да болар? Бірақ бұндай жағдайда осы қарызды белгілі мерзімде төлеуге берілетін міндеттеме қағазын сенімнің банкісіне ұсынамыз. Бәлкім, оқырмандарымыздың кейбіреуі кедейлерге қатал әрі мейірімсіз болар? Бишара пенде! Құдай сені кешірсін!

МАЛШЫЛАРДЫҢ КӨРГЕНДЕРІ МЕН ЕСТІГЕНДЕРІНІҢ  
БӘРІ ПЕРІШТЕНІҢ АЙТҚАНЫНДАЙ БОЛҒАН СОҢ,  
ОЛАР ҚҰДАЙДЫ ҚҰРМЕТТЕП, ОҒАН МАҚТАУ АЙТЫП,  
ҚАЙТЫП КЕТТІ

Лұқа 2:20

Малшылардың Құдайды мадақтауының мәні неде? Олар Құдайды өздерінің көзімен көрген кереметтері үшін мадақтады. Сол сияқты біздің де Оны жақыннан танып білгеніміз жүрегімізде қандай ғажап та әсем әуен тудырады! Кезінде зәбүр жыршысы: *Жүрегімнен игі сөздер ағылуда: менің жырым өзімнің Патшам туралы, – деп жырлады.* Бізге Иса туралы есту мүлде жеткіліксіз, есту қабілеті арқылы домбыраның күйіне назар аударамыз, дегенмен оның ішектеріне тірі Құдайдың саусақтары тиюі керек. Егер сіз Тәңір Исаға Құдай сыйлаған сенімнің көзқарасымен қарасаңыз, бұдан былай көңіліңізді кір шалмайды, себебі жан-дүниенің Құдайдың шексіз рақымдылығын үздіксіз мадақтаумен болады. Малшылар сондай-ақ өздерінің естігендері мен көргендерінің бір-бірімен дәлме-дәл үйлескені үшін де Құдайды мадақтады. *Періштенің айтқанындай,* – деген сөздерге назар аударыңыз. Иса сізге жан тыныштығын беруді уәде етті; сіз Оның беретін шексіз жан тыныштығына ие болмадыңыз ба? Оның жолдары сіз үшін тыныштықтың даңқты жолдарына айналған жоқ па? Сондықтан біздің барлық тілектерімізді қанағатандыратын ғажап Құтқарушымыз үшін Құдайдың даңқын көкке көтере дәріптейік.

**ЕЙ, АСПАН, ШАТТАНА ШЫРҚАП, ЖЕР ДЕ ҚАТТЫ  
ҚУАНЫП, ТАУ-ТӨБЕЛЕР МАҚТАУ АЙТЫҢДАР ШУЫЛДАП!  
ТӘҢІР МЕЙІРІМ ТАНЫТЫП ӨЗ ХАЛҚЫН ЖҰБАТТЫ,  
АЗАП ШЕККЕНДЕРІНЕ КЕШІРІМ БЕРІП!**

Ишая 49:13

Құдайдың беретін жұбаныштарының тәттілігі соншалықты, ол туралы тек қасиеттілер ғана жырлап қоймайды, оларға қосыла бүкіл көк пен жер де жырлайды. Тау-төбелерді жырлауға талпындыру оңай іс емес, әйтсе де пайғамбарлар оларды бүкілдей хормен шуылдап жырлауға шақырады. Пайғамбар Ливанның және Васан мен Моабтың биік таулары Құдайдың Өз халқына көрсеткен рақымдылығын жырлауын қалаған болар еді. Қиыншылықтар мен қайғы-қасіреттің және қараңғылық пен бейнеттің таулары Құдайдың атақ-даңқын мадақтауымыз үшін бізге мүмкіндік бермес пе екен? *Тау-төбелер мақтау айтыңдар шуылдап!*

Осы уәде мен Құдай Ие бақытсыздарға мейірім көрсетеді деген сөздер бір-бірімен әбден үйлесімді. *Қуаныңдар! Шаттаныңдар! Шуылдаңдар!* – деген сөздерге назар аударыңдар. Құдай Өз халқының ешуақытта да тоқталмайтын ұлы сүйіспеншілікке қуануын қалайды. Ол бізді қайғылы әрі қамыққан күйде көргісі келмейді. Ол біздің Өзін сенімді жүрекпен мадақтауымызды күтеді. Ол бізді ұятқа қалдырмайды, онда осындай күйзеліске бізді Құдай итермелегендей, несіне ыңқылдап, күрсінеміз? О, егер де біздің жүрек күйіміз дұрыс қалыпта болса ғой! Дауысымыз Құдай тағының алдындағы періштелердің дауысындай болса ғой, шіркін!

**ТАУЛАР ҚОЗҒАЛЫП, ТӨБЕЛЕР ШАЙҚАЛАР, БІРАҚ МЕНІҢ  
СҮЙІСПЕНШІЛІГІМ СЕНЕН АЙНЫМАС, СЕНІМЕН  
ТАТУЛЫҚ КЕЛІСІМІМ ДЕ ШАЙҚАЛМАС! – ДЕЙДІ САҒАН  
РАҚЫМЫН ТӨККЕН ЖАРАТҚАН ИЕ**

Ишая 54:10

Құдай сүйіспеншілігінің ең тамаша қасиеттерінің бірі – Оның шайқалмас беріктігі. Жердегі тіректердің шайқалуы мүмкін, бірақ біздің рақымды Құдай Өз халқына деген игілігі мен келісімінен ешуақытта да айнымайды. Құдайдың осындай анық мәлімдемесіне үміт артқан менің жаным қандай бақытты әрі қуанышты еді десеңізші. Жыл аяқталып та қалды, өмірімнің қалған жылдары кеми түсуде, бірақ менің Құдайымды уақыт өзгерте алмайды. Күн артынан күн өткен сайын, айналамыздағылардың бәрі өзгеріп отырады, ал біздің Жаратушы Иеміз болса әлі сол қалпында. Жанар таулардың күші төбелерді шайқалтады, бірақ біздің Құдайымызды орнынан қозғалта алар күш жоқ. Өткен өмірде де, қазіргі өмірде де, болашақта да ешбір нәрсе Тәңірімнің маған жек көрінішпен қарауына түрткі бола алмайды.

Қадірлі жан, саған Өзіне өте жақын адамындай қараған Құдайдың мәңгі рақымдылығында тыным тап. Мәңгі келісім туралы ойлан! Құдай әрдайым да бұл туралы ойланады. О, егер сен де бұл туралы ойлансаң ғой! Мәңгі Құдай Иса Мәсіх арқылы саған таңдаулыларының біріндей қарауды Өзіне міндеттеме етіп алды. Рақымдылық пен келісім! Осы сөздерді сенімді игілік ретінде берік ұстан, бұны сенен тіпті мәңгілік те тартып ала алмайды.

**ҚҰДАЙ: МЕН СЕНЕН БАС ТАРТПАЙМЫН, ЕШҚАШАН  
ЖАЛҒЫЗ ҚАЛДЫРМАЙМЫН, – ДЕГЕН ҒОЙ**

Еврейлерге арналған хат 13:5

Құдай Киелі Жазбада бұл туралы бірнеше рет қайталап айтады. Біздің сеніміміз мүлде шүбәсіз болуы үшін, Ол бұл сөзді жиі қайталайды. Сонымен бұған ешуақытта да күдік-тенбейік. Бұл уәде ерекше көңілге қонымды болып табылады. Егер бұл уәдені грек тілінде оқысақ, осында айтылғандарды бес түрлі жолмен растауға болатынын білеміз және олардың әрқайсысы Құдайдың балаларының бір де біреуі өзін тастандыдай сезініп, жалғызсырауы мүмкін емес екендігі туралы айтады. Бұл құнды сөз бізге бостандық пен қайғы-қасіреттен азат етуді ғана уәде етіп қоймай, сонымен қатар Құдайдың бізден бас тартпайтынына және ешқашан да жалғыз қалдырмайтына кепілдеме болмақ. Құдай бізді қиын жолмен жүруге шақыруы мүмкін, дегенмен біз әрдайым Онымен тығыз қарым-қатынаста боламыз және Оның қолғабысы мен қамқорлығынан еш шет қалмаймыз. Бізге ақшаның керегі жоқ, себебі әрдайым да Құдай бізбен бірге болады. Ал Ол алтыннан әлдеқайда артық. Оның ықыласына ие болу байлық пен бақыттан әлдеқайда жақсы.

Біз барға қанағат етуіміз керек, өйткені Құдаймен тығыз қарым-қатынастағы адам басқаларға қарағанда көп нәрсеге ие болады ғой. Ал бізге мәңгі өмірге ие болғаннан артық не керек?

О, жүрегім! Егер саған Құдай сені ешуақытта да жалғыз қалдырмаймын десе, онда тура жолдан таймау үшін, Оның игілігін сұрауды және өзінді бір сәтке де ұмыт қалдырмауын өтінуді еш тоқтатпастан жалғастыра бер!

**СЕНДЕР ҚАРТАЙСАҢДАР ДА, МЕН ӨЗГЕРМЕЙМІН,  
ШАШТАРЫҢ АҒАРСА ДА ҚОЛДАЙ БЕРЕМІН. СЕНДЕРДІ  
ЖАРАТҚАН МЕН БҰДАН БЫЛАЙ ДА КӨТЕРІП ЖҮРЕМІН,  
САЛМАҚТАРЫҢА ТӨЗІП, ҚОРҒАЙТЫН БОЛАМЫН!**

Ишяя 46:4

Міне, бұл жыл аяқталып келеді, дегенмен біз осы уәдеден самайын ақ шалған және жасы егде тартып қалған басқа да барлық достарымызды жұбататын сөздер табамыз. Әлбетте, егер айтарлықтай ұзақ өмір сүрсек, бәріміздің де шашымыз ағарады. Міне, сондықтан да болашаққа сенімнің көзімен қарап, Құдайдың осы уәдесіне қуанамыз. Біз қартайсақ та, Құдайымыз мәңгі өзгермейтін Жаратушы күйінде қала береді. Ақ шаштар біздің күшіміздің азайып келе жатқанын есімізге салады, бірақ Құдайдың күші ешуақытта да азаймайды. Сондықтан біз ауыртпалықтар мен азапты көтере алмай, өзімізді өзіміз әрең алып жүрген кезде, бізді Жаратушының Өзі демейтін болады. Ол бізді жас кезімізде қалай қолына алып көтеріп жүрген болса, біз әлсізденген кезде де дәл солай алып жүреді.

Құдай бізге өмір сыйлады, сондықтан Ол біздің қамымызды да ойлайды. Біз туыстарымызға, тіпті өзімізге өзіміз ауыртпалық болған кезде де Иеміз бізді шеттетпейді, керісінше бізге бұрынғыдан бетер жақсы қарап, демеп жүретін болады. Ол Өзінің адал құлдарының жердегі өмірін абыроймен бітіріп, өмірінің соңғы сағаттарын жан тыныштығын сақтай отырып өткізуіне көмектеседі. Олар өмір бойы ауыр еңбек етті және өздерінің Ұстазына қызмет ете жүріп қартайды. Бұл қызметте олар әбден әлсіреді, сондықтан да Құдай енді оларға: *Менің өздеріңе даярлап қойған мәңгі тыныштық күнін алдын ала сезінуден тыным табыңдар!* – дейді. Қартаюдан қорықпайық, бірақ қартайсақ та тартымдылығымызды жоғалтпайық, себебі Құдайдың Өзі толық рақымымен бізбен бірге болады.

**БҰЛ ДҮНИЕДЕГІ ӨЗІНІҢ АДАМДАРЫН ӨТЕ ЖАҚСЫ  
КӨРГЕНДІКТЕҢ, ИСА ОЛАРҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІГІН  
АҚЫРЫНА ДЕЙІН ІСІМЕН ДЕ ТОЛЫҚ КӨРСЕТТІ**

Жохан 13:1

Бұл ақиқат шын мәнінде Құдайдың уәдесі болып табылады, өйткені Ол бұрын қандай болса, қазір де дәл сондай. Ол жер бетінде жүргенде Өзін көріп, қасында бірге болған шәкірттері үшін қандай болса, Оны көрмей-ақ сенген қазіргі біздер үшін де дәл сондай болып табылады.

*Өзінің адамдарын өте жақсы көргендіктен...* Міне, керемет дегеніңіз қайда жатыр! Бізге тек Оның адамзат баласын жақсы көретініне таңдану ғана қалады. Исаның өздерін өте жақсы көргендігінің дәлелі ретінде, Оның шәкірттері нені білуі керек еді? Ал мен нені білуім керек?

Алайда Ол бізді басында жақсы көрген болса, оны соңына дейін жалғастыра береді, себебі бұл Оның болмысына тән қасиет. Сүйіспеншілік Оған сенгендерді таңдаулы халыққа айналдырды. Бұл қандай жоғары мәртебелі атақ! Иса олардың күнәсінің құнын Өз қанымен өтеді, сондықтан да олар Құдайдың қымбат қазынасына айналды. Иса оларды жоғалтқысы келмейді, себебі олар Өзінің меншігі. Сөйтіп күнәсінің құны өтелгендер Өзінің сүйікті достары болғандықтан, Иса оларды жақсы көруін тоқтатпайды.

Бұл аятта: *Иса оларға деген сүйіспеншілігін ақырына дейін ісімен де толық көрсетті!* – деп жазылған. Жердегі өмірінің ақырына дейін Исаның жүрегі Өзінің таңдаулыларына деген қасиетті сүйіспеншілікке толып тұрды. Жер бетінде бұдан артық жақсы көру мүлдем жоқ. Иса олар үшін Өзін Өзі өлімге берді. Иә, Исаның оларға деген сүйіспеншілігіне ешнәрсе де тосқауыл бола алмайды. Себебі Иса оларды ешқандай кемшілігі де, жетіспеушілігі де, жөнсіздігі де жоқ жетілген сүйіспеншілікпен сүйді.

Исаның әрбір таңдаулыларына деген сүйіспеншілігі, міне, осындай. Сондықтан да Тәңір Иеміздің рақымдылығын жырлайық!

## АҚЫЛ-КЕҢЕСІҢМЕН МЕНІ ЖЕТЕЛЕП, СОҢЫНДА ҰЛЫЛЫҚПЕН ҚАБЫЛДАЙСЫҢ

Зәбүр 72:24

Менің сенімім күннен күнге, жылдан жылға Құдайдың даналығы мен сүйіспеншілігіне үміт арта түсуде, сондықтан болашақта да Құдайға бостан босқа сенім артпайтынымды білемін. Ол маған Өзі уәде еткен кез келген жақсылығын еш уақытта да менен жасырған емес, сондықтан мен Оның сөздерінің бір де бірінің жерде қалмайтынына нық сенімдімін.

Сондықтан да мен өзімді болашақта да Оның басшылығына сеніп тапсырамын. Мен қандай жолды таңдау керек екендігін білмеймін. Сол себепті менің еншімді Ием Өзі таңдап берсін. Дегенмен маған Сенің кеңесің мен мен қамқорың керек, себебі менің міндеттерім ауыр, жағдайым да әбден шиеленіскен. Мен Құдайдың жүзін бас діни қызметкердің «Адал және Ақиқат» деген қасиетті жеребелерге жүгінгеніндей іздеймін (Көне заманда діни қызметкерлер Киелі орынға кірерде кеуде қалталарына «Теріс баталар және мүлтіксіз игіліктер» деп жазылған қасиетті жеребелерді Құдайдың еркін біліп алу үшін қолданатын, көне еврей тілінде Ұрим және Тұмим деп аталады). Құдайдың мүлтіксіз кеңесі өз ойларым мен достарымның берген кеңесінен гөрі әлдеқайда артық. Даңқты Құдайым, Сен менің өміріме басшылық жасап, жетелеп жүресің.

Көп ұзамай соңғы демім бітіп, бұл дүниемен біржолата қоштасып, Көктегі Әкемнің алдына баратын уақыт та келеді. Дегенмен төсегімнің басында Жаратушымның Өзі отыратын болады. Сондай-ақ Ол мені мәңгілік Аспан Патшалығы қақпасының алдында қарсы алып, қошемет көрсететін болады. Мен даңқты елде бөтен емеспін. Менің Құдайым әрі Әкем мені Өзіне қабылдап мәңгі даңққа бөлейді.

Осы жердегі өмірімде-ақ маған басшылық жасай жүріп, уақыты келгенде Өзінің Патшалығына қабылдайтындығы үшін Оның даңқы мәңгі арта берсін! Аумин.